

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті**

**Ж. Т. ҚАДЫРОВ**

**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ХАНДЫҚ ДӘУІР  
ӘДЕБИЕТІ**

*6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының  
студенттеріне арналған  
оқу-әдістемелік құралы*

**Петропавл  
2021**

**УДК 821.512.122.0**  
**ББК 83.3 (5Қаз) - 923**  
**Қ 41**

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің*  
*Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен шығарылады*  
*(23.12.2020 ж. №5 хаттама)*

### **Рецензенттер:**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы *С. Негимов;*

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің  
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты *Ж. С. Таласпаева*

**Қадыров Ж. Т.**

**Қ 14** Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті: 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралы / Ж.Т. Қадыров. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2021. - 332 б.

**ISBN 978-601-223-321-6**

Оқу-әдістемелік құралында ежелгі және хандық дәуірдегі жыраулары мен ақындарының өмірі мен шығармашылығы, жаугершілік заманда халыққа рух берген жалынды жырларының мәні мен мазмұны сөз болады. Сондай-ақ, осы кезең жырауларының өмірі мен шығармашылығынан дәрістер, тәжірибелік сабақтар және білімалушының өздігінен орындайтын жұмыстары (БӨЖ), білімалушының оқытушы жетекшілігімен орындайтын өздік жұмысы (БӨӨЖ), қорытынды бақылау сауалдары берілген.

Оқу-әдістемелік құралы филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, қазақ әдебиетін зерттеушілерге, мектеп мұғалімдеріне арналған.

**УДК 821.512.122.0**  
**ББК 83.3 (5Қаз) – 923**

© Қадыров Ж.Т., 2021

© М.Қозыбаев атындағы СҚУ, 2021

**ISBN 978-601-223-321-6**

*М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың сапа менеджменті жүйесі*  
*ISO 9001:2015 талаптарының үйлесімділігіне сертификатталған*

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	5
Ежелгі дәуір әдебиеті және оның қамтитын тақырыптары мен ерекшеліктері (ҮІІ-ІХ ғасырлар).....	6
Орхон-Енисей ескерткіштерінің жырлары және олардың тарихи, әдеби сипаты.....	10
Орхон ескерткіштерінің табылуы және ашылуы.....	15
«Қорқыт ата» кітабының көркемдік, философиялық ерекшеліктері.....	23
Х-ХІІ ғасыр әдебиеті. Қарахан қыпшақ дәуірі мәдениеті Жүсіп Баласағұн мұрасы «Құдатғу білік».....	40
Махмуд Қашқари және оның «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегі («Түркі тілдерінің сөздігі»).....	50
Ахмет Йүгінәки мұрасы.....	57
Сүлеймен Бақырғани мұрасы.....	59
Орта ғасырлар заманындағы «Алтын орда дәуірі» әдебиеті мен мәдениеті «Кодекс кумманикус» (Қыпшақ тілінің сөздігі)..	70
Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет және жыраулар поэзиясының шығу негіздері.....	75
Қазтуған Сүйінішұлы мұралары.....	77
Асан Қайғы Сәбитұлы өмірі, шығармашылығы.....	81
Шалкиіз Тіленшіұлы мұрасы.....	91
Доспамбет жырау мұралары.....	102
ХVІІ ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай.....	120
Марғасқа жыраудың тарихи орны және мұрасы.....	121
Жиёмбет Бортағашұлы мұралары.....	128
ХVІІІ ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай және әдебиет.....	138
Ақтамберді жырау мұралары.....	139
Тәтіқара жырау мұралары.....	145
Үмбетей жырау мұралары.....	156
Бұқар жырау Қалқаманұлы өмірі және шығармашылық мұрасы.....	169
Көтеш Райымбекұлы мұрасы.....	181
Шал Құлекеұлы мұрасы. Жыраулық және ақындық поэзия дәстүрі.....	183

Қожаберген жырау.....	188
Ежелгі және хандық дәуір әдебиетінен тәжірибелік сабақтар..	196
Білімалушының өздігінен орындайтын жұмыстары (БӨЖ).....	282
Білімалушының оқытушы жетекшілігімен орындайтын өздік жұмысы (БӨӨЖ).....	301
Ежелгі және хандық дәуір әдебиетінен бақылау сұрақтары.....	312
Студенттердің оқу нәтижесін бақылау және бағалау материалдары.....	316
Пайдаланылған әдебиеттер.....	322

## АЛҒЫ СӨЗ

«Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті» пәні жоғары оқу орнының 6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне элективті пән ретінде жүргізіледі. Оқытудың кредиттік жүйесіне сәйкес бұл пәннен дәріс, практикалық, БӨЖ, БООЖ сабақтары көрсетілген.

Оқу-әдістемелік құралды құрастыруда ежелгі дәуір әдебиеті мен хандық дәуір әдебиетінен ғылыми зерттеулер мен оқулықтар пайдаланылды: Т. Қоңыратбаев «Ертедегі ескерткіштер», Н. Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті», А. Қыраубаева «Ежелгі дүние әдебиеті», Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің тарихы», М. Жолдасбеков «Асыл арналар», Ә. Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар». Әбішева Ш. «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет», Тоқсамбаева А. «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет», Тілепов Ж. «Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті».

Кредиттік жүйеге байланысты білім алушының оқытушының жетекшілігімен, өз бетімен орындайтын тапсырмалары, тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар, әдістемелік нұсқаулар, бақылау сұрақтары, реферат тақырыптары беріледі және өзін-өзі тексеру сұрақтары мен практикалық тапсырмалар да білімдерін тереңдету, бекіту мақсатында орайластырылып құрастырылған.

Бұл оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орнының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша күндізгі және қашықтықтан оқитын студенттерге арналған. Әсіресе, қашықтықтан оқитын білім алушыларға өте пайдалы. Өйткені бұл оқу-әдістемелік құралды пайдалануда студент тапсырмаларды орындау арқылы өзін-өзі тексере алады және уақыт үнемдейді.

Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті пәні жоғары оқу орнындағы қазақ тілі мен әдебиетіне маманданатын студенттер оқитын қазақ әдебиеті тарихы курсының құрамдас бір бөлігі болғандықтан, оқу-әдістемелік құралы аталған пәннен терең білім беруді ұйымдастыруды көздейді.

«Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті» пәні – тіл мен әдебиет мамандарын даярлау үшін оқытылатын әдебиет тарихы пәндерінің негізгілерінің бірі ретінде саналатын фундаменталды, теориялық курс. Қазақ поэзиясының, қазақ жазба әдебиетінің түп тамыры қадым замандарға барып тіреледі. Дәуіріне сай дамыған мәдениеті, төл жазуы болмаған бабаларымыз ілкі орта ғасырлардың өзінде мәңгі өлмес мұралар жасады. Осы мұраларды тереңнен зерттей келіп, жаугершілік, ұлы жиын, той-думан күндерінде, ел абыржуған, халық толқыған, хан дағдарған кездерде жұрт алдына шығып, көсемдік танытқан жыраулардың жыршылық өнерін саралай зерттеп, толғаулардың ойшылдық, сыршылдық сипатына барынша кең тоқталу.

Қазақ сөз өнері тарихында – ақын-жыраулар мұрасы айрықша орын алады. Бұл кезеңдегі әдебиеттің барша саласында ақын-жыраулар поэзиясының қосқан үлес-салмағы орасан зор. Бұл реттен алғанда, халық әдебиеті шығармашылығын дамытуда болсын, көне дәуірлер кезеңінің рухани дәстүрлерін жаңғыртып, ілгерілету ісінде болсын – ақын-жыраулар батыр-шешен ретінде де ала бөтен еңбек етті. Әрі ақын ретінде өз жандарынан өлең-толғаулар шығарып өмір-тұрмыс, уақыт ұсынған тақырыптарды кең тыныс, терең толғамдармен сөз етті.

Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті курсына студенттерге оның әдебиет тарихы пәні екендігін үйрете отырып, осы саланың әдебиеттану ғылымында алатын орнын, ерекшелігін, мән-мазмұнын ұғындыра отырып, әдебиет тарихы – әдебиеттану ғылымының құрамдас, негізгі бір бөлімі екендігін толық ұғына отырып студенттер, ежелгі және хандық дәуіріндегі әдебиет курсынан осы дәуірге сай төмендегідей әдеби құбылыстар мен үрдістерді, әдеби шығармашылық пен әдеби тұлғалар, қоғамдық-әлеуметтік, саяси, тарихи мәселелерді түсініп, бойларына сіңіреді.

# **ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАМТИТЫН ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (VII-XIV ҒАСЫРЛАР)**

## **VII-IX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ**

1. Ежелгі түркі әдебиетінің қамтитын тақырыптары мен ерекшеліктері.
2. VIII-IX ғасырлардағы көне түркі әдеби жазба жәдігерліктер.

Бүгінгі қазақтың әдебиеті мен мәдениетінің, жазу өнерінің шығу тегі аса әріге, көне замандардағы түркі ескерткіштерімен тамырласып кетеді. Бұл ретте көптеген құнды зерттеу еңбектерінің көрегендік деректеріне сүйенуге болады. Белгілі тарихшы М. Вяткин қазақ туралы бұрын болып келген теріс түсінікті, буржуазиялық салқыны бар пікірлерді сынай келіп, қазақтың ертеден келе жатқан мәдениеті бар екендігін ескертеді. «Дұрысын айтсақ, -дейді ол – қазақ халқының мәдениеті Қазақстанның терең ескісіне жетеді». Ш.Уәлиханов та тұңғыш рет қазақ мәдениетінің ортақтастығын айтқан. «Қазақтар – дейді ол, - Шығыс Түркістанның ескі тұрғындары». Міне, сондықтан да оның мәдениеті, әдебиеті, өнері, архитектура, сәулет үлгілері сол жерлерді мекендеген басқа да түркі тектес халықтармен бірлікте келеді. Бұл жайды белгілі тюрколог тарихшы, филолог әдебиетші ғалымдардың еңбектері жан-жақты дәлелдейді. Олар Б. Мелиоранский, Е. Бертельс, С. Толстов, А. Якубовский, В.Жирмунский, А.Кононов, И.В. Стеблева, Х.Сүйіншәлиев, М. Мағауин, М. Жолдасбеков, Қ. Өмірәлиев, Н. Келімбетов т.б. Сөйтіп қазіргі ғылым Орталық Қазақстан мен оның әр шет өңірлерінен біздің жыл санауымызға дейін жасаған мәдениет жұрнақтарын мол тауып, жаңалық ашып отыр. Соның бір алғашқы, елеулі айғағы – 1965 жылы жарық көрген «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты монументальды еңбек.

Көне дәуірдегі біздің ең басты - мәдениетіміз жазу өнерінің дамығандығы.

Ф. Энгельс ерте дәуір мәдениетінің пайда болу жайын сөз қыла келіп: мәдени өсудің «жоғары сатысы темір рудасын еріту мен әріп жазуды шығарып, оны сөз өнері творчествосын жазуға қолдануы кезінен цивилизацияға ауысуы басталды», дейді.

Міне, осындай жағдай біздің арғы ата-бабамыз түркі тайпаларында да болған. Мұны арнайы зерттеген ғалым Л. Гумилев: Түріктердің де темір рудасын қорытқанын, жазуының, жазба сөзінің болғанын анықтайды. Осыған орай Ш. Уәлиханов: «Орта Азияның алыс түкпірінде бұрын пайдаланылған кен орындарының ізін көрдім» - деп жазғанын айтуға болады.

Басқа да көптеген халықтардағыдай Қазақстан жеріндегі жазудың пайда болуы алғашқы феодалдық дәуірге сай болған. Яғни III-V ғасырлардағы феодалдық мемлекеті, қоғамы болған үйсіндер дәуіріне сай келеді. Белгілі ғалым А.Ремюзе: «Үйсіндер руникалық жазумен (қазір ол орхон жазуы деген атпен белгілі) жазған», - дейді.

Бұл күндері әлгі пікірді дәлелдейтін көптеген деректер, тасқа түсірілген таңбалар табылып отыр. Үйсіндерден кейінгі құрылған феодалдық мемлекет Түрік қағанаты да сол жазуды пайдаланып, дамытқан. Оның хандары сол жазумен Иран, Византия, Қытай елдеріне елшілік хат жазып, мемлекеттік іс қағаздарын жүргізген. Сол дәуірде қайтқан кісілердің басына құлпы тас қойып, оған жазумен ескерткіш сөз қалдырып отырған. Сол әдет күні бүгінге дейін қазақ арасында сақталып келеді.

Кейінгі жылдары табылған үлкен бір жаналық – Іле өзенінің бойынан табылған алтын киімді адам денесі. Ол киімдегі және басқа да мүліктердегі ою-өрнек, зергерлік өнер, көркем жазу түрлері – ерте дәуірдің үздік мәдениетінен мол хабар берді.

Міне, бұл жайлардың қайсысы болмасын қазақ жазуының аса ертеден басталатынын, әрі өзінің тума жазуы екенін дәлелдейді. (Орхон жазуын көрсету, салыстыра оқу).



Бұл ғылыми жаналық көптеген жаңсақ пікірлерді жоққа шығарды. Бұған дейін қазақ жазуы араб жазуынан IX-X ғасырлардан бері дамыды, қазақтың өзіндік жазуы, мәдениеті болған жоқ, ол арабтық, мұсылман дінінің әсерімен ғана келді деп келсе, ендігі жерде ол жоққа шықты.

Сөйтіп, біздің жазба мәдениетіміздің түп тамыры халқымыздың өз жерінде пайда болды. Басталу дәуірі – алғашқы феодалдық мемлекеттер кезеңі (III-V ғасырлар).

Ол жазулардың шығуына түрлі себептер болды: мемлекет ісі, саяси қарым-қатынас, сауда, айырбас баламы, ақша белгі-берлерін ажырату т.б.

Көне жазудың әлгіндей жалпылық түрлерінен басқа өрелі де үлкен ескерткіштері бар. Олар: «Орхон-Енисей», Талас, Шу, Мойын-Шор т.б. ескерткіштер.

«Орхон-Енисей» ескерткіштерінің ішінде әдебиеттік, тілдік, тарихи мәні зор тамаша шығармалар Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жайындағы шығармалар. Оларды тасқа жазылған көне замандық кітаптар деп атайды (VII-VIII ғғ).

Руникалық жазудың ең ескі ескерткішінің бірі Талас жазулары (V-VI ғғ).

Міне, осы аталған жазулардың қайсысын алсақ та, олардың ерекшеліктері қазіргі қазақ тілімен тамырлас жатыр. Тіл құрлысы, лексикалық арнасы, түсініктілігі бізге алшақ емес (Мысалы: Хрест. «Көне әд. нұсқ., 26 б.»).

Белгілі ғалым С. Аманжолов: «Қазіргі дулаттар V-VIII ғасырлардағы ежелгі Орхон-Енисей түріктерінің тікелей ұрпақтары» деген. С. Аманжолов сол түркілік дәуірде белгілі боп, кейін қазақ халқын құраған, жазу-сызу өнері дамыған, мәдениеті өскен руларды да атайды. Олар: Үйсін, Қаңлы, Керей, Найман, Дулат, Қыпшақ, Кердері.

Сөйтіп, Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түркілік рулар әуел баста руникалық, яғни орхондық жазумен, одан бері ұйғыр алфавитымен, сосын араб шрифтына көшті. Түркілік жазудан араб жазуына көшердегі аралас жазуды «Арамей» жазуы деп атады. Ал «Ұйғыр жазуы» деген тек ұйғырларға ғана тән емес. Ол тюркологтардың дәуірге сай белгі

қоя айтқаны ғана. Ол алғашқы түркілік жазудың жетілген түрі, бүкіл түркі халықтарының ортақ мәдени тілінің жазуы дейміз.

Осы көне түркі жазуы мен ескерткіштері бүгінгі бүкіл түркі халықтарына ортақ, яғни олар әлі тайпалық, рулық дәуірлерде, бүгінгідей жеке-жеке халық, ұлт болып бөлінбеген кезеңдерде пайда болды. Сол көне түркі тайпаларынан кейін, орта ғасырлар тұсында, жекелеген мемлекет, саяси бірліктер негізінде бөлек-бөлек халықтар пайда бола бастады. Олар қазіргі қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр, татар, башқұрт, ноғай, қырым татарлары, якут, гагауз, алтай, азербайжан, шетелдегі түрік халықтары. Міне, жаңағы көне жазу мен мәдениет осы халықтарға түгел қатысты, яғни бұрынғы түркілік ата-бабаларымыздан қалған ортақ мұра.

Көне түркілердің мекен тұрағы алғаш қазіргі Алтай, Оңтүстік Орталық Сібір, Орта Азия мен Қазақстан жерінде болғанымен кейін ІХ-Х ғасырларда олар оғыз, қыпшақ тобына бөлініп, Батысқа қарай қоныс созған. Оғыздар Оңтүстік Кавказ, Оңтүстік Қара теңіз, Таяу шығысқа дейін жетсе, қыпшақтар Солтүстік Кавказ, Қара теңіз, Қырымға дейінгі жерді қоныстаған.

Осыдан кейінгі ескерткіштер осы өңірлерде, осы екі топтың өздеріне жеке-жеке тән болып, тарихқа енді.

Қазақ жерінде, әсіресе Оңтүстік, Жетісу аймақтарында Х-ХІІ ғасырлар тұсы, Қарахан мемлекеті кезінде қыпшақ мәдениеті дәуірі белгілі. Онда ірі-ірі, сәулетті де сәнді қалалар Отырар, Сайрам, Сағанақ, Яссы, Мерке, Тараз, Баласағұн т.б. болды. Академик Дахшпейгер 800-дей қала болды дейді. Ол шаһарларда ғылым, білім орындары, кітапхана, шеберхана, өрнек, ою, сәулет өнерлері көп болған. Бүкіл дүние жүзіне аттары мәлім ірі-ірі ғалым-ғұлама, ақын жыршылар өткен. Ғылымның көптеген салалары дамыған. Ол ғұламалар: Әбунасыр Әл-Фараби, Әбурайхан Әл-Бируни, Әбуәлі бин-Сина, Мухаммет Харезми, Махмут Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Жүсіп Баласағұни т.б.

Әрине, кезінде дүние жүзіне мәшһүр болған түркілік мәдениет бірден көктен түсе қалған жоқ. Оның тамыры терең

және аса құнарлы арнадан табылды. Соның ең көрнектісі «Орхон-Енисей» ескерткіші. Зерттеліп, табылуы.

Кейіпкерлері: Бомын (Бумин) қаған – ең басы. Оның баласы Елтеріс (Елтерши) қаған, інісі – залым Қанаған қаған, Елтеріс балалары: Білге қаған (Магилян), Күлтеген батыр, досы – Тоныкөк батыр, ақылгөй, қолбасшы.

Жыр бірнеше циклдан тұрады.

## **ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЖЫРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАРИХИ, ӘДЕБИ СИПАТЫ**

1. Ежелгі Түркі қағанатының тарихи жағдайы.
2. Орхон-Енисей жырларының зерттелуі, түркологиядағы мән-маңызы.

Шамамен VI ғасырдың орта кезінде, Жетісу, Алтай, Орталық Азияны мекен еткен түрлі ру-тайпалар бірігіп, Түрік қағанаты деп аталатын мемлекет құрғаны тарихтан жақсы мәлім. Міне, сол ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін жыр еткен ғажайып дастандар бар. Бұлар – «Күлтегін», «Білге Қаған» және «Тоныкөк» жырлары деп аталады немесе «Орхон-Енисей» ескерткіштері делінеді (өзендер атауы). Бұдан 1250 жыл бұрын үлкен құлпытастарға қашап жазылған осы әдеби ескерткіштер идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік шеберлігі тұрғысынан да күні бүгінге дейін оқушысын таңдандырып, тамсандырып келеді.

Руна жазуындағы жәдігерліктер жанры туралы соңғы кезге дейін әр түрлі пікірлер айтылып келеді. Бұларды біресе прозалық шығарма десе, екінші жолы поэзиялық туынды деп келеді. Ал кейінгі кезде, әсіресе, көрнекті совет ғалымы И.В. Стеблеваның «VI-VIII ғасырлардағы түркі поэзиясы» деген еңбегі басылып шыққаннан кейін, руна жазуындағы әдеби мұралар поэзиялық туынды деп танылды. Совет ғылымының табыстары нәтижесінде сол кезде көне ескерткіштерге, шексіз сахарада мүлгіп қалған меңіреу тастарға тіл бітіп, іргелі ел болып қанат жайған түркі халықтарының бақытты ұрпағына

тарихи шежіресін баян етуде. Бір кездерде сақтар жайлаған, гундер шарлаған кең атырапты заманымыздың VI-VIII ғасырлары арасында, яғни үш жүз жыл бойы ұзын найзалы, жорау атты біздің ата-бабаларымыз түріктер еркін билеген. Бертінде олар Дешті Қыпшақ аталған ел болған. Бұл орта ғасырларға жататын мерзім. Бұл өлкені ежелден-ақ қазіргі түркі тілдес халықтардың түпкі төркіні болып табылатын көк түріктер мекен етуші еді.

Орхон ескерткіштері Селенга, Орхон өзендерінің бойынан табылған. Көздің жасымен, жүректің қанымен құлпытастарға қашалып тұрып жазылып, қаймағы бұзылмай бізге жеткен осы бір ғажайып руналық жазулардан кейде жоқтау, кейде мадақтау ыңғайында айтылған шешендік сөздердің, өлеңдік ұйқастардың, мақалды тіркестердің не бір көне үлгілерін көреміз. Онда VIII ғасырдың іргелі мемлекеті – Түрік қағанатының құрамындағы толып жатқан рулардың өзара есепсіз жауласуы, сабылған жорықтары мен соғыстары суреттеледі. Бұл – ескерткіштердің басты кейіпкерлері хандар, бектер, тектілер болғанымен, біз олардан неше түрлі қанау-тонауды көрген, азар-мехнат шеккен бұқара халықтың аянышты өмірін де анық көреміз. Заманымыздың V ғасырынан бастап бұл өңірлерде әлгі аталған бірлестік – мемлекеттердің негізінде түркі халқы қоғамдасып, соның негізінде Түркі қағанаты орнады. Бүгінде түркі халықтары деп аталатын қазіргі эзербайжан, түрікмен, қырғыз, қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар, алтай, хақас, ұйғыр, чуваш, ойрат, тува халықтары осы Түркі қағанатына топтасқан ру-тайпалар негізінде қалыптасқан.

Түркі халқын әдетте хан басқарған. Ханның ордасы болған. Ордада ханмен бірге әр уақытта ақылшы жырау тұрған. Ханнан кейінгі басшыны – жабғы (бас уәзір), ханның өз мұрагерін - тегін деп атаған. Ал дулаттар (дулу) билеген Батыс Қағанатында ханнан кейінгі дәреже жора деп аталған. Әскери демократияға негізделген түркі қоғамында халық: бек (ақсүйек), қара будун (бұқара), құл, күң деп жіктелген.

Күші жағынан да, мекені жағынан да заманының іргелі мемлекеті болған Түрік қағанатының тарихы V ғасырда

Хундардан қашып шығып, Алтай тауының түстігіне қоныс тепкен – Ашындардан (тайпа) басталады. Тарихи деректерге карағанда, Ашында көшіп келген Алтай тауын ол кезде өздерін түрікіпіз деп есептеген қаңлылар, қыпшақтар, төлістер, қырғыздар, байырқылар, басмолдар, құрықандар, оғыз татарлар, ірілдер, едіздер, карлұқтар, кеңгереетер, дулаттар, үйсіндер, сол сияқты бертінде түркі халықтарының негізін құрған басқа да көптеген дала тайпалары мекендеген. V ғасырдан бастап осы аталған рулардың бәріне түсінікті, ортақ түркі тілі қалыптаса бастайды.

Түркі халықтарының бірігуін тарихшылар Бумын қаған үстемдік еткен 545 жылдан бастайды. Бумын – саясатқа мықты, айлакер адам болса керек. 551 жылы өзімен көршілес жужандарды талқандап, көшпелілердің арасында даңқы асқан ол Елханы деген атқа ие болады. Бумын қайтыс болған соң, таққа бірінен кейін бірі қатарынан оның үш ұлы отырады. Солардың ішінен тарихта Мусанханның есімі ерекше аталады. Ол өзімен көршілес жужандарды, татабыларды, қидандарды түгел бағындырады.

Түркілердің жойқын соғыстарының біразы Бумын ханның інісі Естеміс (Есті-ми, ақылды деген мағынада) ханның атымен сабақтасады. Ол – бумынның тірісінде – ақ қол басқарып, көзге түскен, ханның жабғысы болған адам. Естеміс батыс жорықтарын басқарған. 555 жылы Шам (Ташкент) қаласын, Жейхун (Амудария), Інжу (Сырдария) өзендерін қаратып, Арал теңізіне дейін жеткен. VI ғасырдың 80 жылдары хан тұқымдарының арасында дау-жанжал өршіп, соның салдарынан Түркі қағанаты Батыс және Шығыс қағанаты болып екіге бөлінеді. Жетісу өңіріндегі, Шу бойындағы, Еділдің төменгі, Ертіс, Есіл өзендерінің жоғарғы сағасындағы өзара жауласып, әбден титықтаған түркі рулары Батыс қағанатының құрамына енеді. Батыс қағанатының құрамына енген рулардың ең бастысы Дулу (дулаттар) одағы мен Шу, Талас, Ыстықкөл маңындағы Нушебейлер (үйсіндер) еді. Дулаттар мен үйсіндер (нушебейлердің) әрқайсысы дербес бес рудан тұрса керек.

Осыдан Батыс қағанатын «он ру» немесе «он оқ» халқы деп атаған.

604 жылы Батыс қағанаты құлайды. 635 жылы Дулаттың бес руы, нушебейдің бес руы бөлініп, өз араларынан бек сайлап, биліктің белгісі ретінде оларға оқ береді. Дулаттар мен нушебейлердің шекарасы ретінде Шу өзені белгіленеді.

656 жылдың қақаған қысын пайдаланып, Қытай империясы Батыс қағанатқа төтенше шабуыл жасап, басып алады. Тұтқиылдан тап берген есепсіз күшке төтеп бере алмаған нушебилер, дулаттар бірінен соң бірі жеңіліп, олардың басшысы Халлығ қалған қолымен Іле өзеніне шегінеді. Сөйтіп, он оқ халқынан бүтіндей қол үзген ол шегінгеннен шегініп, ақыры Шу өзенінде тізе бүгеді. Көп жылдар өктемдік еткен қытайлар 692 жылға дейін дулаттар мен нушебилердің 60-70 мыңдаған кісісін қырып тынады. Осыдан бастап Түрік қағанаты күйреді деп есептеледі. Әбден қорлық көрген түріктер VII ғасырдың аяғында Қытай империясына қарсы көтеріліске шығады. Әдепкіде біраз табысқа жеткенмен, Қытайдан жаңа күш келіп, Қаракұмға шегінген көтерісшілер аштыққа ұрынады. Бірақ түркі халқы бұл жолы жеңілгенмен, тойтарыс алдық деп босқа қарап отырмаған. Бір жылдан соң Құтлығ басқарған түркі халқының жаңа толқыны қайта өрлейді. Құтлығ әскери білімі бар, айла-тәсілге жетік кісі болған. Ол тоз-тоз болған түркі халқын қайта жиып, дана, әрі батыр Тоныкөкті соңына ертіп, 683 жылы Қытай басқыншыларынан түркі жерін азат етеді. Осы әрекеті үшін халық Құтлығты Елтеріс (елді теруші, жинаушы мағынасында) хан деп атап кетеді. Түркі халқын құрап іргелі ел еткен Елтеріс 693 жылы дүние салады. Соңында әлі де балағатқа жетпеген, әжетке жарай қоймаған екі ұлы қалады. Сондықтан да таққа оның інісі – (Мочур) Қапаған отырады. Қапаған тым қатал кісі болыпты. Ол бір кезде даңқы жайылған Түркі қағанатындай мемлекет орнатуды арман етеді. Оның тым қаталдығы халық наразылығын күшейтіп, ақыры Қапаған 716 жылы көтерісшілердің қолынан қаза табады. Бұл жағдай Елтеріс ханның буыны бекіп, бұғанағы қатайған заңды екі мұрагері – Білге мен Күлтегінді таққа әкеледі.

Кішісі – Күлтегін өте ер болған. Қарлұқтармен арада болған соғыста (711-715) даңқы жайылған жас батыр бұрыннан келе жатқан ата дәстүрін бұзбай, «Білге хан» деген ат беріп, таққа өзінің ағасын Магилянды отырғызады. Ал Білге хан болса, інісі Күлтегінді әскер басы етіп сайлайды. Басқаша айтқанда, бұл шын мәніндегі Қағанат иесі деген сөз. Билікті түгелдей қолдарына алған Білге мен Күлтегін саясатты әуелі ағасы Қапағанмен сыбайлас болған ақсақалдарды жоюдан бастайды. Бұрын соңды соғысқа араласып жүрген кәрі тарландардан Елтерістің тұсында да көрегендігімен көре түскен, Қапағанға да кеңесші болған қарт Тоныкөкті ғана ақылшы етіп қалдырып, оған Баға Тархан (мемлекеттік кеңесші) атағын береді. Қарт данышпан бұл кезде 70 жаста еді. Көп кешікпей айлакер Тоныкөк өз қызын Білге қағанға қосады. Сөйтіп осы үшеуінің тұсында түркі халқының даңқы қайта жер жарады.

731 жылы Күлтегін қайтыс болады. Батырдың азасына ат қойып ел-елден келген көңіл айтушыларда есеп болмаған. Батырлығының куәсі ретінде оның басына мәңгілік ғажап ескерткіш орнатылды. Көп кешікпей, 734 жылы дүниеден Білге қаған да өтеді. Оны сатқындар у беріп өлтіреді. Таққа отырған Иолығ-тегін әкесі Білге қағанның басына зәулім ескерткіш орнатады. Сөйтіп, ағасына да, әкесіне де арнап тасқа қашап олардың ерліктерін дәріптеген жоқтау-мадақ жырын жазады. Иолығ-тегін ақын болған адам. Ол 739 жылы қайтыс болады. Міне, Түркі халықтарының тарихына қатысты және түркі қағанатының құрамына енген, бертінде түркі халықтарына ұйытқы болған және Орхон ескерткіштерінде аталатын рулар, тайпалар, әңгіме желісі осы.

Сонымен 731 жылдың жазында шексіз даланы армансыз билеген Бумың, Қапаған, Естеміс, Құтылық қағандардың ұрпағы, ұзын найзалы, жарау атты түркі руларының ырысы әрі бақыты – Бозайғырлы айбында ер Күлтегін дүние салады. Бетіне дұшпан қаратпаған айбынды ердің қазасы қасірет пен қайғы болып бүкіл түркі қауымының арасын лезде-ақ шарлап шыққан. Оның басына тізе қосқан досы да, кескілескен қасы да тегіс жиылған. Ұшы-қиырсыз, дамылсыз ағылған халықтың қаралы

шеруі даңқты батырға деген ықылас-пейілдің куәсіндей еді. Заманының атақты ақын-жырауы, Күлтегіннің немере інісі Иолығ-тегін жан-жақтан шедерлер алдыртып, келесі жылдың күзінде Күлтегіннің басына оның батырлығының белгісіндей мәңгілік ескерткіш зәулім құлпытас орнаттырады. Әдемі әшекеймен, оймышталып, өзгеше нақышпен өрнектелген заңғар құлпытаста ел сүйген елге халық жоқтауын көне түркі тілінде мәңгілікке өшпестей қашатып тұрып жаздырады. Содан бері 1260 жыл өтті. Тарихтың беті сан рет өзгеріске ұшырады. Жылдар жылжып, ғасырлар алмасып жатты. Жер жаңарып, қоныс өзгеріп жатты. Бірақ Орхон өзенінің бойындағы қас батырдың ерлігіндей тәкәппар, сұсты, маңғаз тас ескерткіш XII ғасырдан аттап, өз заманының шындығын, қайғы-қасіретін, амал-әрекетін арқалап, сол күйінде бұзылмай жетті.

## **ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТАБЫЛУЫ ЖӘНЕ АШЫЛУЫ**

XVIII ғасырдың басы еді. Орыс армиясының қолына түскен тұтқын швед офицері Филипп Иоганн Страленберг Сібірді түгел аралап, Орхон өзенінің бойын жағалай жоғары өрлеп келе жатады. Ұзақ жүрді, бірақ бұл өңірден пәлендей тіршіліктің белгісін көре алмады. Әбден шаршап шалдыққан саяхатшы алдағы жолдың қызығынан біржолата күдер үзгендей еді. Бір кезде сонау көз ұшынан бұлдырап сағымға малтыққан кереметті көзі шалады. Қызыл көрген бүркіттей шаршағанын ұмытып, Иоганн жүрісті жылдамдата түсті. Жақындаған сайын оны әрі үрей, әрі өзгеше бір жұмбақ сезім билей бастаған тәрізденді. «Зәулім тастар, белгісіз таңбалар, тас болып қатып қалған адамдар... Әйтеуір ұзына бойлы созылған, қол қусырап мөліген тас мүсіндерде шек жоқ. Бұл не ғажап!? Табиғаттың өзі жасаған құзырет пе, жоқ әлде адамның сиқырлы қолынан туған керемет пе!?! «Ол ұзақ ойланады, ұзақ толғанады; бірақ түпсіз шыңырау, тұңғыық ойдың түбіне жете алған жоқ. Бұл осыдан үш жүз жыл бұрын болған еді. Бейшара Иоганн алдында тұрған меңіреу тастардың бетінде ғажап сыр барын біле алған да жоқ.



Бұл мұралар жайындағы алғашқы мәліметтер XVIII ғасырдың аяғына таман көріне бастайды.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде біраз мағлұматтарды өзі шығарып тұрған «Сибирский вестник» журналында Григорий Спасский жариялайды. 1818 жылы оның мақаласы көп кешікпей латын тіліне аударылады да, Орхон ескерткіштері басқа елдердің ғалымдарына да белгілі бола бастайды. Бұл хабарды естіген фин археологиялық қоғамы 1875 жылы Минусинскіге екі рет экспедицияға жіберіп, 1889 жылы «Енисей жазбалары» деген атпен 32 таблицалы, 8 фотосуретті атлас жариялайды. Ескерте кететін бір жай, жазбалардың әліппесі табылғанша бұл мұраларды фин ғалымдары өз халқының ескерткіші деп танып келген. Себебі, көне заманда угрофиндер де осы өлкеден еді. Алайда, бұл пікірдің негізсіз екендігін олар кейін мойындайды.

1889 жылы орыс зерттеушісі Н.М. Ядринцев Орхон өзенінің бойынан, Енисей өзені сағасынан табылған ескерткіштерден әлдеқайда үлкен белгісіз таңбамен жазылған зәулім, қолдан қашалған төрт қабырғалы биік тасты көреді. Н. Ядринцев тасқа мынадай сипаттама береді: биіктігі – 3,5 метр, төменгі ені – 1,32 метр, жоғары жағының ені – 1,22 метр. Биіктеген сайын жіңішкере береді, жоғары бөлігі өрнектелген. Тастың төрт жағы бірдей жазылған. Батысқа қараған бетінде қытай жазуы да, қалған қабырғасы бірдей руналық жазумен толған. 1891 жылы Н. Ядринцевтің айтуына қарағанда, ескерткіштен 25 метрге дейін созылған аласа дөңес жатыр. Осы қабырғаның жанынан басы жоқ, мрамордан жасалған 7 түркі тас мүсіні табылған. Ескерткіштің батыс жақ бетінде басы бір-біріне қараған, қираған екі хайуанның мүсіні бар. Ал, осы кіре берістен әрқайсысының арасы 10-12 метрден, беттері шығысқа қараған адам мүсіндес сын тастар ұзындығы 1,5 шақырымға дейін созылып жатыр екен. Көп кешікпей Н.Ядринцев Россия археологтарының 8 конгресінде ғалымдардың назарын сол Орхон бойындағы көне мұраларға аударады. Осыдан бастап бұрын тек Енисей ескерткіштері деп қана аталып келген жазбалар енді Орхон, яки Орхон-Енисей жазулары деген атқа ие болды. 1890 жылдың көктемінде Н.М. Ядринцевтің ізімен

Орхон өзеніне финдердің А. Гейкель бастаған археологиялық экспедициясы және 1891 жылы Санкт-Петербургтен біздің елімізде тюркологияның негізін салған ұлы орыс ғалымы В.В. Радловтың басқаруымен құрамында Ядринцев те болған ғылым академиясының экспедициясы аттанады. 1892 жылы осы екі экспедицияның да қорытынды жазбалардың суретімен екі үлкен атлас түрінде жарияланып, бұл атлас дүние жүзі ғалымдарының алдына ауыр да жауапты міндет-жазудың сырын оқу міндетін қояды. Әлбетте, ол жазуларды оқудың қиындықтарымен қатар кейбір жеңілдіктері де бар еді. Өйткені бұл уақытта ескерткіштің қытай тілінде жазылған тексті оқылып, сол тексттен ескерткішті жасаған халықтың, оны басқарған бектердің аты белгілі болатын. Дегенмен, әлі де сырын ашпаған тілсіз-үнсіз ескерткіштің әліппесін тауып оқу, оған тіл бітіру кез келген кісінің мүмкіндігінен тыс, жан-жақты, дайындығы мол лингвист ғалымының қолынан ғана келетін іс еді.

Міне, дәл осындай зерттеуші – Дания ғалымы, Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсен болып шықты. В. Томсен – көп тілді білген, дарынды ғалым болған. 1877 жылы басылып шыққан ерте Русь және Скандинавияның өзара қатынастарына арналған тарихи еңбегінен соң, Томсен Оңтүстік Сібірден табылған Орхон-Енисей ескерткіштерін зерттеуге біржолата ден қояды. Ақыры 1893 жылы Орхон жазуының «кілтін» табады. Қазіргі дәуірде Томсен ашқан жаңалықты тек Орхон жазуларына ғана табылған кілт деп қарамай, сонымен қатар бүтін Орта Азия мен Қазақстан тарихында кездесетін көне жазу-сызулардың да сырына үңілуге мүмкіндік берген қымбат кілт деп бағалау орынды. Вильгельм Томсен ашқан алфавитті қолданып, академик В.В. Радлов 1897 жылы тұңғыш рет ескерткішті орыс тіліне аударып, тексттің нұсқасын латын әліппесіне береді.

Түркі қоғамын терең зерттеушілердің бірі қазақтың белгілі ғалымы академик Әлкей Марғұлан түркі халқының мәдениетін, әдебиетін кеңінен тәптіштей келе былай деп жазады: «VI-VIII

ғасырлардағы халық фольклорында эпостық поэзияның Орхон ескерткіштерінде жазылып қалған ең ертедегі ақындық тәсілдері мен дәстүрлері белгілене бастаған. Бұл поэзияның элементтерін Күлтегін мен Білге ханның басындағы құлпытастарына жазылған жазулардан көруге болады. Бұл жазулардың текстісі эпостың әңгіме стилінде жазылған. Ғалымның Орхон ескерткіштерінде ақындық тәсілді де, дәстүрді де тауып, оларды жанры жағынан ерлік жырына жатқызып отырғанын осы мысалдан көруге болады. Орхон ескерткіштерін жалаң тарихи фактілер тізбегі деп қарамай, түркі халқының ізгі арманын, кескілескен соғысын, айбынды батырларын өзгеше әуезбен жыр еткен ерлік эпосының ең әдепкі үлгісіне жатқызу орынды. Сондықтан да бір кездерде эпостық дәстүрі айрықша дамыған қазақ халқының бай мұрасы мен Орхон ескерткіштерін салыстыра зерттеудің ерекше мәні бар. Өйткені, Орхон жырларын зерттеу проблемасын жалпы әдеби процесімізден бөліп қарауға болмайды. Қайта біз халқымыздың тарихи өткенінен, рухани өсуінен мол мағлұмат беретін шығарманы терең зерттей түссек, онда бұл шығармалар эпикалық мәдениетіміздің көп сырларын ашуға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, эпостарымыздың жасалу процесін, оған қоса ғасырлар құрдымынан бүгінге дейін үзілмей, жалғасып келе жатқан жанды дәстүрді дәлелдей алатын боламыз. Осы уақытқа дейін қазақ эпопеясының тууы жайындағы қорытындылар тұспалдап қана айтылып келсе, Тоныкөк, Күлтегінге арналған жырлардың зерттелуімен байланысты, бұл мәселені нақты дәлелдермен топшылауға мүмкіндік алатын боламыз.

Осы ретте біз енді Орхон жырларын қазақ эпостарының кейбір үлгілерімен салыстырайық. Жалпы эпос – жыршы деген сөз. Бұл ұғымның ең алғашында белгілі бір елеулі оқиғаны дәріптеумен, жыр етумен байланысты шыққандығы сөзсіз. «Шынын айтқанда, - деп жазды белгілі шығыс зерттеушісі А.Н. Веселовский, - батырлардың ерлігін жырлаған эпостар халықтың қалыптасуымен қатар туа бастаған. Тарихи кезеңдердің елеулі тұлғалары – ерлердің төңірегінде неше түрлі өлеңдер құрастырылып, солардың негізінде бүтін цикл

жасалған. Қазақ эпосының тууы жайындағы академик Қажым Жұмалиевтің мына бір пікірін келтірейік: «Қай елдің эпосы болмасын, белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туғанға ұқсайды және ол бір күн, не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі... Қазақтың осы күнгі ұзақ эпостарының бастамалары ерте замандағы потриархалдық рулық құрылыс кезінде үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ замандарында, әр рудың өз істерін ерлікке айналдырып жыр еткен қысқа көлемді жырлар жатуы, кейін олар ұмытылса да есте сақталынып қалған аңыздардың негізінде ұзақ жыр, поэмалардың тууы мүмкін. Демек, А. Веселовский айтқандай ерлік жырлары халықтың қалыптасуымен бірге қатар туған болса, онда Күлтегінге арналған жыр, дәл осылай, түркі халқының қалыптасуы кезінде жасалған. Ал Күлтегін, Тоныкөк жырларының өзі Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Қоңырат, Дулат, Керей, Найман, Жалайыр, Алшын руларының VI-VIII ғасырлардағы Түркі қағанаты астына топтасқан дәуірдегі мұралар болатын. Сол себепті біз қазақ эпостарының әдепкі арналары Түркі қағанатының кезінен басталады дейміз. Қазақ халқы ақындық қабілет-дарынды өзінің ата-тегі байырғы түркі тайпаларынан мұра тұтқан. Олай дейтініміз, соншалықты ерте туғандығына қарамастан, Орхон ескерткіштерінде шешендік арнаудың, келісімді ырғақтың, ойлы мақалдың, азалы жоқтаудың, жойқын соғыс суреттерінің сан үлгілері ұшырасады. Арнау түрінде жазылғандығына байланысты Орхон ескерткіштерін ерлік жырына жатқызғанның өзінде, үндеу, үгіттеу мақсатында туған деп есептейміз. Бұл олардың эпостық құнын төмендете алмайды. Өйткені, қазақ эпостары да негізінен арнаумен байланысты туған. Жырда Күлтегін жасаған жорықтар мен оның айқастары суретеліп келеді. Халқымыздың ең көне эпикалық мұрасы – Күлтегін мен Тоныкөк жырларын ерлік жырына жатқызудың тағы бір себебі мынада: қазақтың батырлар жырына тән бұлжымас ортақ қасиеттердің денін біз Орхон жырларынан да табамыз. Ол ортақ қасиеттер қандай? Біріншіден, Орхон ескерткіштерінің де, қазақ эпостарының да негізгі идеясы бар. Ол – өз елін, өз жерін шет

басқыншылардан, сыртқы жаулардан қорғау идеясы. Екіншіден, солардың қай-қайсысында да әлеуметтік сарын басым. Ат жолын тартып, қолына қару алған жас батыр елінің намысы үшін сыртқы жауға қарсы аттанып, есепсіз қиындықтардан өтіп, ақыры жеңіспен оралады. Батырдың ерлігі қырғын соғыста көрінеді. Үшіншіден, эпикалық жырларда жеңілуді білмейтін ежелгі батырлардың жас шағынан өмірінің ақырына дейін ерлік әрекеттері түгел, тұтас жырланады: Қобыланды мен Алпамыс батырлардың дүниеге келуінен бастап суреттелсе, Орхон жырларында Күлтегіннің он алты жастан қырық жеті жасына дейінгі өміріндегі ерлік істері баяндалады. Сонымен, жинақтай келе айтарымыз: Біріншіден, Орхон ескерткіштері – түркі халықтары тарихының көп деректерінің әсерлі желісін жеткізген, эпикалық шығармалардың шағын фабулалық оқиғалы жыр өрімдерін қамтыған тарихи-ерлік жырлардың ең әдепкі үлгілері. Эпостың баяндауға негізделген бұл ескерткіштерде жеңілуді білмеген ежелгі жыр батырларындай, Күлтегіннің басынан кешкен ерлік қимылдары, жорық сапарлары қаншама? Тілсіз тасқа сыйғызған сол жойқын соғыс суреттерінен біз Күлтегіннің жекпе-жек шайқастарын анық елестетеміз. Орхон жырларының негізіне түркі руларын біріктіру, нығайту, сыртқы жаулардан қорғау идеясы алынған. Сонымен бірге біз олардан рулық дәуірдің әлеуметтік теңсіздігін де көреміз. Аталмыш ескерткіштерде жырды шығарушылардың өмірден түйген, білген философиялық толғаныстары да жоқ емес: «тағдырды тәңірім жасар, адам баласы өлмекке жаралған», «Қай халық болмасын, сол елдің ішінен пәтуәсіз табылса, онда ол халықтың қаншама соры бар десеңізші» деген данышпан Тоныкөктің сөзі қалыптасқан қағида, қазақ арасында кең етек алған толғаудың түпкі сағасы тәрізді. Екіншіден, Орхон ескерткіштері мен ежелгі қазақ эпостарын салыстырудың нәтижесі олардың арасындағы дәстүрлік байланыстың барлығын дәлелдейді деп білеміз. Бұдан шығатын қорытынды – қазақ халқындағы бай жыр дәстүрінің негізі сол Орхон ескерткіштерінде қаланған. Қазіргі қазақ өлеңдерінде сақталған адамның әр жастағы ісін, қайратын сипаттау өлең түрлерін

Күлтегінді бейнелеуден көреміз. Онда Күлтегіннің жеті жаста әкесі өліп жетім қалған кезінен бастап, 47 жасқа жетіп, өлген күніне дейін не істегені әр жастағы жетістіктері сатыланып көрсетіледі. Ескерткіш авторы түркі елінің өткен өмірінде дамылсыз шабуыл жасап жортуылдарда сан сәтсіздікке ұшырап, қорлық өмір кешкен дәуірлерінің болғанын да жасырмайды. Басқа елге бағынышты болып, құрып кетуге таянған түркі елін біріктіріп, дегенге жеткізіп едім, ел қайғысы ішті кернеп, көзге ыстық жас келді, жұртым үшін қызмет қылдым, күн-түн ұйқы бөліп, қан мен терге бөленіп ерлік істер көрсеттім, соны келешек ұрпаққа үлгі еттім, - дейді батыр монологі. Ескерткіш сөздерінен Күлтегіннің әмірі жүріп тұрған кезде оның мемлекетінің мығым болғаны, ол орнатқан тәртіптің берік екені анықталады. Ескерткіш жазуы ел-жұртқа түрік қоғамын үгіттеуді мақсат етеді. Ерлік күрес дәстүрі үлгі етіліп, кейінгілерді ерлікке, бірлікке тәрбиелейді. Күлтегін ескерткіші түркі елінің бір кездегі тарихын танытарлық құнды мұра болуына қоса, сол халықтың поэзиясынан да мол мәлімет беретін көркем туынды. Күлтегіннің өліміне байланысты жоқтау, жылау сөздері де, оның алып күшін, жорықтардағы батыл істерін де, тұлпар аттарын бейнелегенде де талай-талай көркем сөздер, нақышты образдар қолданылған ақыл-нақыл сөздер, өсиеттер беріледі. Шынында да ескі түркі жазба ескерткіштері Күлтегіннің кіші және үлкен жазбалары және Тоныкөк ескеркіші VI-VIII ғасырларда дәуірленген Түркі қағанатының мәдени өміріне тікелей байланысты тарихи-әдеби маңызы зор шығарма. Аталмыш Күлтегін және Тоныкөк құлпытас жазбалары VIII ғасырдың орта шеніне жатады. Одан сол заманның өмір сүрген түркі ұлыстарының дүниетаным түсініктерін, өмір сүру ережелерін, әдебиеттік түр бейнелерін, қоғамдық, әлеуметтік нормаларын тануға болады. Ескерткіштерге тән ереже ерекшеліктері деп біз мынадай ортақ жайларды айтар едік. Ең алдымен, түркі ұлыстары өмірінің әр түрлі кезеңдерін біркелкі ұқсас сипаттау. Әр түрлі дәуірлердің бәріне де ортақ жол-жора өсиеттер айту. Олар: Ата жолына берік болуды керек ету; Бабалары жасаған жорық жолдарының

шекараларын анықтау, әрбір келесі жорықтардың да сәтті сапарын тілеу. Екіншіден, Қолбасы батыр немесе ел басы қағандар тұлғасын жасаудағы ұқсас тәсіл-әдістер қолданулары. Ел жауына қарсы соғыстар да ерекше ерлік, ақыл артықшылықтарымен көрінеді, асыра дәріптеу, ел қамы, ұлыс мұраты үшін сіңірген еңбектерін қадірлеу. Ұтымды келіс сөздер, елшілік істер жүргізеді. Қауіпті кездерден ақыл-айламен құтылады. Ақылдасып, келісіп шешеді. Жорықтар бұрынғы ата-бабаның жол-жорасын жалғастырып, ақыры жеңіске жетеді. Күлтегін ескерткіші – VIII ғасыр туындысы. Бұл ескерткіштердің қазақ жұртшылығына жете таныс болуы 1960 жылдардың соңғы жартысы ішінде жасалған аудармаларға тығыз байланысты. Лингвист Ғ. Айдаров, М. Томанов, Ө. Құрысжанов VI-VIII ғасырлардағы тас жазуларын оқуға жол ашарлық құралдар мен зерттеулер, оқу құралдар жазды. Филология ғылымдарының кандидаты Мырзатай Жолдасбеков Күлтегін мен Тоныкөк есіміне байланысты тас жазбаларының аудармасын жасады және зерттеулер «Асыл арналар» жазды. Жырда Күлтегін түркі елінің «төрт бұрышындағы» барлық жауды жеңіп, елде тыныштық, бейбіт өмір орнатады. Күлтегін түркі халқын тәуелсіз етті, байлыққа кенелтті деген пікір айтылады. Жырдың басты идеясы – түркі халқын ауыз бірлікке, сыртқы жауларға қарсы ұйымдасқан күреске, ата-баба жолын берік ұстауға шақыру болып табылады. Автор түркі халқы ата-баба дәстүрін берік ұстаған кездерінде ешкімге тәуелсіз, жақсы өмір сүргенін жырлайды. Орхон жазба ескерткіштері ішінде «Тоныкөк жыры» ерекше орын алады. Бұл жырдың басты қаһарманы батыр емес, бүкіл түркі елінің дана қарты, тіпті Білге қаған мен Күлтегіннің әкесі Елтеріс қағанға да кезінде ақылгөй болған Тоныкөк қарт. Сондықтан бұл жырда уағыз-өсиет, нақыл сөздер көбірек ұшырасады: «Қол қосылса – күш өсер» немесе «Өлімнен ұят күшті» т.б.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк ескерткіштері – мазмұны мен формасы жағынан да, тілімен көріктеу құралдары тұрғысынан да, өлең құрылысы мен композициясы жағынан да ежелгі түркі поэзиясының нағыз

классикалық үлгілері болып табылады. Күлтегін ескерткішіндегі жазу – қазіргі түркі тілдес халықтардың көне заманда-ақ елдікті, адалдықты ту етіп көтерген батырлық эпосының алғашқы үлгілері деп танып-білуімізге мүмкіндік береді. Түркі елінің VI-VIII ғасырлардағы қоғамдық-әлеуметтік өмірін, түркі тайпаларының әдет-ғұрпын, наным-сенімін, өзіндік поэзиясын, тілін, т.б. танып-білуде Орхон ескерткіштерінің мәні аса зор. Әсіресе, жазба әдебиеттің өсіп-өркендеу процесін, халықтың эпостық табиғатын, сөз өнерінің түп тамырын зерттеп білуде руналық жазба ескерткіштер ғылым үшін аса құнды материал болып табылады.

### **«ҚОРҚЫТ АТА» КІТАБЫНЫҢ КӨРКЕМДІК, ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

1. Тарихи Қорқыт.
2. Аңыздық Қорқыт.
3. «Қорқыт ата» кітабының нұсқалары, жиналуы, зерттелуі.
4. «Қорқыт ата» кітабының тілі, тақырыбы, идеясы, жанры, көркемдік ерекшелігі.

Қорқыт есімімен байланысты аңыздар түркі тектес халықтар арасында әр алуан тілде әңгімеленеді. Академик Ә. Марғұлан былай деп жазды: «Ол кісі туралы айтылатын сөздер Орта Азиядағы түркі тілдес елдердің көбінде бар. Бірақ, қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мирас болған, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыздар, ән-күйлер қазақ пен түрікпендерде көбірек жолығады».

Қорқыт жайындағы деректердің белгілі бола бастауы XII-XIII ғасырлардан бермен қарай. Қазақ арасына таралған аңыздардан Қорқытты айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген, қамқоршы ретінде көрінеді. Терең ойлар, ауыр мехнат-азабымен өлмеуді арман еткен Қорқыт мәңгілік өмір іздеп ел кезеді. Қазақ арасындағы аңыздарда Қорқыт көпті көрген батагөй, ақылгөй,



атақты күйші, сарыншы, әрі ойшыл дарын болып танылады. Ол айтқан болжау дәл келіп отырған деседі. Адам өмірі, мінез-құлқы, тағдыры жайында тұңғыық, кемелді толғаулар қалдырған.

XIV ғасырдағы өзбектің ұлы ақыны Әлішер Науаи Қорқытты мына түрде сипаттайды: «Түрк ұлысы арасында Қорқыт атадан даңқты, одан асқан кісі жоқ еді. Оның даңқына ешкім тең келмейтін. Өзінен кейінгі көп жылғы келешекті болжаған айтқыш, данышпан еді. Оның даналық нақыл сөздері осы күнге дейін бар».

Қорқыт ата хикаясы VIII ғасырларда Сырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, кейін ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тараған. Яғни, рухани қазына ретінде бүгінге дейін өзінің әдеби көркемдік, тарихи, этнографиялық мәнін жоймаған аса құнды шағарма.

Трихи деректерге және халық шежіресіне жүгінсек, Қорқыт – VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері.

Қорқыттың анасы қыпшақ тайпасынан, ал әкесі – Қарақожа оғыздарынан екенін тарих мәлімдейді.

Міне, сондықтан да Қорқыт қыпшақтар мен сол кезде Сырдария бойын жайлаған оғыздар арасында екі жаққа бірдей ел ағасы атанған. Данышпан қарттың ұзақ жылдар бойы ел басқарған көсем болғанын, өз өмірінде үш хан тұсында уәзірлік қызмет атқарғаны жайлы деректер бар.

Ал, оның теңдесі жоқ күйші-композитор болғандығын халықта сақталған «Қорқыт ата күйі», «Қорқыт сарыны» сияқты музыкалық шығармалары дәлелдейді. Қазақ арасынан шыққан атақты күйші-жыршылар Қорқыт ата творчествосын өздеріне үлкен құнды қазына, ал Қорқыт атаны ұстаз тұтқан. Олар өздерінің өлең-жырларын бастар алдында, алдымен Қорқыт атаның есімін ауызға алуды шарт деп білген:

Жыраудың үлкен пірі Қорқыт ата,  
Бата алған барлық бақсы асқан ата,  
Таң қалып, жұрттың бәрі тұрады екен,  
Қобызбен Қорқыт ата күй тартқанда-деп жырлаған.

Ел ауызындағы аңыздардан Қорқыт ата өзінің жүйрік желмаясына мініп алып, халқына мәңгі жасайтын жер-ұйық іздеуші, ғұмыр бойы өлімге қарсы күресуші, өлім дегенді білмейтін ғажайып қайсар жан ретінде суреттеледі. Әйтсе де ол өмірінің соңында, «өлмейтін нәрсе жоқ екен» деген пікірге келеді. Енді Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздейді. Ұлы күйші, кемеңгер жырау өзі іздеген мәңгілік өмірді шынында да тапқан секілді. Қорқыт атаның жан тебіренерлік сиқырлы күйлері ұлағатты ғибрат сөздері, мақал-мәтелге айналып, мың жылдан астам уақыттан бері өмір сүріп келе жатыр.

Қорқытты асқан күйші, данышпан, атақты жырау деп мазар күмбезіне бас ию сонау оғыз-қыпшақ заманынан басталған екен.

Қорқыт ата мазарын (Қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында) халық сан ғасырлар бойы қадірлеп, оны «Қорқыт атаның күй тартатын жері» деп басына күзетші, шырақ жағушы адам қойып жүрген.

Қорқыт ата күмбезі шамамен ІХ-ХІ ғасырларда салынған. Соңғы кезде Сырдария арнасы ауытқып, бұны 1860 жылы су шайып кеткен. Қазір пансионның бірі жоқ, қабырғасы ғана сақталған. Барлық адам баласына ізгілік іздеген жан, ұлы қобызшы, асқан жырау есімін бүгінгі ұрпақтары есінен шығарған жоқ.

Қорқыт – жыр мен күйдің атасы, ерте кезде оғыз-қыпшақ және қаңлы тайпаларын басқарған данышпан кісі бейнесінде VIII-IX ғасырларда-ақ аңыз кейіпкері болған жан.

Қорқыт ата жөніндегі жыр-дастан Орта Азия мен Сыр бойында туып, халық эпосының дәстүрі бойынша сан ғасырлар бойы ауызша айтылып келген. Тек XVI ғасырда ғана Қорқыт есімімен байланысты бұл дастан қағазға түсірілген.

Тарихи деректер бойынша, Сыр бойында тұрған оғыз тайпаларының ең маңызды қалалары Янис Кент (Жанкент), Жент, Үзкент (Өгізкент), Баршынкент (қыз қала), Сүткент, Отырар болған. Оғыздармен қатар Сырдария бойында қыпшақ тайпалары да тұрған. Олардың басты қалалары, астаналары – Сығанақ, Сауран, Түркістан болған. Демек, бүгінгі қазақ

халқының рухани тұрмыс-тіршілігіне көне оғыздардың, қыпшақтардың тигізген ықпалы аз болған жоқ. Кейінірек, XI ғасырлардың орта кезінде оғыздардың бірсыпыра топтары Шығыс Еуропаға, Кіші Азияға қоныс аударып кетті. Ал, кейін қалып қойған кейбір оғыз тайпалары қазақ қауымын құрысуға қатынасып, солардың этникалық құрамына біржола сіңіп кеткен. Өте ерте заманнан Сыр суының төменгі ағысында тұрған Жанкент қаласы ұзақ жылдар бойы оғыз мемлекетінің астанасы болған. «Су аяғы Қорқыт» деген мақал осыдан шықса керек. Ақынның дүние салған жері де осы Сырдарияның төменгі ағысы, Қармақшы қыстағаның маңы. Қорқыт ата туралы сан-қилы аңыздар қазақ арасында ерте кезден-ақ кеңінен тараған. Солардың бірі Қорқыттың тууына байланысты.

Аңыз бойынша, анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүріпті. Оны жылына бір рет толғақ қысып отырады екен. Қорқыт туылар алдында күллі әлемді үш күн, үш түн бойы көзге түртсе көргісіз қараңғылық басып тұрыпты. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қатты қорқыныш сезімі билейді. Сыр бойымен Қаратау өңірінің аспаны да қараңғы тартып, қарауытып кетіпті. Сондықтан бұл маңай «Қараспан» атаныпты. Ашық аспан тастай қараңғы түнге айналған қорқынышты күні туылғаны үшін баланың атын «Қорқыт» деп қойған екен.

Қорқыт анасынан туылған бойында-ақ тілі шығып, сөйлеп кетіпті. Қорқыттың өмірге қалай келгені туралы ерте заман қобызшылары мен бақсы-жыраулары айтатын өлең-жырлары дәлел болады.

Қорқыт туар кезінде,  
Қараспанды су алған,  
Қара жерді күн алған,  
Ол туарда ел қорқып,  
Туған соң әбден қуанған.

Қорқыт ата есіміне байланысты ел арасында көп айтылатын сиқырлы шаһарлардың бірі – Баршынкент. Бұл қала шынында да Сыр бойындағы сол дәуірдегі ең көрнекті қала болғанын тарихшы-археологтар дәлелдеп отыр.

Баршынкент – сұлудың қаласы деген сөз. Оны қазақтар соңғы кезде «Қыз қала» деп атап келді.

Аңызда Алпамыс батырдың сүйген жары Баршын-сұлу (Гүлбаршын) осында тұрған деседі. Ал тарихшылар XIII ғасырдың атақты ғалымы, өз жырларын түркі, араб және парсы тілдерінде жазған дарынды ақын Х.Баршымлығы осы қалада туып, осында өмір сүргенін дәлелдейді. Сонымен, Қорқыттың туған, жүрген, тіпті мазары туралы тұрған жерлер жөнінде толып жатқан аңыздар бар. Бұлардың бәрі күй атасы, жыр атасы ақылгөй Қорқытқа деген ел-жұрттың ізет-құрметінен туындаған болса керек. Соның өзінде мұндай аңыз әфсаналардың бірқатары тарихи шындыққа толы. Сондай әфсаналардың бірі атақты академик Әлкей Марғұлан атамыздікі. Бұл елеулі еңбегі «Қорқыт ата кітабы» және оның «Қазақ аңыздарындағы елесі» деп аталады.

«Қорқыт әфсаналарының ең таңқаларлық ғажайып варианты», - деп бастайды ол сөзін, - XIV ғасырда-ақ қойынлы оғыздары жырлаған, қағазға түсірілген жазба нұсқасы. Ол қазір Еуропаның екі үлкен кітапханасында сақталып келеді. Бір нұсқасы Германияда Дрезден кітапханасында (№ 06). Оның аты «Китаби дадем Коркуд» яғни «Қорқыт ата кітабы». Мұны орышадан аударған ғалым Б.Б.Бартольд. Екінші нұсқасы «Хикаят оғыз наме Казанбек уа ғайри» - яғни, Қазанбек жайындағы жыр – Италияда Ватиканда Аристолика кітапханасында сақтаулы. Арабша Жазылған қолжазба текстен ұзақ комментариямен бастырып, шығарушы Италия тюркологі Атторе Росси. Ал түрік ғалымы Мухарроли Еркін осы екі вариантын біріктіріп шығарды.

Б.Б. Бартольд пен В.М. Жирмунскийдің анықтауынша ерте кезде Сыр бойында жырлаған «Қорқыт эпосын» оғыздар Сыр бойынан кеткенде өздерімен бірге күнбатысқа ала кетіп, оған жаңа сюжеттер қосқан.

Жазылған әфсанада Кавказ тауы, армян, грузин жері, олардың адамдары да жырға қосылып отырады.

Сырдария аңыздарында олар бүтіндей жоқ.

Қорқыт кітабының кіріспе сөзінде жарқын түрде айтылғаны. «Исләм заманына жақын кезде Баят тайпасынан

Қорқыт шықты. Бар қауымның білгіші болды. Ол не десе де айтар еді. Хақ тағала оның көңіліне сөз дарытып, шабыттана айтар еді. Бұл кез арабтардың Сыр бойын жаулап ала бастаған кезі еді» (VII-VIII ғасыр).

Сыр бойын мекендеген оғыздар ішінде ең мықты тайпасының бірі Қорқыт шыққан Баят ұлысы екен.

Оғыздардың ерте кезден астанасы Сырдағы Жанкент (Жаркент) қаласы болған.

Демек, Қорқыттың туып-өскен, жүз жыл бойы жасаған жері, осы ара. Ол барлық нақыл сөздерін атақты күйлерін осы арада отырып шығарады. Оның басына қойған мазарын Жаркент қаласына өте жақын, Қармақшы қыстағының қаласына салған.

Көркемдік ерекшелігі. Қорқыт ата кітабының өзіндік бір ерекшелігі-сөз қолданысында. Оны біз тұрмысқа қажетті атаулардан-ақ байқаймыз. Ол ерекшелік – қазақ тіліне ұқсастық.

Мысалы: яйлақ (тұрақ, орда), юрт (жұрт), юк (жүк), иенге (жеңге). Өте таза сақталған музыка аспаптарының атаулары: қобыз (қобыз), сарын (Қорқыт сарын), көріклі (көрікті), ұйық (жер) жер ұйығы. Міне, ендеше келтіріліп отырған мысалдар, сонау мыңдаған ғасырлар бұрын болған біздің ата-бабаларымыздың тілі мен қазіргі қазақ тілінің тығыз байланысын көрсетеді.

Қорқыт ата кітабының күрделі сюжеті – оғыз-қыпшақ заманында ел басқарған кемеңгер ойшылдарды қадірлеу. Соның бірі Қорқыттың өзі. Сонымен бірге ғажайып ерлігімен халыққа қорғаныс болған, халық сүйінішпен ардақтаған жойқын алыптарды суреттеу.

Сол алыптар ішінде сомдалып, шыныққан ер – Қазанбек батыр. Түркістанның тірегі болған, алыптар ағасы, ерлігімен көзге түскен Қазанбекті Қорқыт жоғары бағалаған.

Қорқыт жырында кездесетін Үйсін – Қожа, Қаңлы – Қожа, Қазылық – Қожа, Қазан алып, оның атасы Ұлан – бәрі бір замана кісілері. Қазан алыптың жетінші атасы Оғыз ханға барып, қосылады. Демек, Оғыз хан пайғамбар заманынан көп жыл бұрын өткен. Қорқыт хикаясы бойынша, Қорқыт заманында өзінің алып ерлігімен аты шыққан, ерекше ардақталған адамдар

көп болса керек, сол сияқты шешен билер, ақылды данышпандар, сұлтандар да аз болмаған. Ерте дәуірде әрі нақыл сөз айтқан шешен бидің данышпаны – Аяз би болған.

Қорқыт жырындағы жойқын алыптар қатарын Қазаннан бастаса, оның қасына ерген алып достары Байбөрінің ұлы – Бамса (Башсы)-Бұйрық (Берік), өз інісі Қара-Көне, оның баласы Қара-Бодоу, өз баласы Ораз-алып, Әзірейілмен алысатын жойқын алып – Домрул (Домбауыл). Төбе көзді өлтіретін асқан ер Бисат, Қазылық Қожа ұлы ер Жүгнек, Қаңлы Қожа ұлы Тұралы (Туралы), Үйсін Қожа балалары Екрек, Секрек. Жұртқа үлгі беріп, нақыл сөз айтқан, кемеңгер, ойшылдар Баяндыр хан, Дерсе хан, оның ер ұлы Бұхаш сияқты кейіпкерлер.

Қорқыт ата кітабы он екі жырдан тұрады. Бұл кітап сюжеті жағынан қазақ эпосымен үндес болып келетін сарындар көп кездеседі. Әсіресе бір балаға зар болған әке-шешенің мүшкіл хәлі жөніндегі хикаялар жиі ұшырайды.

Әрине, мұның өзіндік жыр-ерекшеліктері бар.

Патриархал – ру қауымының ұғымы бойынша, тек еркек кіндікті бала ғана семьяның, ру-тайпаның жалғасы болған. Сол себепті той-жиындарда ер баласы бар аталар ең сыйлы орынға отырып, оған зор қошемет көрсетілетін болған. Міне, Қорқыт ата кітабының бір хикаясы – Дерсе хан ұлы Бұхаш (Бұхаш) туралы жыр осындай сюжетке құрылған.

«Ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша Баяндыр хан жылына бір рет той жасап, оғыз бектерін қонаққа шақыратын болған. Бұл жолы да солай істеді. Тойға түйеден – бура, жылқыдан – айғыр, қойдан – қошқар сойылсын», - деп жарлық берді. Сол күні бір жерге қызыл отау, бір жерге қара отау тіктірді. Тойға жиылған бектерден ұл баласы барын аққа, қызы барын қызылға, ал не ұлы, не қызы жоқ қонақтарды қара отауға кіргізді. Қара отаудағыларға қара қой етін беріп, қара кигізді төсейді. «Баласы жоқ адамдарды тәңірінің өзі де қарғаған, біз де қарғаймыз», - дейді Баяндыр хан. Қара отау ішінде Дерсехан да болады. Ол бұл қорлыққа шыдамай қара отадан шығып кетіп, қайғымен қан жұтып, жылады» делінген. Осы кезде ескерер бір

жай – ислам дінінің әйел табиғатын ұдайы кемсітуі, тіпті әйел есімін ататқызбаған.

Ал ежелгі оғыз-қыпшақтар керісінше, әйелді зор құрмет тұтқан.

Қорқыт ата осы жайды жырлағанда Сыр бойына мұсылман діні енді ғана етек жайып келе жатыр еді.

Демек, әйелдер әлі матриархат кезіндегі құқықтарынан айырыла қоймаған секілді. Бұған осы бірінші жырдағы Дерсе ханның тойда қара отауда отырып, әйеліне айтқан сөздері дәлел болады.

Келші бері, басымдағы бақытым, үйімдегі тірегім,  
Сен үйден шыға бергенде көзіме көрінесің,  
Тобығыңа түсетін шашың бар,  
Қосылып тұрған қастарың тартқан садақ секілді,  
Қос бадаш салса симайтын оймақ-ауыз өзіңсің,  
Күзгі алмадай қызарып жүзің сенің жайнап тұр,  
Піспеген менің түйнек қауымышсың,  
Маған не болғанын білесің бе?-деп зарлап қоя беріпті.

...Көп ұзамай Дерсе хан ұлды болыпты. Ұлы өзі сияқты ержүрек, батыр болып өседі. Ол он беске келгенде ханның бұқалары шешіліп кетіп, бір топ ойнап жүрген балаларға тап береді. Бәрі қорқып қашып кетеді, тек Дерсехан ұлы қалады да әлгі бұқаны жеңеді. Әкесі ұлына риза болып, атын Бұқаш қояды.

Бірде анда жүрген Дерсехан байқаусызда өз ұлын атып тастайды. Жүрегі бір сұмдықты сезген анасы жолда қансырап жатқан Бұқашты аман-сау ажал аузынан ажыратып алады.

Бірінші жыр осымен аяқталады. Екінші жыр «Санар Қазанның үйін жау шапқаны жайлы жыр». Қазан Санар – Қорқыт ата кітабының басты қаһарманы екенін айтқан болатынбыз. «Оғызнаме» жырының суреттеуі бойынша, алып батыр Қазан – Қорқыттың ұлы қорғанышы, Баяндыр ханның күйеу баласы, таулы құстың ұрпағы, Түркістанның тірегі, Қарашық тауының қобыланы, Қоңыраттың иесі, хан Ораздың атасы»...

Белгілі тарихшы Абылғазының айтуынша, Қазанбектің жақсы көретін, әрі ордасының көп тұрған жері, батырдың сиынып, ас-садаққа беретін орны – Қазықұрт тауы болған.

Ескі аңыздар бойынша осы тауда ерте кезде ұлы адамдар тұрған киелі үңгір болған екен. Батырлар осында «Алтын қабак» атысқан. Қобызбен тәтті күйлер – осы тау етегінде туындап отырған. Қорқыт та осы тауға келіп, Қазанбекті мадақтап, өлеңдерін оқитын болған.

Мысалы:

Қазықұрт тауындағы үңгір тасты

Санар Қазан барып көркейтті.

Онда ата-бабасына садаққа

Ит Бешене оны көріп таратты

Бір қазанға қырық бір ат еті кетті

Ол Қазанды сол қолымен көтеріп алып,

Оң қолымен елге жүріп таратты.

Алыптар, билер көргенсің Қазанбектің кім екенін?

«Салар Қазанның үйін жау шапқаны жайындағы жырдың» негізгі тақырыбы – Оғыздардың көрші тайпаларымен өзара қарым-қатынасы – оғыз-қыпшақ дәуіріндегі ең көкейтесті мәселе болғанын тарихи деректер дәлелдейді.

...Аң аулап жүріп, Қазан Салар ұзақ ұйқыға кетеді. Мұны сезген жау қолайлы сәтті пайдаланып қалу үшін, оғыздар қолбасшысының ордасына тұтқиылдан шабуыл жасайды. Батыр өз үйін қорғауға ұлы Оразды 300 нөкерімен тастап кеткен еді. Әрине ол 7000 мың әскері бар пешенектерден жеңіліп қалады. Сонда Қазанбектің әйелі – Бөрте сұлу жауға қарсы ерлікпен күреседі. Бірақ жау батыр үйін тонап, әйелін, баласын тұтқындап әкетеді. Пешенектер ұлан-асыр той жасайды. Олар Қазанбекті мұқата түсу үшін сол себепті тойда батырдың әйелі Бөрте сұлуға шарап құйғызып қоймақ болады. Бірақ Бөрте сұлу өзінің де күйеуінің де ар-намысын қорғап қалу үшін ажалға бекем бел буады. Ол қасындағы қырық нөкер қызға: «Менің кім екенімді айтпаңдар», - дейді.

Пешенектер келіп «Бөрте сұлу кім? дегенде бәрі: «Мен» деп жауап береді. Сонда хан жан шошырлық жарлық береді.



Қазанбектің тұтқындағы баласын сатып, етін баршалап, қуырып, мыналарға әкеп бер, қайсысы жемесе, осы баланың анасы дейді. Сонда Бөрте сұлу баласына барып, «Балам», сенің етіңді жейін бе, әлде жауға беріліп, әкеңнің ар-ұятын аяқ асты етейін бе?-деп сұрайды.

Әмірші – ана! Мейлі, дұшпан мені сойып, етімді таратсын, бәрі бір түйірді жегенше, сен екіншісін, же! Әйтеуір сені дұшпан білмесін! Әке намысы үшін жан пидә – деп жауап беріпті.

Әрине бұл аңыз ғой! Әйтпесе ешбір туған ана өз баласының етін жемес! Бұл сюжет оғыз елінің бұрынғыдай бытыраңқы емес, бірлесіп жау бетін қайтаратын бірлікті ел екенін көреміз.

Дегенмен, жыр Санар Қазан жеңісімен аяқталады. Осы көрініс жырда өте көркем, философиялық тұрғыда суреттеледі.

«Бір күні Қазанбек Ұлан ұғлы Таулы құстың ұрпағы, бізміскіннің үміті, Ахмет суының арысланы, Қарашықтың қабыланы, Хан Ораздың әкесі Баяндыр ханның күйеуі, Қоңыраттың иесі, қалың оғыздардың бақыты, барлық жігіттің арқасы, Санар Қазан орнынан тұрды. Токсан басты алтын үйін қара жерге тіктірді. Токсан жерге қалың кілем төсетті, сексен жерге алтын кесе, тостағандар қойдырды».

Осы жырды қорыта келе, біз Қорқыт ата кітабындағы аңыз-әңгімелер құрғақ қиялдан емес, тарихи-оқиғалар негізінде туған демекпіз.

Үшінші жыр. «Қаш – Бураулы Бамсы – Бейрек жөніндегі жыр», «Қорқыт ата кітабына» негіз болған ежелгі жырдың бірі – осы болып табылады. Бұл жырда ерліктен гөрі романтикалық сарын басымырақ. Сондықтан осы ерекшелігімен, басқа жырдан өзгешеленеді. Башсы-Бейрек жыры өзінің композициялық құрылысы жағынан «Алпамыс» жырына өте жақын. Ал, сюжеттік тұрғыдан алып қарасақ, бұл екі жырдың I, II бөлімдері бірін-бірі қайталайды.

«Қорқыт ата кітабындағы» жыр былай басталады: «Ұлы хан Баяндыр жерінен (орнынан) тұрды. Қара жердің үстіне ақ ордасын тіктірді, көк жүзіне шалқыған биік шатырларын

көтерді, мың жерге жібек қошы кілемдер төсетті, іш оғыз бен сырт оғыз бектері Баяндыр ханның тойына жиналды. Бұл тойға Қаш-Бура яғни (Байбөрі) де келеді. Баяндыр хан қарсысында садаққа сүйеніп, Қара-Кене ұлы Қара-Бодау тұрды. Оң жағында Қазанұлы Ораз тұрды, сол жағында Қазылық-Қожаұлы Жүгенек тұрды. Байбөрі оларды көріп, «ах!» деп есінен таып, орамалын колына алып, боздап жылады. Бұны естіп қалың оғыз арқасы, Баяндыр ханның күйеуі, Санар Қазан тізесімен жүгіне отырды да, Байбөрінің жүзіне қарады, тағы сұрады:

- Байбөрі бек, неге боздап отырсыз - дегенде, - Хан Қазан, қалай жыламаймын, неге боздамаймын, менің ұлым да, туғаным да, күшім де жоқ дейді. Бұл не деген қорлық. Алла мені қарғаған. Егер менің ұлым болса, ол хан Баяндырдың қарсысында тұрмас па еді, ол менің сүйенішім, қуанышым, мақтанышым болмас па еді?».

Тойда отырғандар мүшкіл хәлін көріп: «Тәңір саған бір ұл берсін!»- деп ақ баталарын береді. Сол кезде оғыз Бижан да тәңірден қыз сұрайды.

Жақсылар тілегі қабыл болып, Байбөрінің әйелі ұл туады. Атын – Бамсы-Бейрек деп қояды. Бижанның әйелі қыз туады. Атын – Бану-Шешек деп қояды. Екеуі ер жетеді. Бір күні аң аулап жүрген Бамсы-Бейрек бұлақ басында тігулі тұрған қызыл шатырды көреді. Сөйтсе, ол Банудың шатыры екен. Кең жазира далада “Қыз бөрі” ойыны басталады. Ойын шарты бойынша, қыз қашып, жігіт қуады. Ақыры Бамсы-Бейрек қызды қуып жетіп, танысады. Екеуі жүзіктерімен алмасады.

Башсы-Бейрек қызды айттыруға адам жіберейін десе, қыздың ағасы Қарашар барған адамдардың басын кесіп өлтіре береді. Құдалыққа Қорқытты жібереді. Қылышпен Қорқытты шаппақ болғанда Қарашардың қолы қарысып қалады. Не керек, әйтеуір Башсы-Бейрек көп қиындық көріп, Бану-Шешекке үйленеді.

Бұл жырдың эпикалық қаһармандары бәрі дерлік «Алпамыс» жырының геройларымен бірдей, ұқсас болып келеді. «Алпамыс» жыры Орта Азия, Кавказ жерін мекендеген көп

тайпаларға мұра болған өте көне дәуір туындысы. Бұл жыр осымен аяқталды.

Бесінші жыр – Доқа-Қожаұлы ер Домрул туралы жыр. Қорқыт жырының бесінші жыры – сан ғасырлар бойы халық арасында аңыз болып, ауызша тарап кеткен түрімен «Қорқыт ата кітабына» енген жазбаша нұсқасының бір-бірінен принциптік ерекшелігі бар.

Домрул жөніндегі халық аңызы-түгелдей дерлік ислам дініне қарсы айтылған жыр. Домрул (Домбаул) деген алып батыр аң аулап, өзен жағасында жүреді екен. Бір күні сол маңайға бір ауыл келіп қонады. Көп ұзамай әлгі елден бір жігіт қайтыс болады. Ел жыл жылайды. Домрул елден оны кім өлтіргенін сұрайды. Ел: «Тәңірінің бұйрығымен өседі, оның жанын алған қызыл қанатты әзірейіл», -дейді.

Қаһарына мінген ер Домрул бостан-босқа адам жанын алатын әзірейілмен соғысып, жігіт жанын өзіне қайтарып бермек болады. Сонда тәңірі әзірейілге «Домрулдың өз жанын алып кел» деп бұйырады. Әзірейіл келгенде, Домрул қылышын қынабынан суырып, қарсы тұрады. Сол кезде әзірейіл көгершінге айналып кетеді.

Қорқыттың ажалмен күресудегі басты мотивтерінің бірі осы жырдан көрінеді.

Алтыншы жыр – «Қаңлы Қожаұлы Қан-Тұралы жайындағы жыр». Бұл жырдың негізгі тақырыбы – әке-шешенің мұрагер баласын үйлендіріп, оған жаңа отау тігуі деуге болады. Сонымен бірге, мұнда оғыз-қыпшақ, әсіресе түркімен батырларының жат жұрттық христиан қыздарына үйлену дәстүрі өз көрінісін тапқан. Сонау оғыз-қыпшақ дәуірінде Қаңлы-Қожа деген бір данышпан кісі болған екен. Бір күні ол өз ұлы Қан-Тұралыны үйлендірмек болыпты. Бірақ баласы болашақ қалыңдығына бұрын құлақ есітіп, көз көрмеген қатал талаптар қояды: “Маған тиім деген қыз төсектен менен бұрын тұруы керек, менен бұрын атты ерттеп, атқа мініуі тиіс. Мен әлі жауға шабуыл жасамай тұрған сәтте ол соғыс ашып, маған жаудың басын кесіп алып әкелуі керек. Мен тек сондай қалыңдық алам” дейді. Әкесі

ұлына: - Ондай қызды өзің іздеп тап” дейді. Жігіт күллі оғыз елін аралап ондай қалыңдық таппайды.

Ақырында хан қызына үйленіп, бақытты болады.

Жетінші жыр. «Қазылық-Қожалы Жүгенек туралы жыр». Бұл кітаптағы теңдесі жоқ шығарманың бірі осы жыр. Қазылық-Қожаұлы ер Жүгенек (Игенек) батырлығы жырланады.

Жүгенектің жырдағы басқа батырлардан ерекшелігі – ол сегіз қырлы, бір сырлы.

Қазылық-Қожа жауға аттанып, соғыста жеңіліп тұтқын болған еді. Ол кезде Жүгенек бір жасқа толмаған екен. Ол он беске келгенде Баяндыр ханға барып: - «Маған әскер беріңіз, әкемді тұтқыннан босатып аламын»- дейді. Жүгенек соңына әскер ерітіп жорыққа шығады. Түсінде Қорқыт ата кеңес береді. Ол ата кеңесін тыңдап, әкесін құтқарып алады. Еліне оралған соң ұлан-асыр той жасайды. Тойда Қорқыт ата былай деп бата береді: «Қаратаудың жүзі жығылмасын, жапырағы қалың қаба ағаштың басы кесілмесін. Ақсақалды бабаңның жері жұмақ болсын, ақ бүркендік анаңның жері бейіш болсын» дейді.

Сегізінші жыр – «Бисаттың Төбекөзді өлтіргені туралы жыр». Осы сегізінші жырға ұқсас сюжеттер қазақ және қырғыз фольклорында да кездеседі. Мысалы: «Жалғыз көзді дәу» ертегісі. Бұл жыр былай басталады: «Бір күні қалың оғыз елін жау шабады. Бүкіл ел дүрлігіп, көше жөнеледі. Асығыс үстінде Аруз-Қожаның емшектегі баласы жұртта қалып қояды. Оны ана – арыстан тауып алып, емізеді. Үңгіріне апарып бағады. Арадан біраз жылдар өтіп, ел-жұрт бұрынғы жайлауына қайта көшіп келеді. Күн сайын, камыс арасынан адам секілді бір жәндік шығып, аттардың қанын сорып кетеді екен. Оны естіген әкесі, сол жәндіктің өз баласы екенін сезеді. Әбден жабайы болып кеткен баланы Қорқыт ата алып келеді. Балаға Бисат деп ат қояды.

Бір жолы Аруз-Қожа аң аулап жүріп, бұлақ басында су шашып, ойнап жүрген пері қыздарын көреді. Біреуін ұстап алып, онымен көңіл қосып, бір көзді ұл тауып алады. Ол мал, жанды түгел жалмайтын жалмауыз болып өседі. Ел-жұрт қатты қорқады. Оның аты – Төбекөз болады. Ол жұртты қорқытып,

күніне екі адам, бес жүз қой жеуге алып тұрады екен. Төбекөзбен күресуге Бисат шығады. Ақыры ол жалмауызды жеңіп, елді азаптан құтқарады.

Тоғызыншы жыр – «Бегіұлы Әмрен жайлы жыр». Бұл жырда оғыздар өздерінің жаңа қонысы – қазіргі Әзербайжан территориясына көшіп келгеннен кейінгі оқиғалар баяндалады. Оғыздар қоныстанған соң Грузия мен Арменияның көптеген өлкелерін жаулап алғаны мәлім. Бұл жырдың сюжеті Басқаларға қарағанда өте қарапайым.

Баяндыр хан Грузиядан көп салық жинап алады. Соның құрметіне үлкен той жасайды. Бірақ хан сол күні қатты ренжиді, өйткені бектердің ешқайсысы шекара күзетіне бармайды. Салықтың үштен бірін берем десе де бармайды. Ақыры Қорқыт ата Бегіл деген бекті көндіреді. Ол өзі батыл, алып болғандықтан жау шекараны бұзуға қорыққан. Әрі ел де оған сеніп, тыныш ұйықтайды екен. Ел ақындары: «Бегілдің күші өзінде емес, оның сәйгүлік атында» деп жырлайды екен. Хан да сарайға шақырып, сый-сиапат көрсетеді. Бірақ әлгі сөзге ызаланып, Бегіл хан сыйларын қайтарып, өкпелеп сарайдан шығып кетеді.

Үйіне келіп, болған жайды әйеліне баяндайды. Сонда ол: Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» деп басу айтады. Ол сөйтіп, аңға аттанып, байқаусызда аяғын сындырып алады. Оны естіген жау, елді жаулап алады. Енді елді қорғауға Бегілұлы Әмрен аттанады. Ол жеңіске жетеді. Бір қызығы ол жауды айламен жеңеді: «Ей, дінсіз, менің соңыма кімдер ергенін білесің бе? дейді жауға. Міне, жанымда бүкіл елдің беделі – Санар Қазан, інісі ер Қара-Көне, Дүзенұлы Ебрен, айлы Рүстем, жеңілу дегенді білмейтін Башсы-Бейрек тұр»- деп жауды қорқытыпты.

Оныншы жыр – «Үйсін Қожаұлы Секрек туралы жыр». Халық ауыз әдебиетінде кең тараған тақырыптың бірі – Кенже баланың ерлік көрсетуі. «Қорқыт ата кітабында» осы тақырыпқа жазылған жалғыз шығарма осы.

Үйсін – Қожаның тұңғышы – Есрек барып тұрған өркөкірек, мақтаншақ адам болады. Ол бір шайқаста жау қолына

түседі. Секрек – Есректің інісі. Ол ағасын құтқаруға аттанады. Оны әке-шешесі үйлендірмек болады. Той өткен соң Секрек жорыққа аттанады.

Жаудың бар әскерін қырады, қатты сасқан жау інісіне қарсы ағасын жібереді. Екеуі туыс екендерін білмей бірнеше күн жекпе-жекке шығып жүреді. Бір күні Есрек келсе, інісі әлі ұйықтап жатады. Ағасы сыбызғы тартып, інісін оятады. Сөйтіп, олар туыс екендерін түсініп, аман-есен елге оралып, үйленіп, бақытты болыпты.

Он бірінші жыр. «Санар Қазанның тұтқынға түсуі және оны ұлы Ораздың босатуы туралы жыр».

Қазан батыр Трапезунд әміршісінен сыйлыққа сұңқар алып, аң аулауға шығады. Қайтарда алыптың қатты ұйқысы келеді. Бірнеше күнге созылған мұндай ұйқыны «кіші ажал» дейді екен. Сол кезде жау Қазанды тұтқынға алады. Ол арбада оянып, жауға «Мен мына тербеліп келе жатқан жаман арбаны түсімде бесігім екен деп, ал сендерді мені тербетіп отырған әжем екен деп қалдым,»- дейді.

Жырда кекесін-күлкіге, юморға әжептеуір орын беріледі.

Он екінші жыр - «Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы шығуы және Бамсы-Бейректің өлімі туралы жыр».

Қорқыт ата кітабының барлық жырларында оғыздардың ауызбірлігі суреттеледі. Ал бұл жырда тұңғыш рет ішкі оғыздар мен сыртқы оғыздардың жауласуы жайлы айтылады. Осы жауласуда оғыздардың батыры Бамсы-Бейрек қаза болады.

Қазан өз үйін тонауға береді. Бұған «үш оқ» та «бозақ» та қатысуы керек болады. Бірақ ішкі оғыздар ғана келеді.

Ал, Қазанның нағашысы Аруз-қожа бастаған сыртқы оғыздар өкпелеп, бұл салтанатқа келмей қалады. Аруз-қожа Бамсы-Бейректі Қазанға қарсы шығуға уағыздайды. Ол көнбеген соң қастандықпен өлтіреді.

Аруз-қожа да өледі. Жыр осымен аяқталады.

Тегінде «Қорқыт ата кітабындағы» он екі жыр әрқайсысы кезінде өз алдына дербес жырланса керек. Бұл жырлар хронологиялық тәртіпке сайып келмейді. М.Қазанбек жайлы жырлар циклын алайық. Бұл циклға екінші, төртінші және он

бірінші жырлар енеді. Ал Қазанбек туралы хикая екінші жырдан басталады. Осы жырда Қазыбекұлы Оразбек ер жеткен жігіт, бек, тіпті үш жүз батырды басқарып, әкесі аң аулауға кеткенде ел күзетіп қалады. Ал кітапта бұдан кейінгі төртінші жырда Оразбек әлі кәмелетке де толмаған бала жігіт. Кітаптағы тағы бір осындай композициялық олқылық бар. Сегізінші жырда Төбекөздің қолынан қаза тапқан кейбір қаһармандар бар. Алғашқы жырдағы өлген қаһармандар XI жырда Қазыбекті тұтқыннан құтқарады. Мұның бәрі «Қорқыт ата кітабындағы» он екі жырдың әрқайсысы алғашында жеке айтылып, артынан біріккенде, композициялық кемшіліктер кетсе керек. Егер біз Қорқыт жырынан хронологиялық жүйеген келтірсек былай болар еді. 8, 1, 3, 4, 11, 2, 5, 6, 9, 10, 12.

Бұл дастанның ерекшелігі мазмұнындағы өлең шумақтары шығармашылық прозаның текстіне сіңісіп кеткен. Түркі тіліндегі дастандарда қара сөздің өзі құдды жыр жолдары секілді ішкі ұйқаспен, тақпақталып айтылып, дыбыстардың үйлесуі арқылы беріледі ғой. Сондықтан да Бартольд контекстегі өлең жолдарын жеке дара бөліп көрсеткен. Бұл шығармалардағы өлең мен қара сөздерді бір-бірінен ажырату қиын. Мысалы: «тізесін бүгіп отырған әйел көрікті. Сасқанынан ағарған баба көрікті. Үлкен шаңырақ үйдің қасына тірелген келіншек отау үйі көрісті». Бұл негізі поэзия ма, проза ма? Мұнда өлеңге тән элементтер – ұйқас та, аллитерация да, ассонанс та сөздің интонациялық дербестігі де бар. Поэзияға тән эмоция жоқ. Бұндағы буын саны құбылып, әртүрлі болып келеді. Тіпті бір өлеңнің өзінде үш буыннан бастап, он алты буынға дейін бар.

Қорқыт дастанында көркем сөз мәнерлігін күшейте түсу үшін ежелгі әдеби тәсілдердің бірі – қайталау – аллитерация кеңінен қолданылады. Әсіресе бұл жырда бастапқы дыбыстардың аллитерациясы жиі кездеседі.

Мысалы:           Сандан саура бір йігіді  
                          Сеур варсам біла йатсам

Мазмұны:       Сенен кейін бір жігітті  
                          Сүйе алмаймын мен енді.

Мұнда белгілі бір әріптерді немесе бірдей сөздерді қайталау – анафора әдісін ежелгі ақындар зор шеберлікпен қолдана білген:

Қарсы жатқан Қара таулар елең болса ел жайлар,  
Қан құйылған сулар есен болса – жерге береке берер.

Сол сияқты бұл дастанда синтаксистік анафора және эпифора сияқты қайталау әдістері де көп.

Оның үстіне ой атасы, күй атасы қарт ақын – Қорқыт айтқан қанатты сөздер, ұтымды фразеологиялық тіркестер ғасырлар бойында өзгеріске ұшырамай, сол күйі біздің әдебиетке енген.

Иә, Қорқыт ата жайлы қанша айтсаң да, парақ бетіне түсіріп бітпессің, сірә. Оның өмірді философиялық түрде мыңнан астам уақыт бұрын болжағандығын бұл күнде тарих мәлімдеп отыр.

Қорқыт атаның артына (өшпес мұра қалдыруы) қалдырған әрбір сөзі, кейінгі ұрпаққа асыл мұра, бай қазына болып жабылады.

Күй атасы Қорқыттың ажалға қарсы күресуін кейбір индивидуалистер, буржуазияшыл өкілдер теріске бұрмалап, түңілудің, өлім мен қорыққандық деп жүр. Бірақ, бұл мүлде қате пікір.

Қорқыт тақырыбы – құдаймен алысу тақырыбы.

Қорқыт жайындағы нұсқалардан басқа халықтардың ежелгі ғасырлардағы көне эпостық образдарымен ұқсастықты, сарындастықты белгілі тюркологтар, атақты ғалымдар атап көрсеткен болатын. Мысалы: Прометей жайындағы аңыз, осетиндердің Әміран жайындағы аңызындағы құдаймен алысу тақырыбы қазақтың Қорқыт жайындағы аңызда өз шешімін тапқан. Қорқыт өзі алғаш тапқан өнерімен өлер шағына дейін халыққа қызмет етті. Оның өлмес-өшпестігі де осында!



## Х-ХІ ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ. ҚАРАХАН ҚЫПШАҚ ДӘУІРІ МӘДЕНИЕТІ

### ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН МҰРАСЫ «ҚҰДАТҒУ БІЛІК» (1020-1069)

1. Ж. Баласағұн өмірі.
2. «Құдатғу білік» дастанының нұсқалары, зерттелуі.
3. «Құдатғу білік» дастанының идеясы, тілі, жанры, көркемдік ерекшелігі.

Жүсіп Баласағұн ХІ ғасырдың ұлы мәдени өкілі. Ол ертедегі Баласағұн қаласында туған. Сондықтан Баласағұни атанған. Баласағұн ертедегі түркі мемлекеті Қараханның астанасы болған. Онда көптеген өнер мен ғылым қайраткерлері топтасқан. Жүсіптің әкесі де күйші-музыкант боп, сол кездегі билеуші Бограханға қызмет еткен. Жүсіп осындай өнерлі ортаның үлгісін жастай көріп, әсер алды. Жастай өнер-білім құған Жүсіп бірнеше қалаларда болып, әр түрлі тілдерді үйреніп алады, әсіресе, араб, парсы, қытай секілді мәдениетті елдердің ғылымын, әдебиетін сол тілдерде игерген. Ол әдебиеттен басқа, география, тарих, астрономия, геометрия ғылымдарын да меңгерген.

Дегенмен, Жүсіптің әдебиет тарихындағы орны аса ерекше. Оның мұрасы аса бай, сан-салалы болғанға ұқсайды. Сол дәуірдің озық мәдени мұрасы болса керек. Бірақ, Жүсіп мұраларының ішінен бізге толық жеткені «Құдатғу білік» атты дидактикалық поэмасы.

Аталмыш шығарма бүкіл түркі халықтарының орта ғасырлық ортақ шығармасы. Оның жалпы көлемі 13000 мың жол. Дастанда Жүсіптің өзі жазған қара сөзді кіріспе-түсініктеме бар. Онда ақын дастанның қалай жазылғанын, мәнін айтады. Жүсіптің айтуынша «Құдатғу білік» ақыл, парасатқа толы шығарма. Ондағы сөздер Қытай мен Үнді ойшылдарының нақылдарымен безендірілген. Бұл кітаптың дана жолдарын

оқығандар ақыл-ойға кенеледі. Әр елдің данышпандары бұл кітапты өздерінше бағалап жүр, әрине жоғары. Қытайда мұны «Мемлекет желдігінің даналық ережелері» дейді. Үндіде «Жайлы басшылық кітабы» дейді. Шығыс патшалықтарында «Хүкмәт әшекейі» дейді, Фарсыда «Бақытқа жеткізетін ғылым» дейді. Кейбір елдерде оны «Патшаларға кеңесші кітап» деп атаған. Ал біздің түркілер оны «Құдатғу білік» (яғни, «Құтты білім кітабы») деген.

Жүсіп бұл еңбегін Қашғар жерінде аяқтап, Бограханға тарту еткен. Хан оған «Хас-Хажіб» (басшы, ақылшы) деген атақ берген.

Кітапқа тақырыптық негіз болған төрт асыл қасиет:

- 1) Ғаділеттік;
- 2) Бақыт;
- 3) Ақыл;
- 4) Молшылық.

Жүсіп бұларды тамаша ер етіп көтереді, әрқайсысына арнайы ат қояды. Ғаділеттікті – Күн толды деп, елге басшы еттім дейді; Бақытты – Айтолды деп, уәзір дәрежесіне көтереді; Ақылды – Өгділміш деп, уәзірдің баласы етеді; Молшылықты – Өдгірміш деп, уәзірдің інісі қылады.

«Осы төрт ер бір-бірімен әңгімелеседі, біріне-бірі сұрау қойып, жауап береді. Осы төрт ер туралы оқып, оқушыларымның жаны жадырасын, жүздеріне жылу кірсін, дастанды жазушыны еске алсын» - дейді Жүсіп алғы сөзінде.

Бұдан шығатын қағида – ақын әділеттік пен ақылға негізделген ел билігін аңсайды. Қатал қара күшке ақыл мен парасатты қояды. Сонда ғана бақыт пен молшылық, береке орнайды дейді. Бұл – сол кездегі гуманистік идея. Ол ұлы ғалым Әл-Фараби қағидаларымен ұштасып жатады.

Сондықтан «Құдатғу Білік» ел билеуші хан-патшалар үшін ереже сияқты қабылданды. Бұл ретте ақын ел мен халық мүддесін жоғары қоя білді. Қандай да хан, патша болмасын, ол үстем тап мүддесін ғана көздеп қоймай, барлық кәсіп иелерін, өндіргіш күш саласындағы еңбек адамдарын тегіс қажет санап,

көңіл аударып отырулары керек дейді. Міне, кіріспеді осы жайлар түсіндіріледі.

«Құдатғу білік» ғылым әлемінде XIX ғасырда мәлім болды. Оны алғаш Стамбулдағы Австрия елшісі Иозеф Хаммер деген кісі Шайхзада деген түріктен сатып алған. Шығарма ұйғыр алфавитінде жазылған қолжазба екен. Ол оны Вена сарайы кітапханасына тапсырады. Бұл қолжазбаны 1439 жылы Қасан қара Сейіл Шамс деген кісі жасапты. Бұдан кейін 1825 жылы француз ғалымы Р. Жобер осы қолжазба туралы мақала жазып, оның кейбір тарауларын өз тіліне аударған.

Өткен ғасырда бұл дастанды танытуда орыс тюркологтары Березин И.Н., Ильминский Н., Радлов В.В. елеулі еңбек еткен. Дегенмен «Құдатғу білікті» алғаш рет толық зерттеп, Еуропа ғылымына алғаш паш еткен ғалымдар венгер тюркологы Вамбери мен орыс тюркологы В.Радлов болды.

Дастанның кейінгі замандарда тағы да екі нұсқасы табылған. Бірі 1897 жылы Каир қаласынан, екіншісі 1914 жылы Орта Азиядағы Наманган қаласынан.

Совет тюркологтары осы соңғы нұсқаны негізге алып, көлемді зерттеулер жүргізді, еңбекті орыс тіліне аударып жариялады. Бұл ретте Малов, Залитова, Гребнев, Бертельс, Стеблева т.б. еңбектері зор. Осы орайда өзбек ғалымдары да көптеген ұлағатты істер атқарып, дастанды өзбек тіліне толық аударып, ғылыми-зерттеу істер жүргізді.

Сонымен, «Құдатғу білік» поэмасы талай замандардың назарын аударған асыл мұра болды. Өзінің идеясы жағынан ол жалпы адамгершілік, гуманизм рухында жазылған дидактикалық шығарма. Бірақ автордың негізі мақсаты Қараханид мемлекетін нығайту, оның даңқын зорайту болған. Дастан оқиғасы XI ғасырда Ыстықкөл, Жегісу және Қашғар өлкесінде болған шындыққа байланысты өркендейді.

Поэма 73 тараудан тұрады. Алғашқы тарауында дәстүр бойынша құдайға сену сипатталады. Ақыл мен білімнің маңызы, саз өнері мадақталады. Бұл ретте Күнтолды мен Айтолды үлгі етіліп, олар Бограханға ақылшы ретінде сипатталады.

Ал қалған негізгі тарауларында ақыл, өсиет, тәлім-тәрбие уағыздалады. Ол өз семьясында болсын, ел билеу ісінде болсын өзін қалай дұрыс ұстай білуі әңгімеленеді.

Ақын-жырауға беретін сипаттама да көңіл аудартады. Автор ақындық өнерді жоғары бағалайды. Ақындарды ел үшін еңбек еткен адамдардың атын мәңгі сақтаушылар, хандар оларды қошеметтеу керек деді.

«Құдатғу білік» дүние, әлем жайларын да сөз етеді. Әлемдегі 7 планетаға 12 жарық жұлдыздың бар екендігін айтады. Әр түрлі табиғи құбылыстар: ай, күн, түн, қыс, жаз, күз – бір-бірімен байланысты, заңды өзгеріс қозғалыста.

Дастанда адамның асыл қасиеттерін қадірлейтін жолдар көп. Білім мен ақыл адамның ең қымбат, ең әдемі қасиеттері. Бұл мәселеге де дастанның бір тарауы арналады. Ақыл адамды жоғары көтеріп, даңқын асырады. Егер патша табиғатынан ақылды, дана болса, ол халқының бақыты, үлкен сыйы.

Білімді адам ешкімге тәуелді болмайды. Білімге жетелейтін, білімнің қадірін білетін, білім әркімге қажет. Сонымен талап, еңбек, білім, ақыл – осы төрт игі қасиет кімге де болсын қажет.

Талапты ер жалықпас,

Талапсыз өмір жарытпас.

Еңбекпен барлық қажетің табылар,

Еңбексіздер қызықтан да жалығар.

Біліммен адам толығар,

Білімі оны зар қылар...

Ақылмен ғана адам хайуаннан ажырап,

Ақылмен ғана ер әділет үшін құрбандыққа шалынар – дейді Жүсіп.

Ақын өмір туралы үлкен философиялық қағида айтады. Адам өмірі ұзақ емес, сондықтан оны жақсы қасиеттермен, қайырымдылықпен, достықпен мазмұнды өткіз дейді. Ұлық бол, кедей бол – түбінде тағдыр ортақ – бір өлім. Күшің барда жақсылық қыл:

Өмір жолы – көрген түспен тең,

Ғажайып, бірақ ұзақ емес.

Өмір қымбат болса да өлшеулі,  
Жақсылық жаса, қайырымды бол.  
Бақырға қарас, мейірімді бол,  
Тамағың болса аяма, ашыққанды тойдыр.

Дастанда адамның мінез-құлқын бейнелеу де ерекше.  
Ақылды адамға байсалдылық керек. Қызғаншақтық,  
ашушаңдық, өзімділікке – ақыл жат.

Ашу адамды ақылдан айырады,  
Ашу үстіндегі мейірімді адамның өзі зұлым.  
Зұлым адам ұзақ өмір сүре алмас,  
Өзінің зұлымдығы оны жұтар.  
Зұлым бақытты да, қуанышты да білмес.  
Тек мейіріманды адам ғана дегенге жетер.

Ж.Баласағұнның адамның жас шамасы жайлы айтқан  
пікірлері, кейінгі ғасырларға қазақ жырауларының  
толғауларымен үндесіп жатады:

Жастық шақ өмірдің ең жақсы өрнегі,  
Шындық пен мейірімділік болсын көргені.  
Кәрілік кеп тұр есікке,  
Маған жетті, сен де тұрсың есепте...  
Қырық жас болды шекара  
Жел боп шыққан оңыңнан.  
Елу жас келді еңмендеп,  
Әжім басты өнімді.  
Алпысқа қуып тастардай,  
Күн санап қайрат келіп тұр.

Ақын ақылды адамның ел билеуін өнеге етеді. Ал  
керісінше болса, елдің соры: «Қанағатсыз патшадан, қанағатты  
кедей артық!

Биік таққа отырған ақылсыз,  
Таң қыдырып кетіреді.  
Ақылды ер есіктен орын тепсе де,  
Биікке өзін көтереді.

Бақытты болу да адамның өзіне байланысты. «Өз бақытыңа  
өзің қарсы шыққың келмесе, ешкімге жалған сөйлем,  
жамандық қылма!»

Жүсіп өз сөзін өте жоғары бағалайды. Өзі өмірден өтсе де, сөзі қалатындығын айтады:

Мен шірімес сөзді тілеймін,

Ұрпақтардан артық жасайтын,-дейді.

Жүсіп өзінің философиялық лирикасында кәрілікке қарсы пікірлер қозғайды, оған бой алдырмай, қажырлы, қайратты болуды үндейді. Поэзиядағы бұл тақырыптық дәстүр Орта Азия мен қазақ әдебиетінде ертеден бар дәстүр.

Дастанда табиғат суретін әдемі сипаттайтын сәттер де кездеседі. Ол қазақтың «Наурыз» жырларына ұқсас келген. Көктемдегі көрікті табиғат жұмсақ жібекке әр түрлі сәнді, әшекейлі заттарға теңестіріледі. Көз алдымызда табиғаттың әдемі суреті: көгі мен көлі мол шексіз дала, аспанмен таласқан кең алқапты заңғар таулар, көктем табиғатының көз тұтар әсем суреттері өте тартымды және ол адам баласы мен жан-жануардың шат көңіл-күйіне бөлене сипатталады.

Жалпы мұндай сурет кейінгі қазақ әдебиетіне етене жақын. Мәселен, белгілі тюрколог С.Е. Малов «Құдатғу біліктің» ішінде «Көктем сипаты» бөлімі ерекше көркем шыққан дей келіп, сондағы «қанат қақты, қайнады» деп басталатын жолдарын ХІХ ғасырдағы қазақ ақыны Шәңгерей Бөкеев өлеңдерімен ұқсас деп айтады. Шәңгерейдің көл басында, оның бетінде дамылсыз қаптап, қанат қаққан құстарды сипаттауы әлгі дастанды еске түсіреді.

«Құдатғу білік» қазақ әдебиетіне тән жайлар көп, олар қазақ түсінігіне ғана кетеді. Мәселен: Айтолды мен Күнтолды арасындағы кеңестер ақыл, өсиет, нақылға толы боп келген. Олар қазақ сөзінде бар жайлар:

Тумақтың өлмегі бар,

Тәңірдің қалағаны болмағы бар.

Өмір деген өткінші жолдай есер,

Оны кім тоқтатып күшін басар.

Бұл жолдар қазақтың көреген шешендік сөздерін, тұрмыс-салт әуендерін еске түсіреді. Ұлы ақын Абайдың көптеген шығармаларында осындай салихалы ойлар айтылады, өсиет етіледі.

Ж. Баласағұни сөз қадірін жоғары бағалаған адам. Сондықтан ол өз дастанында тіл маңызына байланысты, сөз мәніне қатысты мәнді пікірлер білдіреді: «Тауып айтқан сөз ақылдылық куәсі, ол ақылды сөз адамға бақыт, жұғымсыз сөз адамға қасірет әкеледі. Сондықтан адамның өз тілі өзіне бірде дос, бірде қас, тіліне сақ бол, әр сөзді ойлап айт, сөзге мән бермесең, басың кетеді» дейді. Бүгінгі қазақ мақал-мәтелдерінде осы сыңайда көптеген ұқсастықтар бар: «Жақсы сөз жарым ырыс», «Адам тілі тас жарар, тас жармаса бас жарар».

«Құдатғу біліктің», әсіресе, «Білім және шешендік сөздер» тарауында тіл туралы аса мәнді пікірлер айтылады: Тіл адамды көкке көтереді, сол арқылы ол бақытқа жетеді. Сондай-ақ адам өз тілінен жаза да тартады, басын да жояды. Тіл – арыстан, ол босағанда жатыр, сақ бол одан, ол алдамшы, басыңды алып түсуі де мүмкін. Мазанды ала берсе, тіліңді кес. Сақтанып сөйлесең басың өзінде қалар. Сақтық қылсаң тіліңе, бұзылмайды тісің де. Жақсы болғың келсе, жаман сөз айтпа. Көп сөйлеме, аз сөйле. Он мың сөздің түйінін он сөзбен шеш. Адам екі нәрседе қарымайды: бірі – ізгі ісі, екіншісі – іні сөзі. Адам өледі, сөзі қалады, сөзімен бірге өзі қалады. Өлмей өмір сүре бергің келсе, жақсы сөз бен дана іс қалдыр. Адам көркі – сөз. Адамның сәні бетінде, беттің сәні көзінде. Ой көркі – ақыл, сөз көркі – нақыл». Немесе дастанда ақылды адамдарды өнеге етіп, ақын ұлағатты, өнерлі өмірді дәріптейді: «...Ақылмен іс қылған бек елге сүйкімді болады. Міне, осындай ақылды басшы Күнтолды еді. Өзі әмір жүргізіп тұрған шақта, ол құлағын да халқы жаққа тіккен еді. Солардың мұнын шаққан-ды. Сондықтан да оны елі сүйіп еді. Ол зұлымдар мен бұзықтарды халық арасынан аластап еді. Осылайша сақтықпен іс қылып, халқына әмірін жүргізіп еді. Сондықтан да оның тұсында қой мен қасқыр бір жүретін, біріне-бірі тимейтін. Мұны естіген жаулары өздері келіп, бас иіп, оған қосылып жататын. Халық түгел бақытқа кенеліп, Фаділділіктің мерейі үстем болды».

Шығарма халықтық мұра ретінде қабылданады. Оған дәлел оның бірнеше тарауларында адамгершілік идеяға аса мән

берілген: «Қол басы батырлар бағасы», «елшілер туралы», «саудагер туралы», т.б. тараулар.

Бұларда халық тұрмысы, тап қайшылығы жайлы, күйзелген елдің ауыр халі туралы кең әңгіме қозғалады. Оған керісінше дастанда дәулетқұмарлық, дүниеқорлық, байлық, мансаптық сыналады.

«Құдатғу біліктің» тіл көркемдігіне көңіл бөлмеуге болмайды. Оны арнайы зерттеген татар ғалымы А.А. Валитова шығарма стилінің біркелкі еместігін, оның әрбір бөлімінің өзіндік көркемдік ерекшелігі барлығын айтады: «Дастан стиліне дидактикалық, философиялық поэзия мен публицистикалық аңыздар тән, оның көркемдік құны да осында» – дейді.

Дастанның өлеңдік формасы көбінесе шығыс үлгісінде келетін «бәйіттен» тұрады, яғни аяқталған бір ойды білдіретін екі жолды шумақ:

Ауыздан бірде от, бірде су шығар,  
Бірі жанса, бірі сөндірер.  
Аққан су ол – жақсы сөз,  
Қайда ақса, сонда гүл өседі.

Жанрлық жағынан қарастырғанда мұнда әртүрлі арнаулар мен мақтаулар, нақылдар жиі кездеседі. Мәселен: Бограханға арналған мақтаулар мен нақылдар аса мәнді. Онда хан әртүрлі қоғамдық топтарға қалай қарауға тиіс, сол арқылы мемлекетті қалай нығайту керектігі айтылады. Бұл ретте керуеншілер, саяхатшылар, егіншілер, малшылар, қолөнершілердің пайдасының көптігі, соларды бағалап, санасып отыруды уағыздайды:

Саяхатшы, керуенші  
Алыс жерде жүрмесе,  
Инжуді кім табар еді  
Олардың бәрін ішке алып,  
Аралассаң қажет табылар.  
Солармен ғана, сенсеңіз,  
Даңқыңыз жұртқа жайылар.



Ақын жалпы еңбекші қауымды қоғамның негізгі жасаушы күші ретінде бағалайды: тасшылар, ұсталар, ершілер, аңшылар, шешендер, қолбасшылар турасында да ұлағатты ой білдіреді.

Жүсіп өзінің нақылында тіпті жаулап алған елге де хан қылышпен әмір жүргізбей, ақылмен басқарғаны дұрыс дейді:

Қылыш ел тоздырар, һәм бұдан қазына азар,-деп зорлық саясатының арты жақсылыққа апармайтынын сездіреді. Сондықтан қылышпен емес «кісілігімен атын көтереді кісі» деген қағида айтады.

Нақылдар әділ билеуші болу жолындағы үлгі-өнеге іспетті: «Ақылмен іс қылу – ең ардақты қасиет, ақылсыз адам – жеміссіз ағаш, ешкімге пайда бермейді»; «Ел бірлігі нығайса, хан билігі күшеймек, ел бірлігі ең жақсы қорғаның, аш-жалаңашқа қаран» - деп автор өрелі моральдық дәрежеден көрінеді.

Осы жағдайларды еске алып «Құдатғу білікті» зерттеген белгілі ғалымдар оны ХІ ғасырдың аса құнды әдеби мұрасы деп пікір түйістірген. Ол бүгінгі Қазақ және Орта Азия әдебиетіне ортақ туынды, бүкіл әлемдегі мәні зор шығарма.

«Құдатғу біліктің» зерттелініп, ол туралы пікірлер айтылуына біраз уақыт болды, оның бірнеше нұсқалары белгілі. Ең ескі нұсқасы – Каирдан табылған жазбасы. Одан басқа Гераттық нұсқа Венецияда, Наманғандық нұсқа Ташкентте сақтаулы. Ресейде 1890 жылы академик В. Радлов дастанның Гераттық вариантын жариялап, пікір айтты. Ол дастанға жоғары баға берді, ертедегі тарихи оқиғалар негізінде жазылған әдеби шығарма, ғибрат сөз, шебер афоризм, бастан аяқ екі жолды, он бір буынды өлең деген.

Шығыс зерттеушісі Бартольд бұл дастанда парсының дидактикалық әдебиетінің әсері бар, сонымен бірге жергілікті түркі халықтарының нақыл сөз, ауыз әдебиеті нұсқалары кеңінен пайдаланылған делінген.

Е. Бертельс бұл дастанның жазба әдебиет пен ауыз әдебиеті негізінде жазылған шығарма дейді, және көшпенділер талабына сай туынды екендігін айтады. Онда ескі түркі эпосының әсері барын білдіреді. «Дегенмен поэманы түгелдей Қарахандықтар тілегін көрсететін шығарма деуге болмайды.

Дастанда дәстүрге көп орын берілген. Автордың өзі үстемдер билігін қолдаса да адамгершілік идеясын жоғары көтеріп, әділдік, ұстамдылықты әр уақыт ханнан талап етеді», - дейді ғалым.

Дегенмен, В. Бартольдтың да, Е. Бертельстің де бұл дастанда парсы әдебиетінің әсері бар деуі, үстірттік дейді қазақ ғалымы Х. Сүйіншәлиев. Сонымен бірге мұны тек көшпелі елдің шығармасы деуі де жаңсақ дейді.

Дұрысында бұл қала мен дала өмірін қатар сипаттаған туынды, мұнда қала билеушілері мен қолөнер шеберлерімен қатар даладағы егінші, малшы өмірі қатар сипатталады дейді қазақ ғалымы.

Дастанның тілі туралы пікірлер бар. Кейбіреулер оның тілін шартты түрде ұйғыр тілі деген. Бұл – үстірт пікір. Дұрысы, ол түркі тілдерінің шығыс тобына жатады. Яғни, қазіргі өзбек, қырғыз, ұйғыр тілдеріне жақын дейді Бертельс.

А. Саматаевич «Құдатғу білікті» қарлұқ тайпасы шығарған дейді. Өзбек ғалымы Қ. Каримов – Чығыл тайпасы тілінде жазылған десе, әзербайжан ғалымы Ә. Наджиб дастан Жетісу ескерткіштері тілінде туған дейді. Осы пікірлер жиналып келіп бір арнаға түйіседі. Яғни, дастан Қарахан мемлекеті дәуірі мұрасы. Ал Қарахан мемлекетінің негізі Жетісу өңірін мекендеген қарлұқтар тайпасы болған. Чығыл мен Йағыма сол қарлұқтан тараған аталар.

Қарахан мемлекеті аса мәдениетті, Жібек жолының үстінде, Қытаймен қарым-қатынаста болған мемлекет. Орталығы Баласағұн, одан басқа Екі өгіз, Алмалы, Тараз сияқты ірі қалалары болды. Қарахан ханы Сүтун Бұғрахан 960 жылы мұсылман дінін қабылдады, араб жазуына көшті. XII ғасырдан бастап жеке-жеке хандықтарға бөлініп құлдырады. Ақыры XIII ғасырда монғолдар жекелеп басып алды.

«Құдатғу білік» сол Қарахан елінің дәуірлеп тұрған XI ғасыр кезі шығармасы, яғни Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген көне түркілер – қарахандықтар ескерткіші, сол дәуірдің жоғарғы мәдениеті мен әдебиетінің куәсі. Ол бүкіл түркі әдеби тілінің даңқын зорайтты, негізін қалауға зор үлес

косты. Ол кейінгі дәуірлер тіліне де негіз болды: Алтын Орда, Хорезм, көне қыпшақ әдеби шығармалары одан алшақ кетпейді. Ол қазіргі түркі тілдерінің терең тамырлы туыстығына куә, бүгінгі қазақ әдебиетінің тереңнен тартылар сол атақты ескерткіште жатыр.

## **МАХМУД ҚАШҚАРИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ДИУАНИ ЛУҒАТ АТ-ТҮРІК» АТТЫ ЕҢБЕГІ («ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ СӨЗДІГІ»)**

XI ғасырдың мәдени өресінің жоғары болғандығына тіл білімі мен әдебиет өрісі бірден-бір дәлел. Жаңа Түркілік әдебиеттің өсуі – тіл мәдениетінің де өсуіне үлкен ықпал жасады. Содан барып тілді ғылыми тұрғыда зерттеу, оның әдебиетпен өзектестік жайларын анықтау барысында елеулі істер атқарылды. Сөйтіп, ертедегі түркілік филология ғылымы туып, дамыды. Бұл жағдай тек қана түркі мәдениетінде ерекше құбылыс болып қоймай, жалпы дүниежүзілік мәдениетке, ғылымға еселі үлес болып қосылды. Сол түркі мәдениетінің даңқын көтеруге Әл-Фараби, Қорқыт ата, Жүсіп Баласағунидің іздерін баса әйгілі ғалым Махмуд Қашқари зор ат салысты.

Махмуд Қашқари XI ғасырдың білімді ойшылы, ғұлама ғалымы, филологі. Ол сол заманның озық үлгілері араб, парсы мәдениеттеріне жетік болды, Бағдат филологтарының үлгісінде бірнеше рет түркілік грамматикамен айналысып, сөздік жасады.

Махмуд Қарахан елінде Барысқан қаласында дүниеге келген. Бірақ өмірінің бар мезгілін Қашқар жерінде өткізген. Содан Қашқари атанған.

Махмуд білім, ғылым жолында ерте есейеді. Араб, парсы ғалымдарының филологиялық зерттеулерімен кеңінен танысады. Ақыры өзінің атақты үлкен еңбегі «Диуани лұған ат-түрік» сөздігін жазады. Негізінде бұл сөздікті Махмуд араб ғалымы Хамил бин Ахмедтің «Китабул айни» атты филологиялық еңбегінің үлгісінде жазған.

«Диуани лұған ат-түрік» аса көлемді сөздік, 3 томнан тұрады. Сөздіктің тюркология тарихынан алатын орны арасан

зор. Ол қазіргі Орта Азия мен Қазақстан елінің орта ғасырлық ғылымында жоғары бағаланған. Оның маңызы бүкіл жер жүзі ғылымында да айтулы.

Дегенмен, аталған сөздіктің түп нұсқасы бізге жетпеген. Барлық тюркологтардың зерттеп, пікір айтып жүргендері 1266 жылғы көшірме нұсқасы. Оны Дамаск қаласында тұрған Ебилфетих деген кісі көшірген. Ал «Диуани лұғат ат-түріктің» түп нұсқасын М. Қашқари 1072-1074 жылдары жазған.

Алайда бұл даңқты еңбекті зерттеу ісі тек XX ғасырдың бас кезінде ғана қолға алынды. Түріктің ірі оқымыстысы Бесим Аталай 1914 жылы бұл сөздіктің түп нұсқасын үлкен бір кітап етіп бастырды. Ал 1934-1944 жылдары ол кісі сөздікті үш том етіп, түркі тіліне аударып бастырды.

Совет ғалымдары да бұл сөздікті жан-жақты зерттеп келеді. Мәселен, өзбек ғалымы С. Муталибов «Диуани лұғат ат-түрікті» өзбек тіліне аударып, ғылыми зерттеу жүргізді. Ол М. Қашқариді «Орта Азия халықтарының атақты перзенті, тюркология ғылымының тұңғыш ұстазы, оның негізін салушы»-деп жоғары бағалады.

Қазақ тілінің, әдебиетінің тарихын тану жолында бұл еңбектің маңызы зор екендігін қазақ ғалымдары да айтып отыр. Әдебиетші ғалымдар Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншіәлиев бұл салада елеулі пікірлер білдірді.

Сонымен «Диуани лұғат ат-түрікте» тілдік жағынан карағанда, алғаш рет түркі тайпаларының тілдері ғылыми жүйеге түскен. Қыпшақша деген белгісі бар сөздердің көбі қазіргі қазақ тілі қорында, оғызша дегені – түрікпен тілінде бар сөздер болып түсіндіріледі.

Сонымен бірге «Диуани лұғат ат-түрік» XI ғасырда түркі тарихы мен әдебиетінен де мол мағлұмат деректер беретін еңбек. Әсіресе, мұнда халық ауыз әдебиетінің алатын орны ерекше. Онда мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Олардың көбі қазіргі қазақ әдебиетінде жиі ұшарайды немесе ұқсас келеді. Мәселен: «Еңбек етсең, емерсің», «Тас бас жарар, еңбек тас жарар», «Жаз еңбек етсең, қыс қуанарсың» т.б. бұл мақалдардың тәрбиелік мәні зор да, сонымен бірге ертедегі кәсіп туралы

пікірлерді білдіреді. Сонымен бірге, олар қазіргі қазақ ұғымымен өте жақын.

Осындай ерекшеліктер тұрмыстың әр саласынан аңғарылады. Мәселен, «Диірменде туған тышқан тарсылдан қорықпас», «Киіз жамылған су болмас», «Атын аямаған жаяу қалар», «Түйеге мінген қой ішінде жасырына алмас» - сияқты өнегелі пікірлер айтылады. Шындығында Махмуд сөздігі әдеби деректерге өте бай. Онда халықтың даналық сөздері жинақталған. Ақылды, білімді, ойлы, мейірімді болуға үндейтін тәлім сөздер көп.

Сөздікте жергілікті көшпелі тайпалардың өлеңдері көптеп кездеседі. Бұл өлеңдерді автор қыпшақтар сөзі деп ашық айтады. Оларда дала табиғаты, жазғы жайдары өмір, көктемдегі жан-жануардың рахаты әсем сипатталады.

М. Қашқари сөздігінің жазу мәдениетімізге қосқан үлесі зор. Оның түркілік елдер ұзақ мерзім қолданып келген.

Сөздікте түрлі аңыздар да мол орын алған. Мәселен, бір аңызда Өгіз (Огуз) ханның атын қалай қойғаны туралы дерек бар. Аңызда: Қараханның әйелі ұл табады, бірақ баласына бір жасқа дейін қолайлы ат қоя алмай, барлық жұрт дал болады. Ақыры бала бір жасқа толған соң, той қылып, жұртқа ат қойындар деп тілек етеді. Ешкім тіл қата алмай, ауыздарына қолайлы ат түспей тұрғанда бұл жаста тілі шығып қалған бала, олай болса, сіздер қиналмаңыздар, мен атымды өзім-ақ қояйын, атым Өгіз (Огуз) болсын депті. Осыдан Өгіз ханның тұқымы өсіп, кейін ол тарихта огуздар тайпасының басы, атасы боп тарихта қалады.

Мұндай тапқырлық жайлар қазақ эпостық шығармаларына да тән.

Сөздікте кездесетін кейбір өлең жолдарында қазақтың жер, су аттары нақ қазіргі күйінде аталады. Сөз тіркесі де таныс:

Еділдің суы аға тұрар,  
Қой шыққанда ұра тұрар,  
Балығы толы көрініп тұрар,  
Көлдер толып күшейер.

Келесі жолдардан Іле, Ертіс, Мыңлық сияқты қазақ жер-су аттары ұшырайды.

Сөздікте, мақал-мәтел аңыздардан басқа 300-дей өлең шумақтары бар. Олар қазақтың 4 жолды, 7, 8 буынды өлең түрлеріне жазылған. (газетте мысалдар Қ.Ә. 18.03.1983 жыл).

«Диуани лұған ат-түріктегі» әдеби көркем туындылар оның өзінен бұрынғы Орхон, Енисей, талас жазуларындағы Күлтегін жырымен, ия болмаса өзімен тұстас Ж. Баласағунидің «Құдатғу білік» поэмасымен тақырыптық, көркемдік, тілдік ұқсастық жайлары көп. Сонымен бірге «Диуани лұғат ат-түрік» қазіргі қазақ ауыз әдебиетімен де ортақ ерекшеліктерге бай.

Диуандағы өлеңдердің үлкен бір тобын өзара тақырыптық өзектестікте болғандықтан оны түркі елінің ерлік күрестерін баяндайтын қаһармандық көне жыр ретінде бағалайды. Бұл пікірді ғылыми дәлелдеген совет тюркологі И.В. Стеблева («Развитие тюркских поэтических форм в XI веке» (М.197).

Диуандағы мұндай эпостық топтама жырларда көне түркі ұлыстарының ерлік жорықтарда көптеген жеңістерге жеткендігі мадақталады. Шығармада жеке хан, бектерден гөрі халық бостандығы үшін күрескен белгісіз ерлер көп жырланады.

Эпостың алғашқы тарауында таңғұттарға қарсы жорық баяндалады. Сол жорықта белгілі батыр Катунсини мен тағы белгісіз батырдың ерлігі паш етіледі. Таңғұттар залымдыққа, арамадыққа барып Катунсиниді жаралайды, бірақ артынша сазайларын тартып бас иеді. Белгісіз лирикалық кейіпкер жойқын ерлік жасап, тунгуттарды қирата жеңеді. Жырда бұл жай былайша сипатталады:

Тәмәм батыр жоғалды,  
Жау осылай жеңілді.  
Күші оның қалмады,  
Қылыш қанға күн болды.

Диуан жырының екінші тарауы – «Ұйғырлармен күрес» деп аталады. Ұрыстың болған жері, ұйғырлардың ертедегі діни-сенімдері айтылады. Түркі қолы Іле өзенінен өтіп, Мыңлақ елін басып алады. Ондағы будда храмын қиратып, сол діннің жолдарын, яғни тас мүсіндерін тас-талқан етеді. Түркі

жауынгерлері паш етіледі. Олар тұтқиылдан түнде шауып, Маңлық қалаларын тегіс басып қамайды. Түркі елінің қолы тасқын судай ағып, құстай ұшып, қара жерді шаңдатып, қандатып желдей еседі. Соғыста талай тактикалық шеберліктер жасайды.

Үшінші-төртінші тарауларда түркілердің Ябакулармен ұрысы баяндалады. Ябаку батыры Будрач қолжиып, түркі елін шаппақ болады. Оған қарсы белгісіз батыр түркі қолын бастап Ямар өзенінен түнде өтіп, ертемен Буграчтың әскерін қиратып, өзін өлтіреді. Жау жеңілген соң елде қой мен қасқыр бірдей жүргендей тыныштық орнайды. Бұл ретте де эпоста түркі жігіттерінің және лирикалық кейіпкердің ерлігі, жойқын соғыс жайлы сипатталған:

Таң ата жорытқанмын,  
Будрач қанын еріткенмін  
Басша бегін өртегенмін  
Әммә жігіт жиылып,  
Ақырып атты қамшыладым.  
Қалқан сүңгі жұмсадым  
Тоғыз рет ұрыстым,  
Тоғыз атпен жарастым.

Жырдың ендігі бір елеулі тарауы түркінің алып ері Тонғаның өліміне байланысты жоқтау. Бұл бүгінгі қазақтың тұрмыс-салт жырымен әуендес келеді. Тонға батырдың мезгілсіз өліміне ел қатты қайғырады. Ер өліміне елдің сенгісі келмейді, бізді кімге қалдырып кеттің деп зар еңіреді. Дегенмен, ел өзін-өзі жұбатады: уақыт ұрланып өтіп жатады, ақыры өлім торына ілігесің, бектің бегі де өлім торынан қашып құтыла алмайды. Уақыт дегенін істеді. Аяулы Тонға дүние салды. Қайырымдылық өшті, зұлымдық басым болды. Ақылдылар ескерусіз қалды. Дүние біткен өзгеріп, азып кетті. Себебі әлем бегі, мейірімді адам дүние салды-деп жырлайды:

Алып ер Тонға өлді ме,  
Иесіз жұрты қалды ма,  
Тағдыр өшін алды ма,  
Енді жүрек жыртылар?!

Ұлыды ерлер бөрідей  
Жыртып жаға зорлады  
Шұркырап үні жырлады  
Суланып көзі өртенер.

Бұдан соңғы тағы бір елеулі тарау – «Белгісіз батырды жоқтау» деп аталады. Мұнда да түркі елі жауды жеңіп, үлкен ерлік жасаған белгісіз бір батырдың ойда жоқта оққа ұшып өлгенін қатты қайғырады:

Жаудың отын өшірген,  
Тойдан оны көшірген,  
Істер ізіліп жойылған  
Оқ тиді, өлтірді –деп жоқтайды.

Міне, Диуандағы ерлік мазмұнды эпос, осындай, түркі елінің бостандық жолындағы қаһармандық күрестерін, алып ерлерін, дархан даласын жыр етеді. Оқиға қазіргі Қазақстан жеріне көп үйлеседі. Себебі, жырдағы оқиғалар Іле, Ертіс, Еділ сияқты қазақтар жайлайтын өзендерге байланысты сипатталған. Алада бұл жыр тек қазақ емес, басқа да түркі халықтары: өзбек, қырғыз сияқты қыпшақ ұранды елдерге де ортақ.

«Диуани лұғат ат-түріктегі» лирикалық жырлар да аса маңызды әдеби туынды болмақ. Олардың көпшілігі махаббат және табиғат лирикалары.

Махаббат лирикасына 15 шақты өлең жатады. Онда сүйген жарға деген жігіттің арнау сөздері нәзік сипатталған. Жігіт өз көңілін образды сөздермен береді: «Көзімен аққан жас теңіз боп, ғашық құсы оны айнала ұшып-қонып жүр», немесе: «Ғашық торына оралдың» деген сияқты бейнелі тіркестер орын алған жігіт сүйген жары туралы:

«Жалын оның көзі,  
Жаны оның өзі.  
Толған айдай жүзі,

Жарды менің жүрегімді! - деп ой-сезімін білдіреді.  
«Ғашықтық мені жеңді» деген өлеңде сүйгенінен айырылған жігіт мұны реалистік сыңайда жан-толқынысымен берілген:

Құзғыр оты тұтанып,  
Өкпе, жүрек қабынар.



Түн, күн тұрып жылаймын  
Жасым менің сауылдар.

Өлеңде адал махаббат мәңгі мадақтала жырланады, кей жастардың бұл істе тұрақсыздығы, махаббат, сенім, достықты дұрыс бағалай білмей, аяқ асты етуі қатты сыналады.

Табиғат лирикасының ішінде «Қыс пен жаздың айтысы» жанрлық жағынан болсын, дүние танымы жағынан болсын, аса құнды, көңіл бөлерлік шығарма. Жиырма үш шумақтан тұратын бұл өлең, бүгінгі қазақ айтысының ерте замандағы түп-тамыры, көне нұсқасы сияқты.

Қыс пенен жаз тоғысып,  
Ала көзбен соғысып,  
Бір-біріне қарады,

Бір-бірін жау санады – деп басталады да диалогымен мазмұнды өріледі. Қыс: Мен ер жігітке күш берем, ауру-сырқауды азайтам, қардың суына жаз егін шығады. Ал жаз болса бүйі, жылан, шыбын-шіркей тіріліп, адамға зиян келтіреді,- дейді.

Оған қарсы жаз: Қыс түссе құлпырған жер бетін суық қар мен сірескен мұз басады, адам тоңып, бүрсең қағады. Ал жаз шықса, жұрт арқасы кеңіп жадырайды, жерге күннің нұры түседі, жаңбыр жауып, сай-сала суға толады, түрлі бәйшешектер құлпырады, мал төлдеп азан-қазан көңілді шақ туады, сүт селдей ағады. Сенен қашқан құс та қайта оралып әнге босады. Жан-жануар рахат табады.

«Диуани лұғат ат-түріктің» соңында бірнеше табиғат өлеңдері-әдемі лирика берілген. Олардың көркемдік арнасы аса жоғары:

Жарқырап жұлдыз туғанда  
Ұйқыны серпіп қарадым.  
Бөлейді құстар думанға  
Тыныштық күйін даланың.  
Еділдің суы тулайды,  
Қаһарлы толқын тас қажап.  
Жағада бақа тулайды,  
Ойнайды суда ақ шабақ.

Диванның соңғы бір өлеңінде философиялық ойға берілу бар. Дүниенің дамуы материалистік тұрғыда бағаланады.

Туғандардан мәңгі өмір сүрген жоқ,

Дүние, әлем, жұлдыздар да күнде туып, сөнеді.

дәулетпен даңққа қызықпау керек деген қағида бар. Ондайың болса елге қызмет қыл:

Киімің болса жақсы өзің ки,

тағам болады өзгеше сый.

Құрмет қылсаң қонақты,

Асады даңқың халқыңа.

1972 жылы «Диванның» 900 жылдығы атап өтілді – бүкіл тюркология ғылымы саласында көптеген ғылыми баяндама жасалынды. Конференцияда – Бакуде «Советская тюркология» журналының 1 саны 1974 жыл соған арналады.

## **АХМЕТ ЙҮГІНӘКИ МҰРАСЫ**

1. Ахмет Йүгінәки өмірі, өскен ортасы.
2. «Ақиқат сыйы» шығармасының тақырыбы, идеясы.

XII ғасырлар әдебиеті тарихынан елеулі орын алатын қайраткер – Ахмет Йүгінәки. Оның толық есімі – Әдиб Ахмет Махмуд ұлы Йүгінәки. Ахметтің туған жері Түркістан қаласының маңындағы Йүгінәк деген қыстақ болған. Сондықтан ол Йүгінәки деп аталған. Қазақтар ол қыстақты кейінгі замандарда Жүйнек деп атап кеткен.

Ахметтің әкесі Махмуд та ақын адам болған, сондықтан оның баласына деген поэзиялық ықпалы зор, әсерлі келген.

Ахмет Йүгінәки жас шағынан араб, парсы тілін игеріп, өнер білім әдебиетке құмарлық танытты. Ислам дінінің поэзиялық, софылық, дәуіріштік ағымының бастаушысы Қожа Ахмет Йассауи дәстүрінде шығармалар жазды. Сонымен бірге Жүсіп Баласағунидің «Құдатғу білік» атты даналық кітабының әсерінде де өрелі поэзия жасай білді. Ахмет Йүгінәкидің бізге жеткен шығармаларының ішіндегі ең бастысы «Хақиқаттар хадесі» (Шындық сыйы) осындай дүние. Ақын бұл

шығармасында әлгі ғұламалар сияқты адамгершілік, әділетшілік, білімділік, ақыл-парасаттылық тәрізді өнегелі қасиеттерді дәріптейді. Адамгершілікке жат іс-әрекет, мінез-құлықтар сыналады. Білім жөнінде, тіл туралы, сақтық, әдептілік жайлы пікірлер айтылады. Автор кітапты жазу себебін және қай тілде жазғанын, өзінің аты-жөнін хабарлайды. Өзі өлсе де, даналық сөзінің қалатынына сенім білдіреді:

Атым Ахмет, ғылым сөзім,  
Кетсем де өзім, қалады сөзім.  
Өмір озып, келеді көңіл күзі,  
Толғандай болады екі көзім.  
Соның үшін шығардым түрікше кітап,  
Керек болса тәлім, дос кітап.

«Хақиқаттар хадесі» дидактикалық сарында жазылған, дәуірінің моральдық нормаларын уағыздайтын маңызды дастан. Ол «Құдатғу біліктен» соңғы түркі тілді халықтар әдебиетінің баға жетпес даналық кітабы, көркем туындысы. Дастан 14 тараудан тұрады. Поэтикалық формасы – бейіт, олардың барлығы - 235. Шығарманың алғашқы 3 тарауында сол кездегі дәстүр бойынша Аллаға, пайғамбарға, оның 4 сақабасына құлшылық ету айтылады. Шығарма жер әмірі Батбек деген шахқа бағышталған. Төртінші тарауда сол Датбекті жан-жақты сипаттайды. Оның адамгершілігі зор, әділетті басшы, ақыл иесі, дана, қайырымды жан екендігі айтылады.

Ақынның негізгі идеясы 5-8 тарауларда ашыла түседі. Мұнда түгел дерлік білімнің пайдасы түсіндіріліп, адамгершілік ақыл-өсиеттер айтылады. Адам ұстамдылық, ақыл-парасаттылығымен әділет үшін еңбек етіп өтуі керек, тіліне сәк болып, орынсыз сөз айтпай, басқаны жөнсіз тілдемей дос-жарлықпен өмір сүруге орынды. Себебі дүние фани, бүкіл ғалам да өзгермей бірқалыпта тұратын ешнәрсе жоқ, өткінші өмірді жауыздықсыз жақсы өткізген абзал.

Кейінгі тарауларда ақын дүниеқор, сараң, малжанды фанишылықты сынға алады. Опасыз, нәтижесіз, бос өткен өмірге қарсылық білдіреді.

Орта ғасырдың көптеген мұралары сияқты бұл дастанның да түп нұсқасы бізге жетпеген. Тек 1916 жылы Стамбул кітапханасынан түрік ғалымы Нажиб Осимнің көшірме тізімі табылған. Ол тізімге енген көшірме 1480 жылы жасалынып, София мешітінде сақталып келіпті.

Совет ғалымдары Е. Бертельс пен С. Малов Ахмет Йүгнәкидің бұл дастаны туралы елеулі зерттеулер жүргізіп, пікірлер айтты. Қазір бұл шығарма өзбек тіліне толық аударылып, оқулықтарға еніп жүр.

## СҮЛЕЙМЕН БАҚЫРҒАНИ МҰРАСЫ

1. Ақын өмірі.
2. «Бақырған» кітабының тақырыптық-идеялық өзегі.
3. Жанры, тілі.

XII ғасырдағы түркі мәдениетінің көрнекті өкілі, қазақ арасына Хакім-ата (Дана-ата) деген атпен ертеден белгілі сүлеймен софылық дәуіріштік поэзияның жолын ұстаған. Осы ретте ол өзіне әйгілі Қожа Ахмет Йассауиді ұстаз тұтқан, соның идеяларын жалғастырып, толықтырып отырған. Сондықтан Сүлеймен шығармалары да өз ұстазынікі сияқты орта Азия мен Қазақстан жеріндегі медреселерде, діни оқу орындарында ұзақ мерзім оқытылып келген.

Сүлеймен қазіргі Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Түркістан қаласында дүниеге келген. Алғаш сонда оқып, сауатын ашқанымен, кейін көп жерде болып, Самархан, Бұқарадағы ғұламалармен кездесіп, олардан мол білім алып, толысқан. Хорезм елінде қызмет етіп, Бақырған деп аталатын қыстақта тұрған. Сонда 1186 жылы дүние салған. Қыстақтың атына байланысты ол Сүлеймен Бақырғани атанған. Ақынның шыққан руы Қаратау бойын жайлаған Қоңырат елі.

Сүлеймен көзқарасы діндарлық болғанымен, бізге поэтик тіл, жазба әдебиет, орта ғасырлық мәдениет үлгілерін танытарлық сипаты зор. Ақынның «Ақыр заман», «Бақырған», «Жұбан ана», «Әулие Мария» атты шығарма кітаптары мәлім.

Өткен ғасырда олардың кейбірі Ташкент, Қазан қалаларында қайта басылып шықты.

Дегенмен, бізге толық жеткен көрнекті дүние ақынның «Бақырған» атты жинағы. Бұл жинағына Сүлеймен кіріспе беріп, онда өзінің сүйікті ұстазы Йассауиге арнау айтады. Оны ғаділ, кішіпейіл, білімді, дана шайх, бабалардың бабасы – деп ардақ тұтады.

Шайхылардың сарасы-  
Шайхы Ахмет Йассауи!  
Қаршығаны баптаған,  
Сұңқар, лашын ұстаған,  
Сансыз мұрит бастаған,  
Шайхы Ахмет Йассауи.  
Шарифатты сөйлеген,  
Хахиқатты іздеген,  
Шындық үшін сайысқан  
Бабалардың бабасы-Баба Арыстан-  
Шайхым Ахмет Йассауи!

Ақын бұдан басқа «Жасаған неге» сиыну, жалбарыну жайын, өзінің дінге деген шын ниетін, қажылық құрып, әулиелік жолға түсуін білдіреді:

Қазылар санатына кірсем,  
Ғинаят шәрәбін ішсем,  
Жауыздар сөзінен қашсам,  
Шүкіршілік етсем, таңсәріден тәубә етіп.  
Кешпен кедейлер үйіне қонсам,  
Халықтан үйреніп, жиһанкез болсам,  
Сүлеймен Бағырғани деп танылсам.

Бұл жолдарда айтылған ойлар Сүлеймен творчестволық өмірінің арқауы сияқты.

Құрылысы жағынан «Бақырған» жинағы екі бөлімнен тұрады

- 1) шағын лирикалық өлеңдер.
- 2) көлемді қисса-толғаулар.

Дегенмен, екеуіне тән ортақ идея бар. Ол: адамгершілікті, әділеттікті, ақылдылықты, даналықты, достықты, мейірімділікті,

қайырымдылықты, махаббатты, адалдықты, құдайға құлшылық етуді уағыздау. Соған қоса, зұлымдыққа, надандыққа, дүниеқорлыққа қарсы шығады. Ел, жұрт мақсатына қызмет ету көзделеді. Кейбір пайғамбарлар туралы аңыздар бар.

Бақырғанидың лирикалық өлеңдері көңіл-күйді білдіретін сырлы дүниелер. Құдайға сене отырумен қатар, ақын өмір мәселелерін, әлеуметтік жайларды жырлайды, қоғамға сын айтады. Ақын дүние құбылыстарын таныта отыра, бұл дүние өткінші, пайдасыз деп, пессимизмге ұрынады, ол дүниенің жәннәтін айтады.

Солай болғанмен, Сүлеймен «еркін ойдың» ақыны. Ол да өз ұстазы Йассауи сияқты жастық, бозбалалық шақты қызыға жырлаған. Осы ретте оның көп жырлағаны - махаббат тақырыбы. Ақын адал достық, сүйікті жарға деген сезімін нәзік сезіммен білдіреді. Махаббат діннен, Меккеден де жоғары:

Жарсыз, баксыз мекені мен не қылам,

Болмаса жарым қасымда дүниені не қылам?..

Сенің дертің жанымды менің өртейді.

Жүз жыл бейнет көрсемдағы сен үшін,

Есімнен сенің ай нұрлы жүзің кетпейді.

Сендей сүйіктім үшін өлсем рухым өшпейді.

Ақын махаббатты түсіне білу, сыйлау Алла алдында кінәлі болмайды, ал дөрекі адамдар ғана оны түсінбейді дейді. Белгілі ғашықтық геройлар: Ләйлі-Мәжнүн, Фархат-Шырындар адал махаббаттары үшін пейішке барған. Оларды Мұстафа пайғамбар қорғайды. Сондықтан, махаббат дерті ешбір дауа қонбайтын дерт: (5 - өлең).

Өмірдің қызығы махаббат, онсыз дүниеде де, хияметте де рахат жоқ. Бұл пікірді Абай да айтқан: Махаббатсыз дүние бос, Хайуанға оны қосындар.

Сүлеймен махаббат тақырыбын аса жоғары адамдық қасиет етіп жырлайды: махаббат дертіне шалдыққан адамға қарсы тұрар күш жоқ. Оның жалын атқан демінен мешіт ішіндегі бұйымдар да, шәкірт қолындағы дәптер – кітаптары да жанып кетеді; бұлбұл сайраудың орнына жылайды. Мені адам

қылып жаратқан екенсің хақ-тағала, мен махаббат дертіне шалындым, діннен безді деп кінәләма: (6-өлең).

Дүниенің бәрін, тіпті дінді де ұмытып, тек махаббат қызығына елтіген ақын ғашықтықты жан-тәнімен беріле жырлайды. Осы жолда мен жанып-күйіп жүрген жанмын, күні-түні ойлайтыным сүйікті жарым, сонымен сауық-сайран құрған шақтарым пейіштен еш кем емес. Сондықтан, менде ес жоқ, мейлі маған күліндер, өсек етіндер, бәрібір маған әсер етпейді: (7-өлең).

Ақын сүйген жарға деген жан сезімін шын беріле, ақтарыла жырлайды: (8-өлең).

Дегенмен, Сүлеймен де ескі қатал заманның, зорлықшыл билеушілердің рақымсыздығын көріп, махаббат рахатын көре алмай, сүйгеніне қосыла алмағанын білдіреді: (9-өлең).

Ал сүйген жары сол ескі салттың қасіретке ұшырап, Сүлейменге қосыла алмай, ақын күйінішіне ұшырайды. (10-өлең).

Ақын жастық шағында осындай трагедиялы жай кешкендіктен, өмірден түңіліп сопылық жолға түсті деп ойлауға болады. Бірақ, ол сол махаббатты үлкен адамгершілік тақырыппен, құдайға адал құлшылық ету жайымен тығыз байланыстырады. Яғни, махаббат тақырыбы да сопылық поэзияның өзіндік дәстүрі ретінде қарастырылған.

Сопылық әдебиет өнер-білімге өте жақын тұрды. Сүлеймен де бұл тақырыпты баса жырлады. Өнер-білімді ол тағы да адамгершіліктің, құдайға берілгендіктің белгісі ретінде түсіндіреді. Адамның адамгершілігі: оқу, үйрену, өмір тәжірибесін қорыту арқылы болады, шарифат шарттарын білу міндет. Ал жұмыссыздық – надандыққа әкеп соқтырады дейді. (11-өлең) - (12-өлең).

Адамның бір-бірінен артықшылығы олардың білімділігінде, дүние-байлық түк те емес. Білімсіз-соқыр, тәубәсіз, қалағанша ішіп-жейді, өзгені ойламайды, парықсыз.

Ал білімді адам дүниенің парығына түсінеді, көңіл көзі ашық, дарқан, қайырымды, алланың сүйген құлы да солар. Сондай адамның үлгісі етіп, үлкен ғұлама А. Йассауиды атайды.

Сүлейменнің ойынша адам білімді жас шағынан бастап үйренуі керек. Әйтпесе дөрекі, топас болып кетеді. Яғни қиянат жасауға барады. Аллаға да адал құлшылық етпейді. Сондықтан, ақын кімге болса жақсы білімді адам болудың үлгісін айтады (13-өлең).

Оқыған адамда әділдік бар, ол әлсізге көмектеседі, мейірім етеді. Сонда оның өмірі өрге басады. Мұхамбет пайғамбар да солай болған-мыс. Сондықтан ұлы адам, ғұламаларға тәубә қыл, бас ій дейді (14-өлең).

Дегенмен, Сүлеймен өнер-білімге жастай талпынып, оны біраз игергенімен, оның қызығын рахатпен көре алмаған. Дүниені ғылыммен, ақылмен құлпыртамын деген тілегі орындалмаған. Себебі қоғамда зұлымдық пен әділетсіздік иесі хан-сұлтандардың қиянатын көп көрді «Зұлымдықты әділдікке жеңгізбек болдым. Оны кім тыңдады». – «Бак», «Бастан» деп едім, ол «Зындан» боп алдымнан шықты. Не таптым?-дейді. Дүниенің барлығы, қызығы алданыш, өткінші екен деп қайғырады ақын: (15-өлең).

Ақыры ол аллаға тәжім етіп жалбарынады. Бұл дүниеден дәм еткеніне, оның қызығына алданғандығына, оның фани екенін білмегендігіне алла алдында кешірім сұрайды. Ендігі жерде бұл дүниеден үміт үзіп, о дүниеге сенім артады. Бәрі де алланың ісі екен ғой, ол хақ, соған шүкіршілік ету керек дейді (16-өлең).

Бірақ Сүлеймен дінге құр соқыр сеніммен қарамайды, оның өзіндік талғамы бар. Бұл ретте ол діннің атын бүркеніп елді алдап мал тауып жүрген арамза шайқыларды қатты сынға алады. Олар дінге шын берілмеген ақыр заман шайқылары делінеді (17-өлең).

Сүлеймен дінге сенген адамдарды мейірбандыққа шақырады. Ақырет азабын шеккің келмесе, ешкімге қиянат жасама, адал өмір сүр, дүниең болса, кем-кетікке қарас, деп өз ұстазы Қ. Йассауидің негізгі гуманистік қағидаларына қол қояды.

С. Бақырғани көне дәуір әдебиетінде жанрлық жаңашыл ақын ретінде белгілі. Оның жоғарыда әңгімеленген әр алуан



лирикасымен қатар сюжетті шығармалары да бар. Бұлар әрине, көлемді дастан емес. Белгілі діни аңыздардың негізінде жасалынған сюжетті толғау-жырлар деуге болады. Олар: «Мұстафа әулиенің толғауы», «Смағұл қиссасы», «Жарым алма хикаясы», «Ибраһим пайғамбар және оның Шаһит ұлы», «Ғалиарыстан (Ғазіретғали) батыр және Ақтым». Бұлар аталған аңыздар қазақ арасында діни кітаптар арқылы мәлім дүниелер. Шығарма қаһармандары дінге байланысты келеді: Құдай, Мұхамбет пайғамбар, оның сақабалары, батыры Ғазіретғали, бала-шағалары, әулие және күнәсіз адал жандар, пәк сәбилер, ең ақырында әзіретәли т.б.

Шығарма сюжеттері осы қаһармандардың қарым-қатынасына құрылған. Бәрі де әділет үшін, хақ жолы үшін күреседі. Басты идея – адамгершілік. Олардың барлығы зұлымдыққа қарсы. Бәрі де алланың ашық жолында әділдік, мейірбандық табады, әулиешілдікке көтеріледі. Яғни әділдікті негіз еткен алла жолына сендіреді.

Құдайдың ең сенімді адамдары әулиелері. Олар болашақта болжағыш, көреген, сезімтал болады. Бірақ жай адамдар сияқты оларға да өлім хақ, тағдыр бір.

Мәселен, «Мұстафа» туралы толғау. Бұл екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Мұхамбет пайғамбардың өлімі туралы әңгімеленеді. Мұхамбет өзінің әулиелігінің арқасында өзіне өлім күнінің келгенін алдын ала сезіп біледі. Содан барлық жақындарын, бала-шағасын, сақабаларын, үмбеттерін жинап бақылдаспақ болады. Олардың ішінде Абубәкір, Набидей ғұламалар, Ғалиарыстан батыр (күйеу баласы), Расул және Мұхамбет пайғамбардың балалары: Қасен мен Құсайын, қыздары Ғайша, Фатима болады. Олар да әулиелігімен түс көріп, әкелерінің жағдайын сезінеді. Бәрі қайғырады. Халық күңіренеді. Ал Мұхамбет пайғамбардың өзі барлық үмбеттерін мешітке жинап, халық алдына жүгініп, кешірім өтінеді, өсиеттерін айтады. Онда үмбеттеріне адал болуды, кем-кетік жетімдер мен әлсіздерге қарасуды, мейірімді, рахымды, қайырымды, қағатты болуды, бес уақыт намазды қаза етпеуді тілек етеді.

Осыдан кейін ғана алланың тапсырмасы бойынша әзірейіл келеді. Бірақ алланың өзі әзірейілді жұмсарда: «Мұхамбетті әділдік, жақсылық жасау үшін жаратқанмын, дегенмен оның өмірінің сызығы жетті. Енді алдыма әкел, бірақ қаталдық көрсетпей, силы адам етіп жеткіз» деген.

Сөйтіп бүкіл халық болып, сүйікті пайғамбарын жылап-сықтап шығарып салады.

Мұның бәрі адамгершілік, ізгілік жолын көксеген гуманист ақын, сопылық идеяның көрнекті өкілі Сүлейменнің Мұхамбеттің образы арқылы әділдік бейнесін жасауы еді. Осы ретте шығармада Мұхамбеттің мейірімділігін көрсететін эпизодтар кездеседі. Мысалы: айт күні Мұхамбет көше аралап келе жатса, алдынан аш-жалаңаш бір жетім бала кездеседі, ол жүдеу, әлсіз, кішкене қолын тосып, бір үзім нан тілейді. Мейірімі күшті пайғамбар баланы қатты аяп кетеді. Оған нан емес, үйіне апарып үлкен бір түйе сыйлайды. Сондағы пайғамбардың ойы: бала тойынып, ел қатарына қосылып кетуіне бұл түйенің пұлы жетеді,- деген.

Дегенмен өмірде жақсылықтың өкшесін жамандық та баса жүреді. Пайғамбар кетісімен-ақ баланың жанына қу саудагер жетіп келіп, сәбиді жаңғаққа қызықтырады. Етегі жаңғаққа толған бала, түйені саудагерге бере салады. Саудагер баланы алдап түйені жетектеп кете береді.

Бұл эпизодтың басты идеясы пайғамбар өсиеттерінен туындайды. Онда жетімге қарас, ақысын жеме, қайырымды бол деген. Бұл діни қағида тұрғысынан айтылса да өткен қара түнек залымдар билеген заманда өзіндік моральдық тәрбие мәні бар шығарма болды. Бұл идеяны алғаш әулие Қ. Йассауи айтса, кейін оның сенімді мүридi С. Бақырғани толықтыра, жаңғырта түсті.

Шығарманың II бөлімінде Мұхамбеттің михражға ұшу сапары баяндалады. Әзірейіл келіп есігін қаққанда Мұхамбет пайғамбар жайбарақат жатқан-ды. Содан аттану сәті болды. Мұхамбет алдында біраз періштелер бәйек болды. Көктен неше түрлі пырақ келеді (дүлділ аттар). Періштелер ең жүйрік пыраққа пайғамбарды отырғызып аттандырады. Жолшыбай жеті

қат аспанда бұрынғы пайғамбарлар мұны қарсы алып отырады. Ақыры Ләмкенге – құдайдың қабыл алатын орнына жеткенде әлгі шығарып салушылар: періште, әулиелер, пырақтар кейін қайтады. Мұқамбет алла-тағаланың алдына барып бас иеді.

Сұрақ: «Дүние пәниде не бітіріп, немен келдің?» Жауап: «Рахым, әділет, ораза, намаз болды қылғаным. Бір қолымда садақам, бір қолымда керегім – үмбеттерімнің күнәсі, рақымы күшті ием, кешірерсіз»-дейді.

Құдай: «Адамдар арасында достықты, татулықты дамытып, әділет жүргізгенің үшін кешірдім»-дейді. Содан соң ол Мұқамбетке ол дүниені аралауға, жұмақ пен тамұқты көруге ұрықсат етеді. Бірінде кінәсіздер алланың рақымына кенелген, екіншісінде күнәһарлар жазасын тартуда.

Бұл эпизод арқылы ақын өзінің әділеттілік, мейірімділік, жақсылық пен жамандық туралы өзінің қорытынды пікірін білдіреді. Яғни, жамандықтан жирен, жақсылыққа ұмтыл дейді.

С.Бақырғанидың келесі бір сюжетті туындысы «Смағұл қисса» шығармасы. Мұнда негізгі тақырыптық арқау дін төңірегінде болғанмен халыққа қамқор болу идеясы шығармаға негізгі арқау болды. Халқың үшін қасықтай қаныңды қи, өзінді оның аман-саулығы үшін құрбан ет дейді. Сүлеймен пайғамбардың Ибраһим атты жалғыз сүйікті ұлы болады. Ол әрі ақылды, әрі көрікті еді, мектепте Оспан молдадан оқып жүретін. Бір күні алла-тағаладан Сүлейменге хабар жетеді: Жалғыз балаң Ибраһимді құрбандыққа шалуың керек, әйтпесе бүкіл халық апатқа ұшырайды,-деген.

Сүлеймен пайғамбар қатты қайғырады, бірақ амал қанша, елді апаттан сақтап қалу керек. Баласын шақырып алып, зарлап отырып болар жайды айтады. Ақылды Ибраһим ел үшін басын құрбандыққа байлайды. Сөйтіп баланы құрбандыққа шала бергенде, пышақ кеспей қалады. Бұл да алланың әмірі еді. Алла әкелі-балалы екі пайғамбардың өз үмбеттері, халқы үшін жандарын қиюға бар екендіктеріне көзі жетіп, әбден риза болып, пышақты өткізбей тастаған екен. Ибраһим аман қалады.

Жырдың сюжеті өте тартымды, адамды елтіріп отырады. Оқиғаны бейнелі түрде көркем етіп, үйлестіре өрбітіп отырады

ақын. Бірден шығарманың басты кейіпкері жас пайғамбар Ибраһимнің жүзімен танысамыз. (18 өлең).

Осындай сүйкімді жасты, бауыр еті баласын қалайша қиып, құрбандыққа берер еді. Әке қайғысында шек жоқ. Көзінен қанды жас аққан Сүлеймен: (19-өлең).

Әрі қарай ақын әке мен баланың басына түскен қиыншылықты терең психологиялық сезім-толғаныстарды сипаттау үстінде береді. (20-өлең)

Ибраһим баланың ақылдылығы, даналығы оның өсиет сөздерінен де аңғарылады: «Анама қаны тиген киімімді беріндер, әке, сен қанымды үстіңе тигізбей бауызда, содан соң аң аулап жерлерсің»-дейді.

Шығармада әке мен бала арасындағы сүйіспеншілік, дінге, аллаға, ең ақырында елге, халыққа деген сүйіспеншілікпен ұласып кетеді. Ақын мұның бәрін аллаға, дін-исламға шын берілген жандардың ғана қолынан келеді деген соғылық шешім айтады.

С. Бақырғанидың келесі бір шығармасы «Жарты алма» хикаясы қарапайым адамдардың даналық, әділеттілік ісін үлгі етуге арналған. Жырдың басында адам, әлем жаратылысы жайлы ақындық толғауы бар. Әлемдегі барлық нәрсенің келісімді болып жаратылуы толғандырады. Әсіресе адамның бітім-тұлғасы, жеті мүшесі бәрі келісті біткен: көрсін деп көз, естісін деп құлақ, жүрсін деп аяқ, ұстасын деп қол, жұмыс қылсын деп күш-қуат берген деп, алла шеберлігіне таңырқайды.

Бұдан кейін сюжетті негізгі бөлім басталады. Қарапайым бір адам жаздың жайдары күнінде мөлдіреп ағып жатқан бұлақ суына кездеседі. Бетін жуып рақаттанып отырады. Бір кезде жоғарғы жақтан сумен бір үлкен қызыл алма ағып келеді. Әлгі адам оны бас салып ұстап алып, қызыққаннан жартысын қауып жеп қояды. Сөйтеді де ойға қалады. Мен неге асығыстық жасадым. Бұл біреудің бағынан үзіліп түскен шығар. Оны иесінен сұрамай, неге мен жеймін, біреу хақысын жеген күнә ғой деп өкінеді. Сөйтіп арықты бойлап жоғары жүріп, баққа кездеседі. Оның иесі келісті бір батыр адам екен. Қарапайым адам болған жайды айтып, одан кешірім сұрайды. Тіпті

кешірмесең аузы жоқ, көзі жоқ, қолы жоқ, аяғы жоқ үйімде мүгедек қызым бар, соны қалыңдыққа ал дейді. Өз ойынша келбетті батыр ондай қызды алмаймын дер деп ойлайды. Бірақ батыр жігіт: «айтқаныңызға көнейін, қызыңызды беріңіз, мүгедек болса, құдай ісі, мен сау боп тұрып мүгедекке көмектесуім керек, алмаймын десем күнәһар болармын»-дейді.

Содан әлгі бейтаныс кісі қызын әкеп көрсетеді. Жігіт таң қалады, қыз әкесі айтқандай мүгедек емес, ай десе аузы, күн десе көзі бар тамаша сұлудың өзі. Жігіт шалдан: «Жоқ ақсақал, бұның жарамайды, мені аямаңыз, мүгедек болса да өз қалыңдығымды беріңіз»-дейді. Содан кейін қыз әкесі жағдайды баяндайды. (21-өлең)

Осыдан соң тойын жасап бір-бірін шексіз ұнатқан жастар қосылып, бақытты өмір сүреді. Кейін бір ұл бала дүниеге келеді, өте ақылды, дана болып, он алты жаста үлкен білімпаз болып танылады. Бірде хан өз әйелімен жанжалдасып, жүгініске шыдар би таба алмайды. Сонда әлгі үлкен дауды алты жасар бала шешкен екен дейді. Содан оның мерейі үстем боп, хан сайланыпты.

Артынша ел билейді: «бұл кішкене бала қалайша көсем боп кетті» деп. Сонда нағашы атасы айтыпты: «баяғыда алманың жартысын жемей, бүтіндей иесіне қайтарсам, балам үш жасында-ақ ағзам болар еді, әттең қайтейін-ай!»-деп күрсінген екен дейді.

Бұл шығарманың да үлкен моральдық идеяға құрылғандығы сезіледі. Біреудің мүлкін біліп алмай иемденбе, біреудің кемтарлығын кемсінбе қор боласың, адамгершілікті түсіне біл, сабыр ет, ақылды, өнерлі, білімді болған озар дейді ақын Сүлеймен.

Ақынның тартымды шығармасының бірі «Ғалиарыстан» және «Ақтым жыры» бұл шығарманың басты идеясы ел үшін, қарапайым халық үшін үлкен ерлік жасау. Бұл да құдай жолы ретінде бағаланады.

Шығарманың басты ойы Ғалиарыстан батыр сондай адам. Ол Мұқамбет пайғамбардың күйеу баласы, әрі әскери қолбасшы,

сүйікті сақабаларының бірі. Ғалиарыстан ел қорғаны, ол бар жерде ешбір жау батып келе алмаған.

Сондағы араб жұртына көрші еврейлер жаулық ойлап, Ғалиарыстанның ебін тауып, басын әкел деп Қабыл атты зымиянды жұмсайды. Ол жасырын жүріп батырды іздейді, бір кезде Ақым деген қарапайым адамға жолығады. Ақтым әлгі зимиянның ойын сезіп қалып, өзін Ғалимын деп таныстырады. Қабыл абайсызда Ақтымның басын кесіп алып патшасына апарып береді. Содан еврейлер енді Ғали жоқ деп шабуылға шығады. Ғалиарыстан жағдайды енді түсініп, тұлпарына мініп жауды қырып тастайды. Сөйтіп қадірлі азамат кегін қайтарады.

Сонымен шығармада Ақтым да елдің ері Ғалиарыстанды сақтаймын деп жанын пида етті, өзі де ерлік жасады. Шығарма идеясы аталған істері арқылы елге деген сүйіспеншілік пен ерлікті паш етеді.

Қорыта келе айтарымыз Сүлеймен Бақырғанидың сюжетті шығармалары белгілі дәрежеде көркемдік мәні бар, идеясы өнегелі дүниелер. Кезінде адамгершілік, әділеттілік, парасаттылық, өнер-білімге құштарлық, досқа, ел-жұртқа, жетім-жесір, кемтарға қамқорлық идеясын көтерген туынды болды. Оның осы жағынан тәрбиелік мәні күшті болғандықтан, ол еңбектер ғасырлар бойы халықтың сүйікті шығармалары ретінде, шариғат түрінде айтылып жүрді. Медреселерде негізгі оқу құралы болып саналды. Діни қауым Сүлейменнің «Бақырған» жырын Қ. Йасауидің «Хикмет» жырымен қатар әуенді сазға салып айтып жүретін.

Сүлейменнің әдеби жаңашылдығы Орта Азия мен Қазақстан әдебиетіне дәстүр боп орнықты. Мысалы: Сүлеймен алғаш рет «Ләйлі-Мәжүнін», «Фархат-Шырын», бейнелерін жазба әдебиетіне кіргізсе, кейін бұл дәстүрде көлемді шығарма ыңғайында Низами мен Науан жалғастырды.

Ал Сүлеймен творчествосынан басталатын діни сюжеттер, құдай, пайғамбар, әулие жайлы жыр-толғаулар кейін осы сарындас көлемді дастандар жасалуына әкелді: Рудаки «Әбжаппар», Рабғузи «Хиссауи анбия», орта ғасырлық «Жұм-жұма», XIX-XX ғасырларда қазақта Жүсіпбек Шайхысламов,

Ақылбек би Сабал, Шәді Жәңгіров сияқты діни сарындағы киссалар өсіп- өрбіді.

Сүлеймен жасаған әулие, пайғамбар, батырлардың, қарапайым адамдардың көркем бейнелері, сомдалған характерлері, түр-түсі кейінгі көркем классикалық әдебиетке көркем образдар жасауға үлкен әсер етті.

Егер Европа әдебиетіне ескі грек әдебиетінде жасалған мифтік, құдайлар образдары қаншалық әсер етсе, Қ. Йассауи, С. Бақырғани, Н. Рабғузи шығармаларындағы діни негіздегі көркем бейнелер де Шығыс әдебиетінде сондай әсер етіп, классикалық дәстүрдің реалистік сипатын өрістете түсті.

Дегенмен, бұл көне заман ақындарының мистикалық идеяның кең аңғарылатындығын да білеміз. Олар жаңа туып келе жатқан феодалдық идеологияның өкілдері. Сонда да олардың шығармалары халқымыздың сол ерте дәуірдегі жағдайы, қоғамдық-әлеуметтік жайы, көзқарасы туралы елеулі мәлімет береді. Сондықтан олар сол дәуірдің көрнекті өкілдері ретінде танылған.

## **ОРТА ҒАСЫРЛАР ЗАМАНЫНДАҒЫ «АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ» ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘДЕНИЕТІ «КОДЕКС КУММАНИКУС» (ҚЫПШАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ)**

1. Алтын Орда дәуірінің әдеби ескерткіштері.
2. «Кодекс Куманикус» тілі, жанры.

Орта ғасыр дәуіріндегі түркі-қыпшақ мәдениеті мен әдебиетінің елеулі бір кезеңі Алтын Орда заманына жатады. Бұл тарихи күрделі, қайшылықты оқиғалары мол, саяси-әлеуметтік қыртысы қалың келетін, сонымен бірге мәдениет пен өнердің, әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері бар ұзақ үш ғасырға тарта кезең (яғни XIII-XV ғасырлар).

Тарихта Алтын Орда дәуірі қалай болды? XIII ғасыр басында Шығысқа Монғол шапқыншылығы белгілі жаугерші Шыңғысханның бастауымен көптеген жерге жайылды. Ол

әсіресе көрші жатқан түркі қыпшақ елдеріне, яғни қазіргі Орта Азия мен Қазақстан жеріне жойқын шапқыншылық жасады. Сөйтіп, бір кезде өнері мен ғылымы, мәдениеті мен шаруашылығы дамыған қыпшақ елі аз уақыт ішінде тас-талқан боп, азып-тозып кетті. Бұрынғы гүлденген Жетісу мен Оңтүстік өңір, Сыр бойы мен Шу өңірі, ондағы сәнді қалалар жермен жексен болды. Солардың ішінде әйгілі Отырар, Сайрам, Сағанақ, Баласағұн, Шу, Мерке, Яссы, Тараз сияқты үлкен мәдениет ошақтары, олардағы сәнді архитектуралы күмбезді ғимараттар, ою-өрнекті сәнді сарайлар, кітапхана, медреселер бәрі, бәрі күлге айналды. Осыдан кейін бұл жерлерде, яғни қыпшақ-қазақ мекенінде бір замандарға өнері мен ғылымы дамыған гүлденген ел, мемлекет болды деуге адам сенбестей жағдайға жетті. Бұрынғы даңқты Қарахан, Үйсін мемлекеттерінің цивилизациясы солай трагедиялы аяқталды.

Шыңғыс хан өзінің жаулап алған жерлерін балаларына үлестіріп берді. Қыпшақ жері Ертістен Орал тауларына дейін, Солтүстік Қара теңіз, Еділ-Каспий төңірегі оның үлкен ұлы Жошы ханның үлесіне тиді. Ал Жошыханның Батуханның тұсында бұл өңірде жаңа күшті мемлекет атақты Алтын Орда империясы құрылды. Алтын Орданың тез күшейіп, Шығыс Европаны орыс жерін, Батыс Европаның біраз жерін жаулап басып алуы Жошының ұлы сол Бату ханның тұсы болды (1237-1256 жылдар). Одан кейін Алтын Орданың күшейіп дәуірлеген кездері Берке, Өзбек, Жәнібек, Тоқтамыс хандар билеген кезеңдер еді.

Дегенмен, Алтын Орданың билеушілері негізінен маңғұлдар болғанымен, олар сан жағынан аз еді. Алтын Орданың кең байтақ территориясының негізгі тұрғыны түркі тайпалары, оның ішінде ең көбі қыпшақтар еді, яғни бүгінгі қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғай халықтарының арғы тегі.

Қыпшақтардың негізгі мекені қазақ жері, яғни бұрынғы қара шаңырақта қалғаны бүгінгі қазақ елі. Өзге түркі тайпалары сонау XI ғасырда-ақ жөңкіле көшіп батысқа қарай жылжып қоныстанды: Еділ бойын, Солтүстік Кавказ, Қара теңіз, Азов теңізі жағалауын, Қырымды, Дон, Днепрге дейін барып



жайлады. Тіпті қыпшақтың алдыңғы тобы Египетке дейін өтіп, онда мамлюктер атанып, әскери қызметте өкімет билігінде де болды. Осы қалың қыпшақты Бейбарыс туралы аңыз көрші елдер әртүрлі атаумен атады. Гректер мен орыстар «печенектер», «половцы» десе, латын тілінде сөйлейтін европалықтар «куман» деп, ал араб-парсылар бұрынғыша «түркі-қыпшақ» деп жүрді. Алтын Ордаға дейін әлгі қыпшақтар жайлаған үлкен өңір «Дешті қыпшақ» елі деп аталады.

Қыпшақтар бұрынғы мекенінде-ақ (қазақ, Орта Азия жерінде IX ислам дінін қабылдаған, сонымен бірге сол кездегі ең озық араб мәдениеті мен әдебиетін қабылдаған еді. Монгол шапқыншылығы көп бүлінушілікке әкеп соққанмен сол араб-парсы классикалық әдебиетінің ықпалында дамыған бай, қыпшақ әдебиетін түгелдей жойып жібере алмады. Қайта жыл өткен сайын көп қыпшақтың ықпал әсері аз монголдың даму процессін өзіне қарай икемдей бастады. Қыпшақтар ежелден өнер-ғылымы, әдебиеті, жазу-сызуы дамыған мәдениетті жұрт болса, монголдар, керісінше, бұл жағынан махұрым, қараңғы надан болатын. Сондықтан олар жергілікті қыпшақтардың прогресті дамуына оңай араласып кетті. Олар тіпті аз уақыт ішінде өздерінің тілін, әдет-ғұрпын, дінін бәрін ұмытып, тегіс қыпшақша сөйлеп, мұсылман боп қыпшақ әдет-ғұрпын қабылдады. Сөйтіп әйгілі Алтын Орда империясында қыпшақ тілі басты тіл, қыпшақ мәдениеті мен әдебиеті, діні басты дәрежеге көтерілді. Осы қыпшақтың әдеби тілінде тамаша көркем классикалық шығармалар туындай бастады. Оларды Алтын Орда дәуірінің тамаша сөз зергерлері айтулы ақындар жасады. Яғни, Құтбанның «Құсырау-Шырыны» (1341-42), Әлидің «Қисса Жүсібі» (1233), Сайф Сараидің «Гүлстаны» (1391), Хусам Катибтың «Жұма Жұмасы» (1369-70), Мұхамбет Хорезмидің «Мухаббат нама» (1353) шығармалары және т.б. сөйтіп, қыпшақ тілінің мерейі үстем боп, Алтын Орда дәуірінде ол қайтадан жарқырап дамыды. Айта кететін бір жай, Алтын Орда мемлекеті көп жағдайда тарихтан белгілі көптеген шапқыншылықтармен белгілі. Әсіресе, Бату хан бастаған қанды жорықтардан көптеген көптеген талан таражға түсті. Дегенмен,

бұл империяның көлеңкесімен қатаркүнгей жағы да бар. Өзбек, Жәнібек хандар тұсында мұнда өнер, мәдениет, шарықтап дамыды. Дүние жүзінің түкпір-түкпірінен я шақырылып, я зорлықпен көптеген білімпаз ғалымдар, ғұламалар Алтын Ордаға алдырылды. Олардың барлығы да сонда қызмет етті. Орданың астанасы Сараи қаласында көптеген мәдениет ошақтары салынды, сәулетті ғимараттар ақ тастан салынып, күн сәулесімен шағылысып жарқырап тұрды. Міне, қыпшақ мәдениеті осындай даму кезеңіне жетті. Қыпшақ тілі Алтын Орданың мемлекеттік тіліне айналды. Бүкіл іс-қағаздар, шет елдермен қарым-қатынас қыпшақ тілінде жүрді. Оның үстіне Алтын Орда жерін атақты Жібек Жолы басып өтетін: ол Батыс Европа мен Шығыс Азияны байланыстыратын. Яғни, Европалықтар мен Азиялықтар осы Алтын Орда астанасы Сараида кездесетін. Сонда олардың бір-бірімен түсінісуі сол қыпшақ тілі арқылы болатын. Яғни қыпшақ тілі ендігі жерде халықаралық тілге айналды. Оны білу - дүниежүзілік маңыз алды. Міне, содан келіп қыпшақ тілінің халықаралық сөздігін жасау мәселесі қаралды. Ол сөздік сол XIII ғңасырда жасалынды. Оның аты «Кодекс Кумманикус» (Қыпшақ сөздігі). Сөздіктің аты латын сөздерінен тұрған: кодекс-сөздік, куман-қыпшақ. Сөздікті латынша сөйлейтін батыс европалықтар жасаған. Өйткені олар Алтын Ордаға мәжбүр болған. Сөздік Батыс, Шығыс және Алтын Орда жағдайына сайлатын, қыпшақ, парсы, тілдері сөздерінен тұрды. Негізінен ол екі бөлімді.

1. сөздер аудармасы

2. сол сөздерге түсінік

Мысалы бірінші бөлімде әр сөз аталған үш тілде аударылып үш бағанаға тізілген, яғни сөз үйренуге өте қолайлы. Ал екінші бөлімде сөздерге грамматикалық түсінік беріле отырып, оларға әдеби шығармалардын мысалдар келтіріліп отырған. Бұлардың ішінде жеке шумақ өлеңдер, аңыз-әңгімелер, жұмбақтар сияқты жанрлар үлгісі бар. Яғни, орта ғасырлық қыпшақ тілі мен әдебиетінен мол мағлұмат береді. Оған қарап біз бүгінгі әдебиетіміздің сонау алыс ғасырлардағы терең тамырларына бойлай аламыз, көптеген дәстүрлік, табиғи

байланыстарды танып білеміз. Шындығында тюркологтар қыпшақ тілі мен әдебиетінің бүгінгі қазақ тілі мен әдебиетіне көп жақын екендігін айтып дәлелдеген (Радлов, Малов т.б.)

«Кодекс кумманикустың» түп нұсқасын алғаш рет Шығыс елдерін, Орта Азияны көп аралап, саяхат шеккен және кезінде елшілік рөл атқарған италияның белгілі ақыны Ф. Петрарк (14 ғасыр) тауып, Венеция өкімет кітапханасына тапсырған екен. Белгілі ориенталист Г. Клеапарт 1893-85 жылдары «Кодекс кумманикустың» алғашқы бөлімін француз тіліне аударып «Французша-куманша сөздік» етіп шығарады. (Парижде). Бұдан басқа 1880 жылы Г. Кун деген ғалым бұл сөздікті Будапештте бастырып шығарды, бұл әбден түзетіліп, толық етіп шығарылған түрі болды. Ғылыми тараулар да қоса берілді, алғы сөз бен түсініктер жасалынды.

Ресейде «Кодекс кумманикусті» 1887 жылы академик В.В. Радлов орыс алфавитінде бастырып шығарды. Осы XX ғасырда бірнеше рет басылды. Біздің елімізде ғалымдар мұны жан-жақты зерттеп, құнды-құнды пікірлер айтты. Радлов, Малов, өзбекте Э. Русиамов, қазақта С. Аманжолов, Ә. Құрымжанов, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншіәлиев т.б.

Барлығы да «Кодекс кумманикустың» орта ғасыр тілі мен әдебиетінің, қыпшақ елінің аса құнды мұрасы, бүгінгі түркі халқының ертедегі маңызды ескерткіші, қарауға себепші асыл дүние екендігін айтып отыр.

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ШЫҒУ НЕГІЗДЕРІ

1. Қазақ хандығы құрылу қарсаңындағы қоғамдық әлеуметтік, саяси жағдай.
2. Қазақ хандығы өмір сүрген тұстағы қоғамдық, әлеуметтік, саяси жағдай.
3. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. Жыраулар поэзиясының тарихи шығу негіздері.
4. Жырау және жыршы. Толғау жанры. Жыраулық дәстүр. Қазақ әдебиеті тарихынан жыраулар поэзиясының алатын орны.

1. XIII ғасырда Шыңғысхан әскерінің қазақ даласын баса отырып, батысқа жасаған жорығы. Шыңғысхан иелігінің құрылу жайы. Ұлыстық құрылым. Жошы ұлысының негіздегі Алтын Орда мемлекетінің құрылуы. (Дешті Қыпшақ Ордасы) Алтын Орда және Көк орда. Көк орданың (Орыс хан) кейін қазақ хандығының құрылуына негіз болғаны. Қазақ хандарының шежірелік тегі. (Генеологиясы). Алтын орда мемлекетінің ыдырап, бірнеше хандыққа бөлінуі.

Ұлық орда (Ұлы орда) Ұлкен Ноғайлы Ордасы (Еділ мен Жайық бойында) Кіші Ноғайлы ордасы (Азау бойында, Азау – Керман, Азов теңізі) Қазан хандығы, Қырым хандығы, Астрахан (Хаджы -Тархан) хандығы, Сібір хандығы, Көшпелі Өзбек ұлысы (кейіннен Өзбек хандығы), Қазақ хандығы құрылуы. Олардың арасындағы саяси – әлеуметтік қатынас. Көшпелі Өзбек, Өзбек- ноғай, ноғай - қазақ, Өзбек- қазақ құрылымдарын түсіну.

2. Қазақ хандығының құрылуы. Қазақтың алғашқы хандары – Керей, Өз-Жәнібек. XVI ғ. Қазақ хандығы. Қасымхан тұсындағы қазақ хандығының нығаюы. Қасым ханның қасқа жолының жасалуы. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сана негізінде жасалуы.

Тәуекел хан (1586-1598) тұсында Қазақ Ордасы мен Мәскеу патшалығы арасындағы дипломатиялық қарым-

қатынастың нығая түсуі. XVII ғасырдағы қазақ хандығы. Есім ханның бір орталыққа бағынатын мемлекет құру саясаты. Есім хан мен Қатаған ұлысы мен Ташкенттің ханы Тұрсын Мұхаммед Сұлтан арасындағы қайшылықтың себептері. Есімнің Тұрсын Мұхаммед ханды жазалауы. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заңдар жүйесі. Салқам Жәңгір (Жаһангир) тұсындағы әскери реформа № Осы кездегі дүрбін ойрат шапқыншылығының үдеуі. Тәукехан тұсындағы (1680-1718) қазақ хандығының саясаты.

Қазақ елінің ішкі бірлігін нығайтуға бағытталған Тауке хан реформалары. Тәуке хан шығарған „Жеті жарғы заңы,, Ел бірлігіне шақыратын Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің қазақ тарихынан алатын орны, оның жыраулар поэзиясындағы көрінісі. Ойраттардың 1723-1725 және 1740-1742 жылдардағы қазақ даласына шабуыл жасады. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» зұлматы. Қазақ халқының ойраттарға қарсы азаттық күресі. Ойраттың Сибан Раптан (1697-1727 ж.ж Цеван - Рантан) және Қалдан Церен (1727-1746 ж.ж. Палдан Церен) секілді қонтайшыларына күйрете соққы берген қазақтың ержүрек батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай және тағы басқа батырлары мен үш жүздің басын қосып, сыртқы жауға бастаған ержүрек хан Абылай бейнелерінің жыраулар поэзиясында жырлануы.

3. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің (XI-XVIII ғ.ғ.) негізінен жыраулар поэзиясы екендігі. Жыраулар поэзиясының негізінен ауызша дәстурге құрылуы. Аты аңызға айналып кеткен жыраулар поэзиясының арғы өкілдері боп саналатын Кете жырау (Қашғари „Диуани луғат ат – түрік,,) Ахмет, Кетбұғы тайшы немесе Қотан жырау, Сыпыра жыраулар дәстүрі. Сыпыра – ноғайлы жырларының ортақ кейіпкері. Қазтуған, Асан Қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа, Үмбетей, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұқар, Көтеш Шал поэзияларының негізгі сипатын айқындау.

4. Жырау мен жыршы ұғымдарының мағынасы Толғау жанрының жырау поэзиясының негізгі жанры екендігі. Толғаудың жыр үлгісінде шығарылуы. Психологиялық және

синтаксистік параллелизмдердің жиі қолданыс табуы. Дағдылы айқыштың аз болуы. Басқа рифмаға мән берілуі Аллитерация мен ассонанстың мол қолданылуы. Жырау поэзиясының екпіндік сипаты (Тоникалық). Екпінді ырғақтың басымдылығы Кенжебаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Мұхтар Мағауин пікірлері.

## ҚАЗТУҒАН СҮЙІНШҰЛЫ МҰРАЛАРЫ

1. Қазтуған жыраудың шыққан ортасы, өмірінен мәлімет.
2. Қазтуғанның өзіне арналған «Мадақ» жыры.
3. Жырау толғауларының тақырыптық мәні. «Еділмен қоштасу» (толғау).
4. Қазтуған жырларындағы Асан Қайғы сарыны.
5. Жырау поэзиясының көркемдік әуезі, ырғағы, құрылымы.
6. Қазтуған өлеңдерінің ерекшеліктері. Басылу, зерттелуі.

1. Қазтуған Сүйінішұлының XV ғасырда жасаған жауынгер жырау екендігі. Өскен ортасы, тарихи дәуірі туралы. Осы мәселе турасында профессор Х. Сүйіншәлиев пікірін ескеру. Жыраудың өз толғауларында оның өмірі туралы аздаған деректер кездесуі. Жыраудың ортасы, тегі туралы әдебиетші-ғалым М. Мағауин пікірі. «Алаң да, алаң жарт» («Еділмен қоштасу жыры») толғауындағы жырау өміріне қатысты жайттар.

2. Жырау толғауларының тақырыптық сипатын нақтылау. Жырау толғауларының негізгі тақырыптық сипаты туған елге, жерге деген зор ықылас, сүйіспеншілік, құрмет, махаббат, өмір туралы даналық байламдар, жауапкерлік рух, өршіл, болмыс, өзінің тектілік болмысын паш ету болып келетіндігі. «Мадақ» жырындағы батыр болмысы. Жырау поэзиясының тақырыптық сипаты жөніндегі М. Мағауин пікірі.

3. Қазтуған жырлары әуенді, дыбысты, аруақты күшті поэзия екендігі. Бірыңғай ассонанс пен аллитерацияның молдығы. («Арғымақтың баласт», «Жабағылы жас тайлақ») Қазтуғанның өлең құрылымына мән берген шебер жырау екендігі. Образды, ұтымды теңеулердің молдығы («Еділмен

қоштасу жыры»). Батыр образының, портретінің шебер сомдалуы. («Мадақ жыры») Қазтуған жыраудың жыраулық поэзиядағы аса мәнді орны, өнерпаздық болмысы.

Жырау өзі жасап отырған тұрмыс-тіршілігіне дән риза. Көк майсаға қонған бай ауылдың бейқам бейнелері, сән-салтанаты жаны пәк жайдары жас ерлердің көңілді сезімдеріне ұштастырылып, пейзаждық әдемі сурет елес береді. Жырау әрқашан елі-жері үшін еңіреп туған ер боп көрінеді. Туған жерін шын сүйген жас батыр бейнесін сомдайды.

Жауды көрсе жайнаған,  
Жай тасындай қайнаған.  
Еділде тұрып оқ атса,  
Жайыққа түсіп жоғалған...  
Ноғай-қазақ жұртының  
Қонысын қалған қия алмай  
Қазтуған жауға аттанған  
Батырлар ерлік еткен жер...1, 344 б.].

Қазақстан Ғылым академиясы қолжазба қорында «Қазтуғанның қоныстан ауғанда айтқаны» атты тағы бір толғауы бар. Онда да Қазтуған Асан Қайғымен пікірлес, Асан баласы Абат екеуі бір бағытта қызмет етеді.

Қара ағаштай қалың ноғайлым,  
Еділді тастап біз көштік,  
Қалың қара тоғайын.  
Әзелден жазған орынға,  
Айдаған шығар құдайым... [1, 345 б.].

Қазтуған Шерқұттыға айтқан сөзінде барар жерін, қонар қонысын ескі қоныс Еділ мен Жайыққа қарама-қарсы қойып, оны мақтай түседі:

Менің барар қонысым,  
Қысты күні суы қатпаған,  
Гүл бақшаның ішінде,  
Балалар ойнар жатпаған,  
Қой менен бәрі қосылып,  
Бағусыз малдай оттаған.

Өзінің барар бағытын нақты белгілеп, Орта Азияны меңзейді.

Қазтуған туған жерді еріккеннен тастап кетпейді. Ол Еділ, Жайық, Жем, Сағыз бойларын қалдырып бара жатқанын айтып өкінеді, қоштасады. Қазтуғанның жариялаусыз жатқан мына бір қоштасу сөзі оған куә:

Қарғадай бойлы Қазтуған,  
Қайғыланып толғай ма?  
Ебей басты құба үлек  
Ескектеп желсе шалғай ма?!

Немесе:

Еділ мен Жайық арасы,  
Ноғайлының ұлына.  
Қайырлы қоныс болғай ма?  
Жағасы босап сол қазақ,  
Сол қонысқа қонғай ма? [1, 345 б.].

Қазтуған жыраудың бізге жеткен екі-үш өлеңінің екеуінде туған жер, жұртын тебірене жырлайды. Қазтуған жырларында жер-су, қоныс, мекен, бүкіл ел жұрт тағдырымен тікелей байланыста жырланады.

Алаң да, алаң алаң жұрт  
Ақ ала ордам қонған жұрт  
Салп-салпыншақ анау үш өзен.

Салуалы менің ордам қонған жер, – деп толғағанда [2, 95 б.], – жырау бір ғана өз от басы, жеке мекенін айтып отырған жоқ. Мұндағы «салуалы орда», «Салп-салпыншақ үш өзен», «Қазақ-ноғай руларының қоныс жайлары». «Ақ ала ордам», «Салуалы менің ордам», «Қайран менің Еділім», «менен қалған мынау жұрт» деп меншіктеп сөйлеу ақындық менге, екінші сөзбен айтсақ лирикалық геройға байланысты. Қазтуған толғаулары ата қонысынан айрылған елдің жай-күйін, толғанысын бейнелейді. Артта қалған жұртын суреттеуде ақын не бір бедерлі көркем сөз өрнектерін тауып, туған жерінің бақасы мен шаянына дейін шебер әсерлей сипаттайды. Оның:

Ботташығы бұзаудай



Боз сазаны тоқтыдай,  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған [2, 96 б.], -

деген жолдарынан жер-суға, шаруаға жайлы, жайсыздығына қарай берілген бағаны көреміз. Еліне, жеріне деген сүйіспеншілік туған мекеннің жерлік, сулық қасиеттерімен жанасты жырланады. Қазтуған толғауларында мекен, қоныстан айрылғандағысы қайғы, мұң емес, сол жерге сүйсіну, мақтаныш сезімдері басымырақ. Бейнелі образдар мен айшықты өрнектерде асқақ үн мен жігер мол. Бұл ерекшілік, біздіңше, жыраудың өзі батыр, жауынгер тұлғасына байланысты. Талай қан майданды басынан кешкен өр кеуделі жырау көшкен мекеніне қайтып оралмаймын деп ойламайтын сияқты. Сондықтан да ол жерімен қоштасқанда:

Сүйткен менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сіздерге,  
Менен қалған мынау Еділ жұрт [3, 96 б.] -

деп, ақ батасын береді. Құнарлы жерін, орманды-нулы, өзенді-сулы өлкесін мекендеп, адал кәсіппен айналысқан берекелі елді аңсап, халқына арнап ақыл-кеңес айтудан бір талмайды. Шешендік орамды сөздер, түйінді, түйдек ойлар айтылады [4, 27 б.].

Әрине, осы өнер саңлақтарының бәрі де біздің есімізде сақтаулы, бәрі де керемет ақын-жыраулар болған деп айта алмаймыз. Л.М. Леоновтың: «Дүниеде сөздің дертінен ауыр дерт жоқ, сөздің шарапатынан даулы шарапат жоқ, сөз тұрлаусыздыққа емес – баяндылыққа, өлімге емес – өмірге қызмет етеді!» дегеніндей қай уақытта да әдебиеттің бетін айқындап, сол дәуір талабына өзінше үн қатып, оның қоғамдық қажетін жетілдіріп өтейтін жеке дара сөз өнерінің саңлақтары болып есептелінген.

## **АСАН ҚАЙҒЫ СӘБИТҰЛЫ ӨМІРІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

1. Асан Қайғы – аңыздық тұлға.
  2. Тарихи Асан Қайғы. Жырау өмірінен деректер.
  3. Жырау толғауларының тақырыптық ерекшелігі.
  4. Асан Қайғы мұраларының көркемдік сипаты.
- 
1. Қазақ арасындағы Асан Қайғы туралы аңыздардың сипаты. (Асанның Қайғы аталуы, жас кезінен тапқыр дана аталуы. «Асан мен Етек хан аңызы») Асанның жер-суға байланысты сындары. Асан Қайғы туралы аңыз бен ақиқат.
  2. Асан туралы тарихи мәлімет және аңыз. Асан – халық тілегінің жоқтаушысы. Жәнібек пен Асан арасындағы қарым-қатынас. Жәнібекке айтқан толғауларының әлеуметтік мәні, тарихи сипаты.
  3. Асан Қайғының толғау-жырларындағы сын-болжаулары, өсиет-сәуегейліктері, олардағы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, шұрайлы жер, бақытты ел іздеген халық арманының, әлеуметтік мұратының көрінісі. Қазтуған мен Абат батырларға айтқан өсиет ақылдары. Ел қамын қайғыруы.
  4. Асан Қайғының тарихи тұлға екендігі. Оның XIV ғасырдың соңғы ширегінде туып, XV ғасырдың бірінші жарысында өмір сүрген тарихи тұлға, мемлекет қайраткері екендігі. Белгілі орыс және қазақ ғалымдарының Асан Қайғының тарихи тұлға екендігі жайында айтқан пікірлері. Оның Алтын Орда ханы Ұлық Мұххамедтің (кейінен Қазақ ханы Ормамбет) қазақ ханы Жәнібектің ақылшы биі, уәзірі болғандығы. Халық арасындағы жыраудың зираты жөніндегі әңгімелер.
  5. «Асан Қайғы – көшпелілердің ұлы философы» (Шоқан). Жырау толғауларының жалпы сипаты. Ел қамын ойлаған Асанның Өз- Жәнібек ханға қарата айтқан толғауының әлеуметтік мәні, тарихи сипаты. Асан Қайғы толғауларындағы заман көрінісі, туған жер бейнесі, өсиет-

ғибрат сөздерінің мәні. Жыраудың «Қырында киік жайлаған», «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің», «Бұл заманда не ғаріп», «Еділ болда Жайық бол», «Көлде жүрген қоныр қаз» деп басталатын толғауларын талдау.

6. Жырау толғауларында кездесетін аллитерация, ассонанс, психологиялық егіздеу (параллелизм), басқа да тілдік айшық, көркемдік өрнектерді толғау мазмұнындағы идеялық - мазмұндық бүтіндікпен байланыста ала отырып қарастыру.

Асан Қайғы Сәбитұлы (XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Керей мен Жәнібектің ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі Асан Қайғы мазары делінеді. Асан Қайғы заманындғы алтын орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазақ, Өзбек хандықтары пайда болды. Асан Қайғы қазақ халқы ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей Жәнібек сұлтандарды жақтайды. Шу мен Арал аралығында қазақ ордасы құрылған кезде Асан Қайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады. Ішкі саясатта жер-су, жайылым, қоныс үшін қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеу, ел-жұртының хал- ахуалын жақсарту мақсатында Асан Қайғы хан алдына өзінің «ымыраға келу» теориясын ұсынған. Хан мен қара бұқара арасындағы қарым-қатынасты ушықтырмай, әділет тұрғысынан шеше білген. Сыртқы саясатта халқының өсіп-өркендеуіне ұйытқы болып, қазақ қоғамының үлгісін жасаған. Елі мен жұртының болашағы туралы қатты қайғырған, толғанған абызды халық Асан Қайғы деп атаған. Ол жаңа хандыққа үлкен үміт артып, қазақ халқының бақытты болашаққа жетуін көкसेген. Осы мақсатты көздеп, ол сол хандыққа қазақ руларының түгелдей енуіне күш-жігерін жұмсаған. Асан Қайғы есімі тек қазақ халқына емес, басқа да ағайын халықтарға (қырғыз, қарақалпақ, ноғай т.б.) кеңінен тараған [1, 471 б.].

«Қазақ шешендік өнерінің негіздері» кітабында Асан Қайғы туралы былай дейді: Асанның аты – Хасан, ол жасынан

жетімдік көріп, тағдыр тауқыметін көп тартқан, өскеннен кейін де халқының болашағын ойлап, толғанумен мұнды болып жүріпті. Бұл туралы Құрбанғали Халидовтың «Тауарих хамсасында» мынадай мәлімет бар: «Асанның асыл түбі-ноғай, әйгілі Майқы бидің тұқымы. Шын аты Хасан екен, халық оны құрмет тұтып, Асан ата атап кеткен» [2, 153 б.].

Асан ХҮ ғасырда Жәнібек ханның тұсында өмір сүріп, сарай маңындағы ақылшы-ақсақал жыраулардың басы болған. Асан Қайғының атымен байланысты жер аттары Қостанай, Тоғай, Ырғыз бойында өте көп. Қазіргі Ақтөбе облысында «Асан ата» есімінде ескі бейіт бар екен. Асанның өмір сүрген жері қазіргі Ақтөбе облысы екенін анықтай түсетін оның мынадай атақты толғауы бар:

Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған.  
Оймауыттай тоғай елімнің  
Ойына келген асын жейтұғын  
Жемде кеңес қылмадың.  
Жемнен де елді көшірдің!

М. Мағауинның «Қобыз сарыны» кітабында былай делінген: Асан Қайғының есімі қазақ сахарасының қай түкпірінде болмасын мәшһүр. Асан Қайғының бір ныспысы – Асан ата. «Таурих хамсаның» авторының «Асан Қайғыны кім деп білесіз?» деген сауалына Құдабай ақын мынадай жауап қайырыпты:

Асанның асыл түбі ноғай деймін,  
Үлкендердің айтуы солай деймін.  
Бұл сөзге анық қанық емес едім,  
Естігенім тақсыр-ау бұл-ай жеймін,  
Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.  
Орманбет хан ордадан шыққан күнде  
Асан ата қайғырып айтыпты жыр, - дейді [4, 19 б.].

«Ай, заманай-ай, заман-ай» кітабында былай делінген: «Асан Қайғы атанып кеткен Хасан Сәбитұлы 1361-1370 жылдар аралығында Еділ бойында туса керек. Тарихи аңыздар Асанның әкесі саятшы екен дейді. Революциядан бұрын жасаған қазақ

тарихшыларының еңбектеріне қарағанда, Асан Алтын Орда ханы Ұлығ-Мұхамедтің ықпалды билерінің бірі болды. ХҮ ғасырдың 20-шы жылдарында Ұлығ-Мұхамед ордан қуылғанда Асан өз әміршісімен бірге кетеді. 1450 жылда Әбілхайыр ұлысындағы тартыс кезінде Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. 1456 жылы Шу алқабында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды. Аңыздың айтуынша, ақын Сарыарқада-Ұлытауда дүние салыпты» [5, 22 б.].

Асанның нақты қай жылы, қай жерде өлгені белгісіз. Бір мәліметтерде Асан Ата қазіргі Өзбекстан жерінде, Жиделі Байсында дүние салды делінеді. Енді бір аңыздарға қарағанда Асан Ұлытаудың басында қайтыпты. Ал Шоқан Асанның зираты Ыстықкөлдің маңында тұр деп жазады. Ақынның қанша жасағаны да белгісіз. Бір аңызда Асан 95 жасқа келген карт, енді бір аңызда оның жасы 120-да еді делінеді [4, 20 б.].

Жұрт санасынан орын алған Асан – ел бақытын, халық тыныштығын ойлаған дана қария.

Ай, ағамыз, ағамыз,  
Болдың бізге панамыз,  
Ноғайдың жетім-жесірін,  
Қойдай айдап сен бақтың,  
Аш-арық болған ноғайға  
Пана болып, оларға

Тамақ беріп жем таптың! – дейді ер Тоған Асан Қайғыға Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батырында» [4, 21 б.].

М. Әуезов: «Асан аңызындағы халық мүддесімен қабысатын Асан емес, хан сарайының ақылшы, сыншы, санашылы болған Асан. Құладыңға қу ілдіргенің жаман ырым, қала салғаның жаман қылық деп сынап шенейді. Мұндағы Асан кертартпа феодалдық заңның санашылы болып шығады. Саны аз болғанмен Асанның Жәнібекке айтты деген сөзі және кейін Бұқар шешетін, Асаннан басқа бөлек жат саналы адамды танытады», - деген екен [6, 30 б.].

Енді қорытындылай келгенде:

Асанның шын аты – Хасан  
Майқы бидің алтыншы ұрпағы  
«Ымыраға келу» теориясын ұсынған.

Кейінгі ұрпақ әулие танып, аңыз кейіпкеріне айналдырған, ал Ш. Уалиханов «Көшпенділер философы» атаған Асан Қайғы өз заманының үлкен ойшылы еді. Ол көптеген нақыл сөздерін, афористік, философиялық толғаулардың авторы.

Тарихшылардың айтуынша, Асан Қайғы өмір сүрген заманда бұрынғы Алтын Орда жұртынан бөлініп шыққан хандықтар арасында өзара қайшылақтар көбейе бастаған болатын. Жәнібек бастаған қазақ хандығы ХҮ ғасырдың 60-шы жылдары Әбілқайыр бірлестігінен бөлініп, Шу бойында жаңа хандық құрды. Жаңа құрылған жас хандықтардың жауы да аз болған жоқ. Ел басына төнген осындай ауыр жағдайлардан құтылудың бір жолын Асан Қайғы көшу, қоныс аудару деп түсінді [3, 54 б.].

Асан сөзінің бәрі дерлік – ойлы нақылдар. Мысал үшін «Алдаспан» жинағында 1972 жылы тұңғыш жарияланған мына жолдарды келтірсе де болады:

Таза мінсіз асыл тас-  
Су түбінде жатады.  
Таза мінсіз асыл сөз-  
Ой түбінде жатады.  
Су түбінде жатқан тас,  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сөз,  
Шер толқытса шығады [7, 257 б.].

Асан айтқан нақыл сөз, Асан айтқан толғау жырлар, әрине, өте көп болған. Асан сөздерінің дені:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,  
Құлан қайтып күн көрер.  
Аяғы жоқ, қолы жоқ,  
Жылан қайтып күн көрер.  
Жалаңаяқ байпаңдап,  
Қаздар қайтып күн көрер.

Шыбын шықса жаз болып,  
Таздар қайтып күн көрер, -  
іспеттес нақыл, толғау түрінде келсе керек [7, 27 б.].

Асан Қайғының философиялық дүниетанымы 3 бағытқа бөлінеді [7, 472 б.].

1. Этикалық дүниетаным – ұлы жыраудың философиялық ойларының өзегін құрайды. Адам, адамшылдықтың басты қасиеттері, олардың мәні мен сипаты жоғары имандылық деңгейінде қарастырылады. Поэтикалық формамен берілген этикалық ұғымдар, түсініктер, қағидалар Шығыс өркениетіне тән ерекшелігімен сабақтастық тауып, адамгершіліктің алуан қырлы болмысын айқындайды.

2. Поэтикалық зерде және философияның қазақ дүниетанымында егіз ұғым екенін жырау өз толғаулары арқылы дәлелдеп береді. Адам өмірінің мәні, мақсаты, өлімнің растығы, дүниені тану мәселелері – Асан Қайғы философиясының басты бағыттары.

3. Асан Қайғы гуманизмі, адамға деген сүйіспеншілігі, тарихи сана арқылы түркі халықтарының жадында сақталған.

Осындай қашып жүрген халықтардың болашағын, қамын ойлап, Асан Қайғы қатты толғанған. Олардың өмірін, тұрмысын жырлаған.

Асан жайындағы аңыздардың ең таңдаулысы – оның «Жер ұйықты іздеуі». Асан Қайғы елдің кешіп отырған тұрмысына қанағаттанбайды, мекен еткен қоныстарын жерсінбейді, халықтың болашағын ойлап, қамығады. Оның ойынша жер үстінде адамзат тіршілігінде көруі мүмкін жұмақ бар, оның аты «Жер ұйық». Бұл – кісі жүзге келсе өлмейтін, малы екі қайтара төлдеген, елді жау алмайтын, малға жүт келмейтін мекен. Бұл – шөбі шүйгін, суы мол, шаруаға жайлы қоныс. Адамы қайғы дегеннің, қастандық дегеннің не екенін білмейтін, ертеңім не болады деп ойламайтын елге ырыс жер. Онда жұрттың бәрі де шат-шадыман тіршілік кешеді, ел аласы жоқ, ағайын арасы тату. Бірліктің, ырыстың, бақ-дәулетті, тыныш, бейбіт тұрмыстың белгісі ретінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған.

Міне, осы жерге қоныстану керек. Бірақ оған жету оңай емес. Ұзақ, азапты сапарға жылдар бойы әзірлену керек. Соншалықты төзім, шыдамды бастан өткерген соң ғана «Жер ұйыққа» сапар шегуге болады. Соның бәріне сабырмен, шыдамдылықпен төзген, жолда кездесетін барлық қиыншылықтарды көтере алатын, бақыт дегеннің бақытқа жету жолындағы күрес дегеннің не екенін білетін ел ғана «Жер ұйыққа» қоныстанбақ.

Бірақ сол «Жер ұйық» қайда? Мұны ешкім де айта алмайды. Малға жай, елге ырыс жер барын Асан өзінің ғайыптан болжайтын даналығының арқасында білді. Сөйтіп, Асан Қайғы мал біткеннің жүрдегі, әрі жылдамдысы желмаяға мініп алып, төңіректің төрт бұрышын түгел кезеді. Айдан ай, жылдан жыл өтеді. Бірақ арман болған «Жер ұйық» табылмайды. Халқына бақыт сыйламақ болған Асан Қайғы өксіп келіп, Ұлытаудың басына жеткенде дүниеден өтеді.

Әлем фольклорындағы ең таңдаулы аңыздарының бірі осылай ауыр күрсініспен, мұңды толғаныспен аяқталады. Асан Ата «Жер ұйықты» таба алмапты жұрт сенгісі келмеді. Аңыздың енді бір нұсқалары былай жалғастырылады: сөйткенмен, Асан Қайғы бір топ елді ертіп әкеткен екен, олар «Жер ұйыққа» жетіпті, қазір сонда шат-шадыман тұрмыс кешіп жатыр-мыс.

Желмаяға мініп жер шалған Асан Қайғы жолай кездескен жерлерге, жайлау-қыстауларға өз бағасын бере отырады. Қазақ арасын да шүйделі қоныстарды былай қойғанда ұсақ өзендер, кішкентай төбешік сай-сала жайында да «бұл туралы Асан Қайғы солай депті», – деген сөздер жиі айтылады. Асан шықпаған төбе, Асан түспеген бұлақ жоқ сияқты. Сондықтан «...Жер-сулар, қоныс-қыстаулар жайында Асан айтты деген сын сарап, барлау, болжау сөздердің өз жерінің сырын, жайын түсініп, танып болған соң, көп тәжірибе жылдарынан соң Асан атынан қосқан өз шығармалары, өз сындары деген М. Әуезов пікіріне қосылуға тиіспіз.

Жер жайында Асан айтты деген сөздер тапқыр, әрі көркем келеді. «Үш Алматы деген жер бар екен. Сарымсағы сабаудай, бүлдіргені бүйректей, алмасы бар жүректей. Сол



жерді қимадым» – депті Асан Қайғы. Шымкент, Сайрамды көргенде: «Екі басса бір базар, малда береке болмайтуғын, базары жақын-байымас, мазары жақын-көбеймес», деген екен.

Семейтауды:

Төс табаны төрт елі  
Атан жүрер жер екен.  
Төсегінен түңілген  
Ажам жүрер жер екен, – дейді.

Асанның бұл реттегі сөздері бос мақалдау, жай тақпақ емес. Сөз етілмек қоныстардың малға, басқа жайлы-жайсыздығы айтылып, оның өзіндік ерекшеліктеріне дәл баға беріледі. Кейде жер аттарының шығуы да осы Асан есімімен байланыстырады.

«Шідерті» деген өзенді көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай арықтатып мінген ат бір айда майға бітетін жер екен, бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын жылқының жері екен», – деп .... біраз жатқан екен. Сол себепті Шідерті атанған екен.... «Түндікті» деген өзенді көргенде: «Он екі тұтам қазылық үй түндік, маңырап жатқан қой түндік, қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен» – деп, қимай артына үш қарағандықтан «Үшқара» атаныпты.

Сарыарқада небір шұрайлы жерлер болғанмен, аңыздың айтуынша, Асанға ешбірі ұнамапты, өйткені Асанның іздегені – мал маңырап өсетін жер. Сондықтан Асан өзі көрген жерлердің қайсысынан болмасын мін табады.

Асан сыны кейде тым ащы, аса өткір. Мәселен, Асан Шыңғыстауды көргенде былай депті-мыс: «Мына шіркіннің топырағы құтырған екен, оған шыққан шөп құтырады, оны жеген мал құтырады екен, оның етін жеп, сүтін ішкен адам құтырады екен: қаны үзілмейтін, кісі өлтіру, ұрыс- төбелес көп болатұғын жер екен» [8, 25 б.].

Ол іздеген «Жер ұйық» шұрайлы қоныс қана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих сахынасында сақтап қалу бағдарламасы [9, 471 б.].

Енді қорытындылай келсек:

Адамдар жақсы өмір сүретін жер «жер ұйық» деп атап, соны іздеген.

Желмаяға мініп, жер шалған Асан Қайғы шұрайлы жерлерге, жайылым, қыстауларға баға берген.

Асан Қайғының жыр-толғаулары негізінен үлгі-өсиет, мақал-мәтел іспеттес болып құрылады. Жырау ру-тайпалық одақтардың генеологиясын, халықтың әдет-ғұрпын, дәстүрлерді дәріптеп, өмір сүрудің мәні туралы, жақсылық пен жамандық, әділдік пен зұлымдық, үлкенді сыйлап-қастерлеу, олардың ақылын алу, бір-бірімен босқа қырқыспау, бейбіт өмір кешуге, ізгі ниетті, қарапайым, адал, шыншыл, иманды болуға шақырады.

Өлетұғын тай үшін,  
Қонатұғын сай үшін  
Желке терің құрысып  
Бір-біріңмен ұрыспа [5, 472 б.].

Түсіністік пен үйлесімді өмір сүру үшін, әр адам өзін-өзі жетілдіру қажет, ізгілікті болу – бүкіл адамзат атаулының бәріне ортақ дейтін гуманистік тұжырым жырау шығармашылығының негізгі арқауы.

Ақылдының белгісі өтпен істі кумаса,  
Әділдіктің белгісі біле тұра бармаса.  
Жамандардың белгісі жауға қарсы тұрмаса...

Оның толғаулары бастан-аяқ ақыл-кеңеске құрылады:

Балшықтан үй болар,  
Әуелден би болар,  
Сиыр мал пұл болар,  
Шай деген ас болар,  
Ырыстарың тас болар [4, 257 б.].

Өз өлең-толғауларында хандық үкіметті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайды, Жәнібек ханды табысқа мастанбауға, елдің түбегейлі болашағын ойлауға шақырады. Феодалдық қоғамдағы әдет-ғұрып, мінез-құлық мәселелерін көтереді.

Біздің заманымызға жеткен толғауларынан Асанның қилы кезең табиғатын жыға танығаны, тіпті Алтын Орданың

орнында пайда болған хандықтардың бәрінің құрып бітетініне дейін болжай алған көрінеді.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,  
Құлан қайтып күн көрер.  
Аяғы жоқ, қолы жоқ,  
Жылан қайтып күн көрер.  
Жалаң аяқ байпаңдап,  
Қаздар қайтып күн көрер.  
Шыбыны шықса жаз болып,  
Таздар қайтып күн көрер [5, 27 б.].

Бұл жолдардан адам тағдырығана емес, жан иесі мақұлықтардың бәрінің тіршілігі толғантқан, көне заманда өмір сүрген көне философ-гуманистердің типіндегі ойшыл Асан танылады. Оның бізге жеткен толғаулары түгел дерлік Әз-Жәнібек ханға арнайы айтылған. Бұл сөздің ақиқаттығы Асан толғауларынан-ақ байқалады.

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,  
Айтқаныма көнбейсің,  
Шабылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.  
Қымыз ішіп қызарып,  
Мастанып қызып терлейсің.  
Өзіңнен басқа хан жоқтай  
Елеулеп неге сөйлейсің, - дейді ол Жәнібек ханға.

Асан толғауларынан тек сол заманға ғана тән кейбір суреттерді, қазақ халқының құралу дәуіріндегі белгілі тарихи оқиғалардың елесін көреміз. «Асан Қайғының шығармалары өз тұсының айнасы, ол өз дәуіріндегі қазақ халқының мұңын, тілегін көрсетеді», - деп жазған еді Б. Кенжебаев [10, 28 б.].

Қорытындылай келсек:

– Асан Қайғы толғауларының көпшілігі Жәнібек ханға арналып айтылған.

– Көбіне әдептілік пен тәрбие жөнінде жырлаған.

## ШАЛКИІЗ ТІЛЕНШІҰЛЫ МҰРАСЫ

1. Жырау өмірінен деректер.
2. Жырау өмірінің зерттелу сипаты.
3. Шалкиіз толғауларының тақырыптық өрісі.
4. Жырау толғауларының көркемдік мәні, дәстүрлік сипаты.

1. Ноғайлы Ордасының ең ұлы жырауларының бірі екендігі. Ата-тегі, өскен ортасы. (Алшын ішіндегі Құяс табынан шыққандығы. Ноғайлының ұлы биі Мұсаның жиені екендігі. Жастай жетім қалып, Мұсаның тәрбиесінде болуы. Саналы ғұмырының барлығын ақсүйек шонжар әулеттерінің ортасында, Ордада өткізгендігі.

Әкесі Тіленші – әскери шонжар ортадан шыққан батыр екендігі. Шалкиіздің Ноғайлы Ордасының әміршілері Темір би, Жүсіп, Мамайлардың ақылшысы, кеңесшісі болғаны).

Шалкиіздің өскен ортасы жайында М. Тынышбаев, Вельяминов, В.В. Зернов, М. Мағауин, В.Д. Смирнов пікірлері. Ноғай Ордасында Жүсіп пен Исмайылдың билікке таласу күресінде Жүсіптің жағында болуы. Жыраудың өз өмірінің соңғы кезеңін қазақ ханы Хакназардың жанында өткізгендігі. Қолда бар дерек көздеріне сүйене отырып Шалкиіздің шамамен 1465-1560 жылдардың арасында өмір сүргендігі.

2. Шалкиіз жыраудың революциядан бұрын ең көп баспа бетін көрген жырау екендігі. Орыс ғалымдары мен зерттеушілерінің Шалкиіз мұрасына ең жоғары баға бергендігі. Революцияға дейін жыраудың би Темірге айтқан жырлары орыс тілінде шыққан әр түрлі жинақта мен мерзімді баспасөз бетінде төрт рет жарық көруі. Ы. Алтынсарин, В. Радлов, М. Бекмухамедов, Ф. Мұштак, М. Османов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Е. Ысмайлов, Ә. Марғұлан, Х. Сүйіншалиев, Ә. Дербісалин, М. Мағауин, Қ. Сыдықов еңбектерінің мәні.

3. Шалкиіз жыраудың арнау, толғаулары. Шалкиіз жырлаған белгілі тақырыптардың қатарында, оның би Темірге арналған толғаулары жататындығы. Шалкиіздің қазақ

поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салушы екендігі. («Асқар, асқар, асқар тау», «Елден шыққан сызашық», «Қоғалы көлдер, қом сулар» т.б.)

4. Шалкиіз поэзиясының ерекшелігі – ойлылық, көркемдік, нақтылық, ойнақылық, тереңділік аз сөзге көп мағына сиғызушылығы.

Шалкиіз поэзиясының рухынан ерлік сипатының көрінуі. Жырау толғауларында соғыс майданы, найза ұстаған жауынгерлер, қаптаған қалың қол сияқты көріністердің әсерлі берілуі. Би Темірге айтқан толғауларындағы бейнелілік, образдылық сипаттары, ұлғайған метафора, ұтымды теңеулердің қолданылуы.

Шалкиіз жырау толғауларының тіл нақыштары, нақыл сөздер, афоризмдер, егіздеу (психологиялық, синтаксистік) аллитерация мен ассонанс. Шалкиіз шығармаларында кездесетін : әкәзит (рұқсат), көшілі (сұңқар), алдаспан (наркескен, өткір қылыш), күлік (жүйрік, тұлпар, сәйгүлік), асмар ету (қалдыру, тастау), сайғақ (қабірдің басына шаншылатын ағаш), жазы (дала, жазық), балаңқы (бала-шаға, осал нашар) секілді архаизмдердің қазіргі қазақ тілінде қолданылмауы.

Шалкиіз поэзиясының өзінен кейінгі поэзияға әсері. (Доспамбет, Ақтамберді, Тәтіғара, Үмбетей, Бұқар, Махамбет) жыраулық үлгідегі шалкиіз дәстүрін ақындық поэзия өкілі Махамбеттің ақындық мақамға, үлгіге салып түрлендіруі, жаңғыртуы. (Трансформация, понтаминация).

Ерлік қасиеттерді жырлаған Шалкиіз өлең-жырларында ер жігіттің ерлікпен аты шығатынын, нағыз батыр туған ердің қиындық біткенше шыдап бағып, халық қамын жеуге, ел үшін белін буып, күреске шығуға керектігін айтады. Осы ой пікіріне тереңдей түсіп:

Ғаділ төре ел бастар,  
Аға жігіт қол бастар,  
Шешен адам сөз бастар [1, 43 б.],

– деп жігіт «сегіз қырлы, бір сырлы» халыққа қамқоршы болса екен деген ойды топшылайды.

Шалкиіз толғауларында халықтық тәлім-тәрбие тәжірибесінен сұрыпталған бейнелі оралымдардан көп мәселе аңғарылады. Нақтылап айтқанда «жақсы адам», «жаман адам» атты ұғымдардың поэтикалық бейнелеулер арқылы берілуіндегі тәрбиелік мұраттар айқындалады.

Жақсының жақсылығы сол болар,  
Жаманменен бас қосып, сөйлемекке ар етер.  
Жаманның жамандығы сол болар,  
Сөйлесе адам бетін қара етер [1, 39 б.].

Келтірілген мысал «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген халық даналығымен астасып жатыр емес пе?! Жырау өзінің көп өлеңдерінде жақсы дос, жақсы туыс қандай болмақ, жаман туыс, жалған достан шегер азап, өкінішті істер неге әкеп соғады деген мәселелер қозғайды.

Бір жаманға сөз айтсаң  
Есікті кетер сарт ұрып [1, 43 б.],

– деген жолдарында опасыз жалған достан мың сақтан, жанындағы жау жаман деген. Жастарды дос пен қасты тани білуге, опасыз достан аулақ болуға шақырады. Кейіннен Шалкиіз нақылдары даналық ойдың мәйегі ретінде мақал-мәтелдерге айналған: «Жаманға сырынды айтсаң, жарға жығады», - деген пікірлермен ұштасып жатыр. Халық мақал-мәтелдерінде айтылатын осындай үгіт-насихат, үлгі-өнеге, ақыл, нақыл сөздер Шалкиіз поэзиясынан кең орын алған. Мәселен, Шалкиіз:

Алып, алып ал сақтан,  
Аңдып жүрген дұшпаннан жүз сақтан,  
Күле кіре күңіреніп  
Шыққан достан мың сақтан [1, 44 б. ],

– деген сөз маржанымен өрнектейді.

«Ағайын бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды», деген күншілдікті әшкерелейтін халық мақалын жырау:

Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса  
Қоңқалаған көп жаман  
Сол жақсыны көре алмас [1, 45 б.],

– деп керемет өлең өрнектерімен әшекейлеп бере білген.

Жамандық атаулыны бойында тұншықтыру, оған жол бермеу рухы биік, кісілігі мол, адамгершілігі мол адам. Демек жақсылық атаулыға ұмтылу үшін адамның бойында жамандыққа бой алдырмайтын көптеген қасиет керек. Адамның өсу жолында тән өсуімен бірге рухани дамуы кемелденген жағдайда жақсылықтың қалыптасатыны мәлім.

Жаманнан туған жақсы бар

Жаманнан туған жаман бар

Адам айтса нанғысыз

Бір аяқ асқа алғысыз [1, 44 б.].

Яғни, адамның жақсы не жаман болуы халқына тигізген пайдасына, халық үшін еткен еңбегіне байланысты дегенді айтады.

Шалкиіздің арнаулары негізінен дидактикалық сарында жазылған жыраулар поэзиясы үлгісіндегі ғибрат сөздер, адамгершілік сананың, әділеттік ақыл иесінің жемістері. Сондай-ақ, өзінің тұтас әміршілеріне бағышталған арнаулар, замана талабымен ел тілегін ұсынар ойлы, сырлы толғаулар, өмір тәжірибесінен қорытылып сараланған сөз кестелері, шешендік ақылдар.

Жақсыға қоссаң басыңды,

Отырар орның төр болар.

Жаманға қоссаң басыңды,

Саз балшыққа аунаған

Бөрімен орның тең болар...

Жаманды құдай алар ма?

Жақсыны құдай қояр ма?

Жақсы алдыңда сөз айтсаң,

Жақсылар сөзге тояр ма?

Жаманға жақын болсаңыз,

Күнінде бір күн болғанда,

Оның залалы тиер басыңа.

Жақсы туған қарындас,

Һәм қарындас, һәм жолдас [1, 46 б.].

Бұл жолдар жыраудың өзіне ғана тән ақындық құдіретін танытарлық туындылар. Адамгершіл ақыл, өнегелі өсиеттердің

үлгілері дерлік аталы сөздер. Халықтың елдігін арттырар абзал қасиеттер, жақсылық жолдарын нұсқар өлең өрнектері.

Халық ежелден бері қастерлеген ағайын арасының татулығы, азамат ердің, рулы елдің алауыз болмай тату-тәтті өмір сүруі жырау туындыларының негізгі нысанасы.

Асылы, әлі тұтасып, іргесі бекіп кетпеген қазақ хандығына қарасты сан ұлыстардан құралған ноғайлылардың бірлігі кем алауыздығы жыраудың тынышын кетірсе керек.

Бұл бұл үйрек, бұл үйрек,  
Бір тоғайға қоныңыз.  
Қарындаспен, туғанмен,  
Бір туғандай болыңыз.  
Өзіне кеңес салғанның  
Өресі кең болмас па?  
Жатқа кеңес салғанның,  
Жазымға басы қалмас па? [1, 43 б.].

Осылайша, үнемі достықты, ақпейіл ынтымақты жақтаған жырау енді бірде дос пен қасыңды ажырата біл, көрінгенге сыр шашпа деп, достыққа да немқұрайлы қарауға болмайтынын, адамның аласының ішінде, тереңде жататынын ескерткендей болады.

Жағаға жақын қонғанды,  
Жайылып сулар алмас па?  
Жаманға дос болғанның  
Жазымда басы қалмас па?  
Жат туғанды өз еткен,  
Жақсының ғұмыры аз ақ болмас па? [1, 42 б.].

Ел болғасын оның досы да, жауы да болары хақ. Бұндай жағдайда қазақтың бейқам жатуы, хан сұлтандардың ел болашағын ойлай алмай бел алдыруы еш құптарлық іс емес. Ел камын жеген ер, ел басшылары әр кезде жау жақ қимылдарынан көз жазбай сақ болуы абзал.

Алып, алып ел сақын,  
Аңдып жүрген дұшпаннан жүз сақын!  
Күле кіре достан мың сақын! [1, 44 б. ].



Шалкиіз жыраудың арнау толғауларындағы ұрпаққа қалдырған өсиетін тұжырымдасақ:

1. Елдік пен ерлік, жақсылық пен жамандық, шеберлік пен шикілік мәселелеріне баса көңіл аударған.
2. Елге бас – көз болатын ханның бейнесін іздестіреді. Байсалды, батыл, ұстамды хан, сұлтан ол үшін алдаспан, «бармай тапқан қағбасы».
3. Ерлердің бейнесін ұрпаққа үлгі етеді. Ерлердің «алдаспаннан игі қолы», «жеңсізден игі тоны», «арғымақтан игі малы болар ма» дейді. Жыраудың толғаған ерлері білегінде күші, жүрегінде еліне деген өшпес ыстық сезімі, жадында жалындаған намысы да, шалысы да бар жігерлілер. Елі қолдаған, арғымағы оңдаған ерден батырлар бабына келді. Осыдан: «Кенелейін деген жігіттің, жылқы ішінде екі арғымағы тел өсер. Сүйінейін деген жігіттің сүбеде алтау-жетеу ағайыны тең өсер» деген өсиетін қалдырады.
4. «Көп түкірсе көл» деп елді ұйымшылдыққа, бірлікке шақырады. Оның пікірінше, елдің қолынан бәрі келеді. Сондықтан: «Жалғыздың жағы жоғалса табылмас, рулының оғы қалса табылар», «Жағаға дұшпан қолы тимеске, артында туысқанның көбі игі», «Белуардан саз кешсең, тобығыңнан келтірмейтін қамалаған туғанның арқасы» деп ағайынның, туысқанның көп болғанын қалайды.
5. Шалкиіз жырау жамандық пен жақсылық жөнінде де айта келіп «көрінгеннің бәрі бірдей емес», «қырға шықпас жаманның барынан да жоғы игі» деп, адам бойынан үлкен адамгершілік, тереңдік іздейді. Жақсы деген көрінім жерде мінезімен көзге түседі. Ол өзгелерге үлгі-өнеге болады. Ал жамандық деген – жырау түсінігінше, жапалақтай аяқ астынан табылады, әркімге ұрынады, өз пиғылына тоқ, жақсылыққа жоқ. Сөз ұқпай, ұлағат тұтпай, сырт айналып кетеді. Сондықтан жырау ұрпақты жақсылыққа ғана тәрбиелейді.

Ноғай Ордасының ең ұлы жырауларының бірі Шалкиіз Алшын ішінде Құяс табынан шыққан. Жыраудың туып-өскен жері қазіргі Батыс Қазақстан облысының территориясы. Ел аузынан жазылып алған тарихи әңгімелерге қарағанда Шалкиіз Ноғайлының ұлы биі Мұсаның қызынан туған.

Ноғайлының әміршісі атақты Мұса би оның туған нағашы атасы болған. Әкесі Тіленші сол кезеңдегі атаққа шыққан әскери шонжар болған. Анасынан үш жасында жетім қалған болашақ ұлы жырау нағашы атасының тәрбиесінде болып, қолында өседі. Осындай көшпелі шонжар әулетінен шыққан Шалкиіздің бүкіл өмірі жоғары қауымның ортасында, ақсүйектер арасында өткендігін көреміз. Саналы ғұмырының барлығын Ордада өткізген Шалкиіз өз заманында Орда әміршісі би Темірдің, Жүсіптің, Мамайдың ақылшысы, кеңесшісі болған. Жастық, саналы ғұмыры би Темірдің жанында өтсе, ал шау тартып, қартая бастаған егде кезінде Мамайдың жанында өткен. Өзінің Темір бидің тұсында жеткен жоғары мәртебесі мен одан кейінгі жай-күйін былайша толғайды:

Тіленшіұғлы Шалкиіз,  
Иесі би Темірдің тұсында  
Бұлтқа жете жазды бұ мүйіз,  
Иесі би Темірден соңыратын  
Тұқылдақтан тарсылдап  
Үзілер болғай сол мүйіз.

Темір би атақты Едіге бидің ұрпағы. 1352-1419 жылдар аралығында өмір кешкен, Ноғай Ордасының негізін қалаған атақты Едіге бидің ұрпақтарын қазақ тарихшысы М. Тынышбаев былайша таратады: Едігеден Нұреддин, Қазы, Мансұр, Қағбад, Наурыз туады. Соның Мансұрынан Темір туады (Тынышбаев М. История казахского народа. Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993, с. 252). Орыс зерттеушілерінің біразының пікірі осыған ұқсас. Олар Едігеден Нұраддин (Мұраддин), Мансур туады, ал Мансурдан Тенсубуй би мен Темір би өмірге келген, олар 1480 жылы Уграда болған Ахмет жасағының ішінде еді деп көрсетеді [2].

Хандық дәуір әдебиетінің белгілі зерттеушісі, әдебиетші-ғалым М. Мағауин Темір би жөнінде төмендегідей деректер келтіреді: «Едігенің немересі Тенсібайдан туған Темір би-батыс тарихшыларына да, шығыс тарихшыларына да белгілі адам. Анонимді «Шейбани-намадан» оның Астраханды билеген Қасым сұлтанның іргелі бектерінің бірі Әмир-Эль умера, яғни әскербасы болғанын көреміз. Қасым сұлтан маңызды мәселелердің бәрін Темірмен кеңесіп қана шешеді екен. Темір 1480 жылы Уграда болған, 1485 жылы Қырымды шауып, мол олжамен оралады. Өмірінің соңғы кезеңінде Темір – Мәскеудің одақтасы. Оның өз дәуіріндегі тарихи оқиғаларда қандай рөл атқарғаны сол кездегі орыс жылнамаларынан айқын аңғарылады» [3, 41 б.].

Орыс зерттеушісі В.Д. Смирнов былай деп жазады: «1481 жылы Ахмет өлтірілгеннен кейін билігі қайтқан Алтын Орданың орнында қалған елге бір сөз етіп отырған Темір би қожалық етеді. Оның Ахметті өлтіруге қатынасқан, өзінің Нұраддиннен тарайтын немере туыстары Мұса мен Жаңбыршы мырзаларға қалай қарағанын дәл кесіп айту қиын. Бірақ, солармен ниеттес, одақтас болып жүрген Қырым ханы Меңлігерей еліне 1485 жылы шабуыл жасағаны, одан жеңіспен олжалы оралғаны мәлім» [4].

Темірдің өз заманында мәртебесі биік беделді, ықпалды тұлға болғандығы қызы Нұр-Салтанның жайынан да белгілі. Нұр-Салтан алдымен Қазан ханы Ибрагимнің кейін (1485 жылдан бастап) Қырым ханы атақты Меңгі-Герейдің әйелі болған, Қазақ хандары Махмет-Әмин, Әбділ-Латиф, Қырым ханы Сайып-Керейдің анасы Нұр-Салтан өз кезінде орыс патшаларымен елші алысып тұрған, мемлекет істеріне ықпалы жүрген.

Шалкиіздің Темір би өлгеннен соң өмірі Мамайдың және оның інісі Жүсіптің төңірегінде өткен.

Ноғай Ордасында Жүсіп пен Исмайылдың таққа таласу күресінде жырау Жүсіптің жағында болады. Бірақ Исмайылдың епті саясатының арқасында Жүсіп жырауды сыртқа тебеді де Шалкиіз Орданың маңынан аулақ кетуге мәжбүр болады.

Жыраудың өз өмірінің соңғы кезеңін қазақ ханы Хақназардың билігіндегі Қазақ Ордасында өткізгендігі байқалады. Жоғарыдағы дереккөздеріне сүйене отырып, біз жырау өмір сүрген кезеңді шамамен 1465-1560 жылдардың арасы деп шамалаймыз.

Шалкиіз жырау шығармалары революциядан бұрын ең көп баспа бетін көрген жыраулардың қатарына жатады. Өз кезінде орыс ғалымдары мен зерттеушілері Шалкиіз мұрасына ең жоғары баға берген. Мысалға айтсақ жыраудың би Темірге айтқан жырлары орыс тілінде шыққан әр түрлі жинақтар мен мерзімді баспасөз бетінде төрт рет жарық көрді (Записки Оренбургского отдела Императорского русского географического общества. Оренбург, 1875, вып. III. с.260-279; Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. Оренбург, 1879. с.69-79; Османов М. Ноғай шиғырлары. СПб., 1883; Радлов В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. СПб., 1896, ч. VII. с.210-226; Бекмұхамедов М. Жақсы үгіт. Қазан, 1908; Мұштақ Ғабдолла. Көкселдір, яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары уа һайри мағыналы жырлар. Орынбор, 1911).

Сонымен бірге Шалкиіз мұрасы біршама тиянақты зерттелгендігінде айтуымыз керек (Сейфуллин С. Шығармалары. Алматы; ҚМҚӘБ, 1964. 6-т.; Әуезов М., Ысмайылов Е. Батырлар жыры. Ақын-жыраулар, суырып салма ақындар, жыршылық дәстүр // Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957. 219-228 бб.; Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. 144-146 бб.; Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы: Қазақстан. 1967. 84-94 бб.; Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. Алматы: Ғылым, 1990. 63-73 бб.; Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы: Жазушы, 1991, 39-58 бб.; Сыдиқов Қ. Шәлгез (Шалкиіз) Тіленшіұлы. Кітапта: Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. Алматы: Ғылым, 1983. 197-248 бб.).

Шалкиіз жырлаған белгілі тақырыптардың бірі – би Темірге арналған толғаулары. Ол өз әміршісіне шын берілген

жауынгер, қызметші, қарашы. Жырау өзінің оған деген шынайы көңіл-күйін:

Алп, алп басқан, алп басқан  
Арабы торым өзіңсің,  
Жазылы алтын, қол кескен  
Алдаспаным өзіңсің.  
Билерді білмес не демес,  
Сұлтан ием, сен менің  
Пармай тартқан қағбамсың...  
Сен алтынсың – мен пұлмын,  
Сен жібексің – мен жүнмін,  
Сен сұлтансың – мен құлмын,  
Сен сұңқарсың – мен қумын,  
Жемсауыңа келгенде,  
Сұлтан ие, сом жүрегім аяман,  
Саған дұспан – маған жау,  
Керекті күні алдыңда  
Ғазизлеген сұлтан жаным аяман!

Жырау егер дүние баянсыз, опасыз болса, құр қалма, өмірдегі қызық-қуанышты көріп, сауық-сайраннан бас тартпа деген ойды тартады. «Оралыңның барында ойна да күл» деген халық мақалы тағы да бар. Жырауға сөз берейік:

Қоғалы көлдер, қом сулар,  
Кімдерге қоныс болмаған?!  
Саздауға біткен қара ағаш,  
Кімдерге сайғақ болмаған?!  
Жағына жалаң жібек байлаған,  
Арулар кімнен қалмаған?!  
Жалп-жалп еткен жапалақ,  
Жазыда кімге жолдас болмаған,  
Құдаған өскен арулар  
Кімдерден жылай қалмаған.

Жыраудың философиялық ойлары терең ойланудан, үлкен толғаныстан туындаған. Оның жыр жолдарындағы философиялық қайырымдар даналық ойдың жемісі екендігі сезіледі. Өмір сырын терең бағамдаған жырау:

Арғымақ атқа көп міндім,  
Садаға кетсін буданда!  
Азаматқа көп ердім,  
Садаға кетсін туғаннан! – десе, жаман адамның  
опасыздығын:

Жауынды күні көп жүрме-  
Жар жағасы тайғақ-ты,  
Жаманға жақыным деп сыр айтпа,-  
Күндердің күні болғанда

Сол жаман өз басыңа айғақ-ты! деп бадырайтып көрсетеді.

Шалкиіз шығармаларында ерлік рухы, жауынгерлік сезім негізгі желі болып табылған. Өр рухты жырау ер жігітке қаптаған қалың ұрысқа кіруге үндейді.

Желп-желп еткен бәйтерек  
Жайылымға желден-дүр,  
Төренің кежігуі елден-дүр,  
Кешу кешмек сайдан-дүр,  
Батыр болмақ сойдан-дүр,  
Жалаңаш барып жауға ти,  
Тәңірі өзі біледі  
Ажалымыз қайдан-дүр!

Шалкиіз шығармалары архоизмдерге толып тұр. Шалкиіз жырларында ұшырасатын: әкәзит (рұксат), көшілі (сұңқар), алдаспан (наркескен), күлік (жүйрік, тұлпар, сәйгүлік), асмар ету (қалдыру, тастау), сайғақ (қабырдың басына шаншылған ағаш), жазы (дала, жазық), балаңқы (бала-шаға, осал, нашар), әкіслә (бүкіл, барлық) секілді сөздер қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды. Көп сөздердің мағынасы күңгірт немесе мүлдем ұмытылған. Кейбір сөздердің қазіргі қолданылуы мүлдем бөлек, өзгеше тұрғыда айтылады. Мысалға, «Сөз боларсың күлемге» (күлкіге), «Иесі би Темірден соңыратын» (соң, кейін), «атайы ер» (аталы, тектілер), «Аңдып жүрген дұспаннан жүз сақын» (сақтан). Қорыта айтқанда Шалкиіз өзіндік ерекшелігі мол данышпан, философ, өр рухты жырауларымыздың бірі.

## ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ МҰРАЛАРЫ

1. Доспамбет жырау өмірінің деректері.
2. Жырау толғауларының тақырыптары.
3. Жырау мұраларының көркемдік мәні.

1. Доспамбет жыраудың XV ғасырдың соңы XVI ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген жырау екендігі. Оның есімінің бүкіл Ноғайлы Ордасы мен Азаулыға мәлім мәшһүрлігі. Доспамбет жорықшы жырау, талай шайқастарда ерлік көрсеткен батыр, қолбасы. Ол Азаулы Ордасы (Кіші Ноғайлы) Қырым хандығы, Астрахань хандығы, Үлкен Ноғайлы Ордасы арасындағы (ағайынаралық) қиян-кескі ұрыста қаза табады. (1523) жырау ол кезде отызға да толмаған болатын. Бұл жайындағы Н.М. Карамзиннің дерегі. (Н.М. Карамзин. История Государства Российского, Т. VII, СПб., 1817, стр.123; В.Д. Смирнов, Крымское ханство под верховенством Отаманской Порты до начала XVIII в, СПб., 1887, стр.392)

Доспамбеттің қазасы жайындағы ел арасындағы әңгімені орыс ғалымы В.Радловтың Қырым ноғайларынан жазып алуы.

2. Доспамбет өз толғауларында батырлықты, жауынгерлікті, ерлік рухты жырлады. Оның идеалы қан майданда қаза болу. («Айнала бұлақ басы тең», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Бетегелі Сарыарқаның бойында соғысып өлген өкінбес» деген жырау арманының мәні. Бұлардан басқа Еділдің бойын ен жайлап, бейбіт тұрмыс кешкен заманды өз толғауларына өзек етуі. («Айналайын Ақ Жайық»)

3. Доспамбет жырау толғауларындағы дәуір көрінісінің шебер берілуі. Доспамбет жыраудың «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Арғымаққа оқ тиді», «Айналайын Ақ Жайық» «Тоғай, тоғай, тоғай су» толғауларының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшеліктерін талдау.

Көркемдік өрнегі. (Аллитерация, ассонанс, метафора, теңеу).

Қазақ поэзиясының тарихында өзіндік орны бар, толғауларында ерлік, жауынгерлік рух, өрлік, тектілік болмысы жарқырай көрінетін жырауларымыздың бірі – Доспамбет жырау.

Доспамбет жырау мұралары қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарына ортақ мұра. Оның үлкен тарихи себептері бар. Бір кездері Дешті Қыпшақтың барша ру-тайпалары Алтын Орда хандығының құрамында болды. Алтын Орда ыдыраған соң Дешті Қыпшақ ру-тайпалары Ұлық орда, Қырым, Қазан, Астрахан, Ноғай Ордасы, Сібір хандығын құрды. Ал бір кездегі Алтын Орданың шығыс бөлігіндегі Көк Орда табанының негізінде екі бірдей Орда Қазақ және Өзбек хандықтары құрылды. Сондықтан осы кезде туған барша әдеби шығармалар осы ру-тайпа негізінде құрылған халықтарға ортақ енші болмақ. Ноғайлы Ордасы, Қырым, Қазан, Сібір, Қазақ хандығы дәуірінде туған ноғайлы цикліндей жырларға, сол кезде жасаған Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз тұлғаларын М. Османова құрастырған «Ноғай уа құмық ишғырлары» (СПб., 1883), А. Жәнібеков құрастырған «Ауыл поэзиясы иа де ноғай әдебиеті» (Мақашкала, 1935), «Яшав сокпақлары» (Черкесск, 1979) жинақтарында, А. Сикалиевтің «Сынап карап, сырласып...» атты зерттеуінде (Черкесск, 1975) ноғай жыраулары, ал К. Мәмбетовтің Нөкісте шыққан, «Әмудария» журналында (1972, N9) жарияланған мақаласында Қарақалпақ жыраулары ретінде қарастырылады.

Әдебиет тарихындағы осындай әйгілі жырауларды әр ұлтқа еншілеу біздің ойымызша ғылыми, объективтік принцип тұрғысынан әділдікке жараса қоймайды. Оларды әр ұлттың жеке еншісі деп емес, осы халықтардың барлығына ортақ тұлғалар деп қарастырғанымыз абзал болар еді.

Ноғайлы мен қазақтың бірге өмір сүрген уақыты Дешті Қыпшақ ру-тайпалары үшін қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болды. Осы кезеңдерге тұспа-тұс келген жыраулық поэзияның да өркен жайған алтын ғасырлары да осы кез.

Біздің дәуірімізге жеткен жырау мұраларының көлемі шағын. Бары 160 жолдың шамасында. Доспамбет жырау



толғауларының кейбіреуі ең алғаш М. Османовтың 1883 жылы СПб-тен шыққан «Образцы народной литературы тюркских племен» деп аталынатын еңбегінің 7-ші томында, одан кейін 1908 жылы Мақаш Бекмухамедовтың Қазан қаласында шыққан «Жақсы үгіт», Ғабдолла Мұштақтың (Ғұмар Қарашев) 1912 жылы Орынборда жарияланған «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары», Ә. Жәнібековтің 1935-ші жылы Мақашқаладан шыққан «Ауыл поэзиясы иа ноғай ел әдебиеті» еңбектерінде жарияланған.

1978 жылы белгілі жазушы, ғалым М. Мағауиннің құрастыруымен, алғы сөзімен Ленинградтан (қазіргі Санкт-Петербург) шыққан «Поэты Казахстана» деп аталатын қазақ поэзиясының алты ғасырлық кезеңін қамтитын орыс тіліндегі антологиялық жинақта да Доспамбет толғаулары енгізілді.

Доспамбет – XVI ғасырда өмір сүрген әйгілі жырау. Әдебиеттану ғылымында жыраудың өмір сүрген, қашан туып, қашан өлгені жайлы даулы пікірлердің басы ашылған жоқ. Мысалы, белгілі әдебиеттанушы ғалым Ә. Дербісалин, тарихшы А.А. Новоселскийдің зерттеуіне сүйеніп, Доспамбет жырауды 1525-1596 жылдар шамасында өмір сүрген тарихи тұлға деп есептейді [1]. Ал, әдебиет зерттеушісі М. Мағауин Доспамбет жырау 1523 жылғы Астрахан түбіндегі туыстас түркі тайпаларының арасында өткен жойқын ұрыста опат болған деген бойламға тоқталады [2].

Доспамбет – өмірде болған, нақты тарихи тұлға. Ол жырларында өзін Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағасы деп атайды. Ол Ноғайлының ұлы биі Жүсіптің туған ағасы 1549 жылы қайтыс болған. Мамайдың тұсында өмір сүрген, оған қызмет еткен Кіші Ноғайлардың қонысы болған Азаулының ел басшысы, қол бастаған батыр, жырау болған.

Жыраудың туып-өскен жері – Донның құйылысындағы Азов шаһары (Азау кермен, Азағ, Азаулы) Айнала бұлақ басы Тең Азаулының Стамбулдан несі кем – дейді жырау. Мұндағы Тең деп отырғанымыз Дон.

Жыраудың есіміне қосақталып айтылатын Аймадетті қарақалпақ ғалымы К.Мәмбетов адам есімі деп қарап, Аймадет

пен Доспамбетті екі батыр деп қарастырды. (Әмудария, 1972. №9, 121 б.) Зерттеуші М. Мағауин: «Бұл оның руының не тайпасының аты болса керек. (Беріш Қаратақай Мұрат ақын, Алаша Байтақ жырау деген сияқты). Алайда біз ноғайларға қатысты әдебиеттердің ешқайсысынан Айладет атты руды ұшырата алмадық. Ноғай тайпалары кейде өздерінің билерінің, немесе мекен еткен жерлерінің атымен де атала береді екен. Әрине, ондай тайпалардың біраз уақыт өткен соң есімін өзгертуіне тура келеді. «Аймадет» те сондай атаулардың бірі болуға тиіс»-деген тұжырыпды пікір айтады [2, 35 б.].

Қазақтың көптеген әйгілі батырлары, шешендері, ақындарының есіміне өздері шыққан ру аттары қосақталып жүретінін еске түсіріп көреміз. Мысалға: Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Бәсентейін Малай-Сары, Шапырашты Наурызбай, Жалайыр Бөлтірік шешен, Тарақты Байғазы батыр т.б. Доспамбетке Аймадет сөзінің қосақталып айтылуынан да осы дәстүрдің сипатын көреміз.

Доспамбет жай ғана ер, батыр, жырау емес, Азаулыда әйгілі болғанын айғақтайтын жырау толғауларының мына бір жолдарына тоқталайықшы:

...Азаулыда аға болған ерлер көп еді,

Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді! – дейді жырау.

Мұндағы аға дегені үлкен қол бастаған әскери лауазым болуға тиісті. Сол аға болған ерлердің ішінде мен ерекше едім-дейді жырау.

Жырау толғаулары жауынгерлік өр рухқа, шамырқанған ерлік сөздеріне толы.

...Екі арыстан жау шапса,

Оқ қылқандай шаншылса,

Қан жусандай егілсе,

Аққан судай төгілсе.

Бетегелі сары арқаның бойында

Соғысып өлген өкінбес.

Ажалын жорықта, жортуылда табуды мақсат-мұрат ететін нағыз хас батырдың, қаһарман жауынгердің нағыз идеалы, мұраты жатыр бұл сөздерде.

Жау қойдалап жүретін қаһарман батыр, өзін қан майданда өшпес даңқа бөлеуді арман, мұрат көреді. Күш-қайратын досы да дұшпаны да көрсе екен дейді.

«Қалаға қаблан жаулар тигей ме?  
Қабырғадан дұшпан жолдап жүргей ме?  
Қатарланып, қаһарланып,  
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме?  
Қабырғадан қараған  
Достым менен дұшпаным  
Апырым, ер Доспамбет» дегей ме!..».

Доспамбет – нағыз жорықшы жырау, жаудан беті қайтпайтын хас жауынгер. Жырау толғауларында соғыстың, ұрыс майданының қиян-кескі көрінісі, жантүршігерлік сәттер, қансыраған аламан жорықшының шынайы болмысы жарқырай көрінеді.

«Арғымаққа оқ тиді  
Қыл майқанның түбінен,  
Аймадетке оқ тиді  
Отыз екі омыртқанның буынынан.  
Зырлап аққан қара қан  
Тыйылмайды жонның уақ тамырдан.  
Сақ етер тиді соныма,  
Сақ сырым толды қаныма...».

Жасанған жаудан қаймықпай, мыңдаған қолды бастап жауға аттанған қолбасшы жыраудың жорықшыл рухы, ерлік сипаты төмендегі жолдарда айқын көрініп тұр.

«Сере, сере, сере қар  
Асты кілең, үсті мұз,  
Күн-түн қатса жібімес.  
Мен кілекке қосымды артқанмын.  
Көмбідей ару жаларға  
Күректей мұзды тондырып,  
Кірмембес ауыр қолға бас болып,  
Күніреніп күн түбіне жортқанмын...» - деп, айтты

делінетін.

Жыраудың өлер алдында Әміршісі Мамай бидің алдында арылатын сөздер айтатын реквием іспеттес толғауындағы өмір мен өлім арасындағы алмағайып сәттегі арман мен мұң-зарға толы сөздердегі жырау рухына тебіренбеу мүмкін емес. Жырау болмысындағы өршіл, оптимистік рух тыңдаушыларын ерекше жігерге бөлегендей болады.

Өмірінің текке босқа, зая өтпегеніне сенім білдіріледі.

«Тоғай, тоғай, тоғай су,  
Тоғай қондым, өкінбен,  
Толғамалы ала балта қолға алып,  
Топ бастадым, өкінбен,  
Тобыршығы биік жай салып,  
Дұспан аттым, өкінбен  
Тоғынды сарты нар жегіп,  
Көш түзедім, өкінбен.  
Ту құйрығы бір тұтам  
Тұлпар міндім, өкінбен.  
Туған айдай нұрланып  
Дулыға кидім өкінбен,  
Зерлі орындық үстінде,  
Ал шымылдық ішінде  
Тұлымшағын төгілтіп  
Ару сүйдім, өкінбен.  
Бүгін, соңды өкінбен,  
Өкінбестей болғанмын,  
Ер Мамайдың алдында  
Шаһид кештім, өкінбен!».

Жырау толғауларының тілдік, көркемдік болмысына үңілсең айшықты теңеу, эпитет, әсерлі метафора тағы басқа да суреттеу құралдарының мол түрін ұшыратуға болады.

Басқа жыраулар тәрізді Доспамбет толғауларында басқа рифма, аллитерация, ассонанс мол кездеседі.

Мысалға:

«...Жара бір қатты жан тәтті,  
Жара аузына қан қатты  
Жарықшылар жоқ па екен

Жармай білте саларға  
Жағдайсыз жаман қалып барамын,  
Жанымда бір туғанның жоғынан».

Немесе:

«Тоғай, тоғай, тоғай су,  
Тоғай қондым, өкінбен,  
Толғамалы ала балта қолға алып,  
Топ бастадым, өкінбен...».

Аллитерация:

«Айналайын, Ақ Жайық  
Ат салмай өтер күн қайда!...».

Бедерлі тіл, бейнелі образ, метафоралық ойдан туған көркем сурет те жырау поэзиясына жат емес.

«Ағарып атқан таңды ай деп,  
Шолпанды шыққан күндей деп,  
Майқаңбақта ағалардың аты жусан жатыр деп,  
Ақшандақты құрып қойған шатыр деп,  
Жазыда көп-ақ жортқан екенбіз  
Арғымақтың талдай мойнып талдырып,  
Үйде қалған арудың  
Ал иіндігін аудырып».

Осы жолдардағы байырғы қазақ поэзиясына тән шұрайлы тіл, жан тербетер, әсерлі суреттер қылаң беріп, оймен сезіміңізге қанат бітіріп, қиял көгіне шарықтатқандай, мұнар сағымға бөлеп ерекше бір кеңістікке жетелегендей болады.

Қазақ әдебиетінің өркендеп дамуында Доспамбет поэзиясының әсер-ықпалы ерекше. Кейінірек шыққан Ақтамберді мен Махамбет поэзиясына қатты әсер еткен. Қазақ поэзиясының тарихында жауынгерлік поэзияның, қаһармандық поэзияның негізін салушы да осы Доспамбет жырау.

Ел тарихындағы жыраулар орнын М. Әуезов: «Анығында өсиетші қария толғаушыл жыраудың міндеті өлеңшілік емес, елге басшылық істеп, *басықы* айту болатын. Хан шеше алмаған ауыр түйін, қиын жұмбақ, көмескі келешек болса, барлығына шешу сөзді солар айтатын. ...Ел тіршілігінің барлық ауыр істері осылардың қабылдауымен іске асатын. Қайым тіршілігінде

бұлардың саяси салмағы сондайлық зор болғандықтан, аузынан шыққан сөзі олқы болмауға керек. ...Көлденең кісі мін таба алмайтындай, корғасындай ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болуы керек. Сол себепті бұлардың сөзі асыл өлең өлшеуімен шығуы шарт болған. Ел билеген жақсы туралы заманның сыны мен ұғымы сондайлық болғандықтан, әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді дайындағанда, ең алдымен, сөз тапқыш өткір деген суырылған шешеннен, суырылған ақыннан алатын» [3, 196-197 бб.] – деп бағалаған екен. Ендеше XV-XVIII ғасырлардағы жыраулардың қай-қайсысы да осы талаптан табыла білген.

Сөйлесе қызыл тілдің шешені,  
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,  
Қалайылаған қасты орданың сынығы,  
Билер отты би соңы,  
Би ұлының кенжесі,  
Буыршынның бұта шайнар азуы,  
Бидайықтың қол шалқыған жалғызы,  
Бұлт болған айды ашқан  
Мұнар болған күнді ашқан  
Мұсылман мен кәпірдің,  
Арасын өтіп, бұзып дінді ашқан  
Сүйіншіұлы Қазтуған!!! [4, 50 б.], -

деп ұранды жырдың үлгісін салған Қазтуған да, өзін «Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағасы» деп бағалаған Доспамбет жырау да - өткеннен бізге үзгі жеткен ерлік пен азаттықты ұштастырған отты жыр дәстүрінің тарланбоздары. Тәуелсіздікті ту көтерген жыр үлгісі солардан қалған. Олар - еш қаймықпайтын, елінің тағдырын өзімен еншілес көрген жаужүрек жыраулар. Қажет тұсында қол бастап, бейбіт кезеңде сөз бастап, елінің еркіндігін - ер мерейі деп білген ел ағалары, жұрттың қамы жолында шейіт болар өлім де оларды өкіндіре қоймайды. Белгілі әдебиетші ғалым Ж. Тілепов Доспамбеттің жыраулық болмысын былайша тұжырымдайды: «Доспамбет жырау өмірінің өкініші мен шүкіршілігі турасында көп толғаған үлкен философиялық өренің, белгілі бір пікірді тұжырымдап

айтар, жаратылысына жалтақтық пен жасқаншақтық жат ер мінезді, өжет ойдың иесі» [5, 79 б.].

Доспамбет жырау өзінің «Айнала бұлақ басы тең» - деп басталатын ұзақ толғауында:

Арғымаққа оқ тиді  
Қыл майқанның түбінен,  
Аймадетке оқ тиді  
Отыз екі омыртқаның буынан  
Зырлап аққан қара қан  
Тыйылмайды жанның уақ тамырдан,  
Сақ етер тиді санына,  
Жара бір қатты, жан тәтті,  
Жара аузына қан қатты,  
Жарықшылар жоқ па екен,  
Жармай білте саларға,  
Жағдайсыз жаман қалып барамын

Жанымда бір туғанның жоғынан!... [4, 69-70 бб.] – дейтін жолдар бар. Мұхтар Мағауин «Жорықшы жырау» деп атаған Доспамбет жырының біз мысалға келтірген соңғы екі жолында өкініш лебі естілгендей. Бірақ толғаудың аяқталар тұсында өршіл жолдар бұл күмәнді ойды жоққа шығарады. Өзінің өмір жолын, ерлік істерін жырлай келіп жырау қас батырға тән өжет мінезбен өлімге бас тіккендігіне өкінбестігін білдіреді.

Бүгін, соңғы өкінбен,  
Өкінбестей болғанмын,  
Ер Мамайдың алдында  
Шаһид кештім өкінбен!... [4, 71-72 бб.].

Толғаудың соңғы түйінінде ел бірлігін өмірінен артық көрген жыраудың тұғырлы тұжырымы жатыр. Ноғайлы жұртының бірлікке келген тұсын көзбен керген жорықшы-жырау өзіне одан артық бақыт тілемейді. Толғаудағы өршілдік рухы да осыдан өріс алады.

Ел бірлігі – жырау арманы. Ел тәуелсіздігі – жырау толғауларының алтын арқауы. Ендеше Доспамбет

толғауларындағы жырау-жауынгер танымын осы тұрғыдан ұғынған жөн.

Бұл дәстүр XVII ғасыр жыраулары Жиёмбет, Марғасқаларда өзіндік өрнегін жоғалтпай, дәуірлей түсті. Бірақ бізге жеткен жыр жұрнақтарының, олардың толғауларындағы ерлік жырларының азатшыл рухын терең талдап, толыққанды танытуға қол қысқалық етеді.

Ерлік жыры мен азатшыл рухтың белең алып, әдебиеттің басты тақырыбына айналған тұсы – XVIII ғасыр. Жоңғар басқыншылығына қарсы күрестің жыр байрағы осы тұста биікке көтеріліп, асқақтай түседі. «Осы дәуір әдебиетіндегі сырт жауларға қарсы күрес, ерлік сарыны Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей жыраулардың творчествосынан, ал қазақ даласында болған кейбір өзгерістер негізінен Бұқар жырау творчествосынан өз көрінісін тапты» [6, 66-67 бб.], - дейді М. Мағауин.

Дешті Қыпшаққа мәшһүр Доспамбет. Доспамбет – жорықшы жырау, батыр.

Доспамбет жырау (1490 жылы қазіргі Ресей Федерациясы Ростов облысы Азау қаласы Астрахан маңында туған) – жырау, қолбасшы батыр. Доспамбет жырау қазақ халқының қалыптасу кезеңінде өмір сүрді [1, 277 б.].

Доспамбеттің асыл тегі ноғайлыдан еді. Жырау өз есімін Аймадет деген сөзге тіркейді (Аймадет ер Доспамбет). Бұл – оның руының не тайпаның аты болса керек (Беріш Қаратоқай Мұрат ақын, алаша Байтоқ жырау деген сияқты). Алайда ноғайларға қатысты әдебиеттердің ешқайсысында Аймадет атты рудың атауы ұшырамайды. Ноғай тайпалары кейде өздерінің, билерінің немесе мекен еткен жерлерінің атымен де атала береді екен. Әрине, ондай тайпалардың біраз уақыт өткен соң есімін өзгертуіне тура келеді. «Аймадет» те сондай атаулардың бірі болуға тиіс.

Жыраудың, туып-өскен жері – Донның құйылысындағы Азов шаһары (Азау кермен Азағ, Азулы).

Айнала бұлақ басы тең

Азаулының Стамбұлдан несі кем,



Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағаның  
Хан ұлына несі жоқ,  
Би ұлынан несі кем!  
Алла өзі берген күнінде  
Хан ұлынан артық еді менің несібем!  
Азаулыда аға болған ерлер көп еді  
Әйтседе алмаға ат байлағаны жоқ еді! [4, 33 б.].

Кіші ноғай ордасында қолбасшы болған. Дешті Қыпшақты көп аралаған, Бақша сарайда Стамбұлда болған. Қырым ханның жағында көптеген әскери жорықтарға қатысқан. Тайпа аралық ұрыстардың бірінде қаза тапқан. Доспамбет жырау жырларынан оның мұра-мақсаты, түсінік-талғамы, дүние көзқарасы анық аңғарылады. Оған қорғау, елге, жерге деген сүйіспеншілікті бейнелейтін жырларында қырым, ноғай, қазақ жұртының іргесін бүтін, ешкімге бас имейтін ел болып отырған заманды аңсау сарыны байқалады. Жырау ол заманды қайтып келмес бақытты өмір ретінде толғайды («Айнала бұлақ басы тең», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Азау, азау дегенің», «Арғымаққа оқ тиді», «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» т.б.). Жырау өткен өмірді жырлағанда туған ел, өскен жерге деген ыстық махаббатын келер ұрпақ болашағымен байланыстыра сипаттайды. Олардың да ертең еліне қорған, тірек болуын қалайды. Доспамбет жырау өз басын өлімге тігіп, сан рет қанды шайқастарға қатысқан ата қонысын үлкен сүйіспеншілікпен толғайды. Жырау ел қорғау, жорық тақырыбына арналған жырларында елі мен жері үшін өлген ердің арманы жоқ деп, отаншылдық рухты бәрінен биік қояды [1, 277 б.].

Доспамбет – жорықшы жырау. Бізге жеткен толғауларының, рухын айтпағанның өзінде, оның талай ұрыс қағыстың куәсі болғандығын көрсететін жолдары жеткілікті [2, 40 б.].

Сере, сере, сере қар  
Асты кілең, үсті мұз,  
Күн түн қатса жібімес.  
Мен күлікке қосымды артқанмын,

Көмбідей ару жаларға  
Күректей мұзды тоңдырып  
Кірмембес ауыр қолға бас болып,  
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын... [4,16 б.].

Немесе:

Ағарып атқан таңды ай деп,  
Шолпанды шыққан күндей деп,  
Май қаңбақта ағалардың аты жусап жатыр деп,  
Ақшандақты құрып қойған шатыр деп,  
Жазыда көп-ақ жортқан екеміз  
Арғымақтың талдай мойнын талдырып,  
Үйде қалған арудың  
Ал иіндігін аудырып [4, 16 б.].

Жарақаттан өлерінде айтты деген сөзінде жырау:

Ер Мамайдың алдында  
Шаһид кештім, өкінбей [4, 18]- дейді

Мамай 1549 жылы өлген. Ал Доспамбеттің опат табуы бұдан көп бұрын сияқты. Ұлы Ноғай ордасының биі Мамай мен Доспамбеттің әміршісі – Қырым ханның бірігіп қимыл көрсетуі-1523 жыл. Осы жолы Қырым ханы Махмед-Герей Мамайдың көмегімен Жәнібектің ұлы Үсейінді жеңіп Астраханды алады. Қырым мен ноғай ордасы үзбей жауласып отырғаны белгілі. Ауыз бірлік бұл жолы да ұзаққа созылмайды;

Мамай өзінің немере інісі Ағыстың (Жаңбыршы ұлы Телағыс) үгітімен Махмед-Герейді Астраханнан алдап шығарып алады да, баласы Батыр хан екеуін соңдарынан ерген барлық татарларымен қоса қырып тастайды. Бұдан соң Ұлы Ноғай ордасы мен Қырым арасындағы жаулық қайта тұтанады. «Орақ-Мамай» жырында бұл белгілі тарихи оқиға біршама дәл бейнеленген [7].

Доспамбет осы Махмед-Герей мен Мамайдың әлі тату кезінде қаза тапқанға ұқсайды. Яғни, жыраудың өмір сүрген уақыты ХҮ ғасырдың соңы, ХҮІ ғасырдың алғашқы ширегі.

Дүниенің басы сайран, түбі ойран  
Өтер сүйте бұ дүние

Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағадан [2, 34 б.] – дейді жырау өлерінде айтқан жырында. Рухы таза ортағасырлық бұл толғаудан номад-жауынгердің ой-өрісі, санасы, нанымы көрінеді. Қазір мағынасы мүлде ұмытылған сөздер, тілімізде қолданудан шығып қалған тіркестер жырда баршылық. Жыраудың өзінің жарақаттануын, қансырап, әлі азайып, бойынан өмір кетіп бара жатқанын суреттейтін жолдары рухының ескілігіне, көркемдік әдістерінің, сәл жабайылығына қарамастан көңілге әсер етерлік терең, көз тоқтатарлық сұлу [6, 42 б.].

Доспамбет жайындағы бір әңгімені В. Радлов Қырымды қоныстанған ноғайлардан жазып алған. «Азауда Доспамбет аға болған (аға-ханға жақын феодалдардың титулы, - М.М.), ондап башқа отуз екі аға болған, әпсі де батырлардан болған,»-деп басталады бұл шағын хикая. Бұлар бір күні жорыққа аттанады. Бірнеше күннен соң көп әскерге кездеседі. Басқа ағалар қашайық дегенде Доспамбет: «Қашмақ болмас, алда не көрсәтә шуны көрәрбіс», - деп ұрысқа кіріседі. «Башлаған қауға еткендер. әмді көбісін қырғандар. Бір шетке шыққаннар соң бір қамшысы бар екен Доспамбет ағаның. Қауға еткен йерінде о қамшы қалған. - Ағалар, ді, менім қамшым қалған, қайтамын, ді. Ағалар, айта: қайтма, ді. Доспамбет аға айта: қамшының қолғамасы алтың, сабы йез, ді. Өсәгі бұлан терісі, өрімі өгіс қайысы, ді. Қамшым қалды, қайтамың ді. Соңа қайтып бара әскерғә...» сөйтіп, Доспамбеттің қазасы ұрыс кезінде түсіп қалған қамшыдан болады. (Трубкасына қайтып оралған Тарас Бульбаны есіңізге алыңыз). Қазақта Доспамбеттің қалай, қандай жағдайда жарадар болғандығы айтылмайды, тек ұзақ толғауы ғана беріледі. Қамшы жөніндегі деталь, әрине, аңыз [2, 35 б.].

Тоғай, тоғай, тоғай су,  
Тоғай қондым, өкінбен,  
Толғамалап алабалта қолға алып,  
Топ бастадым, өкінбен,  
Тобыршығы биік жай салып,  
Дұспан аттым, өкінбен  
Тоғынды сары нар жегіп,

Көш түзедім, өкінбен,  
Ту күйрығы бір тұтам  
Тұлпар міндім, өкінбен,  
Туған айдай нұрланып  
Дулыға кидім өкінбен,  
Зерлі орындық, үстінде,  
Ал шымылдық ішінде  
Тұлымшағын төгілтіп  
Ару сүйдім, өкінбен,  
Бүгін, соңды өкінбен,  
Өкінбестей болғанмын,  
Ер Мамайдың алдында  
Шаһид кештім, өкінбен! [8, 18 б.].

Доспамбет – қазақ әдебиетінің өсу-өркендеу тарихында елеулі рөл атқарған суреткердің бірі. Доспамбет жырларының игілікті әсері, тіпті, кейініректе шыққан Бұқар, Махамбет творчестволарынан да айқын аңғарылады. Сонымен бірге, ескіден қалған мол мұра – эпикалық жырлардан да Доспамбет әсерін байқаймыз [6, 44 б.].

Доспамбет жырау қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ноғайлының белгілі жырауы. Оның бір толғауы және бірнеше қысқа жыры ғана бізге мәлім. Жырау аталмыш толғауын өмірінің соңғы сағаттарында айтып бергенге ұқсайды. Ол 1908 жылы Қазан баспасынан шыққан Мақаш Бекмухамбетовтың «Жақсы үгіт» кітабыда басылған шығармасы. Доспамбеттің ақындық шығармашылығын зерттеуші М. Мағауиннің пікірі бойынша, ол ХҮ ғасырдың екінші жартысынан ХҮІ ғасырдың алғашқы ширегіне дейін жасаған. Азаулы (Азод) шаһарынан шыққан. Бұл пікірді ақын сөздерінің өзі-ақ растайды. Ақын өзінің Азов пен Қара теңіз жайлаған ноғайлы хандығынан шыққан батыр екенін, Әл-Ғұсман-паша жұртынан, Әли ағаның күйеу баласы, діни сенімі мұсылман, Есеқай, Қосай деген ұлдарының болғанын өзі-ақ айтады: «алғаным Әли ағаның қызы еді...», «Азау, Азау дегенің Әл-Ғұсман-пашаның жұрты екен, Дін ісләм кілті екен. Азаулының ер Доспамбет ағасы...» [3, 269 б.].

Есақай, Қосай екі ұл  
Алдыңызға жер құшақлай,  
Жылай шықса не айтарсыз? [8, 16 б.]

Доспамбет жорықта жүріп, дұшпанға қарсы ұрыста қол бастаған батыр. Асылы, Мамай бастаған қолдың сарбазы болуы ықтимал.

Ер Мамайдың алдында  
Шаһит кешіп өкінбен...- [8, 18 б.]

деген жолдар осы бір ойға жол ашатын сияқты.

Доспамбеттің көп күндері жорықтарда өткен. Талай қан кешкен соғысқа қатысып, өз елін сырт жаудан ерлікпен қорғаған батырдың бірі [3, 269 б.].

Ағарып атқан таңдай деп,  
Шолпанды шыққан күндей деп.  
Май қаңбақта ағалардың аты  
Жусап жатыр деп,  
Ақ шаңдақты құрып қойған шатыр деп... [8, 18 б.].

*Еділдің бойын ел жайлап, бейбіт тұрмыс кешкен заманды өз тоғауларына өзек етуі.*

Ақын өлендерінде ерлікті дәріптеу- негізгі орын алатын басты идея. Сүйте тұрса да, ол бейбіт өмірді, жайлы жазды жек көрмеген. Ол бірде:

Толғамалы ақ бота,  
Толғап ұстар күн қайда?- [8, 18 б.] десе, енді бірде:  
Кет-Буға дат билерден  
Кенес сұрар күн қайда?- дейді.

Өмір бойы жауға қарсы күресте ат үстінде жүріп жыр толғаған батыр жеңістің не екенін жақсы біледі, ерліктің нәтижесі бейбіт өмір екенін шешен тілмен тұжырымдайды [9, 149 б.].

Еділдің бойын ел жайлап,  
Шалғынға бие біз байлап,  
Орындықтай қара сабадан  
Боз баламен күліп-ойнап,  
Қымыз ішер күн қайда?! [6,38]

*Доспамбет жырау толғауларының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшелігі.*

Доспамбет – Қазтуған сияқты қолбасшы батыр атанған жырау. Ол жорықта жүріп, жау оғынан жарақат тапқан. Халық эпосы үлгісіндегі жырау-толғаулары бұған толық куә:

Арғымаққа оқ тиді,  
Қыл мықынның түбінен  
Аймедетке оқ тиді,  
Отыз екі омыртқаның буынынан.  
Зырлап аққан қара қан.  
Тыйылмайды жонның уақ тамырынан,  
Сақ етер тиді санама,  
Сақсырым толды қаныма [8,17 б.].

Доспамбет шығармашылығы – зерттелуі жағынан әзірше тың жатқан тақырып. Ақынның қолда бар санаулы шығармалары жыраудың өнер жолын танытуға тапшылық етеді. Сүйтсе де қолда бар толғауынан көрінетін бір ақиқат – Доспамбеттің заманының шын ақыны екендігі. Өлер алдында айтқан бір толғауының өзінен-ақ, ниет қоя оқып шыққан кісі, жырау бойын кернеткен толассыз жырдың көзін тапқандай әсер алады.

Жара бір қатты, жан тәтті,  
Жара аузына қан қатты.  
Жарақшылар жоқ па екен.  
Жармай білте саларға,  
Жағдайсыз жалғыз қалып барамын,  
Жанымда бір туғанның жоқтығынан [8, 17 б.].

Осы жолдардың өлеңдік қасиетін, оның ырғақтылығын әр тармақ басындағы сөздердің ұйқасы, ішкі үйлестер шешіп тұр [10, 270 б.].

Доспамбеттің сөзге ұсталығы, оның толғауларының өне бойынан көрініп тұрады.

Қарағайлы көдік бойында,  
Қамшым қалды ойында:  
Бүлдіргесі бұлан терісі,  
Өрімі құнан пілдің қайысы,

Шырмауығы алтын, сары жез,- [8, 17 б.].

деген жолдардағы сері жігітке лайық жеңіл қару болған қамшысын сипаттауы қандай? Мал жасқар қамшы ғана емес, қадірлі бұйым, кәдімгі қазақы он екі өрім, бұзау тіс дойырдың өзі. Сүйген жар сипаты, жетім-жесір қалған жас сәби мен қалыңдық қамы, олардың азалы сезімдері аз ғана жол өлеңмен жетімді суретін табады.

Алғаным Әли ағаның қызы еді,  
Қас арудың өзі еді.  
Маңдайы күнге тимеген,  
Жел де шашын үрмеген.  
Серпіліп адам бетін көрмеген,  
Қалай күні кешті екен?..  
Қосақай, Қосай, Ер Досайдың анасы,  
Хан қызындай сұлтанның  
Айдындықтай ақ білегін жастанып,  
Ерен үйін тіктіріп,  
Омырауындағы он түймесін ағытып,  
Кейінгі қалған көнекке,  
Қалай да белін шешті екен?!.. [8, 17 б.].

Келтірілген жолдар Доспамбеттің үлкен суреткер болғанын таныта алады. Ақын тілінде өзіндік көркем образ, халықтық теңеулер де көп кездеседі [10, 271 б.].

Көмбідей ару жарларға,  
Күректей мұзды тоңдырып  
Кірмембес ауыр қолға бас болып,  
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын...  
Ағарып атқан таңдай деп,  
Шолпанды шықан күндей деп....  
Арғымықтың талдай мойнын талдырып,  
Үйде қалған арудың  
Ал иіндігін аудырып... [8, 16 б.].

Доспамбет – халықтық эпос стилінде өлең шығарған жырау. Оның жоғарыда сөз еткен толғауы орта ғасырлық қазақ поэзиясының жақсы үлгісі.

Доспамбет толғаулары терең ойлы көркем туынды. Дүниетанымы кең, өмір өткелдерінен өткен тәжірибелі, зерделі, зергерді танытқандай. Дүниенің өткіншілігін термелей келі, ол адам өмірінің өсу жолдарын өзінше топшылайды. Қызығы, сайраны мол жастық шақтың аяғы қарттық кеселіне кезігіп, жарқын өмір шоғы біржола сөніп, өмір соңы опатпен тынатынын ескертеді. Сол тағдыр тәлкегінен жыраудың өзі де құтылмақ емес.

Дүниенің басы сайран, түбі ойран,  
Озар сөйте бұл дүние.

Азулының Аймедет ер Доспамбет ағадан [8, 16 б.].

Доспамбет поэзиясы өзінің терең ойлылығына сай образды. Поэтикалық тілге бай, өзіндік өрнегі айқын. Мысал үшін оның арғымақ атқа берген суреттемесін еске салайықшы:

Арыстандай ей бұтын алшайтып,  
Арғысақ мінген өкінбес... [8, 15 б.]

Доспамбетке дейін арғымақтың бұтын арыстанға теңеу кездескен емес. Сондай-ақ батырдың арманы да өзінше бейнелі:

Кілең бұзбай кілшейтіп,  
Көбелер киген өкінбес.  
Жұпарын қардай боратып,  
Арулар құшқан өкінбес..  
Алты құлаш ақ найза  
Ұсынып шаншар күн қайда.  
Садақ толған сайгөз оқ,  
Созып тартар күн қайда?! [8, 15 б.]

Жыраудың поэтикалық тілі халық поэзиясымен үндес жатса да өзіндік жаңалықтарын да танытарлықтай соны.

Туған айдай нұрланып,  
Дулыға кидім өкінбен...  
Хан қызындай сұлтанның,  
Айдындықтай ақ білегін жастанып... [8, 18 б.].

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақтың батыр ақындары Доспамбет жырларын ерекше қадірлеп, сол сарындас өлеңдер шығарып отырған. Олардың ішінде XVIII ғасырдың Ақтанберді жырауды, XIX ғасырдың Махамбет ақынды атасақ та жеткілікті.



Бұған қарағанда, өзіне дейінгі Қазтуған, Доспамбет, Шалғез, Жиёмбет сияқты ноғайлы елінің әрі батыр, әрі жырау болған тамаша жорық жырларының авторлары Ақтанберді мен Махамбеттің жанына жақын, өз кезеңінің тілегіне сай келген. Олардың өздері де аталған жырауларға тағдырлас батыр ақындар. Өмір бойы жауға қарсы ерлік күреспен ат үстінде жыр толғап, ел мақсатын биік көтерген ерлер. Сондықтан баба жыраулардың сөздерін өздеріне үлгі тұтып, олардың сөздерін керек жерінде қайталап айтуға да қымсынбаған. Сондай-ақ, Махамбеттің «Мен едім», «Әрайна», «Күн қайда», «Айналайын Ақ Жайық» толғауларының Доспамбетке ұқсас, үндес жолдары көп ұшырайды. Мысалы, төмендегі Доспамбет сөздерін Махамбет тікелей пайдаланбады деу қиын.

Келтірілген мысалдар Доспамбеттің кейінгілерге өнеге берген ұстаз жырау болғанын көрсете алады. Жырау шығармалары өзіндік өткір тілге, ерлік пафосқа құралады.

Әрбір ой жеріне жеткізілсе, нысанасына дәл тиерлік дәрежеде айтылады. Жыраулар поэзиясына тән шешендік тұжырымдар Доспамбет толғауларында да бар. Оның творчествосынан кейінгі жас ұрпаққа үлгі боларлық өсиет нақылдар мол кездесіп, ерлік дәстүрді қастерлеу ниеті айқын көрініп тұрады... [10, 273 б.].

## **XVII ҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ**

1. XVII ғ қазақ хандығындағы тарихи-әлеуметтік жағдай. Есім мен Жәңгір ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның бір орталыққа бағынатын мемлекет құру саясаты.

Есім хан мен Қатаған ұлысы мен Ташкенттің ханы Тұрсын Мұхамед Сұлтан арасындағы қайшылықтың себептері. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заңдар жүйесі. Сыртқы жау ойрат шапқыншыларына қарсы Есім мен Жәңгірдің қазақ жерін азат ету соғысы. Жәңгір ханның әскери істегі реформаларының мәні. Осы дәуірде өмір сүрген Жиёмбет пен Марғасқа жыраулардың толғауларында Есім хан заманының кемел оқиғаларының көрініс табуы.

2. Бортағашұлы Жиёмбет жыраудың Алшын руының көшкен әскери аристократиясынан шыққандығы.

Алшын руынан Самарқанд қаласының әкімі болған атақты Жалаңтөс баһадүрдің шығуы. (Ол Самарқанд шаһарындағы Регистанда орналасқан Жері – Дор медресесі мен Тіллә – қари мешіттерін салғызған)

Халық аңыздарының және шәкірттерінің айтуынша, Жиёмбеттің арғы атасы – Ноғайлыдан шыққан атақты Алау батыр; Алау – XVI ғасырдың алғашқы жартысында жасаған, тарихқа белгілі адам екендігі.

Жиёмбет – Есім ханның әскербасы батырларының бірі, әрі жорықшы жырау екендігі. Сонымен бірге Жиёмбет – ел аузынан алынған тарихи әңгімелерге және өз шығармаларындағы кейбір сөздерге қарағанда, өз заманының мемлекет істерінде үлкен рөл атқарған қабырғалы биі екендігіне тоқталу.

3. Жиёмбет толғауларынан байқалатыны оның мемлекет ішіндегі, халық алдындағы беделі жоғары болғандығы. Жиёмбеттен қалған ең елеулі мұра – оның Есім ханға арналған толғауы екендігі. Толғаудың туу себебі жайында ел арасында сақталған әңгімеге тоқталу. (Жиёмбеттің батыр інісі Жолымбет батырдың хан олжасы қалмақтың сұлу қызын барар жеріне жеткізбей жолдан тартып әкетуі жайында) өміріннің соңында Жиёмбеттің осы оқиғаның әсерінен ханмен араздасуы. өз елі Алшын ішіне кетіп, хан ордасынан сырт, шет жүруі. Осы оқиғалардың «Әмірің қатты Есім хан», «Қол-аяғым бұғауда» толғауларында көрініс табуы. Жыраудың «Әмірің қатты Есім хан», «Қол-аяғым бұғауда» «Еңсегей бойлы ер Есім» тағы басқа толғауларының мәні. «Еңсегей бойлы ер Есім» жырының әу баста ұзақ тарихи жыр-толғау болғандығы.

## МАРҒАСҚА ЖЫРАУДЫҢ ТАРИХИ ОРНЫ ЖӘНЕ МҰРАСЫ

1. Жырау өмірінен деректер.
2. «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» жырының тарихи мәні.

1. Марғасқа жыраудың Есім ханның белгілі батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы болғандығы. XVII ғасырдың айтулы тарихи тұлғаларының бірі екендігі. Мұраларының біздің заманымызға толық жетпеуі. Марғасқа жыраудың (XVII ғасыр) ерлікті, достықты, адалдықты жырлаушы, қазақ поэзиясындағы көне дәстүрді жалғастырушы екендігі.

2. Марғасқа жыраудың Есімге қарсы бағынбау саясатын ұстанған Ташкент ханы Тұрсын-Мұхамед Сұлтанның бүлігін басуға қатысуы. (1627 жыл) Осы оқиғаға байланысты ел арасында сақталған әңгіме мен нақты тарихи деректерді салыстыра тоқталу.

Марғасқа жырау – ақын. Қазақ поэзиясында жауынгершілік рухты жырлап, көне дәстүрді жалғастырған жыраудың өмірі мен өлеңдерінің туындауы туралы нақты деректер сақталған. Ол Есім ханның жорық жырауы, қол бастаған батыры болған. Ташкент өңірін билеп тұрған Тұрсын ханның Есім ханға қарсы бүлігін басуға қатысқан (1627). Марғасқа жыраудың бізге жеткен санаулы ғана жырлары оның от тілді, орақ ауызды жырау болғандығын көрсетеді.

XVII ғасыр ақындарынан әдебиет әлемінде мәлім жыраудың бірі Жиёмбетке тете ол Есім хандығының соңғы кезінде өмір сүрген. Есім ханның жағын – жақтап, жорықтарда бірге жүріп, хан сарбаздарының көңілін көтеріп жыр шерткен. Марғасқаның өмірі мен ақындығы туралы әзірше мәлімет өте аз. М. Мағауин Марғасқаны Есімханмен бірге Ташкент бегі Тұрсын мен Шанышқылы ханы Қатағанды шауып (олардың өздері елде жоқта істеген опасыздығы үшін) жазалаған ерлерден санаған. Яғни ол Есімханның 1627 жылы Ташкентті басып алу оқиғасына қатынасқан сарбаздардың бірі болған көрінеді.

Бізге Марғасқа жыраудың бір ғана қысқа толғауы жеткен. Бұд толғау Қазақтан Ғылым академиясы Әдебиет институтының қолжазбасынан алынып, 1967 жылы «Ертедегі әдебиет хрестоматиясында» енгізіледі. Ол төмендегідей: Есім ханның жорықшы жырауы. 1627 жылы Тұрсын ханның бүлігін басуға қатысқан. Еңсегей бойлы Ер Есімді (тарихи жыр, 7 мың жол) алаш жырлаушы деп шамаланады.

Есім ханның батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы Марғасқаның біздің заманымызға жеткен бір өлеңі осы оқиғаға байланысты туған. Ел әңгімелерінің айтуынша, Есім хан тұтқиылдан шауып Ташкентті бір-ақ түнде алған екен. Есімханның жауынгерлері Тұрсын хан жатқан сарайды қорушы күзетшілерді-у- шусыз жайғастырп тастайды. Енді ішке кірмек болғанда есімнің қасындағы әрі батыр, әрі жырау Марғасқа: «Тақсыр, сіз тұра тұрыңыз, мен барайын», деп сарайға енеді. Тұрсын бейқам, ұйқыда жатыр екен. Марғасқа қарусыз ханды байлатып алады. Бұл әңгіме Мұхамед-Жәдігердің көтерілісін басу кезіндегі Әлішер Науаидың атқарған ролін еске түсіреді. Шахрухтың әміршісі Мұхамед-Жәдігер 1470 жылы шілдеде Әлішердің әміршісі, әрі досы Сұлтан-Хусейінді Ғираттан ығыстырып, таққа ие болады. Алайда көп ұзамай, тамызда-да Сұлтан Хусейін өзінің жақтастарымен кенеттен шабуыл жасап, Ғиратты қайта қолға түсіреді. Хондемирдің айтуынша, Сұлтан Хусейін таң қылаң бере әлі ештеңеден бейхабар Мұхамед-Жәдігер сарайын қамап алады. Алайда, тосқауылдан сескеніп, шабуыл жасауға ешкімнің де батылы бармайды. Сонда Әлішер әміршісінен рұқсат алып, қолына жалаң қылыш ұстаған күйі соңына екі адамымен бірге сарайға кіреді. Ойында ешқандай хауіп жоқ Мұхамед-Жәдігер қатты ұйқыда жатыр екен, Науаи оны табан аузында байлатады да, Сұлтан-Хусейінге әкеп тапсырады. Сол жерде-ақ Мұхамед-Жәдігердің басы алынады.

Бұл жырдан Марғасқаның от тілді, өжет, аса талантты ақын екендігі аңғарылады. Өлең Марғасқаның халық әңгімелерінде айтылатындай шынында да жауынгер, жорықшы жырау болғанын көрсетеді.

Тұтқиылдан шауып, бейқам жатқан жауды қолға түсірген кезде озбыр сатқын Тұрсынға жырау айтқан үкім-осы Есім ханның халық алдына беделінің артуы осы оқиғаның жеңіспен аяқталуы болса керек.

Ерлер мен хандар елде жоқта жазықсыз, панасыз халықты шапқан Тұрсынға жазасын бергені үшін халық Марғасқадай даңқты жырау арқылы Есімге алғыс айтқанға ұқсайды. Марғасқаның жырлары көп болған. ел есінде жүрсе де, біздің қолымыз жетпей жатқаны да бар шығар. Келешектегі мақсат-Марғасқадай әйгілі жырау сөздерін мұқият жинап, әдебиет тарихындағы орнын толық таныту.

Ханға қарсы сөз айту, мін айту, айбат көрсетіп, кектене сестене сөйлеудің қазақ жыраулар поэзиясындағы дәстүрлі, ежелгі үлгісін Марғасқа жырау өткірлей, өтімді ете түседі. Кейін Махамбет Жәңгірге тура осылай сөйледі. Аса бай көркемдік құдырет-күші жөнінен әлемдегі қайсы-бір әдебиетпен де терезесі тең қазақ көркемсөз әлемінің үлкен бір кезеңі, өлмейтін, өшпейтін, ғажайып туындылар қалдырған, жыраулар поэзиясының мейлінше толысып, түрленіп гүлденген дәуірі ХҮІІ ғасыр.

Бұл уақытта тарихтың талай соқпағынан қағылып, соғылып өтіп келе жатқан халық тағдырана аса бір қысылшаң, қиын шақтар туған еді. Сонау, әріде Шыңғысқан заманына апарсақ, 5 ғасырдан астам уақытқа, ХҮІІ ғасыр басынан бір жарым ғасыр уақытқа созылған қазақ-қалмақ шапқыншылықтарының дүрілдеп тұрған кезі еді.

1606 жылы Жоңғар қалмақтары қазақ даласына аса бір өшпенділік пен бастаған соғыс үздік-создық созылып келіп, 1770 жылдары ғана аяқталды.

Марғасқа жыраудың Тұрсын сұлтанға айтқаны.

Марғасқа жыраудың өмірі мен өнернамасы туралы нақты деректер сақталмаған. Біз тек Есім ханның жорық жырауы болғанын, 1627 жылы Тұрсын ханның бүлігін болуға қатысқанын ғана білеміз. алайда, біздің заманымызға жеткенсанаулы жолдары оның қазақ поэзиясындағы көне

дәстүрді жалғастырушы от тілді, орақ ауызды жырау болғандығын көрсетеді.

Марғасқа Есім ханның өмірі мен ерлік істері суреттелетін жеті мың жолдық «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты тарихи жырды алғаш жырлаушы деп шамаланады.

Марғасқа жырау – ақын. Қазақ поэзиясында жауынгерлік рухты жырлап, көне дәстүрді жалғастырған, жыраудың өмірі мен өлеңдерінің туындауы туралы нақты деректер сақталмаған. Ол Есім ханның жорық жырауы, қол бастаған батыры болған. Ташкент өңірін билеп тұрған Тұрсын ханның Есім ханға қарсы бүлігін басуға қатысқан. Марғасқа жыраудың бізге жейкен санаулы ғана жырлары оның от тілді, орақ ауызды жырау болғандығын көрсетеді. «Ей, қатағанның хан Тұрсыны» атты өлеңінде Ташкент ханның қазақ ауылына опасыздықпен шабуыл жасағанын, жазықсыз жандарды қырып-жойғанын бетіне басады. Марғасқа жырау Есім ханның өмірі мен ерлік істері сереттелген жеті мың жолдық «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты тарихи жырды алғаш жырлаушы болған деген болжам бар.

Бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құруға тырысқан Есім ханның өз мақсатын орындау жолында жеке ұлыс-тайпалардың хандары мен ірі феодалдарының қарсылығын тойтарып отыруына, кейде қантөгіске баруына да тура келеді. Есімнің жолына кесе-көлденең тұрғандардың бірі –Қатаған, Шанышқылы руларының ханы, Ташкентті билеуші Тұрсын еді. Тәуелсіз әмірші болғысы келген Тұрсын Есімнің қалмақтарға қарсы жорыққа кетуін пайдаланып қазақ ауылдарын шабады. Көп жұртты харап қылады. Бұл оқиға халық санасында үлкен із қалдырған. Еңсегей бойлы Ер Есім» жыры Тұрсын ханның ел шабуы жайында былай дейді:

Қырғын салды қазаққа  
Самалын құдай оңдады.  
Кезіккендер қырылып,  
Алды -артына аңдады.  
Қара жерді қандады,  
Буаз қатын кез келсе,

Ішін тіліп жайлады.  
Бас қамында анасы,  
Шырылдап жылап баласы,  
Бесіктер бесіктер қалды жол-жолда,  
Найзамен түйреп жамғарды.  
Өлікпенен бөгеді  
Қыр мен адыр, сайларды.  
Ошаң егер адам жоқ,  
Сансыз көрді пайданы [1, 72 б.].

Бұл – ағасына інісі пышақ ұрған соғыс еді. Көп ұзамай-ақ кезек Қатағандарға келеді. Ызақор, дұшпанына мейірімсіз Есім жорықтан орала салысымен Ташкентті шауып алып, Қатағандарды қырғынға ұшыратады, Тұрсын ханның өзін өлтіреді. Бұл оқиға, Абылғазы баһадүр ханның айтуынша, 1627 жылы болған.

Марғасқа жырау жырының көркемдік ерекшелігі, тіл өрнегі.

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,-а  
Кім арамды ант ұрсын.-а  
Жазықсыз ерді еніретіп,-а  
Жер тәңірісіп жатырсың.-а  
Хан емессің қасқырсың,-а  
Қара албасты басқырсың,-а  
Алтын тақта жатсаңда,-а  
Ажалы жеткен пақырсың!-а  
Еңсегей бойлы ер Есім-г  
Есігіңе келіп тұр:-д  
Алғалы тұр жаныңды,-е  
Шашқалы тұр қаныңды!-е

Өлең тармақтарының үйлесімен туғызудың бұл тәсілі негізгі басты ұйқасқа жанама ұйқастырады қосарлап отыру арқылы жасалады. Оны желелілі не болмаса өзекті ұйқас деуге болады.

II.1. Зат есім мен етістік ұйқас мүшесі

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,  
Кім арамды ант ұрсын.

### III.2. Зат есімнен ұйқас

1 2 3 4 5 6 7

Ал-ға-лы тұр жа-ның-ды

1 2 3 4 5 6 7

Шаш-қа-лы тұр қа-ның-ды

Ұйқас әр тармақтың 5, 6, 7, буындарын қамтығын.

Өлеңді - өлең ететін ырғақ болса, қазақ өлеңіндегі күллі ырғақ буынмен үндеседі. Тіпті ұйқассыз өлеңнің өзін өлеңге айналдыратын бірден-бір күш, құрал-буын. Қазақ өлеңінің буынын болжайлап қарау да керек, абайлап санау керек.

Ей, Қатағанның хан Тұрсын (8)

Кім арамды ант ұрсын (7)

Жазықсыз ерді еніретіп, (8)

Жер тәңірсіп жатырсың. (7)

Санай қалсақ, әр тармақтың буын саны әр түрлі. Өлеңде ақынның хан туралы ойын мен оған деген көзқарасын буынның рөлі зор. Осы өлең тоникалық емес, силлабикалық өлең. Өйткені бұл өлеңдегі ырғақты буыннан буынға аттап, көшіп жүрген айнымалы екпін емес, буын буындары бунаққа топтап, тәртіпке келтіріп жүрген дауыс толқындарының соқпа-соқпасы білініп тұр.

IV. Баяғы ауыз әдебиетінің барлық кезеңінде тіл көркемдігі көбінесе түрлі-түсті бояу болған да, сөз сұлулығы, әсемдігі – құбылту түрлерінеде жатқан.

Сөздері тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықиы бейнелеп, кейде перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде өнін айналдырып айту. Эпитет пен теңеу метафора мен метонимия әр жазушының таптық көзқарасына лайық, таптық идеясына сәйкес пайдаланылады.

Жазықсыз ерді еніретіп,

*Жер тәңірсіп жатырсың.*

Осы жолдарда Марғасқа жырау троптық түрі, яғни гиперболаны қолданған. Ол ханның қаншалықты жоғары ұстайтынын, өзін жердің патшайымы деп есептейтінін, мынадай гиперболамен жасаған жолдармен көрсетеді.

Сонымен бірге жырау эпитетті да қолданған. Мысалы:



*/Еңсегей бойлы //ер Есім/  
/Есігіңе// келіп тұр:/  
/Алғалы тұр// жаныңды,/ /  
/Шаиқалы тұр// қаныңды!//*

Бұл өлеңнің үш шумағы, он екі тармақ, жиырма екі бунағы бар екенін осы кестеден көреміз.

	4	3
VI.	<i>/Жер тәңірсіп //жатырсың./</i>	
	4	3
	<i>/Хан емессің// қасқырсың,/ /</i>	
	4	3
	<i>/Қара албасты //басқырсың,/ /</i>	
	4	3
	<i>/Алтын тақта //жатсаңда,/ /</i>	

Жеті буынды өлең бас буынағы төрт буын.

Қорытындылай келе, Марғасқа жырау өлеңі өзіндік өткір тілге, ерлік пафосқа құрылады. Әрбір ой жеткізіле, нысанына дәл тиерлік дәрежеде айтылады. Жыраулар поэзиясына тән шешендік тұжырымдар Марғасқа өлеңінде бар.

Марғасқа жырау сөзінің өткірлігі-қатайлана қолданған қаратпа сөздің екпінінде.

Жыраулардың ішінде ақын деген атқа ие болған көркем сөз иелері бар. Ақындық пен жыраулық барлық ақындарға бірдей қатар келе бермейді. Ақындық толғаулардың мағынасы елдің, халықтың өмірінен, тарихынан орын алған маңызды оқиға, елеулі құбылыс немесе даңқты адамдар туралы ақындық ойларын, қорытқандарын білдіретін терме сөзбен жасалған күрделі шығарма болып табылады. Ақын жыраулар ойын қандай өлшеммен айтса да мақсаты: ой түсіру, сезім әсер ету, ақыл беру. 7-8 буынды жыр өлшемімен нөсерлете, екпіндей сөйлегенде де ақылғой, дана көсемдердің көздегені – жұрттың санасын ояту, әлеуметтік мәселелердің маңызына көңіл аударту, ақылға ақыл қосу, сезімге түрткі жасау.

## ЖИЕМБЕТ БОРТАҒАШҰЛЫ МҰРАЛАРЫ

1. Жырау өмірінен деректер.
2. Жырау толғауларының тақырыптық мәні.
3. Жиёмбет жырау – жорықшы жырау.

Жиёмбет Бортағанұлы – жырау, әскербасы, ХҮІ ғасырдың соңы мен ХҮІІ ғасырдың алғашқы жартысында ғұмыр кешкен. Ол қазақ арасына аты мәлім ескі жыраулардың бірі. Жиёмбеттің бұлайша халық аузында сақталу себебі, ол ең алдымен елдің көкейіне қонымды жыр толғап, бойындағы ақындық шабытын батырлықпен байланыстырған болса керек. мұның үстіне, Жиёмбет өзі тұстас кейбір хан мен билерге наразылық білдірген, тіл тигізе батыл сөздер де айтқан, өз дәуірінің өткір азаматы болған. Жиёмбеттің өмір сүрген кезі-ХҮІІ ғасырдың екінші жартысы, Есім ханның тұсы. Оның әкесінің аты әр деректе әр түрлі аталады: Біртоғыш, Біртоғаш, Мүфтоғаш. Біздіңше, дұрысы ел есінде сақталған – Мүфтоғаш болса керек.

Кейбір деректе Би Темірұлы Тәуекел ханды да көрген. Оған арнап та өлең айтқан үзіндісі ғана мәлім. Ол үзіндіден Жиёмбеттің жас шағы көрінеді. Жігітшілікпен хан қаһарына ілініп , одан кешірім өтінгені мәлім болады [1, 66 б.]. Тәуекелге айтқан сөздерінің үлгісі «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясында» (119 бет) басылған болатын. Ол жолдар төмендегідей:

Үш ай тоқсан кезінде,  
Қошқар менен бура мас.  
Нақ көктемнің кезінде,  
Айғыр менен бұқа мас.  
Жас болжалы жеткенде,  
Қыздар менен жігіт мас.  
Сол мастықтың күшімен,  
Алдыңа келген мен бір жас,  
Кессеңіз, ханым, міне, бас! [2, 39 б.].

Ол кіші жүз, он екі ата Байұлының бір атасынан. Мүфтоңаш Жиёмбетпен бірге Жолымбет, Ахмет деген ұлдар туған. Туып – өскен жері – қазіргі Орал облысы Тайпақ ауданы. Негізгі мекені – Байбарақ, Байшерек деген жерлер. Қыстауы – Жайық жағасындағы Есім төбесі. Жаз Жиёмбет ауылы Жем-Сағыз бойын жинап жағалай жайлаған.

Жиёмбеттің өмір сүрген кезіндегі Есім хан туралы С.Сейфуллин біраз мәлімет береді. Оның ескертуі бойынша, Есім 1636-1643 жылдар арсында хандық құрған. Ташкенттің әміршісі бегі Тұрсын дегенді өлтірген (ол қатаған ұлысынан шыққан бек екен). Есім тұсына кіші жүз Әлім руынан шыққан Жалаңтөс деген батыр Самарханда әскербасы болған. Ол 1640 жылы 20 мың қол әскерді бастап, Жоңғар шапқыншыларына қатты тойтарыс берген. Баса-көктеп кірген жауларды қазақ жерінен қуып тастаған [3, 110 б.].

Оған қоса Жиёмбет жырау-қазақ тарихындағы ел бастаған көсем деңгейіне көтерілген елеулі тұлғалардың бірі. Еңсегей бойлы ер Есім ханның ұлы жорықтарында асқан ерлік көрсеткен. ол 1610 жылы ойраттармен болған ірі соғыста Кіші жүз қолын басқарып қазақтардың жеңіске жетуіне ықпал еткен.

1907 жылы Қазақ хандығы құрамынан бөлініп шығып, дербес билік құрғысы келген Қатағанның ханы Тұрсынның бүлігін басқан Есімнің қасында болып, ел тұтастығын сақтау жолында қажырлы қайрат көрсетеді. Кейін Кіші жүзге сөзі өтіп тұрған Жиёмбет жыраудың билігінен сескенген Есім хан, оны інісі Жолымбетпен бірге жер аударып жібереді. Жиёмбет жырау ханның қаһарынан қайтпаған өр кеуделі азамат болған секілді. Иесіз аралға айдалып бара жатқан. Жиёмбет жырау: «Еңсегей бойлы ер Есім, Есім сені есірткен, Есіл де менің кеңесім» деп Есім ханға айбат шеге, ойындағысын тайсалмай айтып кетеді. Ел аузындағы деректерге қарағанда, Жиёмбет жырау сол айдауда жүріп қайтыс болады. Келесі деректерде, Есім хан дүниеден өткеннен кейін туған жұртына қайтып оралады. Бірақ Жиёмбет жыраудың Есім хан қайтыс болған 1643 жылдан кейінгі ғұмыры белгісіз [1, 66-67 бб.].

Жырау сөзіне қарағанда, ол Есіммен жасынан бірге өскен және ханның дегенін істеп қан жүрген жан емес, ханға ықпал да жасаған адам:

Менің ер екенімде көргенсің,  
Әуелден бірге жүргенсің.  
Дегемді қылғансың,  
Қайратымды білгенсің [2, 41 б.].

Жырау ханға ақыл салып қана қоймайды, кейде өзінің батырлық сипатын баяндап, айбар да көрсетеді. Қалмақ шапқыны кезіндегі хан қатты сасып, хан ордасының берекесі кете бастаған ауыр кезеңді айтып, былай дейді ол:

Қалмақтың бөрі ханы келгенде,  
Соқыр, бурыл байталға  
Сонда бір жайдақ мінгенсің  
Қаланың қасы бүлгенде,  
Қаз мойынды ханына  
Қаладан тұрып жылаған... [1, 53 б.].

Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Жиёмбет тек жырау ғана емес, жиһангез де болғанға ұқсайды. Ол көп жерлерді арлаған. Қазақстаннан басқа жердегі біраз жұрттарды көрген. Ителінде болған кезде үйленіп, содан еліне бір әйел әкелген. Ол әйелінен туған балалары кейін өз алдына бір ауыл болып, Жиёмбет Тананың Ител Баймұрат ауылын құрған, халық Жиёмбеттің хан тұтқынынан қалай құтылғаны туралы да аңыз бар. Оны айла амалы мол батыр адам етіп танытады. Ел аузындағы бір аңызда Жиёмбеттің самұрық құстың баласын ұстап алып, соны бағып өсіріп, ақыры әбден ер жеткен самұрық балапанның аяғына қыл арқан байлап, содан ұстап, ұшып, айдау аралынан елге аман оралғаны баяндалады.

Екінші бір аңызда оның Барсакелмес аралында жалғыз қалған кезі әңгімеленеді. Ода Жиёмбет жырау өзінің айла-ерлігімен аман құтқарылу жайлы айтылады. Бұл аңыздан Жиёмбет жыраудың қуғынға ұшырап, біркез елден ауып, ақыры өз күшімен азаптан құтылып, қатарға қосылғаны мәлім болады. Халық Жиёмбетті әділ би, шешен жырау, айлалы, «аруақты» батыр деп дәріптейді [4, 218 б.].

Жиёмбет жыраудың ата «Қазақ СССР тарихында» да аталады. Тарихтың айтуынша, ол ханнан қорлық көріп, есесі кеткен елдің жоғын жоқтаған ер азамат. Есім өлтірткен құлдың құнын даулап, ханға қарсы шығатын да, ханды өз қылмысын мойындауға мәжбүр ететін де осы Жиёмбет. «Ешкім жақтап, ешкім құн талап етпейтін құлды өлтірген... Есім Жиёмбеттен кешірім сұрауға мәжбүр болады», - деп жазылған Қазақ СССР тарихында.

Жиёмбет жыраудың мемлекет ішіндегі, халық алдындағы беделін аңғартатын жырлары.

Жиёмбет тек жырау ғана емес, бір белді рудың батыр басшысы. Оның ханға ықпалды болуының сыры да осында болса керек. Және ол Есім ханға наразы рулар жағында болып, күресте күш алып отырғанға ұқсайды. Оның үстіне, халық аңызы бойынша, Есім қалмақ хандарымен ауыз жаласып кетеді. Осыдан келіп елде оның саясатына ашық наразылық туады. Осындай наразылықты біліп халық Жиёмбет пен оның інісі Жолымбетке байланыстырып айтады [5, 58]. Ол аңыздың қысқаша мазмұны мынадай: «сұлу қызды сыйға тартады. Сыйлықты алып келе жатқан қалмақ елшісін Жиёмбет інісі Жолымбет батыр тосып алып, ханға жеткізбей қолға түсіреді. Қызды барымталап ханға бермейді. Мұны естіп Есім хан Жиёмбетке ренжіп, қалмақ ханы сыйлаған тартуды өз қолына тез табыс етуді бұйырады. Бұрын оған кеткен дауларының есесін осылай қайтаруды ойлайды. Осындай себептерден Жиёмбет пен хан арасы алшақтай түседі...»

Жолымбет адай арасына-Хорезм жағына ығысып сол жақта өлген. ел аңызы бойынша, Жиёмбет Ителіне айдалады. Есім өлген соң ол еліне келіп, 1680 жылдары шамасында, тоқсанның үстіне шығып өлген [3, 11 б.].

Бұған қоса тағы бір дәлел, өзінің сарай маңындағы орнын ханның есіне салып, оған адал қызмет еткен ердің бірі болғанын айтады. Тек оларға қас топтың сөзіне еріп, бекер жазаланып отырғаны, бұл достар арасына от салғандардың зұлымдығы екеніне ханның көзін жеткізбек болады. Ол өзінің бағасын біледі, елге, де, ханға да керек адам екенін сездіреді.

*Мен жоқ болсам Есім хан,  
Ит түрткіні кәкрсің.  
Жиёмбет қайда дегенде,  
Не деп жауап бересің?.. [6, 52 б.].*

Осындай ескертпелеріне құлақ аспаған бітбет ханға көңілі әбден қалған тұста өзінің өткен істеріне өкініш те білдіріп қояды. Оның сойылын соғып, адал жауынгері болғаны ескерілмей, ханның өзіне қаталдық жасап отырғанына қынжылады. Ақ ниетті адал ісінің босқа кеткеніне өкінеді.

*Көруші едім Есім хан,  
Ханымды күнімі, сізді айымдай.  
Сырым саған түзуді,  
Садақа салған бұлындай.  
Жұмыскарің мен едім,  
Сатып алған құлындай,  
Жүруші едім араңда  
Өзіңнің інің менен ұлындай [2, 39 б.].*

Екінші бір аңызда, оның Барсакелмесс аралында жалғыз қалған кезі әңгімеленеді. Онда Жиёмбет жезтырнаққа кездесіп, одан өзінің айласы мен ерлігі арқылы аман құтылғаны айтылады. Бұл аңыздардан Жиёмбер жыраудың қуғынға ұшырап, бір кез елден ауып, ақыры өз күшімен азаптан құтылып, қатарға қосылғаны мәлім болады. Асылы бұл пікірдің жаны бар. Оның растайтын Жиёмбеттің «Есім ханға айтқан» сөзінде мынадай жолдар кездеседі.

*Мен өлсем құнсыз кетер деме сен,  
Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген  
Тілеуберді құлындай!  
Тілеуберді құлын мен емес,  
Мұның, ханым, жол емес [7, 53 б.].*

Бұл жолдарда Жиёмбет ханның рақымсыздығын бетіне басып, панасыздардың талайын мерт қылған мейрімсіз екенін ашық білдіріп отыр. еел-жұртына арқа сүйеген өзіндей батырға Есімханның олай жасай алмайтынын да ол ашық айтады. Себебі Жиёмбет ел аралап жүрген жай жыраудың бірі емес. Ол-белгілі бір тайпа елдің батыр басшысы. Оның ханға ықпалды

болуының сыры да осында болса керек. және ол Есім ханға наразы ұлыстар жағында болып, күресте күш алып отырғанға ұқсайды.

Ел аңызында өзімшіл ханға қарсы пікірлердің болуы, оның Жиёмбет жыраудың атына байланысты айтылуы тегін емес. Оның негізінде белгілі шындық жатуға тиіс. Жиёмбеттің ханға наразы болып өткенін, оның өз соңынан ерер алашы бар ақын екенін жыраудың бізге жеткен мына бір толғауы да айқындайды:

Арқанға қарай көшермін,  
Алашыма ұран десермін,  
Ат құйрығын көсермін,  
Ат сауырысын берермін,  
Алыста дәурен сүрермін.  
Қарамасаң, ханым, қарама  
Сенсізде күнімді кешермін [2, 41 б.].

Жиёмбет – ханға қарсы өз наразылығын ғана емес, қалың топтың наразылығын білдірген жырау. Оның жырлары «Қазақ ССР тарихы» осы тұрғыдан бағалайды.

Жиёмбет жыраудың Есім ханға арналған жырлары.

Жиёмбетті халық ақындары жақсы білген. Оның өлеңдерін Ғалым Шөреков соңғы кезге дейін жылар келген.

Ол «Жиёмбет батырдың ашуы» деген тақырыпта (Жиёмбет сөзі деп) толғаулар айтқан. мұнда Жиёмбеттің әкесі Біртоғаш екені, жырау Есім хан тұсында қалмаққа қарсы қол бастаған батыр болғаны көрсетілген. Ғылманның бұл пікірлері тарихқа қайшыкелмейді, жыраудың өмірі туралы мәліметі толықтыра түседі.

Жырау хан қаһарынан қынбайды. Оның тасқан көңілін басқандай батыл сөз айтады [5, 60-61 бб.].

Тас қаладан жан сақтап,  
Тасқан екен мына хан.  
Қабырылып қайыр қалуға,  
Қылығың жоқ ұнаған.  
Қайратым қанша қайтса да,  
Мұныңа ханым, шыдаман! [6,53].

Орал облысының қариялары Жиёмбетті өте жақсы біледі. Оның ұрпақтары Тайпақ қой совхозында тұрады. Осы елдің кәрі құлағының бірі Оразғали Сүйінбекұлы Жиёмбет жырларынан есімде қалғаны деп қырық жолдай екі өлеңін айтады. Жыраудың бұл өлеңдері 1967 жылы «Көне әдебиет хрестоматиясында» бірінші рет жарық көрді. Ол өлеңдердің бірінде жырау жоғарыда айтылған інісі Жолымбеттің дауы кезіндегі ханға келген елшілер атынан айтқан тібіреністі білдіреді. Рулы ел боп келеді, ханды қаһарынан қайтармақ болады. Аталмаш толғаудың мазмұны мынадай:

Әмірің қатты Есім хан,  
Бүлік салып бұйырдың,  
Басын бер деп батырдың,  
Қанын ішіп қанбаққа,  
Жанын отқа салмаққа.  
атадан жалғыз мен емес,  
Хан ие ісің жол емес.  
Жолбарыстай Жолымбет  
Құрбандыққа қол емес.  
Жол тосып алып кетіпті,  
Қалмақтан алмақ сыйыңды.  
Атасы басқа қалмаққа  
Жақпақ ойың қиынды.  
Қаһарыңды басқалы,  
Қалың елім жиылды.  
Бастап келген өзге емес,  
Жиёмбет сынды биіңді.  
Малын салып алдыңда,  
Әр саладан құйылды.  
Он екі ата байұлы,  
Бір тәңірге сиынды [2, 39 б.].

Мұны Жиёмбет өз інісі Жолымбетті хан пәлесінен құтқару мақсатында айтқан екен десе, екінші толғауында Жиёмбеттің хан қуғынын көріп, азап шеккені баяндалады. Айдауда жүріп көрген қорлығы, азамат ердің ар-намысы шертеді.



Басы саудың түгел дүр,  
Толған толы малы дүр.  
Тоқтамай соққан толағай,  
Толастар мерзім жеткен дүр.  
Керегемде ілініп,  
Шабылмаған семсер тұр.  
Жаудан алмай кегімді  
Есілде өмір өткен тұр.  
Азап шектім аралда  
Ханға қарсы тұрам деп,  
Түн ұйқымды бөлгенім,  
Жұртымды жөнге салам деп,  
Бас кессе де басылмай,  
Ақ ісімді жасырмай,  
Атқа мінген ер едім.  
Қашырды бүйтіп елімнен  
Күйеуден безген қатындай[6,54].

Бұл өлеңдердің мазмұндары халық аузындағы аңыздарға қайшы келмейді. Қайта сол аңыздардың негізінде шындық жатқанын растайды. Жыраудың басынан кешкен қиындықтарды, оның себептерін таныта түседі.

Жиёмбеттің ақындық өнері өз кезіндегі жырлардан кем түспейді. Ол халық ауыз әдебиеті жетістіктерін жете меңгерген ақын. Оның поэтикалық асқақ тілін таныту үшін «Жақсы үгітте» басылған өлеңінен бір үзінді келтірсек те жеткілікті.

Менің еркелігімді сұрасаң,  
Жолбарыс пен аюдай  
Өрлігімді сұрасаң,  
Жылқыда асау тайындай.  
Зорлығымды сұрасаң,  
Бекіре мен жайындай.  
Беріктігім сұрасаң,  
Қарағай мен қайындай [2, 40 б.].

Жырау толғаулары осындай өткір тілді, бейнелі келеді. Ол заманның ері қайраткері және шебер тілді ақыны болады.

Жиёмбет жыраудың тіл нақыштары, көркемдік ерекшеліктері.

Ақын поэзиясы мен жырау поэзиясы ескі мазмұнымен ғана емес, сыртқы формалармен де өзара ерекшеленеді. Ақын аузынан шыққан туындар әдетте, төрт тармақты шумақтан тұрып, а-а-б-а болып қиысқан он бір буынды қара өлең, немесе 7-8 буынды, еркін ұйқасты жыр түрінде келеді.

Өлеңнің дыбыстық жағына, яғни *аллитерация, ассонансқа және басқы рифма, ішкі ұйқасқа* ерекше мән берілуі көне түрік әдебиетіне тән құбылыс.

Айтылмыш көркемдік әдістердің қайсысының болмасын Жиёмбет жыраудың творчествосындағы алатын әдетте *а* дыбысының қайталануы арқылы жасалады. Бұл заңды да. Жырау поэзиясы көп реттерде жаугершілік поэзиясы, жырау өлеңдерінің рухы-ерлік, өр ұран. Мұндай өршіл рухты басқа дауыстардан гөрі *а* дыбысы әсерлірек береді.

*Арқаға қарай-көшермін,  
Алашыма ұран десермін,  
Ат құйрығын кесермін,  
Алыста дәурен сүрермін!*

*Еңсеген бойлы ер Есім,  
Есім, сені есірткен  
Есіл де менің кеңесім.*

Ал аллитерация негізінен қатаң дауыссыздар арқылы жасалады.

*Тас шарбаққа мал сақтап,  
Тас қалаға жан сақтап,  
Тасқан екен мына хан.  
Қайырылып хайыр қылуға  
Қылғаның жоқ ұнаған.  
Қайратым қанша қайтса да,  
Мұныға, ханым, шыдаман.  
Толған **тоғай** малы-дүр.  
Тоқтамай соққан **толағай**  
Толастар мезгіл жеткен-дүр.*

Көне жыраулық поэзиясының өзіндік ерекшеліктерінің бірі-өлең жолдарында соңғы сөздердің қайталануы кездеседі.

Үш ай тоқсан кезінде  
Қошқар мен бура **мас**,  
Нақ көктемнің кезінде  
Айғыр менен бұқа **мас**  
Жас болжалы женкенде  
Қыздар менен жігіт **мас**.

Жиёмбет өлеңдерінде теңеу де өте жиі кездеседі.

Менің ерлігімді сұрасаң,  
Жолбарыс пен *аюдай*,  
Өрлігімді сұрасаң,  
Жылқыдай асау *тайыңдай*,  
Зорлығымды сұрасаң,  
Қарағай мен *қайыңдай*.

Жыраудың теңеулерді өзін қоршаған реалдың ортадан алғандығы көрінеді. Жөнсіз шапқу жоқ, сондықтан өте әсерлі шыққан.

## **XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ**

1. XVIII ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай.

2. XVIII ғасырдағы халық басынан өткен тарихи оқиғалардың Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жыраудың шығармашылығында шынайы көрініс табуы.

1. XVIII ғасырда қазақ даласына ойрат басқыншыларының жойқын шабуыл жасауы. Қазақ халқының «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» трагедиясына ұшырауы (1723ж). Қазақ хандығының іштей ыдырап, елдің ауыр дағдарысқа ұшырауы.

2. Саяси бірліктің әлсіздігі. Ел бірлігіне шақыратын Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің қазақ тарихынан алатын орны, оның жыраулар поэзиясындағы көрінісі. Ойраттардың 1723-1725 және 1740-1742 жылдардағы қазақ даласына шабуыл

жасауы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» апаты. Ойраттың Сыбан Раптан (1697-1727 ж.ж.) және Галдан Церен (1727-1746 ж.ж.) сияқты Қоңтайшыларына күйрете соққы берген қазақтың ер жүрек батырлары (Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Олжабай, Райымбек, Жанатай, Жәпек, Сары, Баян, Малайсары, Ер Жәнібек) мен үшт жүздің басын қосып, сыртқы жауға бастаған ержүрек хан Абылай бейнелерінің жыраулар поэзиясында асқақ жырлануы.

XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің идеялық бағыттары: феодалдық қанауға, сұлтандық патша билігіне наразылықтар мен халықтық сарындағы шығармалар.

## АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ МҰРАЛАРЫ

1. Ақтамберді жырау өмірінің деректері.
2. Жырау толғауларының тақырыптық сипаты.
3. Жырау мұраларының әлеуметтік мәні, көркемдігі, сөз нақыштары.

1. Ақтамберді жырау Қаратау өңірінде 1675 жылы дүниеге келген. Бұл туралы М. Мағауиннің «Алдаспан», «Қобыз сарыны» еңбектерінде нақты айтылуы. (Ақтамбердінің жетінші буындағы ұрпағы Сәрсенбек Нүрпейісов ақсақал (1883ж туған) менің бабам Шақантай ақ патша қазақтан солдат алатын жылы 106 жасында опат тапты дейді. Шақантай өзінің үлкен әкесі Арықты көріпті. Ол кісі Шақантайдың 7 жасында 92-ге келіп өлген екен. Арық – Ақтамбердінің кіші әйелі башқұрт қызы Күмістен (жыраудың бәйбішесінің аты Базар екен) әкесінің 50 жасында туған көрінеді. Сонда Ақтамберді 1675 жылы дүниеге келген болып шығады.)

Ақтамбердінің – әкесі Сары, шешесі Сыр бике екендігі. Найманның Сыбан атасынан шыққан Сарының ағайыннан жалғыз екендігі. Ақтамберді өмір бойы ат үстінен түспей, бел шешпей, елін қалмақ басқыншыларынан қорғаған батыр, жауынгер, жорық жыршысы, жырау. Кейін бейбіт тұста еліне егін ектірген, елінің қамын ойлаған ақылман, данагөй қария, ел

ағасы. Ұзақ жасап, 93 жасында 1768 жылы қайтыс болған. Зираты Шыңғыстау маңында, Абай ауданының шетіндегі Шеп өзенінің шығысында, Құндызды Қос өңіріндегі Жүрек Жота деген төбенің басында тұр.

2. Жырау шығармаларында өз өмірінің белестерінің көрініс табуы. Атадан жалғыздығы, ағайыннан көрген қорлық, азабы шығармаларында ішкі қайғы мұң болып қозғалуы. Осы тақырыптағы «Дұшпаннан көрген қорлығым», «Жағалбай деген ел болар», «Әңгіме жамау түскенін», «Атадан тудым жалқы боп», «Әкем көрген зорлықты», «Көк көгершін, көгершін» деп басталатын толғауларына тоқталу.

Ақтамберді жырау толғауларындағы басты сарын – ерлікке, батырлыққа, дұшпаннан кек алуға, елді сыртқы жаудан қорғауға шақыру. («Балпаң-балпаң басарсың», «Жауға шаптым ту байлап», «Күмбір-күмбір кісінетіп», «Көк көгершін, көгершін», «Салпаң да салпаң жортармын» т.б.)

Жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Уа, қарт Бөгенбай», «Еділ, Жайық екі өзен», «Балпаң-балпаң кім баспас» т.б. толғауларына тоқталып талдау.

3. жырау толғауларының әлеуметтік мәніне үніле отырып, ондағы ерлікке, батырлыққа үндеген, елдің бірлігіне, адамгершілікке шақырған сөздерінің әсерлі көркем тұрғыда берілуі. Осы мақсатта сөз қайталау, дыбыс қайталау (аллитерация, ассонанс) теңеу, метафоарлардың ұтымды пайдаланылуы. Жырау толғауларының көркемдік қуатын айқындау.

Қазақ әдебиетіндегі азатшыл ой, азаттық рухтағы жыр-өлеңдерінің арғы бастауларына назар салған тұста XVIII ғасыр әдебиетіндегі М. Мағауин атаған жыраулардың ішінен Ақтамберді мен Бұқар жырау поэзиясы айрықшалана түседі. Ақтамберді өзі батыр, өзі жырау болғандықтан жауға қарсы жорықтарда ер намысын жаныған жорық жыршысы болса, Бұқар хан кеңесшісі, қара ақылшысы бола жүріп, ел еркіндігін өзек еткен толғауларын ақыл мен даналыққа толтыра алған данагөй жырау. Ерлік пен батырлықтың, ақылгөйлік пен даналықтың бірін-бірі толықтырар осынау қос арнасы – қазақ

поэзиясындағы азатшылдықтың кейінгі арынды ағысының бастау бұлағы.

Ақтамберді толғаулары көбіне ерлікті әспеттеп, ел тәуелсіздігін ардақтаған тегеуріні тым қатты, рухы биік отты жыр жолдарынан өріледі. Әсіресе «Күмбір-күмбір кісінетіп» толғауының екпіні ерекше. Жоңғардан туған жерді азат етер арпалыстың от-жалынында туған, ерлердің ертеңгі жеңіске деген құштарлығын оятар, жеңістен кейінгі бейбіт күндердің берекелі шаттығын көзге елестетер жігерлі жыр, ұранды рухымен сүйсіндіреді.

Майданда дабыл қақтырып,  
Ерлердің жолын аштырып,  
Атасы басқа қалмақты,  
Жұртынан шауып бастырып,  
Түйедегі наршасын  
Ат артына мінгізіп,  
Тегін бір олжа қылар ма екенбіз?!  
Кеуде бір жерді жол қылсам,  
Шөлен бір жерді көл қылсам,  
Құрап жанды көп жиып,  
Өз алдына ел қылсам! [1, 112 б.].

Бұл жолдар – ерлікті серік еткен жыраудың, ел тәуелсіздігі жолындағы жан пидалық ұранды көтерудегі түйіні. Азаттық жолында күрестің басты мақсаты – «Өз алдына ел болу». Міне, ұлы арман көздеген уақыт осы. Кантөгіс, қырғын, жас кеткен боздақ – осы бір ұлы мақсаттың құрбаны. Жырау сипаттайтын жеңістен кейінгі мамыражай заман суреттері – еркіндікке жеткізер ерлік қайрағы. Ал көңіл көздеген түпкі мақсат – ел қамы.

Тобылғы сапты қамшы алып,  
Тұмар мойын ат мініп,  
Қоныс та қарар ма екенбіз!  
Ел жағалап жайлауда  
Жақсылар кеңес құрғанда,  
Мұртымыз өрге шаншылып,  
Бұрын да сөйлер ме екенбіз [1, 115 б.].

Жырау көрер қуанышты, болар бақытты көшпелі жұрттың қызықты өмір салтынан ала отырып, күнделікті күйбең тіршілікті сағалап кетпейді. Елінің жайын ойлайды. «Кеңес құру», «Қоныс іздеу» – осының нақты көрінісі. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» жұмақ заманды бейнелеп, тәуелсіз елдің тыныштығын аңсаған ақынды береке-бірліктің құтын қашырмаудың қиындығы қатты толғандырады.

Осындай берген дәулетті,

Көтеріп тұра алар ма екенбіз [1, 114 б.]!

М. Мағауиннің «Күлдір-күлдір кісінетіп» - деп басталатын үш толғауды жеке-жеке толғаулар» – деп [2, 250 б.] - қарастыруына да Ө.Әбдиманұлы күмәнмен қарайды. Бұлар – бір толғау үлгісі, әркімнен жазылып алынғанмен, бір нұсқа, бір толғаудың түрлі бөлігі. Бұл – жастықтың арман көңілінен, ел тұтқасы ер тұлғаның рух көтеру үшін шығарған толғауы деп түсінген дұрыс дейді [3, 20 б.].

Ел бірлігінің өміршеңдігін тілеген осынау үмітті түйіннің айтары көп, берері мол. Жырау ұлы күрестің баяндылығын тілейді. Келер ұрпаққа соны міндеттейді. Ғалым Х. Сүйіншәлиев Ақтамбердінің осы «Күлдір, күлдір кісінетіп» толғауы туралы: «Одан тұлпар мініп, ту ұстап, ел шетіне қорған боп ерлік атын шығаруды аңсаған батыр адам үні естіліп тұрады» [4, 333 б.], - деп топшылайды. Толғау бұл байыптаудан алыстау. Жыраудың бұл толғауында атағын шығару емес, ел еркіндігіне қол жеткен кездегі істердің мақсаты суреттелген. Ол үшін «жалаулы найза жанға алып, атасы басқа қалмақты қатыру» керек, сонда ғана арман-тілек орындалады.

Ақтамберді толғауларында басты идея – ата жауға қарсы күреске шақыру, ерлікке жігерлендіру. Азаттықты аңсаған азатшыл сарын – жырау поэзиясының басты желісі. Оның азатшыл мұраттағы алғашқы өлеңдерінен-ақ өршіл сарынның от жалынды лебі сезіліп тұрады.

Кәрі ақсайды ақылдан,  
Ер ақсайды жақыннан,  
Қазір әлсіз болсам да  
Үмітім бар ақырдан.

Жасым жетіп онбеске,  
Кірер ме екен кеңеске,  
Бұғана қатып, бел бекіп  
Ерегіскен дұшпанмен  
Шығар күн туса күреске [1, 106 б.]!

Ерлікті күреске ұмтылыш, батырлық даңқты көксеген жас ұланның арман жыры осылайша өріліп, алысты көздеген жалынды жастық асау арманының айшығына айналады. Ол өз мақсатын алға тартып, ел тірегіне айналар ұл болатын күнді мензеп отыр. Мұнда мүдде сипаты басым. Ал «Күлдір-күлдір кісінетіп» – жыраудың ел атынан толғаған көп тілегінің көрінісі.

Жыраудың ел бірлігін, елдің елдігін толғауы осынау алғашқы жұрт назарын аудартқан сөздерінен-ақ анық аңғарылады.

Он жетіге жас толды,  
Көңілім сонда орнықты.  
Жауласарға жау емес,  
Дауласарға дау емес,  
Жақынға қылман зорлықты [1, 106-107 бб.].

Тіл қамын жасынан ойлаған батыр жыраудың ел бірлігін басты нысана етуінің айғағы – осы жолдар. Ол ата жаумен өштесуге де, кескілесуге де бар. Бірақ батырлығын әлімжеттікке айналдыру – ол үшін жат. Ел қорғаны – ер осылай болуы керекті. Жау қорлығындағы елге бас болып, жерін жаудан азат ету – жас жырау жырының жұлынды өзегі іспетті.

Дұшпаннан көрген қорлығым,  
Сары су болды жүрекке  
Он жетіде құрсанып,  
Қылыш ілдім білекке,  
Жауға қарай аттандым  
Жеткіз деп құдай тілекке! [1, 107 б.].

Қалың қазағының, ел-жұртының қамын ойлап, жорыққа аттанған батырдың ел тағдырының қиынды тұстарында айбарлы азаматы, қорлықтағы елінің айбыны болары еш күмәнсіз. Оның сырт тұлғасы ішкі жан дүниесіне сай. Тәні батыр, жаны жырау



Ақтамбердінің өзін суреттеген толғауына көз салсаңыз мұны айқын түсінесіз.

Байраққа біткен құрақпын,  
Саусағым жерге түсірмен,  
Жапанға біткен терекпін.  
Еңсемнен жел соқса да теңселмен,  
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,  
Балталасаң да айырылман,  
Сыртым - қылыш, жүзім - болат  
Тасқада салсаң майырылман [1,108 б.]!

Келісті керкем бейнелеу көз алдымызға еш қиындықтан қайтпайтын, жауды көрсе Арыстандай атылар айбынды да айбарлы батырды әкелмей ме?! Ал батырлыққа тұлға мен бір жүрек те керек. Оның жүрегін жауынан сескендірмес алып күштің қуаты неде?! Ол күштің таусылмас қайнар көзі – халық. Елден еншісі бөлінбеген ер ғана ерен күшке ие. Ел сенімін арқалаған жан ғана жан алысып, жан берісуге шыдап, қашанда жауынан мысы басым келеді. Ақын, міне, «Балпаң, балпаң кім баспас» толғауында осыны жырлайды. Осы толғаудан жырауды – батыр еткен ішкі әлемнің сырын ұғасың:

Балпаң, балпаң кім баспас,  
Басарға балтыр шыдамас  
Батырмын деп кім айтпас,  
Барарға жүрек шыдамас  
Жалтара шапсаң жау қашпас,  
Жауды аяған бет татпас,  
Уа, жігіттер, жандарың  
Жаудан аяй көрмеңіз,  
Ғазырейіл тура келмей жан алмас [1, 110 б.].

Бұл – өзі-өзі қайраудың ғана емес, ерлікке үндеудің үлгісі. Батырлық пен жаугершіліктің болмысын ашқан мұндай жанды толғау өте сирек. Ақын ұғымында батыр болмақ ғайыптан емес, елін сүйген ұлы жүректен. Бұл – ақиқаты айқын ұғым. Жыраулық кезеңдегі кейінгі азаттық жырға өнегелік сарын тартқан ұлы толғаулардың бастысы – Ақтамберді толғаулары. Жыраудың кез-келген толғауында ел қамын жеген

ерен тұлғаның бейнесі мен мұңдалап тұрады. Оның толғауларында ел мен ер тұлғасы тұтасып кетіп толыққанды бірлік табады.

Талантты жазушы, белгілі әдебиетші – ғалым М. Мағауин мынадай деректі алға тартады: «Жыраудың туған, өлген жылдарын дәлді анықтау үшін жанама мәләметтерге сүйенуге тура келеді. Ақтамбердінің жетінші буындағы ұрпағы Сәрсенбек Нұрпейісов ақсақал (1889 ж.) менің бабам Шақантай ақ патша қазақтан солдат алатын жылы 106 жасында офат тапты дейді. Шақантай өзінің үлкен әкесі Арықты көріпті: ол кісі Шақантайдың жеті жасында 92-ге келіп өлген екен. Арық Ақтамбердінің кіші әйелі башқұрт қызы Күмістен (жыраудың бәйбішесінің аты Базар екен) әкесінің 50 жасында туған көрінеді. Сонда Ақтамберді 1675 жылы дүниеге келген болып шығады» [2, 67 б.].

Ақтамбердінің аты Құрбанғали Халидовтың «Тауарих хамса» (Қазан, 1911, 250 бет) аталып, 1957 жылы шыққан Қазақ ССР тарихының 1-томында кездеседі. Қазақ ССР энциклопедиялары мен қазіргі тандағы «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясына енгізілген. Ақтамберді атақты ақын Дулат Бабатайұлының «Еспембет» атты дастанының басты қаһарманы – қарт батыр ретінде суреттеледі. Жыраудың бір толғауын 1942 жылы С.Мұқанов (Шашубайдың айтуы бойынша) жариялаған. Бұл толғау жырау шығармашылығынан алғаш мәлімет береді. 1971 жылы жарық көрген «Алдаспан» атты жинаққа дейін жыраудың баспа бетін көргендері осындай бірен-саран шығармасы ғана еді. Осынау жинаққа бірнеше өлеңдері мен толғауларынан үзінділер беріледі [1, 26 б.].

Ақтамбердінің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, жинастыруда хандық дәуірдей әдебиеттің білгір зерттеушісі М. Мағауин зор үлес қосты. «Ақтамбердінің өмірі жайындағы кейбір деректерді, оның көптеген өлеңдерін біз жыраудың Семей облысы, Аягөз ауданында тұратын ұрпақтары: Сәрсенбек Нұрпейісов, Сейсен Сепбосынов, Кенжехан Боқасовтардан және Шұбартау ауданында тұратын Сердәлі Алыбаевтан жазып алдық»-деп, жазады зерттеуші [2, 67 б.].

Әкесі Сары мен шешесі Сыр-Бикеден Ақтамберді жалғыз туған. Сары-Найманның Сыбан деген атасының ішінде орташа ғана дәулеті бар, момын адам болған екен. Ақтамберді жорық жорықшысы, жауынгер жырау болуының үстіне Қара Керей Қабанбайлармен бірге Найманның рубасы көсемі, жаужүрек батыры, әскербасы болған.

## **ТӘТІҚАРА ЖЫРАУ МҰРАЛАРЫ**

1. Тәтіқар жырау өмірінің деректері.
2. Жырау шығармаларының тарихилық мәні.

1. Тәтіқараның сүйегі – Сарыкөл маңындағы Уақ руынан. Уақ ішінде Қалмақ деген атадан шыққан. Ақынның туып-өскен жері қазіргі Қостанай облысының Урицкий ауданының территориясы. Дегенмен ақынның саналы ғұмыры Абылай ханның төңірегінде өтуі. Ел аузындағы сөздеге қарағанда, Абылай хан жаугершілікке аттанған Тәтіқараны тастамаған. Оның суырып салма ақындығын, турашылдығын, сонымен қатар жаудан қайтпайтын батырлығын қатты бағалауы.

2. Тәтіқара XVIII ғасырда қазақ елін сыртқы жауға қарсы күреске үндеуші жауынгер жырау. Тәтіқара әскери жорықтарда ұдайы Абылай ханның қасында жүретін жортуыл жыршысы бола жүріп, өз дәуірінің тарихи оқиғаларын, дәуір келбетін молынан жырлаушы жырау екендігі.

Тәтіқара – қалмақтармен соғыста ерлік көрсеткен қазақ батырлары – Жәнібек Шақшақұлы, Бөкей, Сағыр, Дәріпсәлі, Бөгенбай т.б. ерлік істерін шынайы жырлаған жырау. («Қамыстың басы майда, түбі сайда»)

Шоқан Уәлиханов осы жанрларға тоқтала отырып, оны орысшаға аударған. Және жырдағы Абылай хан қолы мен Цин империясы әскерлерінің 1756 жылғы шайқасымен тұспа-тұс келетіндігін анықтаған. Шоқан Тәтіқара жырларының тарихына үлкен баға береді.

Тәтіқараның сүйегі – Сарыкөл маңындағы Уақ руынан. Уақ ішінде Қалмақ деген атадан шыққан. Ақынның туып-өскен

жері қазіргі Қостанай облысының Урицкий ауданының территориясы. Дегенмен ақынның саналы ғұмыры Абылай ханның төңірегінде өтуі. Ел аузындағы сөздерге қарағанда, Абылай хан жаугершілікке аттанған Тәтіқараны тастамаған. Оның суырып салма ақындығын, турашылдығын, сонымен қатар жаудан қайтпайтын батырлығын қатты бағалауы.

Тәтіқара XVIII ғасырда қазақ елін сыртқы жауға қарсы күреске үндеуші жауынгер жырау. Тәтіқара әскери жорықтарда ұдайы Абылай ханның қасында жүретін жортуыл жыршысы бола жүріп, өз дәуірінің тарихи оқиғаларын, дәуір келбетін молынан жырлаушы жырау екендігі.

Тәтіқара – қалмақтармен соғыста ерлік көрсеткен қазақ батырлары – Жәнібек Шақшақұлы, Бөкей, Сағыр, Дәріпсәлі, Бөгенбай т.б. ерлік істерін шынайы жырлаған жырау. («Қамыстың басы майда, түбі сайда»).

Шоқан Уәлиханов осы жанрларға тоқтала отырып, оны орысшаға аударған. Және жырдағы Абылай хан қолы мен Цин империясы әскерлерінің 1756 жылғы шайқасымен тұспа-тұс келетіндігін анықтаған. Шоқан Тәтіқара жырларының тарихына үлкен баға береді.

Тәтіқараның жорықтары туралы, өмірі туралы, сол кезең туралы сөз болғанда Абылай ханды айта кетпеу мүмкін емес. Өйткені жыраудың саналы өмірінің бәрі дерліктей Абылай ханның төңірегінде өткен, Абылай ханның тұстасы. Жұрттың бәріне билігін мол жүргізу үшін Абылай өз маңына ақын, жырау, шешен, батырлады топтап ұстаған.

Шоқан Уәлиханов Тәтіқараның кезінде ірі ақын болғандығын айта келіп оны Абылай қолының жыршысы деп орынды ескертеді. Яғни, шыныменен жырау ханның әскерінің, сарбаздарының алды болып, жорықтарға бірге аттанып отырған. Профессор Е. Ысмаиловта Бұқар мен Тәтіқараны Абылайдың қалмаққа қарсы күресін шындықпен жырлаған ақындар деп қарастырады. Соған қоса, Тәтіқараны өзі көрген жортуыл туралы жырлар шығарған эпик ақын деп сомдайды.

Тағы бір ел аузындағы деректерге сүйенсек Абылай хан жаугершілікке аттанғанда Тәтіқараны қасынан тастамайды

екен. Оның суырып салма ақындығын, турашылдығын, сонымен қатар жаудан қайтпайтын батырлығын қатты бағалайды екен.

«Бас кеспен болса да, тіл кеспен жоқ» деген көне мақал Тәтіқараның осы бір жақсы мінездеріне, қасиеттеріне байланысты айтылған. Бұған мысал ретінде ел аузында қалған мына бір әңгімені келтіре кетейік.

Қалмаққа жорыққа аттанған батырларға еріп Абылайдың тұңғыш ұлы бала жігіт Жанбай да кеткен екен, сол сапарда қаза тауыпты. Баласының өлімі жанына батқан хан бас көтермей жатып алыпты.

Жаугершілік заманда өлім, қаза-әдепті құбылыс. Ол таңдап, талғап алмайды, жалпыға бірдей. Сол жорықта жалғыз Абылайдың ұлы ғана өлген жоқ, талай жас қыршынынан қиылды, сол себепті ел билеп отырған әмірші тек өз қара басының ғана қайғы-зарын шегуі кейбір шонжарлардың да, жұрттыңда қытығына тиеді. Сол көптің атынан Тәтіқара сөйлейді. Абылайдың кеше ғана «Түркістаннан келген ұлы» екендігін, оны осы жұрттың өзі хан көтергендігін айта келіп ақын:

Үш жүздің баласы  
Ақылдасып, жолдасып,  
Хан көтеріп еді-  
Үш жүздің баласын  
Бір баласындай көрмеді,  
Ат құйрығын сүзіндер,  
Аллалап атқа мініңдер

Хан талау қылып алыңдар [1, 72 б.], – дейді.

Мұндағы бір назар аударарлық жай-үнемі хан қасында болған Тәтіқараның бұл жолы оған қарсы партияны жақтауы. Әрине, жоғарыдағы сөздерді айтқызған ақынның батылдығы ғана емес, артында «тәңірісі» тұр. алайда осының өзі-ақ Тәтіқараның үнемі тура басуға тырысып отырға адам екендігінің айғағы іспеттес. Бірақ осы болған жайдан кейін жырау мен Абылай хан арасы алшақтап, суып кетеді.

Тәтіқара кезіндегі шындықты жасырмай жырлаған батыл ақын дедік. Ол абылай бастахан қолдың жаумен кейбір айқаста табансыздық көрсеткен жерлерінің де болғанын жасырмайды.

Мысалы, оның мына бір жолдары осындай:

Жау жаған алғанда,  
Ит етекпен шалғанда,  
Ұрыстан ерлер ығысты  
Абылай да жылысты... [2, 37 б.].

Ақын Абылайдың жеңістері бір өзіне байланысты емес, халық ерлігіне байланысты, қазақтың қол бастаған батырларының жанқиярлық пен қаһармандық көрсетулердің жемісі дейді. Тәтіқара Абылайға сын сөздер айта білген ақын болғанымен, Бұқар сияқты ханның астам көңілін басарлық ауыр сөздер батылы жеткенмен, кей тұста ақын абылайды жақтаушыдан көрі әшкерелеуші, сыншы болып, әрқашан хан тұсында бола бермей батырлар жағын қолдаған.

Тәтіқара жыраудың «Қамыстың басы майда» толғауы мен «Ер Шобан» толғауы сырттай бір-біріне ұқсас. Екеуінің де көптеген батырлардың аттары аталады, дәріптеледі. Оқиғаның шығу тәркіні де екеуінде бір негіздес. Екеуіде жан қысылғанда айтылған мадақ.

Тәтіқара жырау жырында атлатын батырлардың өміріде болған адамдар екені тарихтан белгілі. Яғни, осы батырлардың ерлігін мадақтаған.

Қамыстың басы майда, түбі сайда,  
Жәнібек Шоқшақұлы болат найза.  
Алдынан су, артынан жау қысқанда,  
Ер жігіттің ерлігі осындайда.  
Бөжейді аты Сағым менен Дулаттағы,  
Дәріпсәлі маңдайды айт Қыпшақтағы  
Өзге батыр қайтса да қайтпайтын  
Сары менен Баянды айт Уақтағы.  
Ағашта биікті айтсаң Бөгембайды айт  
Найзасының ұшына жау мінгізген  
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт [2, 260 б.].

Мұнда Тәтіқара қол бастаған батырлар ісін, олардың ерлік дәстүрін үлгі ете сөйлеп, қалың қолды ілгері ұмтылуға үндейді. Бастапқы мына екі жолдан:

«Қамыстың басы майда, түбі сайда,

Жәнібек Шоқшақұлы болат найза» – дегендегі Жәнібек батырдың арғын ішіндегі Шақшақ деген кіші атадан шыққанын, Абылай ханға асқан ержүректілігімен, қара қылды қақ жарып кесім айтатын әділдігімен, ұсақ-түйекке мән бермейтін еркек мінезді тәкаппарлығымен ұнағанын білеміз. Ш. Уалиханов батырдың бір көрінісін былай суреттейді: үнсіз темекіні тартып отырған батырға жас жігіт батыл жақындап келіп:

Жәнібек батыр, темекіңізден мархабат етіңіз [2, 260 б.] – деді. Жәнібек жас батырдың елемеген кейіпен темекісін өзінің қалтасына салып қояды. Аздан соң қайтадан ұрыс басталып кетеді. Сарбаздар бірі садақпен, бірі айбалтамен, бірі шокпармен ханның төңірегіне жинала бастайды. Алғы шепке шығатын кім бар деп Жәнібек батыр жар салады. сонда өзінен темекі сұраған жас жігіт Байғазы бірінші болып саптан алға шағады. Он мың сарбаздан бар қалмақтар жан қояр емес, түтіп жеп, жылжып келеді. ақыры қазақтар тыс-тырқай қаша жөнеледі. Қалмақ басқыншыларының алдында еңгезердей ірі қалмақ бірнеше қазақты аттарынан аударып тастап, жайпап келе жатады. Сонда Жәнібек ақырын: «Біздің қазақтар мына бір есерсоқтардың басын шауып түсіретін бір еркек кіндікті тумаған ба?» – дейді. Бұл сөзді естіген соң қатты намыстанған Байғазы жаңағы атан түйедей қалмақты садағымен ат үстінен қалпақтай ұшырып түсіреді. Қазақтар бұл уақиғаға қатты рухтанып кетіп, кері соғысады да, жеңіске жетеді. Байғазының ерлігіне сүйінген Жәнібек оған темекісін ұсынады. Байғазы Жәнібек батырға жақындап келіп: «Батыр темекіні тарататын кез енді келді,»-дейді. Осындан бастап тарақты Байғазының атын жұрттың бәрі біледі [2, 260 б.].

Тәтіқара толғауларындағы бір топ сарбазды өз басшылығына алған Жәнібек батыр тек ерлігімен ғана емес, өзінің үлкен адамдығымен, құдыретті беделімен де ірі тұлға.

Абылай ханнан бірде: «Өз батырларыңыздың ішінде қайсысы сіздің жүрегіңізге жақын?» - деп сұрағанда Абылай: «Ілгеріде өткен азаматтардың ішінен нағыз тандануға тұрарлық тек екеу-ақ. Қалданның қолынан тоқсан тұтқынын қайтарып алған қара кесек Қазыбек пен тұтқындарға үйде отырып бостандық алып берген уақ Деріпсәлі. Алғашқысы қалданға өзі барып сұрап қайтарып алған болса, кейінгісі өз ауылында отырып жаудың зәресін алды. Менің батырларымның ішінен байлығы, ерлігі және мінезі жағынан бәсентиін Малайсары, ал ақыны мен ерлігі жағынан уақ Баян бәрінен жоғары тұр» [2, 206 б.] – дей келіп, тағы да бірнеше қырағы батырларын қосатынын ескерткен.

Баянды кейде Сары Баян деп қосарлап айтады, себебі қалмақпен бір қатты ұрыста Баян батыр өзінің бауыры Сарымен бірге қатар қайтыс болады.

Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт,  
Жігіттің ерліктігін айтсақ, Бөгембайды айт.

Найзасының ұшына жау мінгізген,  
Еменәлі Керейде Ер Жабайды айт [3, 261 б.].

Бөгембай батыр-қазақ тарихындағы өте ірі тұлға. Ол – бар өмірін елі-жұрты үшін сарп қылған аяулы азамат. ХҮІІ ғасырдың 20-30 жылдарында болған жоңғар мен қазақ жасақтарының арасындағы шапқыншылықта қазақ сарбаздарын басқарушы қолбасшы.

Бөгембай өз тұсында халқына қандай игілікті еңбектенгені, жұртына қандай қадірменді адам болғаны жөнінде мәліметтер өте көп. ел ішінде ол жайында дастан, аңыздар мол тараған, ал әңгімелер өз алдына бір қыруар. Бңз оның бәріне тоқтап жатпаймыз. сонымен қатар, Олжабай, Баян сияқты ерлердің де жеңістерін ашып айтқан.

Береке қалмас қашқанда,  
Ақыл келмес сасқанда,  
Баяндай ерді көрмессің,  
Бұрылып жауды шанышқанда...  
Қалмақтың қалың қолына,  
Оқ жіберіп бөгеді.



Тұрымтайдай ұл еді,

Қайсар батыр Олжабай...[2, 376 б.] -

деп, Олжабай, Баян, Бөгенбай, Жәнібек, Деріпсәлі, Еменалы ерліктерін баяндаған.

Тәтіқара жыраудың тағы бір өлеңі Қытай мен Абылайдың сарбаздарының арасында болған шабуылды сипаттайды. Бұл жырды Ш. Уалиханов орысша қара сөзбен аудаған. Осы толғаудың бізге жеткен шағын үзінді Шоқан аудармасының дәлдігін көрсетумен бірге екеуінің не негізінде шындық оқиға болғанын анықтай, айқындай түседі.

Кебеже қарын, кең құрсақ	Ит етекпен алғанда,
Артық туған Абылай,	Ер Абылай қорыққан жоқ,
Көткре гөр бұл істі:	Әншейін ғана жылысты.
Көп қытайдың жылқысы	Бәсентиін Олжабай,
Тұрымтайдай құнысты	Оны да мен ер көрдім,
Жау жағадан алғанда,	Оқ жіберіп ұрысты [4, 70 б.].

Осы кішкене үзіндіден ұрыс даласының көп шындығы нақты елес береді, жырау өзі көрген, нақ ортасында болған майдан көрінісін оның барша кейіпкерлерімен, олардың әрқайсысына лайық қимыл-әрекетпен дәл бейнелейді. Мұны жырау сөзінің құдіреттілігі, күштілігі, пәрменділігі, әсерлілігі ретінде атауымызға болады. Ұрыс даласын, батырлар қимылын жырау батырлар жырындағы белгілі дәстүр негізінде бейнелейді. Соның өзінде жыраудың өзіндік сөз нақышын аңғару қиын емес. Шебер жыраудың көп туындыларының біздің заманымызға жетпегені өкінішті-ақ. Бірақ қалған асыл мұраны жоқ деп жоққа шығармайық, қолымыздағы бар шығармалар Тәтіқара жыраудың дабырлы атын ақтай алмағанымен бізге ол өзінен қалған құнды туындылар деп толық айтпа аламыз.

Біз жаңа айтып кеткендей, жырау сөзінің құдіреттілігі, пәрменділігі, күштілігі әсерлілігі өз шығармаларынан аңғаруымызға болады. Ал енді сол шығармаларының, яғни нақты айтқанда жырларына тоқталып мазмұнын айтатын болсақ ең бірінші жорықтарға, айқастарға, құыстарға қатысқанда қазақтың батырларына мықтылық, күш, жігер, сенімділік беретін ұрандар тастап, өз елін, жерін бар күшін

салып қорғауға, жаудан қорқып кейін қайтпауға талғағанына көзіміз түседі. Яғни, ол сөзіміздің басында айтып кеткен қазақ батырлары Баян, Деріпсәлі, Бөгенбай, Жәнібек, Олжабай батырлары. Бұдан ақынның қиын заманда өмір сүрген қилы заман келбеті танылады.

Ал, екіншіден, ақын жырларын оқи келе тағы бір көз түсерлік жайт ол-эпитет, метафора және тағы басқаларының кез болуы. Мысалы батырлар бейнесін, табиғатты суреттеудегі эпитеттерге тоқталсақ:

*Қамыстың басы майда, түбі сайда,  
Жәнібек Шоқшақұлы болат найза.*

дегендегі «**болат найза**» деп Жәнібек батырдың мінезін бейнелеп тұр.

Кешке тоқыраулы судың бойынан,  
Тоқал терек түбімен  
Ніл дарияның бойынан,-  
дегендегі «Тоқал терек» эпитеттер ақынның өз қолтаңбасын танытады.

Сонымен қатар, бір-біріне қарама-қарсы сөздер, яғни антонимдер.

*Қамыстың басы майда, түбі сайда,  
Жәнібек Шоқшақұлы болат найза.  
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,  
Ер жігіттің ерлігі осындайда.*

немесе.

Таңертеңгі ішкен шалап  
Қарыныңды емес, қуықта,  
Ажал шіркін алыста емес, жуықта  
деген өлең жолдарында *басы-түбі, алды-арты, алыс-жуық* деген антонимдерге кез боламыз. Ақынның ойын нақ түйіп, тұжырымдап, өлең әсерін күшейтіп тұр.

Сол сияқты Тәтіқара ақын теңеуді де жиі қолданған. Жырау айтылып отырған нәрсені көркемдеп, сипаттап, ұқсастықты көре білу арқылы ойды өткір, әсерлі етіп жеткізе білген. Мына өлең шумақтарынан теңдеуі айқын көре аламыз.

Көр қытайдың жылқысы

Тұрымтайдай құнысы,  
я, болмаса,  
Дегбір қалмас сасқанда  
Баяндай ерді көрмесең  
Бұрылып жауды шапқанда

немесе

Дәл жиырмаға келгенде  
Ақ сұңқар құстай түледі  
Азуын тасқа біледі.

Тәтіқара өлеңдері оқып отырғанда өлең тармақтарының соңында бір сөздің бірнеше қайталанып келетіні бірден көзге түседі. Термин тілінде бiө бұныэпифора дейміз. Мысалы:

Ағашта биікті айтсаң қарағайды *айт*  
Жігіттік, ерлікті айтсақ Бөгембайды *айт*  
Найзасаның ұшына жау мінгізсең  
Еменәлі Керейде ер Жабайды *айт*

деген өлең шумағында өлең тармағының соңында «айт» сөзінің қайталанып келсе, мына өлең шумағында «еді-ау» сөзі қайталанып келеді.

Кеше бұл Тұрымтайдай ұл *еді-ау*  
Түркістанда тұр *еді-ау*,  
Әбілмәмет ағаңа  
Қызметші жүрген ұл *еді-ау*.

сонымен қатар, Тәтіқара шығармалары фразеологизмдердің көптігімен ерекшеленеді. Тәтіқара өлеңдерінен найзасының ұшына жау мінгізген, кебеже қарын кең құрсақ, жау жағадан алғанда, азуын тасқа біледі, дұшпанға табан тіреді деген сияқты көптеген фразеологизмдерді кездестіреміз. Бұл фразеологизмдер жыраудың айтқысы келген ойын дәл жеткізіп тұр.

Тәтіқара өлеңдері өзінің құрылысымен де көңіл аударарды. Тармақ, шумақ ұйқастап үйлесіп келіп, жыраулық шешендікке сай жинақы, керек жерінде ұйқасып отырады.

Ақын өлеңдерінен ұйқастың кез-келген түрін көреміз. Мысалы бір өлеңнен ғана

Қамыстың *басы* майда, *түбі* сайда,  
Жәнібек Шоқшақұлы **болат найза**.

*Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,*  
Ер жігіттің ерлігі осындайда  
егіз ұйқасты,  
Бөкейді айт сағыр менен Дулаттағы  
Деріпсәлі маңдайды айт Қыпшақтаға,  
Өзге батыр қайтса да қайтпайтын  
Сары менен Баянды айт Уақтағы.  
Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт  
Жігіттік, ерлікті айтсақ Бөгембайды айт  
Найзасаның ұшына жау мінгізсең  
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт

және екі қара өлең ұйқасын кездестіреміз. Ерікті ұйқасқа мысал келтіріп кетсек:

Кеше тоқыраулы судың бойынан,  
Тоқал терек түбінен  
Ніл дарияның басынан  
Құмкент шәрінің қасынан  
Перінің қызы перизаттан туған

Осындай тамаша, көркем жырлардың авторы Тәтіқара ішер асқа, қонақасыға, қонар қонысқа зар болып, өз еңбегімен күнейткен, қара лашықты кедей боп, көп қиындық көрген.

Қорытындылай келе, акын өзінің турашылдығымен, яғни ханға айтып салған өткір сөздерінен кейін Тәтіқара мен хан арасы алшақтап, халық аузындағы әңгімелерге қарағанда, Тәтіқара сарай маңына біржолата қуылып, жасы ұлғая келе жоқшылық көріп өледі. Тәтіқара шамамен 1780 жылдары 75 жаста дүние салады [5, 377 б.].

Тәтіқара қартая келе көп мұқтаждық көрген. Бұған өзінің халін білуге келген билерге айтқан мына бір өлеңі де айғақ бола алады:

Ассалаумағалайкум «жайсаң» менен «жақсылар»,  
Адам көңілін жоқтық шіркін пәс қылар.  
Түзде шешен, батыр болсақ та,  
Үйге келсем пақырмын.  
Қара өзек шақтың көжесі  
Қарында емес қуықта.

Қара торсық жерде емес.  
Лүлі құр тұр уықта.  
Би, мырзаны көп көрдім  
Шірінбей – ақ аттан түс,  
Айран-шалап болсада,  
Ойнап – күліп бөліп іш.

Әрине, Тәтіқара ақынның бізге жеткен шығармалары бәрі де толық сақталған жоқ. Бірақ қолда бар шығармаларының өзі Тәтіқара жайлы бәрін айтып оның өзі заманының көркем сөз шебер екендігін танытады. Академик М. Мағауин жалпы жыраулар туралы былай дейді: Жыраулар поэзиясының өріс алған кезі – ХІҮ-ХҮІІ ғасырлар. Бұл тұстағы әдебиетіміздің қай саласы болмасын оған жыраулардың қатысы мол болды. Ауыз әдебиеті туындыларын ілкі жасаушылар да ескі әдеби дәстүрлерді кейінгі жалғастырушылар да шешендер мен жыраулар еді. олар шығарған әдебиет үдгілері – негізінен замана, қоғам, өмір туралы ойлы-сырлы толғаулар, ақыл-өсиет, түріндегі шешендік сөздер, мақал тақылетті тұспал-дидактикалық термелер, сондай-ақ елді жеңіске бастаған батырлардың көзсіз ерлігін жырлаған ерлік эпосы, ел қожаларын дәріптейтін мадақ-жырлар, қайғылы қазаға байланысты азалы сөз, естірту, жоқтау немесе қара қылды қақ жарған әділ қазы ие болмаса табан асты тапжылмастан сөз бастап, терең ойменжұртты ұйытқан ақыл иелерін қошемет тұтар арнаулар болатын [6, 303 б.].

Осы сөздерге толық келісе отырып, қорыта келгенде: Тәтіқара – қазақтың ірі ақыны, шындықты жасырмай жырлаған батыл ақын, жыршы-импровизатор, сыншы, өткір тілді шешен ақын екендігін толық сеніммен айта аламыз.

## ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ МҰРАЛАРЫ

1. Өмірінен деректер.
2. Жырау толғауларының тақырыптық мәні.

Үмбетей жырау (1706-1778) Абылайхан заманындағы әйгілі Бөгембай батырдың ерлігін дәріптеуші, қазасына қайғырушы, жерлесі. Жырау арқадағы Ерементәу маңында туып өскен. Оның әкесі Тілеу ақын, шешен, қобызшы болған. Үмбетей де жастайынан өнер қуып, жыр-дастан айтып, өзі де арнау, толғау Үмбетей - өз дәуірінің аса маңызды мәселелерін дидиктикалық- философиялық сарында жырлаған кең тынысты жырау.

Үмбетей жыраудың даңқын шығарған жырлары – Бөгембай батырға арналған толғаулары. Олар: «Бөгембай өліміне», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту», деп аталатын екі ұзақ толғауы.

Үмбетей – қазақ пәэзиясында Бөгембай батырдың өшпес образын жасаған жырау.

Үмбетей жырау (1706-1778) Абылайхан заманындағы әйгілі Бөгембай батырдың ерлігін дәріптеуші, қазасына қайғырушы, жерлесі. Жырау арқадағы Ерементәу маңында туып өскен. Оның әкесі Тілеу ақын, шешен, қобызшы болған. Үмбетей де жастайынан өнер қуып, жыр-дастан айтып, өзі де арнау, толғау шығарып елге танылған.

Үмбетей жыраудың даңқын шығарған жырлары – Бөгембай батырға арналған толғаулары. Олар: «Бөгембай өліміне», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту», деп аталатын екі ұзақ толғауы.

Қандай да болмасын ақынды, я жазушыны зерттеу, тану үшін ең алдымен оның атын білі керек. Ақынның не бары 5-6 әріптен құрылған есімін дұрыстап оқи алмай тұрып, оның творчествосы төңірегінде пікіп қозғауға талпынсақ қайдан барып шықпақпыз? Үмбетей жырау өзінің ұлы ұстазының кебін құшыпты кейбір зерттеушілердің еркімен оның есімі Үмітайға айналдырылған. Үмітай – әйел аты екенін еске алсақ. Бұл

«реформаның» сорақылығы тіпті айқындала түседі. Үмбетейдің Үмітайға (кейбіреулер тіпті Үмітей деп жазады) қалай айналып кеткенін түсіндіру қиын: бізге белгілі мәліметтердің бәрінде де жыраудың Бөгембай өлімін Абылайға естірту жырының үзіндісі басылған [1, 73 б.]

Үмбетей жырау 1706 жылдар шамасында туады. Болашақ жыраудың әкесі Тілеу-қаһармандық жырларды, ескі аңыздарды, билердің шешендік сөздері мен нақылдарын жақсы білетін шежіре, сонымен қатар халықтың музыка мұрасына да жетік дәулескер қобызшы, ел ішінде абыз атанған адам екен. Үмбетейдің өміріндегі, өнердегі мектебі- өз әкесі және сол іспеттес көненің көздері арқылы алған дәріс болады. Ақындық қабілеті ерте байқалған Үмбетей өз ауылдастарының, кейде тіпті, ағайын-туғандарының теріс әшкерелеген өткір тілді өлеңдер авторы ғана емес, ескі эпикалық жырлардың білгірі ретінде де танылады. алайда өзіне көне жырауларды үлгі тұтқан Үмбетей уақыт оза келе философиялық-дидиктикалық толғауларға ден қояды. Сонымен қатар сырт жаулармен күресте аты шыққан батырларды мадақтау да жырау өнернамасындағы өзекті тақырыптардың біріне айналады және осы реттегі жырлары Үмбетейге үлкен даңқ әкеледі [2, 62 б.]

Сонымен, Үмбетей жырау оқуға, білімге құштар екендігі көрінеді. Оның білуге деген ынтасы болған, өзінің өткір тілділігімен, шешендігімен біздің күнге дейін танымал. Үмбетейдің мұраларын біу оқып үлгі етеміз. Сонымен қатар, Үмбетей жыраудың жақын досы Бұқар жырау болыпты. Үмбетей Бұқарды қадір тұтып қатты сыйлайды екен.

Ел әңгімесі былай дейді: Үмбетей Бұқарды әлденеше рет қонақ етіп, өзінің ықыласын білдірген екен, ақары кезек Бұқарға жетіпті. Алайда, Бұқарекенің зайыбы қаралау адам болса керек, Үмбетей барғанда оң қабак таныта қоймайды. Тіпті, ауырған болып жатып қалады. Мұны аңғарған Үмбетей аялдамапты [1, 74 б.]

Үйден шығып бара жатқан Бұқарға қаратып айтқан сөзі:

Үй сыртында ақра тау,

Панасы жоқ болса,

Бұл шіркіннің несі тау.  
Кетеген болса түйең жау,  
Тебеген болса биен жау,  
Ұрысқақ болса ұлың жау,  
Керіскек болса келінің жау,  
Үйіндегі ұлың жаман болса,  
Есіктегі құлмен тең,  
Қойныңдағы қатының жаман болса ,  
Қаңтардағы мұзбен тең.  
Қай сорлының қатыны  
Күндіз ауру, түнде сау [2, 64 б.].

Осы қысқа өлеңнен-ақ Үмбетей шығармашылығының сыр-сипаты жайында біршама мағлұмат алуға болады. Үмбетей әрқашан сөз тауып айтқан сөзін нақты, әдемі жеткізе білген адам екені осы жырдан көрініп тұр.

Көне жырауларды үлгі тұтқан Үмбетей уақыт оза келе философиялық-дидиктикалық толғауларға ден қояды [2, 62 б.].

Үмбетейдің айтып жүрген, елге кең тараған арнаулары бар. Олар: «Бәкеге», «Жауқашарға», «Бұқараға», «Бекболат биге», «Ақтамбердіге». Бұл арнаулар – ақынның өзі тұстас батырлар мен билерге қаратып, түрлі жайларға байланысты. Айтқан, адамгершілікке үндейтін мәнді шығармалары. Мысалы, «Бәкеге» деген толғауында оның барымташы, сотқарлығын «Тоқымы кеппей топтанып, ел тонауға аттанып, жылқышысын дойырлап, жылқыларын сойылдап, көрші жұртты шулатып, жаудай шапқан не сұмдық!» дейді. елдегі өзіншіл озбырлар мен қисыққыңырларды барынша жек көрді. Әр тұста оларды сынға алды. Жауқашар дегеннің қыңырлығын бетіне басады. Оған:

Бұрала біткен емендей,  
Қисық туған адамсың.  
Бұл мінез, бұл қылықпен,  
Қайдан абырой табарсың,- дейді [2, 64 б.]  
Бай болмаған бай болса,-  
Жайламаған сай қоймас.  
Би болмаған би болса,-  
Айтылмаған сөз қоймас,



Хан болмаған хан болса,-

Қансыратып ел қоймас [2, 65 б.].

Үмбетей сөздерінде кейбір заман шындығын елестететін түсініктер, айшықты сөздер көп. Сөйтсе де, Үмбетейдің асқақ ақындық қабілеті айқын. Асылы, Үмбетей де өз дәуірінің беделді шешен биі, әйгілі суырып салма ақыны болған.

Жырау шығармалары әдетте нақыл, қанатты сөздерден құралған философиялық толғаулар түрінде келеді. Толғауларда жырау өзінің адам және заман жайында түйгендерін, тіршілікте, табиғатта жүріп жататын өзгерістер, оның мән-мағынасы жөніндегі түсініктерін баяндайды. Өздері өмір кешкен жаугершілік заман талабына сай ғұмыр кешкен, кейде, тіпті батыр, қолбасы да болған жыраулар ерлік сарынды отаншыл жырлар туғызады. Жыраулар қолданған көркемдік тәсілдер жырау поэзиясының ішкі мазмұнына орайлас. Сонымен, байқайтынымыз жыраудың толғауларында көптеп мақал-мәтелдер, афоризмдер, қанатты сөздер кездеседі. Бұған яғни ақынның сөзге шешендігі көрінеді. Жырау сөздерін тұспалдап, ойын нақты білдірген.

Үмбетей жыраудың даңқын шығарған жырлары - «Бөгембай өліміне», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту».

Үмбетейдің Бөгембайға қатысты екі ұзақ жыры бар: мұның біріншісі – бөгембайды жоқтау да, екіншісі Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту. Қанжығалы Бөгембай батырдың аты кімге болмасын жақсы таныс. Ол – Жоңғарға қарсы күрестің қаһарманы, әлуетті батыр, атақты қолбасы, еліне еткен қызметі арқасында жұрт сүйіктісіне айналған қазақ халқының ардагер ұлдарының бірі. Үмбетей даңқты әкесі «алатайдай ақша батырдан асып болат туған» Бөгембайдың өшпес образын жасады [1, 75 б.].

Баян ауыл, Қызыл тау,  
Абралы Шыңғыстау  
Қозы Маңырақ, Қой Маңырақ,  
Арасы толған көп қалмақ,  
Қалмақты қуып қашырдың  
Қара Ертістен өткізіп,

Алтай тауға асырдың,  
Ақ Шәуліге қос тігіп,  
Ауыр қол жидырып алдырдың,  
Қалмаққа ойран салдырдың,  
Қабанбай мен Бөгембай  
Арғын менен Найманға  
Қоныс қылып қалдырдың [2, 66 б.].

Осы аталып отырған жерлер ұзаққа созылған күрестерден соң Жоңғар тауларынан шыққан ойрат тайпалары басып алған қазақтың байырғы мекендері болатын. ХҮІІІ ғасырдың орта шеңінен бастап бұл қоныстар қайтадан қазаққа өтті. Осы жеңісті жорықтар кезінде қазақ қолының басында жүрген батырлардың бірі Бөгембай еді. Тек бұл ғана емес. Бөгембай- Жоңғарға қарсы күрестің қиын күндерінде, қазақтар ауыр жеңілістерге ұшырап, Сайрам, Түркістан, Ташкенттердің бірінен соң бірінен, айырылғанда, ақтабан-шұбырындыға ұшырап, ата мекенінен босқан кездерде енесі түспеген, жүрегі шайлықпаған санаулы ерлердің бірі еді. Бұл кезде Бөгембай қалмақтарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі болды. Үш жүздің хан, сұлтандары бір сәт мәмлеге келіп, бас қосып, жоңғарға қарсы соғысты қайта ашқанда, ол алдыңғы сапта шапты. Қазақтардың 1728-1730 жылғы жеңісті жорықтарында Бөгембайдың атқарған рөлі.

Жазбай түсіп түлкі алған,  
Білегі жуан бүркіттің  
Тегеурініндей Бөгембай! [2, 66 б.].

Дүниеден көшкенде Үмбетей жырау көзінің жасын көл қылады, батырдың өлімін аза тұтады, оның тірісінде халқына еткен қызметін еске алып, марқұмды мадақтайды. Бөгембай қабырының басында жоқтау жырын айтқан соң жырау батырдың аманатын орындауға абыдай ханның ордасыны барады, ел сүйіктісінің өлімін хабардайды.

Бұл жыр естірту түрінде келеді. Бұрын қазаны естіртудің өзі өнер болғаны мәлім. Әдетте естіртуші қайғылы хабарды бірден тоқ еткізбей, әңгімені алыстан орағыты бастайды, алдымен тұспалдап сөйлеп , қара жамылуға тиіс адамды ауыр хабарға дайындап алады.

Үмбетей де ескі салтты бұзбайды. Жырау, алдымен, Абылайдың өз басынан, халық басынан өткен ауыр күндердің жайын толғайды. Бұдан соң қуанышты күндерге келеді жеңісті жорықтарды, ондағы батырлардың көрсеткен қайратын мадақтайды. Осыдан соң жырау дүниенің аумалы-төкпелі екенін, қазасыз пенде жоқ екендігін еске салады, әйткенмен, өлімнің артынан тағы да қуаныш болатынын, бір батыр өлсе, оның орнына тағы бір батыр туатындығын айтады. Сонымен, Үмбетей өзінің қаралы хабаршы екендігін, атақты батырлардың бірі дүниеден көшкенін естірту үшін келгендігін жеткізеді [1, 75 б.]. Енді жырау турасына көшеді:

Ей Абылай, Абылай,  
сөзімді тыңда тағы да-ай!  
Өзіңнен біраз жасы үлкен,  
Жасыңда болған сырласың,  
Үлкенде болсын құрдасың,  
Сексеннен аса бергенде  
Қайырылмас қаза келгенде  
Батырың өлді Бөгембай! [2, 70 б.].

Ұзақ жырдың түйіні осында. Жырау өз мақсатын орындады: қаралы хабарды есіртті. енді қайғы хабаршысы азалы адамды жұбатады, көңілін бекітеді. Бұл – манағы дүниенің баянсыздығы жайындағы сөздердің жалғасы іспеттес.

Жыламай тыңда, Абылай,  
Жараға жақсы қасқарар,  
Ойбайлап жаман бас салар [2, 70 б.].

Осы тамаша жыр батамен, тілекпен, халыққа бақыт, береке тыныштық тілеумен аяқталады. Бұл жолдардың өзі аруақты батыр Бөгембайды жоқтау зарына, адам көңілін иітерлік әсерлі сөздерге толы.

Көзіңнің жасын тия көр,  
Жақсылық бата қыла көр,  
Тағы да талай бақ берсін,  
Бөгембайдай жас берсін,  
Өлшеусіз мал мен бас берсін!  
Бөгембай сынды батырдың

Береке берсін артын-ай  
Сабыр берсін халқына –ай,  
Жасанға не жар болып  
Бейіште нұры шалқығай! [2, 70 б.].

Бөгембайдың нақты туған, өлген жылдары белгісіз. Үмбетей жырынан көрінетіндей, батыр Абыдайдың (1710-1781) көзі тірісінде, «сексеннен аса бергенде» дүние салған және батырдың Абылайдан «біраз үлкен» екенін білеміз. Тағы бір дерек – Бөгембай өлімінің Абылайдың қырғыздарды талқандауынан соң болуы. Абылай бастаған қазақтардың қырғыздарды ауыр жеңіліске ұшырауы 1730-шы жылы. Бөгембай өлген кезде бұл оқиға біраз уақыт болғандығы көрінеді [4, 90 б.].

Соған қарағанда Үмбетейдің Бөгембай атына байланысты жырлары ХҮІІІ ғасырдың 70-ші жылдарының орта шенінде туған деп шамалауға болады. Үмбетей шығармасы жырау кеңінен толғанған себепті салт өлеңнің көлемінен шығып кеткен. Жырдан сол кезде болған тарихи оқиғалардың біразының елесін көреміз. Жырдың бас жағында Абылайдың жолы, оның «Сарыарқаны жерім деп, қалың қазақ елім деп» Үргеніштен келгендігі, алғашында Төле бидің түйесін бағып жүргендігі, ер жетіп бұғанасы қатқан соң, ойраттармен күрес дәуірінде көзге түскендігі айтылады [1, 76 б.].

Айтылмыш жырда Бөгембай атынан гөрі Абылай аты көп аталады. Жырау Абылайды идеалдық қаһарман деп есептейді, оны мадақтайды, ал Абылай заманы ғасырдың алғашқы жартысындағы қалмақ шапқыншылықтары, үздіксіз соғыстардан соң туған тыныш заман, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кез ретінде бейнеленеді.

Батыр ханға сай болды,  
Елің жайпақ бай болды,  
Қыс қыстауы тау болды,  
Жаз жайлауы көл болды,  
Салқын сары бел болды,  
елге лайық ер болды,  
Сары арқа деп таңданып,

Өзге жұрт аңсар жай болды,  
Ұмыттың ба соны, Абылай! [2, 68 б.].

Үмбетей – қазақ поэзиясында Бөгембай батырдың өшпес образын жасаған жырау.

Үмбетей – ХҮІІІ ғасырда жасаған, ерлікті жырлап ел тыныштығын көксеп өткен жалынды ақын. Оның жоңғарларға қарсы күресте көзге түскен даңқты батырлардың бірі Бөгембайды жоқтап айтқан өлеңі мәлім. Ақын Бөгембайдың ерлік істерін ардақтап, оның өлуіне өкініш білдіреді [3, 37 б.].

Қанжығалы бөгембай батырдың аты кімге болмасын жақсы таныс. Ол – Жоңғарға қарсы күрестің қаһарманы, әлуетті батыр, атақты қолбасы, еліне еткен қызметі арқасында жұрт сүйіктісіне айналған қазақ халқының аржагер ұлдарының бірі. Үмбетей даңқты әкесі «Алатаудай Ақша батырдан асып болат туған» Бөгембайдың өшпес образын жасады.

Баян ауыл, Қызыл тау,  
Абралы Шыңғыстау  
Қозы Маңырақ, Қой Маңырақ,  
Арасы толған көп қалмақ,  
Қалмақты қуып қашырдың  
Қара Ертістен өткізіп,  
Алтай тауға асырдың,  
Ақ Шәуліге қос тігіп,  
Ауыр қол жинап алдырдың,  
Қалмаққа ойран салдырдың,  
Қабанбай мен Бөгембай  
Арғын менен Найманға  
Қоныс қылып қалдырдың [2, 66 б.].

Қазақтың аты әйгілі батырлары мен билерін дәріптей келіп, солардың ішінде Бөгембайдың тұлға тұрпатын өзгеше даралайды.

Жалаң қия жерлерден,  
Жазбай түсіп түлкі алған,  
Білегі жуан бүркіттің  
Тегеурініндей Бөгембай!  
Ауыр қол жидырып алдырдың,

Қалмаққа ойран салдырдың,  
Қабанбай мен Бөгембай – деп Үмбетей жырау  
толғайды. Жырау Бөгембай батырдың жоңғарға қарсы күресте  
атқарған ерлік істерін дәріптейді. Оның кескін, келбет, тұлға-  
тұрпатын, ерлік мінезін сипаттап, даралай бейнелейді. Ақын,  
батыр өліміне деген ел қайғысын өз жеке басының қасіреті  
ретінде ауыр өкініш арқылы баяндайды.  
Атышулы батырлармсен оны қатар ұстайды.

Қаз дауысты Қазыбек,  
Керейден шыққан Жәнібек,  
Қара Керей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгембай,  
Абылай сенің тұсында  
Сол төртеуі болыпты-ай.  
Үшеуі батыр, бірі би,  
Тағдырдан келді –ау мына күй!  
Сол ерлердің біреуі,  
Бөгембай батыр өлген соң  
Көзімнің жасы көл болды-ай! [2, 68 б.].

Міне осындай керемет жолдармен Үмбетей жырау  
Бөгембай батырдың бейнесін сомдап шығарған. Ақын батырдың  
ерлігін, күш жігерін, қайраттылығын, батылдығын бейнелейді.  
атақты қолбасшы, әрқашан топ бастап жүретінін, қайсарлығын  
айтқан. Сөз соңында атақты, даңқты батыр Бөгембайдай жолын  
жалғастырушылар болсын деген жырау. «Бөгембай өліміне»  
атты жыр Үмбетейдің атын танымал еткен. Бұл жырда  
Бөгембайдың батырлығын, ерлік істерін толғаған. Осындай  
батырлар керектігі жайлы айтқан.

Үмбетей жырларының көркемдігі, тіл нақыштығы.

Жырау поэзиясының өзіндік ерекшеліктері бұл мұраны  
жасаған жыраулар заманының көнелегінен, оның үстіне сол  
жыраулар ұстанған дәстүрдің көнелігінен туады. Жыраулар  
троптардың сан түрін қолданады. Алайда, бұлардың ішінен ең  
көне көп пайдаланылатыны-параллелизмдер. Үмбетей  
толғауларында да кездеседі. Мысалы «Бәкеге» толғауында.

Ұл он беске келгенше

Қолға ұстаған қобызың,  
Ұл он бестен асқан соң,  
Тіл алмаса доңызың – дейді жырау.

Яғни, кішкентай кезіде қалай тәрбие берсең, есейгесін соны көресің деген.

Өлеңнің дыбыстық жағына, яғни аллитерация, ассонансқа және басқы рифма, ішкі ұйқасқа ерекше мән берілуі-көне түрік әдебиетіне тән құбылыс.

Айтылмыш көркемдік әдістердің қайсысының болмасын жыраулар шығармашылығындағы алатын орны ерекше. Үмбетей жыраудың толғауларында көбіне-көп аллитерация кездесетіні байқадық. Мысалы: «Бәкеге» толғауынан

Қарап жатқан жыланның  
Құйрығын неге басасың,  
Шағайын деп, шапшыса,  
Шоршып неге қашасың?!

«Жауқашарға» жырында мынадай аллитерация кездеседі.

Кісіні көрсең есікке,  
Жүгіре шық, кешікпе,  
Қарсы алмасаң мейманды  
Кесір болар несіпке!

Сонымен қатар, жырау толғауларында метафора, эпитет, метонемия теңеулер көптеп кездеседі. Әсіресе теңеу көп. Мысалы: «Бәкеге» толғауынан

Қарап жатқан жыланның  
Құйрығын неге басасың.  
Шағайын деп, шақпаса,  
Шоршып неге қашасың?!

«Жауқашарға» жырында мынадай аллитерация кездеседі.

Кісіні көрсең есікке,  
Жүгіре шық, кешікпе,  
Қарсы алмасаң мейманды  
Кесір болар несіпе!

Сонымен қатар, жырау толғауларында метафора, эпитет, метонимия теңеулер көптеп кездеседі. Әсіресе теңеу көп.

Мысалы: «Бәкеге» толғауында:

Жатқан жері даладай,  
Екі өркешті баладай,  
Азу тісі қаладай,  
Жауабы жамшыдыай  
Бура сойған не сұмдық!

Тағыда мынадай теңеулер:

Көрші жұртты шулатып,  
Жаудай шапқан ен сұмдық?!

«Жауқашарға» толғауында мынадай теңеу кездеседі:

Бұрала біткен емендей  
Қисық туған адамсың

«Бөгембай өліміне» жырындағы теңеулер:

Уа, Алатаудай Ақшадан  
Асып тудың Бөгембай,  
Болмашыдай анадан  
Болат тудың, Бөгембай!

Бұл жырда, сонымен қатар, метафоралар да кездеседі.  
олар:

«Асып тудың, Бөгембай», «Болат тудың Бөгембай!».

Метафоралар жырау толғауларында кең қолданылған.  
«Жауқашарға» жырында «Қисық туған адамсың», «Жол атаң  
«енем баласы» деген метафоралар бар. «Бұқараға» толғауында:

Үйіндегі ұлың жаман болса,  
Есіктегі құлмен тең,  
Қойынындағы қатының жаман болса,  
Қаңтардағы мұзбен тең,  
Кей сорлының қатаны  
Күндіз ауру , түнде сау,-  
Арқана артқан түзбен тең! Осындай метафоралар.

Синекдохалар да бар. Олар «Бәкеге» жырынан «ел  
тонауға аттанып», Жауқашарға» жырынан «Қалған мына  
екеуің», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» толғауында  
«Өлшеусіз мал мен бас берсін!» деген жолдарда синекдоха бар.  
Метонемияларда аз емес. Мысалы: «Бөгембай өліміне»  
толғауынан «Қалмақты алдың, Бөгембай!», «Бөгембай өлімін  
Абылай ханға естірту» жырынан «Үш ауыз сөзбен құтылдың»



деген сияқты метонемия кездеседі. Үмбетей жырларында эпитет те бар екен. «Бөгембай өліміне» жырынан «Ауыр қол жидырып алдырдың», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» толғауынан «Қалың қазақ елім деп» деген жолдарында эпитет бар.

Сонымен қатар, Үмбетей толғауларында қайталау да бар екен. Мысалы: «Бұқараға» жырында мынадаай жолда:

Кетегей болса түйең жау,  
Тебеген болса биең жау,  
Ұрысқақ болса келінің жау,  
Керіскек болса келінің жау.

Сонымен, Үмбетей жырларында көркемдік нақыш тәсілдері кеңінен қолданылғанына көзіміз жетті. Толғауларын әсерлі ету үшін көптеген көркемдік троптарды пайдаланған.

Қорытындылай келе, халқымыздың ескі әдеби мұралары біздің заманамызға қалай жетті деген сауал қойылса, әдетте: ауыздан-ауызға көшіп, бір ұрпақтан екінші ұрпақ жаттап сақталды деген жауап берілген еді. Ал сонда мұра алғашқы қалпын қаншалық сақтайды, жаңа ұрпақ өзіне жеткен туындыға қаншалық өзгерістер енгізеді, несін ұмытып, өз жанынан нендей қоспалар қосады- бұл мәселенің беті күңгірт. Егер халық «өнер алды – қызыл тіл» деп есептесе, сол тіл өнерін жете меңгерген, аузын ашса болды көмекейінен күмбірлеп жыр құйыла жөнелетін адамның жұрт алдында зор беделге ие болуы заңды құбылыс. Сөз өнерін тек қазақтар ғана емес, қазақ сияқты көшпенді халықтардың барлығының да аса жоғары бағалап, өздерінің ақын-жазушыларына бас игенін көреміз. Көркем сөз өнерінің көне шеберлерін қазақ халқының жарау деп атап келгені мәлім. Жыраулар поэзиясының өріс алған кезеңі ХІҮ-ХҮІІ ғасырлар. Бұл тұстағы әдебиетіміздің қай саласы болмасын оған жыраулардың қатысы мол болды. Ауыз әдебиеті туындыларын ішкі жасалар да шешендер мен жыраулар еді. Олар шығарған әдебиет үлгілері- негізінен замана, қоғам, өмір туралы ойлы-сырлы толғаулар, ақыл-өсиет түріндегі шешендік сөздер, мақал тақылетті тұспал- дидактикалық термелер, сондай-ақ елді жеңіске бастаған бытырлардың көзсіз ерлігін жырлаған

ерлік эпосы, ел қожаларын дәріптейтін мадақ жырлар, қайғылы қазаға байланысты азалы сөз, естірту, жоқтау немесе қара қылды қақ жарған әділ қазы ия болмаса табан асты тапжылтпастан сөз бастап, терең ойымен жұртты ұйытқан ақыл иелерін қошемет тұтар арнаулар болатын. Жырау-өз тайпасының рухани тірегі ақылгөй ақсақалы. Содықтан да ол айбатты сөйлейді. Ол тынышсыз көшпенділір арасында күнделікті болып тұратын кикілтің оқиғаларға араласпайды, күйкі өмірдің қамы туғызған от басы, ошақ қасының, қара қазанның жайы да жырау назарынан тысқары жатады.

Осындай талантты жыраулардың бірі Үмбетей (1706-1778) мұрасындағы жетекші тақырып- сырт жауларға қарсы күресте көзге түскен ел қорғаны батырларды мадақтау. Әсіресе жыраудың Бөгембай батыр атына қатысты жырлары халық арасына кең тарады. Бұл шығармаларында Үмбетей Бөгембайдың жеке басының ерлігі, қолбасылық қызметін, адамгершілік қасиеттерін, әсіресе күрескер, ел тұлғасы-азаматтың биік бейнесін жасайды. Сонымен қатар Үмбетей әр түрлі тақырыптағы тұрмыстық өлеңдерге де көңіл бөлген. Жырау қазақ ауылындағы барымташылдық, зорлықшылдық, ру таласы сияқты жарамсыз мінездерді сынайды.

## **БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ ӨМІРІ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ**

1. Өмірінен мәліметтер.
2. Жырау мұраларының тақырыптық өрісі.
3. Бұқар – Шалкиіз дәстүрінің шәкірті.
4. Бұқар жырау поэзиясының тіліндегі көркем сөз нақыштары, теңеулер, метафоралар, тұрақты сөз тіркестері.

XVIII ғасыр әдебиетінің ең көрнекті тұлғасы – Бұқар жырау (1668-1781). Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, Бұқар арғын ішінде Төртуыл Қаржастан шыққан. Бұқардың ата-мекені – Баянауыл төңірегі. Әкесі Қалқаман батыр болған. Зерттеуші М. Мағауин Бұқар жырау Қалқаман ұлын 1668жылдар

шамасында туып, бір ғасырдан астам жасап, 1781 жылдар шамасында өлген деп есептейді. Бұқар Абылай ханның ақылшысы, кеңесшісі, бітілкер биі болған. Тіпті Тәуке ханның тұсында-ақ ордадағы белді би, батагөй адамдардың бірі болғаны аңғарылады. Абылай ханның қазақ елін бір орталыққа бағынатын күшті мемлекет ету саясатын өзінің сөзімен, жырларымен қолдап, елді бірлікке шақырған көрнекті мемлекет қайраткері.

Бұқар жырау – өз дәуірінің данышпан ойшылы. (Философиялық тақырып тағы жырларына тоқталу). Абылай ханның ақылгөй кеңесшісі, белгілі қоғам қайраткері ретінде ол қазақ елінің ішкі ынтымағы мен ырысын, бірлік- тұтастығын, қазақ мемлекетінің дербес өмір сүру қажеттігін ту етіп көтерген ірі тұлға, кемеңгер жырау ретінде терең ойлы, елді бірлікке шақырған толғаулар тудырды. (Осы тақырыптағы жырларына тоқталу).

Қазақ елін жоңғар басқыншылығынан сақтап қалған ержүрек батырлар туралы жырлар туғызды. (Осы тақырыптағы жырларына тоқталу).

Бұқар жырау толғауларының басты қаһарманы Абылай хан және оның жорықтас батырлары, мәслихаттас билері, ең басты қаһарманы – қазақ халқының өзі.

Бұқар жырау толғауларындағы Абылай хан бейнесі.

Бұқардың «Әлемді түгел көрсе де» деп басталатын философиялық толғауы европалық лириканың озық үлгілерінің деңгейіндегіт жыраудың дүниетанымының ғарыштық санаға көтерілгендігін айғақтайтын туынды екендігі.

Жырау толғауларындағы көркем сөз нақыштары, теңеулер, метафоралар, тұрақты сөз тіркестеріне тоқталып, талдату.

Тезистер.

1) Бұқар Шалкиіз үрдісін әрі қарай жалғастырушы жырау. Бұқар тіпті Шалкиіз жасаған көркем образдарды, кейде тіпті тұтас жолдарды пайдаланып отырды. Мысалы, Шалкиіз:

«Жауынды күні көп жүрме,  
Жар жағасы тайғақ-ты,

Жаманға сырынды қосып сөз айтпа,  
Күндердің күні болғанда,  
Сол жаман басыңа айғақ-ты... » - десе,

Бұқар:

«Жар басына қонбаңыз,  
Дауыл соқса үй кетер,  
Жатқа тізгін бермеңіз,  
Жаламенен бас кетер.  
Жаманменен жолдас болсаңыз,  
Көрінгенге күлкі етер...»

Бұқар осы жолдарда айтылған ойларды сол күйінде алады, алайда кейбір сөздерін өзгертіп, өзінше талдайды. Сол сияқты Бұқардың «Айтар болсаң, алланы айт» деп басталатын өлеңіндегі негізгі Шалкиіздің «Ау, бөрілер, бөрілер» деп басталатын жолдарын қайталау болып есептеледі.

2) Бұқар тек қана Шалкиіз поэзиясынан ғана үйреніп қойған жоқ, қазақтың ескі халық поэзиясының тұнығынан да мейлінше сусындағандығы. Бұқардың жаңашылдығы. Қазақ өлеңін тақырыптық жағынан байытуы. Кейінгі уақытта, Абай заманында, аренаға шыққан аренаға шыққан жаңа кейіпті, жаңа сападағы поэзияға көшудің кейбір белгілерін бұқардан ұшыратамыз. Бұқардың «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» деп басталатын туындысы тамаша суреттерімен табиғат лирикасының өзкіндік бір әсем үлгісіне жатуы.

«Бұл, үйрек, бұл үйрек,  
Бұрылып ұшар жаз күні,  
Боз мойынды сұр үйрек  
Көлге қонар жаз күні»

Бұл туындыны Абайдың атақты «Жаз»өлеңінің алғашқы бір нұсқаларының қатарына жатқызса да боларлық.

«Бұқар өзінің кейбір жырларында ескі канондарды бұзады, өз жолын салады. Көне жыраулық поэзия көбіне өз алдына дербес, жекелеген ойларға құрылған жолдардың жиынтығы болып келетін, қанша әдемі болғанмен құрау-құрау сияқты көрінетін : бұрынғы өткен жыраулар творчествосының әлсіз жақтары осыған байланыты. Бұқыр, негізінен байырғы

дәстүрді қабалдайды. Алайда, заманының озықтығы, қазақ әдебиетінің ескімен салыстырғанда біршама өскендігі және өзінің зор таланты мен ақыындық интуициясының тереңдігі. Бұқардың жекелеген реттерде көне сүрлеуден шығарып жіберіп отырады. Бұқар санасыз түрде кейін Абай қазақтық еткен европалық поэзия үлгілеріне жақын барады» (М. Мағауин).

Бұқардың «Әлемді түгел көрсе де» деп басталатын философиялық толғауы еуропалық лириканың озық үлгілерінің деңгейіндегі жыраудың дүниетанымының ғарыштық санаға көтерілгендігін айғақтайтын туынды екендігі.

Жырау толғауларындағы көркем сөз нақыштары, теңеулер, метафоралар, тұрақты сөз тіркестеріне тоқталып, талдату.

Замана келбеті, отан тағдыры, болмыс шындығы ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыр жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы, жалынды жүрегі жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі. Әсіресе, Бұқар жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді.

Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар табандап келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді.

Күн батыстан бір дұшпан,  
Ақырда шығар сол тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Дондарының аты боп.  
Күн шығысқа қарайды,  
Шашын алмай, тарайды.  
Құдайды білмес, діні жоқ,  
Жамандықта міні жоқ,  
Жаяулап келер жұртыңа  
Жағалы шекпен кигізіп [6, 44 б.].

Тілеукеңің өлеңдерінің басым көпшілігінде -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары теңеу жасауда ауқымды болып келеді. Мысалы, үгіт, насихат түрінде жазылған өлеңдер, таза ақыл

беру, үлгі айту тұрғысынан келетін шумақтар ақын творчествосында баршылық. Олардың көпшілігі, жаман не, жақсы не деген мәселенің төңірегінде құрылған.

Жамандар өзін-өзі зорға балар,  
Бір өзінен басқаны төмен санар.

Жақсылар ағын судай, асқар таудай.

Жаймалап қайда жақсы орын алар [1, 118 б.].

Осында ақын жақсылықты ту етіп көтереді, мадақтайды, дәріптейді, оларды «ағын суға, асқар тауға теңейді»; жамандықтың барлық түрін жерлейді, сөгеді, жұртқа жиренішті етіп көрсетуге тырысады. Немесе:

Жамандар тыңдамайды жақсы сөзін,  
Сүйресең де жақсы іске бұрмас өзін.

Надандар асыл білес сутас көрсе,

Гауһардай-ақ айырмас сонан көзін [1, 120 б.]

– деп, надандардың бойындағы «көрсеқызарлық» қасиеттерін қатты сынға алады.

Шалдың әкесіне арнап шығарған жоқтауы да өзінің бейнелілігімен көз тартады.

Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,

Өтпедің сол мүшелден серттей болып,

Кешегі дүрлеп жүрген ер Күлеке

Су тиген сөне қалдың өрттей болып... [1, 119 б.].

Себебі, бұнда кәрілік басына түскен адамның өрісі тарылып, буыны босап, қайғысы молая түсетіні табиғи құбылыс екенін айшықты теңеулермен шындыққа сай суреттейді.

Келесі бір жарлай арнауында Шал досқа берік, дұшпанға катал болу керек екенін айтады. Мысалы:

Айтысқан уағдалы жерінде бол,

Достықтың асары жоқ күнде дескен.

Сиырдай мұз жалаған мейірің қанбас

Жаманға жазатайым ісің түскен [1, 124 б.].

немесе:

Дегенше жігіт момын, жаман деңіз,

Шабан артық бола алмас жаман аттан.

Түлкідей түнде жортып жүргенінде,

Алмасын аяғыңнан темір қақпан [1, 125 б.].

Бұнда ақын «Түлкідей түнде жортып жүргенінде, Алмасын аяғыңнан темір қақпан» деген жолдарда күнге күймей, елге көрінбей өмір сүрсең, күндердің күнінде ажал сағаты соғады дейді.

Бір бойында мың кісінің ақылы бар, дара тұлға Абылай хан өмірінің соңғы кезінде кенеттен қатты ауырып, ажал жастығына басын қойғанда, оның көңілін сұрай келген ұлы даланың данасы көзі тірісінде «Әулие пайғамбар» атанған Бұқар жырау Қалқаманұлы былай деген екен:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай,  
Қайыруссыз жылқы бақтырған ханым-ай,  
Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,  
Үш жүзден үш кісі құрбан қылсам

Сонда қалар ме екен қайран жаның-ай?! [2, 93 б.].

Сонда Абылай хан:

- Токта, тоқта бұлай десең мен діннен шығамын, сен жалғаншы боласың! Жиырма жасымда таққа міндім. Қырық сегіз жыл қазаққа хан болып тұрдым. Қанша жыл өмір сүріп қанша жас жасағанымен не пайда, қазақтың арқасын тамға, аузын нанға сүйегенім жоқ, бұл бір. Ақбоз аттың құнын ер құнына теңегенім жоқ, екі. Мылтығының оғын құралайдың көзінен өткізетұғын мергеннің құнын екі ердің құны дегізгенім жоқ, ұста мен етікшінің құнын қатын құнымен бір бәс қылып, жарты құн дегізіп, кесім кестіргенім жоқ, мұным үш. Осы үш арман бойымда кетті, - деген екен.

Ең алдымен, бұл диалог Абылай хан Бұқар жырау заманы көрінісінің айнасы деуге болады. Академик М. Қозыбаев өзінің «Жауды шаптым ту байлап» деген кітабында: « Ғасырдың орта шенінен бастап Абылай қазақ елінің ерікті, іргелі, біртұтас ел болуын, ата қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етуін, елді отырықшылыққа көшіруді, байлығын шалқытуды үш жүздің ынтымағын жарастырып, туған Отанын, елін жаудан қорғауды күн тәртібіне қойды», - деп әділ бағалады.

Абылайдың ұлылығы қазақ халқының осы мұңын, халық үнін шын жүрегімен түсіне біліп, оны жүзеге асыруда ішкі және

сыртқы саясатты шебер жүргізе білуінде. Бұқардың сөздері осы тарихи кезеңдегі халықтың қол жеткен табыстарын, жетістіктерін Абылайдың есімімен тығыз байланысты екенін айқын, дәл және толық көрсетіп отыр.

Алтын тақтың үстінде,  
Үш жүздің басын құрадың.  
Жетім менен жесірге  
Ешбір жаман қылмадың.  
Әділетпен жүрдіңіз  
Әдепкі іске кірдіңіз [3, 92 б.].

Қазақ елінің бұл кездегі ахуалы көршілес ұлы елдермен қатар, үзеңгі тіресер дәрежеге жеткендей еді. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» сүреңін бастан өткізген ел, енді бейбіт күндердің қызығына тура бет бұрған, «қайғысыз ұйқы ұйықтаған». Жаугершілікте ерге қанат болған жылқы малы да басы босап, «ел байлығы мал» демекші, жайлауға оралған. Ер-азамат қару-жарағын керегеге іліп, бейқам тіршіліктің тірегі еңбектің сан алуан түрлеріне кіріскен. Аман қалған еркек атаулы даланың әменгерлік заңы бойынша жесірлеріне «қалыңсыз» ие болып, өшкендей болған отбасының түтінін қайта түтеткен, көңіл толы жайбарақат күйге түскен. Ел өзінің табиғаттан бөлінбес біртұтас қалпын орнына келтірген.

Батыр мұратының негізгі мазмұны – адамгершілік басқалар үшін жан пида болу арқылы жүзеге асырылады. Өйткені, осындай ерлік қимыл арқылы ғана қоғамның тұтастығын сақтауға болады. Осы тұрғыдан алсақ Бұқар жырау Абылайдың тарихи үлесін анық таразылағандай, толық бағасын бергендей-ақ.

Бұқар жырау Абылайды ру мүдделері тұрғысынан қарайды. Жеке өзі үшін Абылайдан айрылу шексіз қайғы, ал ру тұтастығы үшін бұл үлкен қауіп. Бұқардың өлімді болдырмау үшін адамды да құрбандыққа шалуға дайын, яғни қауымдағы жеке адам тағдыры ақсақалдық, ру басының өктемдігінде екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, Бұқардың Абылайға арнау сөздері қазақ қоғамында болып жатқан күрделі өзгерістердің куәсі болып



табылады. Күнделікті тіршілікте дәурен салу, ләззат алу, қасіреттен алыс болуға ынта, рулық тәртіптердің өзгермелі екенін және адамдардың жекеленуін көрсетеді.

Бұқар жыраудың бағалауы бойынша Абылай – ел тірегі, біріктіруші күш. Оның қуат, қажыры аталығында емес, өз басында. Абылай өзіндік шешім мен өзгеге ұқсамайтын қимылдың иесі, қауымдық рулық тәртіпке алаңсыз, өз түйгенінсіз шексіз заңға айналдыратын жан емес, Абылайдың дүниетанымы заман деңгейінен ысырылып бара жатқан рулық сананың тар қоршауына сыймайды. Ол туысқандық, ағайындық қатынастарды толық қамти алмайтын жаңа қоғамның әлеуметтік түр ала бастағанын, орталықтандырудың күн талабына сәйкестігін терең түсінген. «Қазақтың арқасын тамға, аузын нанға сүйендіру» деген Абылайдың сөзі осы мақсатты жүзеге асырудың мүмкіндіктері ғана ашылып қоймай, алғашқы үлгілері қойылмай, алғашқы үлгілері де өмірге кіре бастағанын танытады. Рулық, тайпалық тұтастықтың орнына бірігудің жаңа нобайы мемлекет қанатын жая бастаған. Болашағын сенімсіздік билеген Бұқарды рулық байланыс тұтастыра алмайды. Жаңа орталықтандыру ынтасы күш тәртібіне халқының тағдырына айналуы қажет еді.

Ақтамберді жырау: «Жігіттің көркі – жылқыда десе, Абылай заманында ер азаматтың құндылығын оның ішкі қасиеттері арқылы ғана бағалауға болатын еді. Абылайдың «мылтықтың оғын құралайдың көзінен өткізіп мергеннің құнын екі ердің құны дегізгенім жоқ» деген сөздерінде де ердің шоктығы биік [3, 85 б.].

«Ұста мен етікшінің құнын қатын құнымен бір бәс қылып... кесім кестіргенім жоқ» деген Абылайдың сөзі Бұқар жыраудың әйел туралы ойларынан терең. Бұқар жырау қазақ дәстүріндегі әйелдің орнын айтып отыр. Бұнда әйел дара тұлға емес, еркек азаматтың сыңары ғана. Абылай болса, әйелдерді етікші, ұста, төлеңгіт және басқа әлеуметтік топ болып қалыптаса алатын мүмкіндігі бар жұрттың заңды, қажетті бөлігі ретінде көргісі келетінін айтып отыр. Оның ойының түбірінде қазақтың ежелгі дүниетанымында орын алған әйел бейнесі

жатыр. Әйел – дүниенің басы, өмірдің күре тамыры. Әйел қазақ дүниетанымында негізгі орындардың бірін алғандықтан, жаңа қоғамды жандандыратын, адамгершілікке баулитын күш ретінде алатын орны жоғары.

Абылайдың сөздеріне қарағанда, ол өз заманында болып жатқан өзгерістерге үлкен қызығушылықпен қарап қана қоймай, өз елінің өркениет көшінен қалып қоймауын қамтамасыз ететін қағиданы да дүниеге әкелді. Тарихи уақыттың жаңа түйіні – тек алға жылжу, ал оны атқара алып, жүзеге асыратын – азаматтар. Абылай хан оларды тарих тұғырына нық орнауға жігерін аямай жұмсаған дара тұлға.

ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың ішіндегі биік тұлғаның бірі, бірі емес бірегейі – Бұқар Қалқаманұлы. Ол – ел билеу ісіне белсене араласқан, Абылай ханның ақылшысы, қабырғалы билерінің бірі. Бұқар жырау шығармашылығы туралы «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томында: «... оның өлеңдері өз кезіндегі әлеуметтік мәселелерге арналған. Сонымен қатар, тыңдаушы оқушыларына ой түсірерлік сөздерінің дидактикалық жағы да сол кездің әдебиетіне зерттеушілер үшін аса қажет» [4, 30 б.], - деп әділ баға берілген.

Заманның аумалы-төкпелі болуын Бұқар заңды құбылыс деп санаған. Ол қазақтың үш жүзінің басы қосылып, бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуын аңсаған. Сондықтан Абылайды осы арманды жүзеге асырушы деп есептеп, хандық үкіметтің берік болуы жолында бар ақыл-кеңесін аямайды. Ол Абылай ханның халқы алдындағы рөлін дұрыс бағалайды.

Жан біткен еріп соңынан  
Жусатып тағы өргізіп  
Он сан алаш баласын  
Жұмсап бір тұрсаң қолыңнан  
Аузыңа құдай қаратып.

Жетім мен жесірге ешбір жамандық қылмадың [1, 92 б.],  
- дей отыра елдің келешегі бірлікте, бейбіт өмір сүруде, көрші

елдермен достық қарым-қатынас жасауда көрегендік көрсеттің дейді.

Халық «Өнер алды – қызыл тіл» десе, Бұқар бұл мақалдың даналығын әбден терең ұғынған адам. Ол сөз өнерінің қиындығын да, құрметтілігін де білген. Жыраудың өлеңдерінде ел берекесі, халық мүддесі көп сөз болады. Мәселен, «Тілек» атты өлеңінде шапқыншылыққа ұшырап, қыздың күн, ұлдың құл болуынан, алған жардың жесір қалуынан құдай сақтасын деген тілек білдіреді.

Ағайыншылық, татулық елді берекелі ететін ең қажет нәрсе деп білген жырау жырлаған.

Сірә, бір кеңес құрыңыз  
Жат бойынан түңілсін  
Бір ауызды болыңыз.

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз [1, 95 б.], - деп берекелі бірлікке, шынайы достыққа шақырады. Бұқардың халықты берекелі бірлікке шақыруы, бауырмал, ынтымақшыл ел болсақ дұшпан баса көктеп басып кіре алмайды деуі қай заман үшін де мәнін жоймайтын мәңгілік берік қағида.

Абылайға ақыл айтып, кеңес берген.

Ханның жақсы болмағы  
Қарашының елдігі.  
Қарашы халық сыйласа,  
Алтыннан болар белдігі.  
Жақсы жігіт ұл туса,  
Патшадан болмас кемдігі [1, 97 б.].

Ханның ісі халықпен, жақсы туса елдің ырысы, ақылды басшы халықтан қол үзбеуі керек дегенді жетесіне жеткізе айтады.

Өзінің бір топ өлеңдерін Бұқар сол кездегі соғыстарда ерен ерлік көрсетіп, елін, жерін жаудан аман-есен қорғап қалған қазақтың үш жүзінен шыққан батырлардың ерлік істерін мадақтауға арнаған. Сол арқылы көпті көрген көне көз жырау батыр елі үшін туады, елі үшін өледі, елім деп еңіреген ерлерден үлгі-өнеге алыңдар, солардай халыққа пайдалы, жанашыр, қамқор азамат болыңдар деген идеяны насихаттайды. Қарт

жырау ерекше көзге түсіп, ерлікпен қаза тапқан Бөгембай батырды:

Еңбек қылған ел үшін,  
Жауда кеткен кегі үшін.  
Қазақтың абырой арына  
Сарып қылған бар күшін.  
Қиядан қиқу төгілсе,  
Аттың басын тартпаған  
Қисапсыз қол көрінсе,  
Қорқып жаудан қайтпаған [1, 100 б.].

Қалың жаудан қаймықпай шапқан батырлардың көзсіз ерлігін дәріптеп, елі үшін ерлікпен өлген арысын жоқтаған. Оның ерлігін паш ету арқылы, Бөгембайды келер ұрпаққа үлгі өнеге етіп отыр. Бұқар ел қорғаушы батырдың, сөз бастап, дау шешуші бидің үнемі әділдікті жақтауын қалайды. Елдің берекелі бірлікшіл болуы парасатты, көреген ел басшысына байланысты деп:

Ел иесі құт болса  
Халқы ала болмайды.  
Ер жігітке жарасар  
Қолына алған найзасы.  
Бұл жігітке жарасар,  
Халқына тиген пайдасы [1, 91 б.].

Халық қамын ойлау – азаматтық парыз, нағыз ел қамын ойлайтын адал ұл халқына пайдасын тигізуі, әділет үшін күресуі қажеттігін уағыздайды.

Бұқардың көптеген жырлары отбасылық қарым-қатынас, адамгершілік мәселелеріне арналған. Ол адам өмірінің әр кезеңін суреттей келе ақыл мен қажыр тасыған жастық шаққа тоқталады.

Күлдір күлдір кісінетіп,  
Күренді мінген жиырма бес.  
Сұлуды құшқан жиырма бес  
Іздесең де табылмас [1, 96 б.].

Қарт жырау адам өмірінің ең қызықты кезеңі, ойлаған ісін қайратымен іске асыратын, ақыл-қайратпен талаптың

тасыған шағы жиырма бесті іздесең де таппайсың, жас өмірінді дұрыс пайдалана біл деп ақыл айтып отыр.

Көпті көрген жырау өз ұрпақтарына:  
Қартайсаң қарт бабанды сыйлай бер,  
Күндердің күні болғанда

Кімдердің кімнің дейсің белі бүгілмес [1, 106 б.], - деп қарт атаң мен әжеңді сыйла, өзіңе дейінгіні құрметтесең өзіңнен кейінгілер де сені сыйлайтын болады дегенді уағыздайды. Отбасының сәні сыйласу деп түйген жырау:

Жақсымен жолдас болсаңыз

Айрылмасқа серт етер [1, 105 б.], -

деп ерлі зайыптының тату-тәтті өмір сүруін қалайды. Жақсы мен жаманды көп көрген дана қарт жастарға:

Айтқан сөзге түсінбес,

Жаман емей немене.

Сұрағанда бермеген,

Сараң емей немене.

Кісі ақысын көп жеген

Арам емей немене.

Сыртындағы қулығың,

Амал емей немене... [1, 88 б.], -

деп сараң мен мырзалықты, адалдық пен арамдықты салыстыра сипаттап, ізгі адамгершілік қасиетті дәріптеп отыр. Сондай-ақ жырау шынайы достық пен қастықты салыстыра келіп:

Екі жаман дос болмас

Дос болғаннан хош болмас.

Екі жақсы дос болмас,

Дос болса түбі бос болмас [1, 104 б.].

Осындай философиялық ой толғанысын жасайды. Жырау жастарды шынайы достыққа, ар-ұждан, адамгершілік қасиеттерді өмір бойы қастерлеп өтуді айта отырып, өлмейтін, өшпейтін ешнәрсе жоқ, қоғам, табиғат, тіршілік үнемі қозғалыста, өзгерісте болады деген пәлсапалық топшылау жасап келеді де «Өлмегенде не өлмейді?» дегенде:

Жақсының аты өлмейді

Ғалымның хаты өлмейді [1, 104 б.], -

деп жауап береді. Бұл ойдың астарлы мағынасында артыңа атыңды қалдырамын десең халқыңа пайдалы азамат бол, оқу оқып, ғылым жолын қу, бойыңдағы бар өнеріңді, ақыл парасатыңды қағазға түсіріп, кейінгі ұрпағыңа қалдырып кет деген өнегелі өсиет жатыр.

Бұқардың терең ойды топшылап айтқан аталы ақыл - нақыл, афоризм сөздері тыңдаушыға терең ой туғызатын бүгін де тәрбиелік мәнін жоймаған үгіт-насихаттың тамаша үлгісі.

Бұқар жырау – ақындығымен бірге сұңғыла саясаткер, көреген қайраткер. Оның өлең-жырларында осы екі қасиет бір-бірімен біте қайнаса көрініс тапқан. Оның үнемі Абылайдың айбынын асыра жырлауының сыры «қолшоқпарлықта» жатқан жоқ. С. Мұқанов айтқандай, Абылайдың «Ақтабан шұбырындыдан» кейін мемлекеттігінен айрылып, тозған Орта жүз қазақтарының басын қосып, елін, жерін қорғайтын ел құрауында: заманына қарай дипломатиялық саясат қолдана біліп, екі мемлекеттің (Ресей мен Қытай) арасында өз қарамағындағы елдің тәуелсіздігін сақтай білуінде» [5, 27 б.]. Абылай айлакер болса, Бұқар – көреген. Ол – Ресей мен Қытайдың айлалы саясатын өзгелерден оқ бойы озып көре білген қайраткер. Оларға өздігінен тиісіп, соғысу «қазған көрге доңғалақтап барып түсумен» бірдей. Сондықтан да жырау қос бүйірден қысып тұрған тұяғы тегеурінді «самұрық» пен аузынан жалын шашқан «айдаһардан» сақтандыруға бар күшін сарқа пайдаланды.

С. Мұқанов бұл туралы: «Өз заманының көреген ақыны Бұқар жырау бұл құрсаудың не құрсау екенін болжайды, қазақ елін отарлау саясатын жүргізер алдында құрылған қақпан екендігін түсінеді» [5, 28 б.], - деп жырау көрегендігіне нақты айғақ айтады.

## КӨТЕШ РАЙЫМБЕКҰЛЫ МҰРАСЫ

1. Өмірінен деректер
2. Көтеш ақын шығармаларының тақырыбы.

1. Көтеш Баянауыл аймағында туып-өскен жырау. Абылайдың Ботақан ісіне қатысты мәселелердің басы, қасында жүрген. Тұрмыста тапшылық, таршылықты көп көрген, кедей өмір сүрген адам. Ел арасындағы әңгімелерде өлей-жырымен күн көріп жүрген Көтешті бір күні бір ауылдан шығып, айдалада келе жатқанда ұры-қарақшылардың қолына түсіп, содан қазақ болған делінеді.

2. Көтеш ақын (1745-1818 ж.ж.) тарихи тақырып пен ерлік идеяны, тұрмыс, кедейлік мәселелерін жыр еткен ақын. Көтеш ақынның «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің», «Күркелінің бауыры күнде дауыл», «Қартайғанда қатының дұшпан болды» т.б. өлеңдеріне тоқталу.

Көтеш ақын шығармаларының тақырыбы. «Күркелінің бауыры күнде дауыл», «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің», «Кәрілік, жылы жұмсақ ас жарай ма», «Алдымнан алты пұшық анталады», «Арқа ойынды құба жон түсер қаңтар» өлеңдері.

Ақын өмірі мен шығармашылығы. Ақындар поэзиясының кара өлең, жанр түрлерімен байытуы. Шығармашылығында әлеуметтік, қоғамдық, тұрмыстық мәселелерді көтеріп, көптеген лирикалық өлеңдер шығаруы. Оның «Жасыбайдың өлімі», «Жұбату» өлеңдері, жоқтау, халықтың көңіл айту стиліндегі шығармашылығы туралы.

Ақынның әдеби мұрасындағы: «Ата тілін алмаған арам ұлды, Аузы түкті кәпірден кем деменіз», немесе «Ата тілін сыйлаған адал ұлды, Хат оқыған молдадан кем деменіз» сынды ұтымды ойлардың бүгінмен байланысы.

Көтеш Баянауыл аймағында туып-өскен жырау. Абылайдың Ботақан ісіне қатысты мәселелердің басы, қасында жүрген. Тұрмыста тапшылық, таршылықты көп көрген, кедей өмір сүрген адам. Ел арасындағы әңгімелерде өлең-жырымен

күн көріп жүрген Көтешті бір күні бір ауылдан шығып, айдалада келе жатқанда ұры-қарақшылардың қолына түсіп, содан қазақ болған делінеді.

Көтеш ақын (1745-1818 ж.ж.) тарихи тақырып пен ерлік идеяны, тұрмыс, кедейлік мәселелерін жыр еткен ақын. Көтеш ақынның «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің», «Күркелінің бауыры күнде дауыл», «Қартайғанда қатының дұшпан болды» т.б. өлеңдеріне тоқталу.

## **ШАЛ ҚҰЛЕКЕҰЛЫ МҰРАСЫ. ЖЫРАУЛЫҚ ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ ПОЭЗИЯ ДӘСТҮРІ**

1. Шал (Тілеуке) Құлекеұлы (1748-1819).
2. Шал өлеңдерінің тақырыбы.
3. Шал поэзиясының көркемдік ерекшеліктері.
4. Жыраулық және ақындық поэзия ерекшеліктері.

1. Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) 1748 жылы туып, 1819 жылы өлген. Ақынның туған жері бұрынға Көкшетау облысы Азат теміржол станциясының төңірегі. Ес білгеннен соңғы өмірі өткен жер – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданының (бұрынғы Сергеев ауданы) территориясы. Қариялардың айтуынша, Шалдың сүйегі Сергеевка селосының қсындағы Аютас деген төбенің қарсысында, Есілдің оң жақ қабағындағы көп бейіттің ішінде. Бірақ ешкім де ақынның қабірін дәп басып көрсете алмайды. (М. Мағауин)

Тілеукенің әкесі Құлеке батыр болған. Құлекенің ағасы Тілеке де батыр болған. Ол екеуі бірігіп Атығайдың Бәйімбет, Құдайберді тайпаларын бастап Есіл бойына қоныс аударады. Құлеке ағасы екеуі Есілден естектерді ығыстырып шығарады. Осы соғыста Тілеке қаза болады. Құлеке батырдың төрт әйелінен алты ұл туған: Бәбек, Мәңке, Шардақ, Тілеуке (Шал), Қазақбай, Жүсіп, Құлекеден өрбген ұрпақ қазір 80 шамсында, Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданының (бұрынғы Сергеев ауданы) «Терең сай», «Заря» совхоздарында тұрады. Шал қартайғанда Мәлібай, Мәлике деген екі перзент көріпті.



Мәлібайдан қазір ұрпақ жоқ. Мәликені қалың қыпшақ ішінде Нұрым дегенге ұзатқан екен, Нұрымнан Айтбай, Айтбайдан наушабай, наушабайдан белгілі ақын Нұржан Наушабаев туған. Бәйімбеттің қарттары Нұржанға Шал атамыздың аруағы қонған деседі.

Шалдың алғаш ақындық даңқы шығуы – он бес жасында.

2) Шал (Тілеуке) Құлекеұлы (1748-1818 ж.ж.) – жыраулық поэзия үлгісінен өзгешелеу, жаңа типтегі ақын. Шал өлеңдерінің тақырыбы – жақсылық пен жамандық, рахым мен зұлымдық, жастық пен кәрілік, адамгершілік пен мораль т.б.

Шал ақын – адам өмірі, өмірдің мәні, фәне мен баки, дін мәселелерін де жырлаған ақын. Ақынның «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің», «Бақытыңа кез бопты долы қатын», «Арғымақ ат кімде жоқ», «Саясы жоқ бәйтерек», «Жігіт туралы», «Әйел туралы», «Кедейлік туралы» т.б. өлеңдеріне тоқталу. Айтыстары: Шал мен Дегдар қыз айтысы, Бәйбішесімен қағысуы.

2. Шал поэтикалық сөздің дәмін, тамырын дәл, анық тауып айтады. Шығармаларының дені он бір буынды қара өлеңмен жазылған. Кейде 7-8 буынды жолдар да аракідік ұшырасады. Шал ақын өлеңдерінің ұйқасы күшті, балталаса бұзылмас ұйқастар деп айтуға болады. «Үйткені он бір буынды өлең өлшемінде бұрыннан белгілі өлшемге қосымша кіргізу, өзгеріс енгізу арқылы пайда болған кейбір өрнектегідей жасандылық жоқ. Ол – бөлекше, дербес сипаты бар, өзінің бірнеше түрлері, варианттары бар, ырғақтық құрылыс-өрнегі мейлінше ширақ және жатық, әуезділік үнділігі жағынан әбден келісті, кең тынысты болып келген. Соның нәтижесінде аса кең тараған өлшем» (Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы., 1973. 148 бет)

Шал Құлекеұлы фольклорлық мектептің үрдісінен шыққан ақын. Тенеу, тұспалдау, метафора, символ. Секілді бейнелеу құралдары фольклорлық поэтика үлгісінде өрнектелетіндігін айтқанымыз жөн. Редифтік рифмалар (ұйқастар) да ұшырасады.

Кейде тармақтың аяғы өзара ұйқасады. Мысал:

«Басеке, мал жануар басқа бітер,  
Қына шөп секілді ол тасқа бітер.  
Үйіңнен ит жаланып шықпайтұғын  
Өзіңдей жатып ішер насқа бітер. (Қазақ әдебиеті,  
1958, 28 наурыз)

Осындағы «басқа», «тасқа», «насқа» сөздері, «бітер» етістігімен біте қайнасып, әуезді ұйқас жасаған. Кейде «шөлді біледі, «елді біледі», «жеңуді біледі» деген зат есім мен етістіктің тіркестері өзара ұйқасады да, келісті өрнек құрайды. Шал поэзиясы тапқыр теңеулерге де бай. Мысал:

Ай нұрлалар, аспанда толған сайын,  
Пенделер үміт етер болған сайын.  
Ашу-пышақ болғанда, ақыл-таяқ,

Сол таяқ кемімей ме жонған сайын» (ОҒК қолжазба қоры. 814- бума, 19-дәптер, 26 бет)

3. Жыраулық және ақындық поэзия ерекшеліктеріне тоқталу. Жыраулар көп жағдайда үлкен елдік, келелі мәселелерді ел басына түскен ауыр жағдайды қоғамдық, мемлекеттік мүдде тұрғысынан кеңінен толғап, толғаулар шығаруы. Кез келген жеңіл тақырыптарға бара бермеуі. Негізгі жанры – толғау. Синкретті өнердің иесі. Ханға ақылшы, кеңесші, мемлекет қайраткері функциясын атқаруы.

Ақындар кез келген жырлай береді. Кез келген құбылысқа, тіпті жеңіл тақырыптарға (өзінің жеке басы, көңіл-күйі, тұмыстық ұсақ мәселелер) сергек қарап

бара беруі. Негізгі жанры – өлең. Шығармаларын домбыра музыкалық аспабымен орындауы. Импровизацияға ғана емес экспромтқа да жүйрік болуы. Жыраулық поэзия үлгілерін трансформациялау арқылы контаминациялық өрнек-үлгілер жасауы. (Шалкиіз – Махамбет, Ақтамберді – Махамбет) Жазба поэзия үлгісін қалыптастырудағы ақын-жыраулар поэзиясының үлкен орны, мәні мен маңызы. Қорытынды.

Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) 1748 жылы туып, 1819 жылы дүниеден өткен. Ақынның туған жері бұрынғы Көкшетау облысы Азат теміржол станциясының төңірегі. Ес білгеннен соңғы өмірі өткен жер – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының

Шал ақын ауданының (бұрынғы Сергеев ауданы) территориясы. Қариялардың айтуынша, Шалдың сүйегі Сергеевка селосының қасындағы Аютас деген төбенің қарсысында, Есілдің оң жақ қабағындағы көп бейіттің ішінде. Бірақ ешкім де ақынның қабірін дөп басып көрсете алмайды [1].

Тілеукеңің әкесі Құлеке батыр болған. Құлекеңің ағасы Тілеке де батыр болған. Ол екеуі бірігіп Атығайдың Бәйімбет, Құдайберді тайпаларын бастап Есіл бойына қоныс аударады. Құлеке ағасы екеуі Есілден естектерді ығыстырып шығарады. Осы соғыста Тілеке қаза болады. Құлеке батырдың төрт әйелінен алты ұл туған: Бәбек, Мәңке, Шардақ, Тілеуке (Шал), Қазақбай, Жүсіп, Құлекеден өрбіген ұрпақ қазір 80 шамсында. Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданының (бұрынғы Сергеев ауданы) «Терең сай», «Заря» совхоздарында тұрады. Шал қартайғанда Мәлібай, Мәлике деген екі перзент көріпті. Мәлібайдан қазір ұрпақ жоқ. Мәликені қалың қыпшақ ішінде Нұрым дегенге ұзатқан екен, Нұрымнан Айтбай, Айтбайдан Наушабай, Наушабайдан белгілі ақын Нұржан Наушабаев туған. Бәйімбеттің қарттары Нұржанға Шал атамның аруағы қонған деседі.

Шалдың алғаш ақындық даңқы шығуы – он бес жасында.

Шал (Тілеуке) Құлекеұлы (1748-1819) – жыраулық поэзия үлгісінен өзгешелеу, жаңа типтегі ақын. Шал өлеңдерінің тақырыбы – жақсылық пен жамандық, рахым мен зұлымдық, жастық пен кәрілік, адамгершілік пен мораль т.б.

Шал ақын – адам өмірі, өмірдің мәні, фәни мен бақи, дін мәселелерін де жырлаған ақын. Ақынның «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің «Бақытыңа кез бопты долы қатын», «Арғымақ ат кімде жоқ», «Саясы жоқ бәйтерек», «Жігіт туралы», «Әйел туралы», «Кедейлік туралы» т.б. өлеңдеріне тоқталу. Айтыстары: Шал мен Дегдар қыз айтысы, Бәйбішесімен қағысуы.

Шал поэтикалық сөздің дәмін, тамырын дәл, анық тауып айтады. Шығармаларының дені он бір буынды кара өлеңмен жазылған. Кейде 7-8 буынды жолдар да арақідік ұшырасады. Шал ақын өлеңдерінің ұйқасы күшті, балталаса бұзылмас

ұйқастар деп айтуға болады. «Үйткені он бір буынды өлең өлшемінде бұрыннан белгілі өлшемге қосымша кіргізу, өзгеріс енгізу арқылы пайда болған кейбір өрнектегідей жасандылық жоқ. Ол – бөлекше, дербес сипаты бар, өзінің бірнеше түрлері, варианттары бар, ырғақтық құрылыс-өрнегі мейлінше ширақ және жатық, әуезділік үнділігі жағынан әбден келісті, кең тынысты болып келген. Соның нәтижесінде аса кең тараған өлшем» [2, 148 б.].

Шал Құлекеұлы фольклорлық мектептің үрдісінен шыққан ақын. Теңеу, тұспалдау, метафора, символ секілді бейнелеу құралдары фольклорлық поэтика үлгісінде өрнектелетіндігін айтқанымыз жөн. Редифтік рифмалар (ұйқастар) да ұшырасады.

Кейде тармақтың аяғы өзара ұйқасады. Мысалы:

«Басеке, мал жануар басқа бітер,  
Қына шөп секілді ол тасқа бітер.  
Үйіңнен ит жаланып шықпайтұғын  
Өзіңдей жатып ішер насқа бітер.

Осындағы «басқа», «тасқа», «насқа» сөздері, «бітер» етістігімен біте қайнасып, әуезді ұйқас жасаған. Кейде «шөлді біледі, «елді біледі», «жеңуді біледі» деген зат есім мен етістіктің тіркестері өзара ұйқасады да, келісті өрнек құрайды. Шал поэзиясы тапқыр теңеулерге де бай. Мысалы:

Ай нұрланар, аспанда толған сайын,  
Пенделер үміт етер болған сайын.  
Ашу-пышақ болғанда, ақыл-таяқ,  
Сол таяқ кемімей ме жонған сайын».

Ақындар кез келгенді жырлай береді. Кез келген құбылысқа, тіпті жеңіл тақырыптарға (өзінің жеке басы, көңіл-күйі, тұмыстық ұсақ мәселелер) сергек қарап бара беруі. Негізгі жанры – өлең. Шығармаларын домбыра музыкалық аспабымен орындауы. Импровизацияға ғана емес экспромтқа да жүйрік болуы. Жыраулық поэзия үлгілерін трансформациялау арқылы контаминациялық өрнек-үлгілер жасауы. (Шалкиіз – Махамбет, Ақтамберді – Махамбет).

## ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

Тарихта есімі жақсы сақталған әйгілі жырауларымыздың бірі – Қожаберген жырау. Қожаберген жыраудың есімі, оның халқы үшін істеген ерен еңбегі, ел арасында тараған шығармалары өз арасында көп айтылып, жұрт санасында жақсы жатталғандықтан, ол тіпті аңыздық тұлғаға да айналып кеткен.

Қожаберген Толыбайұлы 1663 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Жамбыл ауданындағы Гүлтөбе – Маманай деген жерде Толыбай сыншының отбасында дүниеге келген. Жыраудың анасы Ақбілек – Арғын ішіндегі Сүйіндік Айдабал бидің қызы. Қожаберген – өз заманының көзі ашық, өте сауатты адамы болған. Бала шағынан өз әкесі Толыбай сыншының туған нағашысы – Кіші жүзде алты ата Әлім ішіндегі Төртқара руынан шыққан атақты Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлы ұрпақтарының тәрбиесінде болып, Үргеніш, Бұқара, Самарқанд медреселерінде оқиды. Сейітқұлдан тараған ұрпақ осы кездерде Орта Азияның осы шаһарларында тұрған болатын. Медресені бітірген соң имандық жолға түспей, ақындық өнерді қуады. Он үш жасынан өлең шығарып, он жеті жасында толыққан, кемел ақындардың қатарына қосылады. Ел арасындағы аңыз-әңгіме, хикаяларды хисса-дастанға айналдырып, жырға қосады. Қожаберген – араб, парсы, шағатай тілдерін өте жетік білген. Осы қасиеттеріне байланысты ол қазақ ханы Әз-Тәуке ордасының елшілерінің бірі болған. «Әз-Тәукенің Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді ақылшы билері оны көршілес Қоқан, Хиуа, Бұқара хандықтарына, парсы еліне, түрікменге елшілікке жіберіп дипломатиялық жұмысқа пайдаланған. Біз бұдан жыраудың ел ішіндегі сол кездегі саяси, қоғамдық жұмысқа белсене араласқанын көреміз» [1, 10 б.].

Қожаберген Кіші жүз алшын ішіндегі он екі ата Байұлына жататын, Есентемір руынан шыққан Қабылан бидің Айша есімді қызына үйленген. Қабылан бидің Айбасқали деген ұлымен Қожаберген Самарқанд медресесінде бірге оқып, көңілі түзу дос болған.

Қожаберген мен Айшаның үйленгеніне бір жыл болғанда, яғни 1681 жылы әкесі Толыбай сыншы да, анасы Ақбілек те дүние салады. Жас жұбайлар ағасы Қарабастың қамқорлық тәрбиесінде болады. Қожаберген он жеті жасынан ат жалын тартып мініп, жорықтарға шығып батыр атала бастайды. Ол туралы жырау:

Адам деп өз бойына өнер жиған,  
Ел-жұртым деп атайды мені имам.  
Жорыққа он жетімнен араласып, -  
Болғам жоқ, софы, қожа, имам- десе, енді бірде:  
Қолбасшы батыр болмасам  
Көбелі сауыт кимейін.  
Ту ұстайтын болмасам,  
Арабы ақбөз мінбейін.  
Талапты жігіт болмасам,  
Ұрандап жауға тимейін.  
Қару-жарак соқпасам,  
Зергер болып жүрмейін.  
Майданда жауды жеңбесем,  
Қызық дәурен сүрмейін.  
Дулығамның төбесі,  
Буылмаса маржанмен  
Басыма оны кимейін.

Қожаберген жырау – тарихта нақты болған тұлға. Қожабергеннің арғы ата-бабалары кезінде Алтын Орда хандығында, Сібір хандығында әскербасы, батыр, би болған әйгілі адамдар. Қожабергеннің сүйегі – Ашамайлы керей. Орта жүздің белді тайпасы.

Шежіреде Ашамайлы керей Жанай батырдан – Бағлан би, одан Фархад батыр, Фархадтан белгілі Танаш би туады. Танаш Фархадұлы Алтын Орда дәуірінде ақылшы би болған. Танаш бидің 19 ұлынан тек қана төртеуінен ұрпақ қалған. Танаш бидің ұлы Едіге өзімен аттас Маңғыттан шыққан Едігемен бірге заманында Ақсақ Темірге қызмет еткен. Танаш бидің бір ұлы Көшебе де заманында баһадүр атанған әскербасы батыр болған.

Қожаберген Толыбайұлы (1663-1763) өзінің он бірінші атасы туралы былай дейді:

Арғы атам ту ұстаған Ер Көшебе,  
Қай батыр тең келіпті Көшебеге.  
Қазақтың кейінгі жас батырлары  
Жұрт ұстап, Көшебедей меңгере ме?

Танаштың көп баласының бірі – Көшебе би. Көшебенің бәйбішесі Балумаржаннан туған үлкен ұлы Жауынгер, одан тараған Көшебе ұрпақтарын ел Бәйбіше баласы немесе Бәйбіше Көшебе керей дейді. Жауынгерден Асылболат, одан Байбол, Байболдан Алдаспан, одан Шілікші би туады. Шілікшіден Жаңбыршы, одан Қараораз, Қараораздан Таузар, Таузардан Дәулен, Дәуленнен Толыбай, Толыбайдан Қожаберген жырау туады.

Толыбай сыншы кенжесі ем Қожаберген  
Бата алғам Әнет пенен Әз-Тәукеден.  
Күйзелген ел жағдайын көзбен көріп  
Өзегім өртенген соң айттым өлең, -  
дейді өзі жайлы Қожаберген.

Қожабергеннің он жеті ұлы мен бір қызы болған. Әйелі Айша Кіші жүз ішінде он екі ата Байұлына жататын, Есентемір руына жататын Қабыланби. Қабыланбидің баласы Айбасқалимен Самарқанд медресесінде оқыған. Анасы Ақбілек – Орта жүз Арғын Айдабол бидің қызы. Қожаберген өзінің туған анасы Ақбілек жайында былай дейді:

Орта жүз Арғындағы асыл тектен,  
Анамның шыққан заты Сүйіндіктен.  
Жиырма ұлдың көкжал туған сүт кенжесі ем,  
Тұңғыш қызы Айдаболдың Ақбілектен.

Қожаберген жыраудың әкесі Толыбай сыншы Дәуленұлы (1603-1681) Орта жүз Ашамайлы керейдің Көшебе руының Таузар әулетінен шыққан. Атақты әскербасы, керей руының басшысы болған. Алдағыны болжайтын, көреген, аттың да құстың да сыншысы болған. Әділетті жақтаған турашыл би, айыр көмей, жез таңдай шешен адам болған. Алыс-жақын көрші елдер ноғай, башқұрт, қарақалпақ, Сібірдегі Ескер, Параба

татарлары да қазақтар сияқты Толыбайды Толыбай сыншы атап кеткен. Бәйбішесі Ақбілектен жиырма ұл, ал жеңгелей алған әйелі Қалимадан төрт ұл көрген. Ұлдарының ең үлкені Қарабас, ең кенжесі Қожаберген болған.

Тоқсаныншы жылдарға дейін (1990) Қожаберген жырау өмірі, шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетінің тарихында ескерілмей қараусыз қалып келді. Қазіргі күннің өзінде де кейбір әдебиетшілердің тарапынан Қожаберген тұлғасына, шығармашылық мұрасына күдікпен қараушылар жоқ емес. Олардың барлығына да айтарымыз, Қожаберген шығармаларының тарихилық сипатына жеткілікті көңіл аудармауында деп білеміз.

Қожабергеннің өзі мен шығармалары туралы мәліметті ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин өзінің Орынбор қаласында 1879 жылы шыққан «Қазақ хрестоматиясында» («Киргизская хрестоматия») келтіреді. XIX ғасырдың жартысы мен XX ғасыр басында өмір сүрген ағартушы-ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің 1881 жылы шығарған «Даналарға» атты өлеңінде былай дейді:

Өнерге құлаш ұрып бала жастан  
Тарихын бұл жүздің етіп дастан.  
Баласы Толыбай сыншы Қожаберген,  
Бой ұрған ерлік іске әуел бастан.  
Қолбасы, ақын, жырау һәм елші-би,  
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.  
«Елім-ай» әні менен жырын тағы  
Шығарған Қожаберген бабанды сүй.

Қазақтың талантты ақыны С. Торайғыров 1911 жылы шығарған бір өлеңінде былай жазады:

Керейде Қожаберген, Сегіз өткен,  
Қазақтың шежіресін жыр ғып шерткен.  
Үш жүзге өлеңменен үндеу тастап,  
Олар да бірлік үшін еңбек еткен.

Қожабергенге қатысты жоғарыдағы дуалы ауыздан шыққан сөздер жырау тұлғасының тарихилығына күдік қалдыра алмасы ақиқат.



Белгілі әдебиетші, қаламгер Сегіз сері танушы Нәбиден Әбуталиев былай деп жазады: «Солтүстік Қазақстанға, соның ішінде Гүлтөбе-Маманай жеріне соңғы экспедиция Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов үшеуінің басқаруымен 1936 жылдың жаз айында барғанын деректер дәлелдейді. Сонда олар атақты Қожаберген жырау мен оның ұрпақтары жайлы материал жинап, әдеби шығарма жазуды мақсат еткен болуы керек. Бірақ осы кісілер жинаған мол материал-мұраның бәрі 1937 жылы жоқ боп кеткен.

Қазақтың белгілі ақыны С. Сейфуллин Қожаберген жырау мен Сегіз сері туралы поэма жазуға даярлық жасап, 1934 жылы көп материал жинатады. 1927 жылы олардың өлеңдерін, өмірбаянын Қызылжар өңіріне барып өзі де жинағанын деректер дәлелдейді. Әттең, сүйікті Сәкен ақынымыз да бұл арманына жете алмады...» [1, 25].

Белгілі қоғам, мемлекет қайраткері, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің жанашыр қамқоршысы Ілияс Омаров кезінде Қожаберген мен Сегіз сері туралы материал жинауға нұсқау берген. Әйгілі тарихшы, профессор Ермұқан Бекмаханов Қожаберген деген атақты жырау болғанын, жырау өмірінің зерттелмей белгісіз боп қалғанын өкінішпен айтқан.

Қожаберген шығармаларында ерлікті, батырлықты көп дәріптейді. Мұның сыры өзі де қолына қару алып, ел қамы үшін атқа мініп, өз кезінің қоғамдық-саяси ортасына көп араласуынан деп білуіміз қажет. Осы тақырыптарға байланысты ел арасына кең тараған дастандар шығарған. Олар: «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Ер Қойлыбай», «Қасқа жолды Ер Қасым», «Қабанбай батыр», «Ер Қосай», «Асан ата», «Ер Жәнібек», «Қорқыт баба», «Орақ батыр», «Ер Едіге», сонымен қатар елге «Қарғыс атқан қалқам-ай» «Шоңғал, шоңғал, шоңғал тас», «Сылаң сыр», «Балқан, Балқан, Балқан тау», «Қазақ пен ноғайдың қоштасуы атты өлеңдері Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының қолжазбалар қорында сақтаулы.

Қожабергеннің «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай», «Шұбырынды», «Сұлама», «Елім-ай» күйлері

және «Елім-ай» әні бар. Мұның өзі оның жан-жақты талант иесі болғанын дәлелдейді.

Қожаберген Тәуке ханның тұсында Қазақ Ордасының көршілес елдердегі елшісі болған. Бұған медреседен үйренген шығыс тілдерін жақсы білуі де ықпал етсе керек.

Тіліне араб-парсы болдым жетік,  
Оны да қолданбадым өнер етіп.  
Көрші елге елшілікке ылғи барып,  
Мен жүрдім қазағыма қызымет етіп.

Қожаберген қазақ халқының өткен тарихын терең зерделейтін, көкірегі құйма алтын, шежіреші адам болған. Оны «Ата тек» деген мына дастанынан аңғарамыз:

Түріктен өрбіген елді тоғыз дейді,  
Тартатын күй аспабы қобыз дейді.  
Башқұрт пен қазақ, ноғай, қарақалпақ,  
Төртеуін шежірешілер оғыз дейді.  
Алтай тау қазақ атам туған жері,  
Қытай-шүршіт, қалмақты қуған жері.  
Алатау, Алтай мен Сыр мекен болып,  
Оғыздың қобыз тартқан көсемдері.  
Қазақтың түп атасы Оғыз-Түрік,  
Құт қонған ұйтқы болып орнап бірлік.  
Моңғолдың Шыңғысханы шапқан кезде,  
Керей түгіл Оғызға салған бүлік.

Қожабергеннің «Елім-ай» дастаны 7 бөлімнен, 3683 шумақ, 14732 жол өлеңнен тұрады. Біздің заманымызға толық көлемінде жетпеген. Дастанның бірінші бөлімі, яғни, 2000 жолдай өлең жеткен. Бұл қолжазба Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының әдебиет және өнер институтының қолжазбалар бөлімінде сақтаулы тұр.

Дастанда 1723 жылы қазақ басына түскен тарихтың ауыр тағдыры шынайы суреттеледі:

Ызғарлы күн шығыстан жел келеді,  
Шұбырған Алтай жақтан ел келеді.  
Еділден убашы қалмақ тағы шапты,  
Зор бөгет тас маңдайға кез келеді.

Осылай екі жақтан тиді қалмақ,  
Ғаскерін күн-түн демей жиды қалмақ.  
Қазаққа екі беттен шабуылдап,  
Түсірді бейбіт елге ауыр салмақ.

Шығыстан жоңғар, батыстан Еділдің торғауыт  
қалмақтарының екі жақтан қазақ елін алқымнан алуы тарихи  
фактілермен толық сәйкес келеді. Зеңбірекпен қаруланған  
қалмақтың Сыбан Раптан бастаған әскерінің бейғам жатқан  
қазаққа ұрымтал тұстан соққан аса бір қатыгездігін:

Намаз оқып жатқанда жаулар қырар,  
Атылған дәу мылтықтан доп кеп ұрар.  
Мінәжат қып жайнамазда отырғанда,  
Ит қалмақ ұстап алып тұтқын қылар.

Теріскейінен Ресей, күншығысынан Қытай сияқты зор  
империялардың қалмаққа қару-жарақ, оқ-дәрі сатып, қай  
жеңгенің менікі дегендей, қалмақты қазаққа айдап сап, аңысын  
аңдаған жымысқы да сұм, аяр саясатын, түстіктегі көршілес  
ағайын елдердің қазаққа көмектеспей, қам-қарекетсіз жатқан  
безбүйрек саясатын аяусыз сынайды:

Қазақтың сахарасы жер құлпырған,  
Қытай мен орыстарды қызықтырған.  
Қоқан, Хиуа, Бұхар да көз алартып,  
Қазақты бас салуға дайын тұрған.  
Қаруын орыс, қытай қалмаққа сатты,  
Айдап сап малғұндарды қоқаңдатты.  
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,  
Орыстар қамалдарын салып жатты.  
Жау болды ағайын ел Естен(к) бізге,  
Жасады ол да жорық елімізге.  
Қоқан да күнгеі беттен қоқаңдады,  
Соқтықпақ ойғыр, қырғыз тағы бізге.

Сол кездегі қазақ еліне төнген зор қауіп, қасіретті,  
халықаралық саяси жағдайды сұңғыла жырау тамыршыдай дөп  
басып, айна-қатесіз жыр жолдарына айналдырған. Дастанда  
қазақ руларының өз мекен-жайларынан ауа көшуі, қайғы-  
қасірет, қалмақтардың озбырлығы, қазақ батырларының елдің

азаттығы жолында шыбын жандарын шүберекке түйіп, зор күш-қайратпен, алапат ашу-ызалы кекпен жауға атойлап шапқан буырқанған, бұрқанған ерлік жігерін, батырлық іс-әрекеттерін реалистік тұрғыда жеткізеді. Аталмыш жайттар жырау шығармаларының тарихилық сипатын күшейтіп тұр.

«Елім-ай» дастаны қазақ тарихының қасіретті бір кезеңінің көркем шежіресі іспетті. Болашақта қазақ тарихын түбегейлі зерттеушілер Қожаберген жырау мұраларының тарихилық сипатына аса қатты мән беріп шұқшия зерттегені ләзім бе деп ойлаймыз. Қорыта келгенде, айтарымыз, Қожаберген жырау өз дәуірінің тарихи келбетін, заман тынысын көркем шежіреге айналдырған, ХҮІІІ ғасырдағы қазақтың әйгілі жырауларының қатарынан орын алады деп ой түйеміз.

## ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ХАНДЫҚ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНЕН ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАР

### №1 тәжірибелік сабақ

**Сабақтың тақырыбы.** Көне түркі әдебиеті. Орхон жазуындағы жәдігерліктер. «Күлтегін», «Тоныкөк» жырларының көркемдік ерекшеліктері. Қорқыт ата кітабы («Китаби дедем Коркуд»).

#### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Ежелгі дәуір әдебиеті пәні. Ежелгі дәуір әдебиетінің хронологиялық кезеңдері.
2. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің орнатылу барысы және оған қатысты жазба деректер.
3. «Күлтегін», «Тоныкөк» жырларының идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері.
4. Қорқыт ата туралы ақиқат пен аңыз.
5. «Қорқыт ата кітабының» қолжазба нұсқалары мен зерттелуі.
6. «Қорқыт ата кітабының» тақырыбы, мазмұны, композициясы.
7. «Қорқыт ата кітабының» көркемдік ерекшеліктері.

#### **Тақырып бойынша мазмұны:**

Алғашқы қауымдық құрылыс дәуіріндегі қазіргі Қазақстан мен Орта Азияны, Алтай өңірін мекен еткен ру-тайпалар, ұлыстар туралы тарихи деректер.

Біздің жыл санауымызға дейінгі екінші ғасырда «Ұлы жібек жолының» ашылуы. Сол кездегі Қытай, Үндістан, Греция, Иран, Сирия, Месопотомия, Вавилон, Мысыр, т.б. елдермен сауда, мәдени, рухани байланыстар.

Сақтардың тайпалық бірлестіктері, аландар мен ғұндар.

Есік қаласы маңынан табылған сақ көсемінің – «Алтын адамның» киіміндегі зергерлік өрнектердің, сақтардың «Алтын обасынан» (Оңтүстік Қазақстан) шыққан әшекей-сәндік бұйымдардың, Таңбалытас, Саймалташ жартастарына ойып салынған орасан үлкен суреттердің, т.б. ғылыми мәні.

Сактардың салт-дәстүрі, наным-сенімі, әдет-ғұрпы, діні, олардың ата-баба әруағына, аспан денелеріне, Күнге, Айға, Жұлдыздарға және Жер-Анаға табынуы.

Зороастризм діні, «Авеста» кітабы – ежелгі діни ұғымдар мен мифтік аңыздардың жинағы. Ежелгі жазу-сызулар. Арамей, авеста, соғда, кушан, көне ұйғыр, руна жазулары.

«Түрік» сөзінің мәні. Түрік қанағаты немесе Түрік қағандығы (552-745 жылдар). Түрік қағандығының екіге бөлініп кетуі. Шығыс түрік қағандығы, батыс түрік қағандығы – көне түрік қағандығының негізінде 603 жылы құрылған феодалдық мемлекет.

Батыс түрік қағандығынан кейін өмірге келген мемлекеттік дәрежедегі бірлестіктер. Түркеш қағанаты (704-766 жж). Қарлұқ қағанаты (766-940 жж). Оғыз мемлекеті (IX-XI ғғ).

Қыпышақ қоғамының ертедегі феодалдық мемлекет бірлестігі ретінде өмірге келгендігі.

Түрік мұсылмандарының алғашқы феодалдық мемлекеті – Қарахан мемлекеті (940-1212 жж).

«Ұлы жібек жолындағы» ежелгі кент-қалалар: Отырар (Фараб), Сүяб, Тараз, Құлан, Мерке, Испиджап (Сайрам), Баба-Ата, Сығанақ, Созақ, Талхиз (Тұлпар), т.б.

Ежелгі түрік танбалары. Көне жазу-сызулар. Ежелгі түрік әріптері. «Орхон» немесе «руна» деп аталатын жазулар.

Ежелгі түріктердің наным-сенімдері, исламға дейінгі ұғым-түсініктер. Табыну: Көк тәңірі, Жер Тәңірі, Ұмай-Ана.

Ежелгі түрік мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы Күлтегін батыр (684-731 жж), оның ағасы елбасы Білге қаған (683-734 жж.) және қағанның кеңесшісі Тоныкөк туралы қашап жазылған дастандар.

Орхон (руна) жазба ескерткіштерінің табу, руна жазуын оқу, аударма жазу, ғылыми мәтін дайындау ісіне мол үлес қосқан орыс және Еуропа ғалымдары Н.К. Видзен, И.Т. Старленберг, И.В. Стеблева, т.б. туралы мәлімет.

Орхон жазуындағы жәдігерлікті қазақ тілі мен әдебиеті тұрғысынан зерттеушілер С. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев,

Ғ. Айдаров, А. Аманжолов, М. Жолдасбеков, Қ. Өмірәлиев, т.б. еңбектері.

Орхон жазба ерекшеліктері мен Түрік қағанатындағы тарихи шындық.

«Күлтегін» жырының көркемдік ерекшеліктері.

М. Әуезов пікірі. Жырдағы кескілескен шайқастардың, соғыстағы батырлар ерлігінің, әскери жорықтардың шежіресі.

Күлтегін батыр туралы жырдың авторы Иоллығ-тегіннің сөз зергері ретіндегі шеберлігі. Көне түрік жырының дыбыстық құрылысы. Мұнда үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануы. Жырдағы бірінғай дауыссыз дыбыстардың қайталанып қиысуы-аллитерация. Ұйқас түрлері, соңғы бунақтағы дыбыстар үндестігі.

### Практикалық тапсырмалар:

Тапсырма: «Күлтегін» жырын оқу арқылы талдау жасау.	
Күлтегін (кіші жазуы)	Күлтегін (үлкен жазуы)
1. Қарамағындағы халыққа үндеуі;	1.Түркі халқының ата-тегі жайындағы әңгіме;
2. Түркі қағанатының суреттелуі;	2.Табғаштардың түркілерді жаулап алуы;
3. Әскери жорықтар;	3.Елтеріс ханның тұсында ел тұрмысының қайта өрлеуі;
4. Табғаш халқының араға іріткі салу әрекеттері;	4.Күлтегіннің жорықтары.
5. Ескерткіштің қойылу себебі.	

2. Сөздік жұмысы. Сабақта қолданған топтастыру стратегиясы.

Күлтегін: батыр, әскербасы, ержүрек, Қапаған, Білге қағандардың інісі, 16 жасында жауға аттанады, тарихта болған тұлға, Елтеріс қағанның баласы, Бумын, Істемі, Құтлығ, Қапаған қағандардың ұрпағы.

### 3. Венн диаграммасы

Күлтегін – 47 жас ғұмыр кешкен әскербасы, Бумын, Істемі, Құтлығ, Қапаған қағандардың	Батыр, қолбасшы, өр, қайтпас, қайсар, беделді, атақты, елін	Тоныкөк – ақыл иесі, шешен, ғұлама жырау, кемеңгер, данышпан,
---	---	---

ұрпағы, Білге қағанның туған інісі, жырдағы ең өзекті тұлға, эпостық образ.	сүйген түркілер.	көреген, айлакер, саясаткер, ақылгөй, 85-86 жас ғұмыр кешкен ақылшы.
---	------------------	--

**4. Жырды батырлар жырымен салыстыру.** Үш жырда да жау қойға, батыр бөріге теңелген.

**«Күлтегін» жырында:**

«Әкем қағанның қосыны бөрідей,  
Жаулары қойдай болыпты».

**«Қобыланды батыр» жырында:**

«Қойға тиген қасқырдай,  
Сойып кетіп барады».

**«Алпамыс батыр» жырында:**

Қойға шапқан бөрідей,  
Талқандап қуып береді».

#### **Қорқыт ата кітабы (Китаби дедем Коркуд)**

Қорқыт ата туралы ақиқат пен аңыз. Қорқыт ата ҮІІІ ғасырда Сыр бойында өмір сүрген тарихи тұлға, аңызға айналған күйші-сазгер, Машһүр жырау, кемеңгер философ. Қорқыт ата адамзат баласына өлмейтін өмір, мәңгілік тіршілік іздеуші аңыз кейіпкері. «Қорқыт ата кітабы» - оғыз – қыпышақ әдеби ескерткіші. Қорқыт атаның өсиеттері, ғибрат сөздері, мақал-мәтелдері.

«Қорқыт ата кітабы» - бүкіл түркі халықтардың ежелгі тарихын, әдеп-ғұрпын, салт-санасын көркем сөз өнерін танытатын эпикалық, әрі тарихи мұр. «Қорқыт ата кітабының» нұсқалары туралы мәлімет.

«Қорқыт ата кітабын» зерттеуші, тәржімалушы Еуропа және орыс ғалымдары (Этторе Росси, Г.Ф. Диц, Теодор Нельдеке, В.В. Бартольд, Х.Г. Короглы, т.б.).

Қорқыт ата мұрасын зерттеу, қазақ тіліне аудару ғалымдарының қосқан үлесі. «Қорқыт ата кітабының» тақырыбы, мазмұны, композициясы, қаһармандары көркемдік ерекшеліктері. Оғыз-қыпышақ дәуірінің эпикалық туындысындағы тарихи шындық пен аңызға айналған бейнелер.



«Қорқыт ата кітабы» он екі жырдан яки он екі оғыз-намедан тұрады. Олар: Дерсеханұлы Бұхаш туралы жыр, Салар Қазақның үйін жау шапқаны жайындағы жыр, Қам-Бураұлы Бамсы-Бәйтерек жөніндегі жыр, Қазамбектің баласы Оразбектің тұтқынға түскені туралы жыр, Доқа-Қожақұлы ер Домрул туралы жыр, Қаңлы-Қожаұлы жайындағы жыр, Қазылық-Қожаұлы Жүгенек туралы жыр, Бисаттың Төбекөзді өлтіргені туралы жыр, Салар Қазанның тұтқынға түсуі және оны ұлы Ораздың босатуы туралы жыр, Сыртқы оғыздың ішкі оғыздарға қарсы шығуы және Бамсы-Бәйректің өлімі туралы жыр.

### Практикалық тапсырмалар:

<b>Шығармашылық жұмыс.</b>		
<b>Тапсырма:</b> Қорқыт атаның нақыл сөздерінің қазіргі мақал-мәтелдермен ұқсастықтарын табу.		
<b>Салыстыр.</b>		
№	Қорқыт атаның нақыл сөздері	Қазіргі қазақ мақал-мәтелдері
1	Қыз анадан көрмейінше, өнеге алмас, Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес.	Әке көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер.
2	Баба атын шығармаған жігерсіз ұл баба белін бүгілткенше, бүгілтпегені игі.	Жақсы бала әкесінің есіктегі басын төрге сүйрер, Жаман бала әкесінің төрдегі басын есікке сүйрер.
3	Жат баланы қанша сақтасаң да ол ұл болмас, ол ішіп-жер, киер де кетер, бірақ көрдім демес.	Кісі баласы кісендесе де тұрмайды. Ер – туған жеріне, Ит – тойған жеріне.
4	Жалған сөз бұл дүниеде болғанша, болмағаны игі.	Өтірікшінің шын сөзі де зая.
5	Ажал жетпей өлмек жоқ.	Ажал жетпей жан шықпас.
6	Бас аман болса, бөрік табылады.	Бас аманның малы түгел.

2. Тапсырма: сызба-кесте толтыру.

3. Венн диаграммасы арқылы салыстыру. Әбу Насыр Әл Фараби мен Қорқыт ата. Әбу Насыр Әл Фараби – математик, ғалым, IX ғасырда өмір сүрген дана. Қорқыт – жыршы, күйші, VIII ғасырда өмір сүрген тұлға.

4. Хрестоматиядан Қорқыт ата кітабынан берілген жырларды оқу, ондағы кейіпкерлердің бойындағы ізгі қасиеттерді табы, салыстыру, жинақтау.

5. Топтастыру стратегиясы. Қорқыт күйлерінің мазмұнымен таныстыру, күйін тыңдату. Қорқыт: абыз, жырау, сәуегей, бақсы, әулие, ойшыл, күйші.

### Әдістемелік нұсқау:

Әр халықтың қалыптасу, даму жолында өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл тарихи құндылықты зерделеп жарыққа шығару қай мемлекетте болмасын маңызды мәселелердің біріне айналған. Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдени мұраларының бірі – Күлтегін ескерткіші.

Қорқыт ата VIII ғасырда қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағында, Жанкент қаласында өмір сүрген. Қорқыттың әкесі Қарақожа оғыз тайпасына жататын баят руынан шыққан, анасы – қыпшақ қызы.

Қорқыт – болашақты болжайтын сәуегей, бақсы, күйші, жырау, ел көсемі, дана абыз, мәңгілік өмір іздеуші.

Қорқыттан жеткен 11 күй бар: «Желмая», «Әупбай», «Башпай», «Қоңыр», «Тарғыл тана», «Сарын», «Қорқыт», «Елім-ай, халқым-ай», «Ұшардың ұлуы», «Аққу», «Кілем жайған».

«Қорқыт» сөзінің этимологиясы.

- 1) «Қорқ» сөзі – «ақыл айтушы», «насихат айтушы» деген мағынада қолданылады.
- 2) «Қорқыт» сөзі «құт әкелуші адам» деген мағынада қолданылады.

«Қорқыт ата кітабындағы» жырлар мазмұнына қарай:

- 1) Ерлікті, батырлықты суреттеген жырлар;
- 2) Перзентсіз өмірдің мәңсіздігін баяндаған жырлар;

- 3) Бірлік, ұйымшылдық, татулық нәтижесін көрсеткен жырлар;
- 4) Адалдық, таза сүйіспеншілікті дәріптеген жырлар;
- 5) Өркөректікті, менмендікті әшкерелеген жырлар;
- 6) Тәңірге табыну бағытындағы жырлар;
- 7) Алауыздық, зұлымдықтың зардабын баяндайтын жырлар.

«Қорқыт ата кітабы» көк түріктер дәуірінің сан қилы қоғамдық-әлеуметтік көріністерін, салт-санасын, діни сенімін, әдеп-ғұрпын, көркемсөз үлгілерін, ертегі-аңыздарын біздің заманымызға жеткізген ғажайып туынды болып табылады.

#### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. Қаған дегеніміз кім?
2. «Тоныкөк» жыры неше өлең жолдарынан тұратын жыр?
3. Вильгелм Томсен «тәңірі түркі» сөздерін қай жылы оқыды?
4. Күлтегін неше жасында өмірден өтті?
5. Тоныкөктің өмір сүрген жылдары?
6. «Күлтегін» ескерткішінің биіктігі қанша?
7. «Тоныкөк» жырын зерттеушілер қанша кезеңге бөлді?
8. Күлтегін ескерткішінің үстінде қытайша қандай сөйлем жазылған?
9. Орхон жәдігерлерін поэзия, ерлік жыры деп алғаш бағалаған ғалымдардың бірі, академик – жазушы кім?
10. «Күлтегін» ескерткішінің негізгі бетінде қанша жол жазу бар?
11. «Қорқыт ата кітабы» қай дәуір әдебиетіне жатады?

#### **Студенттің өздік жұмысының (БӨЖ) тақырыптары:**

1. Ежелгі дәуір әдебиеті терминінің мәні.
2. Ежелгі дәуір әдебиетінің даму кезеңдері.
3. Ежелгі дәуір әдебиеті жалпы қай ғасыр аралығын қамтиды?
4. Түрік қағанатының негізін құрған кім?
5. Орхон жырларының қазақ эпостарымен ұқсастығы неде?
6. Қазақ әдебиеті тарихының қандай кезеңдері бар?
7. XI-XV ғасырлар арасындағы әдебиеттерді қандай кезеңдерге бөлеміз?

**Студенттің оқытушымен бірлесе жасалатын өзіндік жұмысының (БООЖ) тақырыптары:**

1. Күлтегін ескерткіші неше циклден тұрады?
2. Күлтегін ескерткішінің батырлар жырларымен қандай ұқсастықтары бар?
3. Орхон ескерткіштерін зерттеген ғалымдар кімдер?
4. Орхон-Енисей ескерткіштері қай жерден табылды?
5. Алғаш «Күлтегін» ескерткішін оқыған ғалым?

**Тақырып бойынша ұсынылған реферат тақырыптары:**

1. Көне түркі ескерткіштері мен батырлар жырындағы үндестік.
2. Ежелгі түрік жазуының әдебиетке қатыстылығы.
3. Ежелгі руна жазуы – мемлекетіміздің рәмізі.
4. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі көріктеу құралдарының тілдік ерекшеліктері.
5. Қорқыт жырындағы өлім мен өмір күресі.
6. «Қорқыт ата» кітабының сюжетіне негіз болған қаһармандар.
7. Қорқыт хикаясында жиі кездесетін атаулар.

**Тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:**

1. Қорқыт ата жырларын эпостық жырлармен салыстыра отырып түсіндіру.
2. Қорқыт туралы ақиқат пен аңызды айқындау.
3. Қорқыт жырының нұсқаларының көркемдік ерекшеліктерін таныту.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы, Жазушы, 1990. – 352 б.
2. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық. – Алматы, 1986. (61-98 б.)
3. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия. / Құрастырған А. Қыраубаев. – Алматы: 1991. (38-57 б.)
4. Дала даналары. Құрастырғандар: Е. Әбен, т.б. – Алматы, 2001. (47-56 б.)
5. Батырлар жыры. – Алматы, 1989. – 298 б.

6. Исина Г. Қорқыт ата кітабы. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №12, 2014. – 77-81 бб.
7. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 104 б.
8. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы, 2-том. – Алматы: Өнер, 2008. – 197 б.
9. Балқыбекова Б. Қорқыт ата кітабы. «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте» журналы. №2 наурыз-сәуір, 2015. – 14-15 бб.
10. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық. А., 1986. (22-60 б.б.)
11. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия. / Құрастырған А. Қыраубаева. А., 1991. (5-37 б.б.)
12. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1986. (3-18 б.б.)
13. Еңсегенұлы Т. Түркі руна жазба поэзиясы мен философиясы. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №10, 2012 ж. – 3-13 бб.
14. Абитжанова Ж. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі көріктеу құралдарының тілдік ерекшеліктері. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №10, 2012 ж. – 91-96 бб.
15. Қадыров Ж.Т. Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу-әдістемелік құрал. – Петропавл, 2006. – 98 б.
16. Тұрсынбайқызы Б. Ежелгі дәуір әдебиетінің қолданбалы курсы. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №4, 2014. – 114-122 бб.
17. Еңсегенұлы Т., Токболат С. Күлтегін ескерткішіндегі қытай жазбасының маңызы. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №6, 2013. – 3-18 бб.
18. Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазба поэзиясы. Екінші кітап. – Алматы, Білім, 2008. – 409 б.
19. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы, Білім, 1994. – 502 б.
20. Сартқожа Қ. Көне түріктер. Бірінші кітап. – Астана, Күлтегін, 2003. – 392 б.

## №2 тәжірибелік сабақ

**Сабақтың тақырыбы:** ОҒЫЗ-наме («ОҒЫЗҚАҒАН» эпосы).  
Әбу-Насыр әл-Фарабидің өмірі мен қызметі.

### Қарастырылатын сұрақтар:

1. «ОҒЫЗ наме» – тарихи туынды.
2. «ОҒЫЗ наменің» қолжазба нұсқалары мен зерттелуі.
3. «ОҒЫЗ наменің» тақырыбы, мазмұны, композициясы.
4. «ОҒЫЗ-намедегі» діни-мифологиялық көріністер.
5. «ОҒЫЗ-наменің» тілі. Көркемдеу әдістері.
6. Әбу-Насыр әл-Фараби – энциклопедист-ғалым.
7. Әбу-Насыр әл-Фараби – әдебиет зерттеушісі.
8. Әбу-Насыр әл-Фараби – ақын.
9. Орта ғасыр ғалымдарының Әбу-Насыр әл-Фараби туралы пікірлері.
10. Фараби еңбектерінің зерттелуі.

### Тақырып бойынша мазмұны:

«ОҒЫЗ-наменің» түркі тектес халықтардың ежелгі шежіресін аңыздар негізінде көркем баяндайтын эпостық шығарма екендігі.

ОҒЫЗ қаған жайлы шежіре-аңыздарда айтылатын тайпалар.

«ОҒЫЗ-наме» эпосының жанры, композициясы, сюжеттік желілері:

Оғыздың дүниеге келуі, жігіт болуы, Оғыз батырдың ерлік көрсету үшін аттануы, Оғыз қағанның сұлу қызға үйленуі, одан Ай, Күн, Жұлдыз деген балалар, ал екінші рет үйленгенде Көк, Тау, Теңіз деген балаларының өмірге келуі, Оғыздың Түркі еліне қаған болуы, Оғыз қағанның ақылгөйі Ұлы Түріктің түс көруі, сәуегөйлік сөз айтуы, Оғыз қағанның құрылтай шақырып, ел билігін, жұртын балаларына үлестіріп беруі.

«ОҒЫЗ-наме» эпосының қаһармандары: Оғыз қаған, оның балалары (Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз), Ұлы Түрік, Алтын қаған, Урум қаған, Урус бек, Сақлаб, Ұлы Орда бек Қағарлық ер, Темур Қағұл, Жосун ер, Көк бөрі т.б.

Әбу-Насыр әл-Фараби (толық аты-жөні Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн ұзлағ Тархани Әбу Насыр әл-Фараби) дүние жүзілік ғылым мен мәдениеттің Аристотельдің кейінгі екінші ұстазы атанған әмбебап ғылым, әдебиет зерттеушісі, ақын.

Әл-Фарабидің философия, этика, логика, тіл білімі, әдебиеттану, музыка, т.б. салалары бойынша жазған зерттеулері бар.

Қоғамдық әлуметтік және этикалық мәселелер жөніндегі зерттеулері:

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында», т.б.

### **Әдістемелік нұсқау:**

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегінде көтерілген мәселелер. Бұл еңбегінде қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерді сөз еткен. Мемлекет басқаратын адамға мынадай биік талаптар қойды: әділ, инабатты, мейірімді, білімді, батыл, жомарт, жақсылыққа жаны құмар, өнер мен әдебиетті сүйетін.

«Бақытқа жол сілтеу» еңбегінде этика, эстетика мәселесіне талдау жасай келіп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірімділік жайындағы білім категориясының ғылыми негіздерін ашып көрсетеді.

Ұлы адамның бала тәрбиесіне қояр талабы. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін мына үш шартты күні бұрын дәйектеп алу керек екенін айтқан:

- 1) ынта-ықыласы, білімге құштарлығы;
- 2) ұстаздың шеберлігі, ар-ождан тазалығы;
- 3) сабақ үдерісінің алатын орыны.

Ғалым баланың дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің бір-біріне ықпалы зор екенін дәлелдеп көрсеткен.

### **Практикалық тапсырмалар:**

ә) «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегіндегі көтерілген мәселелер.

а) «Бақытқа жол сілтеу» еңбегінің басты тақырыбы.

б) Ұлы адамның бала тәрбиесіне қояр талабы.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. «Оғызнама» дастаны неше беттен тұрады?
2. «Оғызнаманың» неше нұсқасы бар және қандай тілдерде жазылған?
3. Оғыз қағанның анасының есімі?
4. Әбу Насыр әл-Фараби – энциклопедист-ғалым.
5. Әбу Насыр әл-Фараби – әдебиет зерттеушісі.
6. Әбу Насыр әл-Фараби – ақын.

### **Тақырып бойынша ұсынылатын реферат тақырыптары:**

1. «Оғыз-қаған» жанрының көркемдік-стильдік ерекшеліктері.
2. «Оғыз-наме» эпосы мен «Қобыланды батыр» жырындағы ұқсас көріністер.
3. Әл-Фараби - әдебиетші, ақын.
4. Әл-Фарабидің қоғамдық, әлеуметтік және этикалық мәселелер жөніндегі зерттеулері.

### **Тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:**

1. Оғыз-намеді қандай діни-мифологиялық көріністер бар?
2. Оғыз батыр туралы жыр қай ғасырда жазылған?
3. Шығармада қандай көркемдеу тәсілдері бар?
4. Оғыз-наменің қандай нұсқалары бар?
5. Оғыз-намені зерттеушілер кімдер?
6. Фараби қайда дүниеге келген?
7. Фарабидің әдебиет теориясы туралы жазылған қандай еңбегін білесіз?
8. Фарабидің өлең табиғатын зерттеген қандай еңбегі бар?
9. Фарабидің өлеңдерінің негізгі тақырыбы қандай?
10. Фараби туралы пікірлер.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық. – Алматы, 1986. (61-98 б.)
2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия. / Құрастырған А. Қыраубаев. А., 1991. (38-57 б.)
  4. Дала даналары. Құрастырғандар: Е. Әбен, т.б. – Алматы, 2001. (47-56 б.)
  5. Батырлар жыры. – Алматы, 1989. – 298 б.



6. Исина Г. Қорқыт ата кітабы. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №12, 2014. – 77-81 бб.
7. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 104 б.
8. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы, 2-том. – Алматы: Өнер, 2008. – 197 б.
9. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар. Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы: 1992.
10. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. Құрастырған М. Мағауин. – Алматы: 1993.
11. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы: 1996.
12. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: 1997.
13. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: 1982.
14. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: 1993.
15. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
16. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы: 2001.
17. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы: 1967.
18. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
19. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.
20. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: 1991.
21. Тілепов Ы. Елім деп еңсіреген ерлер жыры. – Алматы: 1995.
22. Ысмаилов Е. Ақындар. – Алматы: 1956.
23. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: 1968.
24. Алдаспан жинақ. – Алматы: 1971.
25. Қазақ әдебиетінің тарихы. Академиялық баспа. 5 том. – Алматы: 1963.
26. Бес ғасыр жырлайды. Жинақ. II том. – Алматы: 1989.
27. Егемен Қазақстан. 1989. 22 қазан.

28. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.
29. Тілепов Ы. Елім деп еңсіреген ерлер жыры. – Алматы: 1995.
30. Сүйіншәлиев Х. Қазақ хандық дәуір әдебиетінің Хрестоматиясы. – Алматы: 1995.
31. Алдаспан. Жинағы. – Алматы: 1971.

### **№3 тәжірибелік сабақ**

**Сабақтың тақырыбы:** Жүсіп Баласағұни. «Құтты білік». Махмұт Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк». (Түркі тілдерінің сөздігі).

#### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Жүсіп Баласағұнның шығармашылық ғұмырнамасы
2. Ақынның қоғамдық-әлеуметтік көзқарасы.
3. «Құтты білік» дастанының құрылысы мен сюжеті.
4. Дастандағы ел басқарған әкімдер бейнесі.
5. Дастандағы ақыл мен білім, әдептілік пен тәрбие туралы мәселелер.
6. «Құтты біліктің» көркемдік ерекшеліктері.
7. М. Қашқаридың шығармашылық ғұмырнамасы.
8. «Диуани лұғат ат-түріктің» зерттелуі.
9. «Диуани лұғат ат-түріктің» әдеби мәні.
10. Сөздіктегі табиғат туралы өлең-жырлар, ерлік, аңшылық жайындағы өлеңдер.
11. М. Қашқари жинаған ауыз әдебиеті үлгігері.

#### **Тақырып бойынша мазмұны:**

#### **Жүсіп Баласағұни «Құтадғу біліг» («Құтты білік»)**

Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн – XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, данышпан-ойшылы, ғалымы, белгілі қоғам қайраткері.

«Құтты білік» дастанының бізге үш нұсқасының – Вена (яки Герат), Каир және Наманған нұсқаларының жеткендігі.

«Құтты білік» дастаның зерттеуші ғалымдар, аудармашылар, бастырып шығарушылар: Ж. Аматес, Г. Вамбери, В.В. Радлов, Е.Э. Бертельс, А. Валитова, С.Е. Малов, С. Муталлибов, К. Каримов, С. Иванов, А. Егеубаев, Б. Сағындықов, т.б.

«Құтты білік» - дидактикалық дастан. Төрт принциптің символы ретінде көрінетін төрт қаһарманы: Күн туды патша, уәзірі Айтолды, уәзірдің баласы Ұғдулмш, дәруіш Одгурміш.

«Құтты білік» дастанындағы ел басқарған әкімдер бейнесі. Ел басқарған әкімдер мен қалың бұқара арасындағы қарым-қатынас мәселесі.

Патшалар, уәзірлер, қолбасшылар, елшілер, ғалымдар, саудагерлер, дихандар, малшылар, қолөнер шеберлері, аспаздар, түсжорушылар, тәуіптер, т.б.

Қоғамдағы рөлі жөніндегі дастан авторының ой-пікірлері.

### **Махмұд Қашқари**

#### **«Диуани лұғат ат-түрк» (Түркі сөздерінің жинағы)**

Махмұд Қашқари (ХІ ғасыр) - ұлы филолог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым, саяхатшы.

«Диуани лұғат ат-түрік» - тек сөздік қана емес, сонымен бірге орта ғасырдағы түркілердің қоғамдық, рухани, ғылыми, мәдени, әдеби, саяси өміріне, көне тарихы мен әдет-ғұрпына, салт-санасы мен наным-сеніміне, т.б. қатысты бағалы деректері мол жинақ.

«Түркі сөздерінің жинағының» зерттелуі, тәржімалануы, басылымдары. «Сөздікті» зерттеуші түркі, Еуропа, орыс ғалымдары: Ахмет Рифат, Басым Аталай, Броккельман, Т.А. Боровков, А.Н. Кононов, В.А. Гордлевский, т.б.

М. Қашқари «Сөздігінің» қазақ тіл білімі тұрғысынан зерттелуі: Н.Т. Сауранбаев, С.А. Аманжолов, А.Н. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрышжанов, Қ. Бекетаев, Ә. Ибатов т.б.

«Диуани лұғат ат-түрк» әдеби мәні. «Сөздікте» мысал ретінде келтірілген көркемсөз үлгігері: бейіттер, ғазалдар, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, ғибрат сөздер, сажьдар (ақ өлең), насыр (проза), т.б.

Табиғат құбылыстары – найзағай, қар, жаңбыр, жел т.б. туралы алғашқы қауым адамдарының көзқарасын білдіретін жыр шумақтары. Қыс пен жаздың айтысы.

«Түркі сөздерінің жинағындағы» аңшылық жайындағы өлеңдер. Алғашқы қауым адамдарының тіршілік көзі аңшылық

болғанын бейнелейтін көркемсөз үлгігері. «Сөздіктегі» еңбек, егін салу, мал бағу тақырыбына арналған өлең-жырлар.

«Диуани лұғат ат-түрктегі» батырларды көтере мадақтайтын өлең жолдары. Алып Ер Тұңғаны (Афрасияф) мадақтау.

«Сөздіктегі» тұрмыс-салт жырлары. Қадым замандағы өмір сүрген адамдардың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, кәсібін, тотемдік түсініктерін танысатын өлең-жырлар.

М. Қашқари жинаған бәдік, бақсы өлеңдері, бата-тілек, бесік жыры, той бастар, жар-жар, жоқтау, естірту, т.б. жыр үлгілері.

«Диуани лұғат ат-түрктегі» мақал-мәтелдер, ғибрат сөздер, афоризмдер.

Қазіргі қазақ тілінде қаз-қалпында, қолданылатын мақал-мәтелдер, қанатты сөздер.

### **Әдістемелік нұсқау:**

Жүсіп Хас Хажыб Баласағұни – Орта Азияның белгілі ақыны. Туған жері – Жетісу жеріндегі Баласағұн қаласы. Бұрын бұл қаланы «Күз Орда» деп атаған.

Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» дастаны мен жыраулар поэзиясының (XIII-XVІІ ғасырлар) арасындағы рухани үндестік қазақ әдебиетінің тарихынан мәңгілік орын алады. Олай дейтін себебіміз: жыраулар поэзиясының өкілдері орта ғасырлардағы исламдық әдебиеттің алтын бастауларынан рухани нәр ала білді. Ізгілікті жырлаған Жүсіп Баласағұни, Ахмет Иассауи, ахмет Йгүнеки, т.б. исламдық дәуірде өмір сүрген ақындардың шығармалары қазақ даласына рухани азық болып енген еді.

«Құтты білік» дастаны халық даналығымен, жыраулар поэзиясымен үндесіп, халықтың рухани қазынасы бола білді. «Құтты біліктің» бізге жақын көрінуінде осындай себептердің болуы да табиғи құбылыс еді.

Мақал-мәтелдерді жасауға негіз, тірек болатын сандар дүниенің тілдік бейнесі мен концептуалдық бейнесін жалғастырушы категориялық белгі, тілдік этномәдени жүйенің сандық коды қызметін атқаратындығымен ерекшеленеді.

Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» ескерткішінде берілген мақал-мәтелдерді бүгінгі тілімізде қолданып жүрген мақал-мәтелдермен салыстыра зерттеудің өзіндік мәні бар.

### Практикалық тапсырмалар:

<b>1. Тапсырма:</b> Берілген мақал-мәтелдерге ұқсас Баласағұни жырларын табу.	
<b>Мақал-мәтелдер</b>	<b>Баласағұни пікірлері</b>
Ашу – дұшпан, ақыл – дос, Ақылыңа ақыл қос. Ашу келсе, ақыл кетер. Ашудан ақыл көп болса, Ашу не етер?!	Ашу, қаһар асығыс іс қалдырар, Онда өмірің зая кетер құлдырар. Ашу ісі – өкінішті жаза еді, Қаһар шашқан адасады, жазады.
Білімді өлсе – қағазда аты қалар, Өнерлі өлсе – істеген заты қалар.	Тірі өледі, жер қойнында жатады, Жақсылықпен өлсе – қалар атағы.
Білімді мыңды жығар, Білімсіз бірді жығар.	Білімдарлар халыққа бас, ес еді. Білімсіздер қылышпен іс шешеді.

**2. Тапсырма:** Ж. Баласағұни пікірлерінің ақын-жыраулармен үндестігі, мақал-мәтелдермен үндестіру.

ә) Баласағұни «Дүние – бекет, сен – керуен өтпелі» дейді. Осы пікірге ұқса кімнің өлеңдері мен даналық сөздерінен үзінді білеміз?

- Өмір деген бір керуен, жерге қонса, ертеңіне көшіп кетеді (Қорқыт ата).

**3. Тапсырма:** М.Қашқари жинаған мақал-мәтелдерге сәйкес қазіргі мақал-мәтелдерді сәйкестеп алу.

#### Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұни – Орта Азияның белгілі ақыны. Туған жері – Жетісу жеріндегі Баласағұн қаласы. Бұрын бұл қаланы «Күз Орда» деп атаған.

2. Жүсіп Баласағұнидың «Жаз» өлеңі мен Абайдың табиғат лирикасын салыстыру.
3. «Диуани лұғат ат – түрік» кімнің шығармасы?

**Тақырып бойынша ұсынылатын реферат тақырыптары:**

1. «Құтты біліктің» халық даналық даналығымен, жыраулар поэзиясымен үндесу.
2. Ислам дәуіріндегі әдебиет.
3. «Құтты білік» дастанындағы тәлім-тәрбие мәселесі.
4. Махмұт Қашқари сөздігіндегі тұрмыс-салт үлгілері.
5. М.Қашқари «Сөздігіндегі» аңыз әңгімелерінің тарихилығы.

**Тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:**

1. Дастанның неше нұсқасы бар?
2. Дастанның басты идеясы не?
3. Ел басқарған әкімдер бейнесін қалай көрсетеді?
4. Ақыл-білім туралы не айтады?
5. Сөз өнері туралы айтқандарынан мысалдар келтіріңіз.
6. Махмұд Қашқари кім?
7. Оның қандай еңбегі бар?
8. Диуани лұғат ат-түркінің әдеби мәні қандай?
9. Жаз бен қыстың айтысында неліктен жаз жеңеді?
10. Аңшылық, ерлік туралы жырларда қандай мәселе көтеріледі?

**Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық. – Алматы: 1986. – 176 б.
2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия. / Құрастырған А. Құраубаева. – Алматы: 1991. – 113 б.
3. Сүйіншәлиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ әдебиеті. – Алматы: 1989. – 180 б.
4. Дала даналары. – Алматы: 2001. – 191 б.
5. Әбілова Г. «Құтты біліктің» халық даналық даналығымен, жыраулар поэзиясымен үндесуі. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №2, 2014. – 81-85 бб.
6. Асқарова М. Ж. Баласағұн. «Құтты білік». «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте» журналы, № 2 наурыз-сәуір, 2015. – 13 б.

7. Асанова Р., Тайжанова Г. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Қазақстан, 1990. – 196 б.
8. Жүнісова Л. «Диуани лұғат ат-түрік» тіліндегі сан компонентті мақал-мәтелдердің мағыналық-мазмұндық сипаты. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №4, 2013. – 88-92 бб.

#### **№4 тәжірибелік сабақ**

**Сабақтың тақырыбы:** Ахмет Жүйнеки. «Хибатул-Хақайық» («Ақиқат сыйы»). Орта ғасырдағы сопылық әдебиет.

#### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. А. Жүгінекидің ақындық мұрасы.
2. «Ақиқат сыйының» қолжазба нұсқалары. Зерттелуі.
3. Дастанның композициялық құрылысы. Идеялық мазмұны.
4. Дастандағы тіл, оқу-білім, мінез-құлық мәселелері.
5. Дастанның көркемдік ерекшеліктері мен тілі.
6. Қожа Ахмет Иасауидың өмірі мен шығармашылығы.
7. «Диуани хикметтің» зерттелуі.
8. Сүлейман Бақырғанидың «Бақырғани кітабының» негізгі идеясы.

#### **Тақырып бойынша мазмұны:**

**Ахмед Иүгінеки. «Хибатул-Хақайық» («Ақиқат сыйы»)**

Ахмед Иүгінеки-ХІІ ғасырда есімі бүкіл Қарахан мемлекеті түркілеріне мәшһүр болған атақты ақын.

«Ақиқат сыйы» дастанын зерттеушілер, аударма жасаушылар: Рашид арат, Е.Э. бертельс, В.В. Радлов, С.Е. Малов, Қ. Махмұдов, Э. Нәжіп, Б. Сағындықов, Ә. Құрышжанов, т.б.

«Ақиқат сыйы» - дидактикалық сарында жазылған шығарма. Композициялық құрылысы. Идеялық мазмұны.

«Ақиқат сыйы» дастанының, негізгі тарауларының тақырыптық атаулары: «Бұл кітаптың жазылу себебі мен оның қажеттілігі», «Білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы», «Тілді тию әдептілік пен тәртіптіліктің шарты екендігі

туралы», «Жақсының игі қылығы мен дүниеқоңыздың жарамсыз қылығы туралы», т.б.

«Ақиқат сыйы» дастанының көркемдік ерекшеліктері. Ақынның бір-біріне қайшы екі құбылысты қатар қойып, жұптап суреттеу әдісі. Дастанның он бір буынды аруз жүйесімен жазылуы.

Болашақ ақын Сыр бойындағы белгілі қалалардың бірі Жүйнекте (қазіргі Шымкент облысы, Түркістан ауданы) туып өскені мәлім.

Ахмет Иүгінекидің біздің заманымызға дейін сақталып, жеткен жалғыз шығармасы бар. Ол - «Ақиқат сыйы» немесе «Шындық сыйы» деп аталатын дастан. Бұл дастан орта ғасырдағы түркі тектес тайпалардың көбіне түсінікті болған Қараханид түркілерінің тілінде жазылған. Тек шығарманың аты ғана «Хибатул-Хақайық» деп арабша қойылған.

### **Қожа Ахмет Иассауи**

#### **«Диуани хикмет» («Даналық кітабы»)**

Қожа Ахмет Иассауи – сопылық әдебиеттің ірі өкілі, әйгілі ақын, есімі ислам әлеміне мәшһүр болған ойшыл қайраткер.

Ахмет Яссауи Испиджаб (Сайрам) қаласында туылған. Ақынның туылған жылы белгісіз, ал 1166 жылы қайтыс болған. Ер жете келе Түркістан (ол кезде Яссы деп аталған) қаласына келіп тұрады. Сол кезде атақты Арыстан Баб және Жүсүп хамадани деген шайықтардан тәлім-тәрбие алған. Бұхарада оқыған.

«Диуани хикматтағы» сопылық ағымның философиялық ой-пікірі: әділдік жолына түсі, ақиқатты іздеп табу, адамның рухани өмірінің таза болуы, т.б.

#### **Практикалық тапсырмалар:**

1. Ой шақыру үшін берілген тапсырма:  
«Мен білетін Ахмет Иассауи» ой қозғау.
2. Тақырыпты ашу мақсатында берілетін тапсырма:  
Оқулықтағы мәліметпен танысу.  
Түсіндірме сөздікпен жұмыс (презентация).  
Берілген суреттерге қарап әңгіме жүргізу.



Хикметтерін оқу, нақылға айналатындай тұстарын табу.

Өлеңдерінің тәрбиелік мәнін ашу.

3. Ойды қорытындылау үшін берілетін тапсырма:

«Автормен сырласу» сыр толғау жазу.

<b>Тапсырма: айтылған ойлардың ұқсастығын тап. Салыстыр.</b>		
Венн диаграммасы	<b>Ахмет Иассауи XII ғасыр «Диуани хикмет» еңбегі</b> Адамның өз бойындағы ізгілік, адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиеттерінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты.	<b>Абай Құнанбайұлы «Алланың Өзі де рас, сөзі де рас». Отыз сегізінші сөзі.</b> Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті. Дін де – осы, шын ойласаң тағат та – осы, Екі дүние бұл тасдиқ – халықтың досы. Осылардың бұзатын және үш ісі бар: Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы.
Ұқсастығы мен айырмашылығын Венн диаграммасы бойынша көрсет	Бісіміллә деп баян етіп хикмет айтып, Шәкірттерге дүрр уа гауһар шаштым міне, - Махаббат	Мен жазбадым өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды ертегіні термек үшін, Көкірегі сайраулы,

	дариясына шомылушы – ғалым Амал қыл, қалар көп үлгісі.	тілі орамды Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
--	---	--

### **Сүлейман Бақырғани «Бақырғани кітабы»**

Сүлейман Бақырғани – сопылық сарындағы хикмат жырларымен есімі мәшһүр ақын. Қожа Ахмет Яссауидың философиялық ой-пікірлерін ислам қағидалары бойынша жалғастырушы шәкірті.

Ахмет Иасауи киелі Түркістан қаласында дүниеге келген. Өз өмірін сопылықпен өткізген. Ол – ақын, ұстаз. Арыстан бабты өзіне ұстаз санаған. Хикметтерінде имандылықтың қадір-қасиетін ашып көрсетеді.

«Хакім Ата кітабы» Сүлеймен Бақырғанидың өмірі жайлы бірден-бір дерек беретіндігімен және ортағасырлық жазба әдебиеттің, соның ішінде хикаят жанрының үлгісі болып табылатындығымен құнды.

«Хакім Ата кітабы» Қазан қаласында 1878 жылы жарық көрген. Бастырған – Фатхулла Хамидуллаұғлы Амашев деген кісі. Көлемі 20 беттік прозалық шығарманың басты кейіпкері – ғұлама ақын Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті, XII ғасырда өмір сүрген Сүлеймен Бақырғани.

#### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. Ежелгі дәуір әдебиеті терминінің мәні.
2. Ежелгі дәуір әдебиетінің даму кезеңдері.
3. Аталмыш пәннің тарихи маңызы.
4. Ежелгі дәуір әдебиеті терминінің мәні.
5. Ежелгі дәуір әдебиетінің даму кезеңдері.
6. Аталмыш пәннің тарихи маңызы.

#### **Тақырып бойынша ұсынылатын реферат тақырыптары:**

1. «Ақиқат сыйы» дастанының тілі мен көркемдік ерекшелігі.
2. А. Жүйнекидің “Ақиқат сыйы” дастанының мазмұны мен мәні.
3. А. Иасауидың өмірі мен хикметтері.

4. А. Иасауи және сопылық поэзия.

**Тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:**

1. Ахмет Иүгінеки қайда туған?
2. Дастанның қандай нұсқалары бар?
3. Ақын дастанында неліктен оқу-білім міселесін көтереді?
4. Қандай көркемдік әдістерді қолданады?
5. Сопылық әдебиет дегеніміз не?
6. Сопылық әдебиеттің қандай өкілдерін білесіңдер?
7. «Даналық» кітабының сол кездегі оқырман үшін мәні қандай болады?
8. А. Иасауи жолын жалғастырушы кімдерді білесіңдер?

**Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық. А., 1986. (177-187 б.)
2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия. (Құрастырған А. Қыраубаева). – Алматы, 1991. (133-145 б.)
3. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғ.ғ. қазақ әдебиеті. Алматы, 1989. (116-121 б.)
4. Дала даналары. Алматы, 2001. (109-123 б.)
5. Мақпырұлы С., Құрманбай К. 8-сыныпқа арналған әдебиет оқулығы. – Алматы, Мектеп, 2012. – 212 б.
6. Дүйсенбева Ж. Қожа Ахмет Иассауи өмірі, хикметтері. «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте» журналы. №3 мамыр-маусым, 2015. – 31 б.
7. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар. Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы: 1992.
8. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. Құрастырған М. Мағауин. – Алматы: 1993.
9. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы: 1996.
10. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: 1997.
11. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: 1982.
12. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: 1993.
13. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.

14. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы: 2001.
15. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы: 1967.
16. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
17. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.
18. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: 1991.
19. Тілепов Ы. Елім деп еңсіреген ерлер жыры. – Алматы: 1995.
20. Ысмаилов Е. Ақындар. – Алматы: 1956.
21. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: 1968.
22. Алдаспан жинақ. – Алматы: 1971.
23. Қазақ әдебиетінің тарихы. Академиялық баспа. 5 том. – Алматы: 1963.
24. Бес ғасыр жырлайды. Жинақ. II том. – Алматы: 1989.
25. Егемен Қазақстан. 1989. 22 қазан.
26. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.
27. Тілепов Ы. Елім деп еңсіреген ерлер жыры. – Алматы: 1995.
28. Сүйіншәлиев Х. Қазақ хандық дәуір әдебиетінің Хрестоматиясы. – Алматы: 1995.
29. Алдаспан. Жинағы. – Алматы: 1971.

### **№5 тәжірибелік сабақ**

**Сабақтың тақырыбы.** Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (XIII-XV ғ.ғ.). Насреддин Рабғузи. «Рабғузи қиссалары». Кодекс Куманикус. (Қыпышақтар кітабы)

#### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Алтын Орда мемлекетінің құрылуы. Тарихи-әлеуметтік жағдай.
2. Алтын Орда дәуірі әдебиетінің бізге жеткен үлгілері.
3. Н.Рабғузи – Алтын Орда дәуірі әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі.
4. «Рабғузи қиссалары» - табиғат, дүние құбылыстары, жаратылыстың пайда болуы, пайғамбарлар мен халифтар туралы шығыстық сюжеттегі қисса-аңыздар, өлең-жырлар жинағы.

5. «Кодекс Куманикус» - кумандардың кітабы, қыпышак тілінің сөздігі қыпышак тілі туралы жинақ.
6. «Кодекс Куманикус» зерттелуі.
7. «Кодекс Куманикустың» төлімдері.
8. «Кодекс Куманикустың» тақырыбы, мазмұны.

### **Тақырып бойынша мазмұны:**

## **Алтын Орда дәуірінің мәдениеті мен әдебиеті**

### **Алтын Орда әдебиеті**

#### **(XIII-XV ғасырлар)**

Дешті Қыпышақтағы (XIII-XV ғғ.) Тариғи-әлеуметтік жағдай. Монғол шапқыншылығының зардаптары. Отырар ойраны (1220 ж). Сығанақ, Жент, Үзкент, Баршынлекент, т.б. білім мен мәдениет орталықтарының жер бетінен жойылып кетуі.

Қыпышак елінде мәдениет пен экономикалық құлдырауы. Басқыншыларға қарсы жергілікті халықтың күресі.

Дешті Қыпышак, Орта Азия және Куропа жерлерін XIII ғасырдың орта кезінде монғолдардың жаулап алуы.

Алтын Орда (Жошы ұлысы) мемлекетінің құрылуы.

Шағатай тілінің солтүстік диалектісі, яғни қыпышак-оғыз диалектісінің негізгі тіл болғандығы.

Алтын Орда дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдері: Рабғұзи, Әли, Сараи, Хорезми, Сайдахмед, Қатиб, Құтб, Дүрбек, Сақақи, т.б.

Алтын Орда мемлекетінің Батыс Еуропа, Мысыр, Кіші Азия, Үндістан, Қытай елдерімен мәдени, экономикалық байланыста болғандығы. Бұл елдер әдебиеті мен мәдениетінің ықпал-әсері.

Алтын Орда дәуірі әдебиетінің бізге жеткен үлгілері: Насыраддин Рабғузидің «Қисса сул әнбиясы», Хорезмидің «Мұхаббат-намесі», Құтбтың «Хұсрау-Шырыны», Дүрбектің «Жүсіп-Зылихасы», Сайф Сараидың «Түркі тіліндегі Гүлстаны», тариғи тақырыпқа жазылған көркем шежірелер, т.б.

Дешті Қыпышақтағы (XIII-XV ғғ.) Тарихи-әлеуметтік жағдай. Монғол шапқыншылығының зардаптары. Отырар ойраны (1220 ж). Сығанақ, Жент, Үзкент, Баршынлекент, т.б.

білім мен мәдениет орталықтарының жер бетінен жойылып кетуі.

Атақты араб филологы Әмин әл-Холи Алтын Орда мемлекетінің астанасы Сарай қаласы XIII-XIV ғасырларда ғылым мен мәдениетінің аса ірі орталығы болғанын хабарлайды. Ол Алтын Орданы билеуші әміршілер ішінен, әсіресе, Берке, Өзбек, Жәнібек хандарды аса білімді, түркі халықтарының тарихы мен әдебиетін көп оқыған, сөзге шешен, өнер мен өлеңге құштар адамдар деп көрсетеді. Бұлардың тұсында Египет пен Хорезмнің ең дарынды ғалымдары, ақындары, әншілері, күйшілері, т.б. Сарай қаласында тұрды. Осы кезде Алтын Орданың астанасына есімі әлемге мәшһүр Құтұб ад-Дин ар-Рази, Саад-Дин ат-Тафтазани, Жәлел ад-Дин, Хафиз ад-Дин ал-Баззави, Ахмад ал-Хаджандари сияқты әдебиетші, тілші, тарихшы, философ ғалымдар келген болатын.

Бұл кезде өмірге келген көркем туындылардан ақын Хорезмидің «Мухаббат наме» поэмасы, Сайф Сараидің «Гүлстан» (Яки «Гүлстан бит-түрк» деп те аталады) дастаны, Құтбтың «Хұсрау уа Шырыны» мен Дүрбектің «Жүсіп-Зылиқа» дастандары Рабғузидің «Құсса-сұл әнбиясы» ерекше мәшһүр болды.

Дүрбек діни аңыздар сюжетіне құрылған «Жүсіп-Зылиқа» қиссасын өз бетінше қайта өңдеп, оны осы реалдық өмірдің қызығы мен қиындығын шыншылдықпен жырлаған дастан етіп жанадан жазылды.

Міне, сондай діни-мистикалық шығармалардың бірі «Насыраддин» Рабғузидің прозалық туындысы – «Қисса-сул әнбия» немесе «Қисса и Рабғузи» деп аталады.

«Қисса-сул әнбия» - сюжеттік жағынан алып қарағанда негізінен әулие-әмбиялар, өздерін құдайдың жердегі өкілдері санайтын пайғамбарлар жайында қисса-хикаялар, аңыз-ертегілер жинағы болып келеді.

«Қисса-сул әнбия» 1914 жылы Қазан, ал одан кейінірек Ташкент қалаларында бірінші рет жеке кітап болып басылып шықты. Ел арасында бұл кітаптың қолдан көшірілген нұсқалары кеңінен тарайды.

Әйтсе де «Рабғузи қиссасы» ежелгі дәуірдегі түркі тектес ру-тайпалар арасында көп тараған қиял-ғажайып ертегілер, аңыздар, қиссалар, өлең-жырлар, макал-мәтелдер берілген. Мәселен, осы кітаптың Қазан қаласынан шыққан басылымында 79 ертегі-аңыз, қисса-хикаят, т.б. бар.

Ерте дәуір әдебиетін ұзақ жылдар бойы зерттелген ғалым Б.Кенжебаев солардың бәрін тақырып-мазмұнына, идея-мәніне қарай мынадай үш топқа жіктейді:

1. Жер, көк, адамзат, хайуанат, жын-шауытан, періште, адам ата, от, топықар жайлы түсінік, мақала, әңгіме.
2. Әулие-әмбиялар, пайғамбарлар, солардың өмірбаяндары, іс-әрекеттері туралы қиссалар, ертекттер, аңыздар.
3. Шежіре – мұсылман жыл есебінің, хижраның алғашқы он жыл ішінде болған тарихи оқиғалар, календарь – жыл, ай, күн аттары, назым өлеңдер.

### **«Кодекс Куманикус»**

«Кодекс Куманикус» - кумандарының кітабы, қыпышақ тілінің сөздігі қыпышақ тілі туралы жинақ. «Кодекс Куманикус» /1303ж/ екі бөлімнен тұратындығы. Бірінші бөлім-латынша, парсыша, куманша сөздік.

«Кодекс Куманикустегі» жұмбақтар, христиан аңыздарынан алынған түрлі уағыз-өсиет сөздер. Христостың өмірі, Мария Ананың әулиелігі киелі апостолдар жөніндегі діни хикая-аңыздар. Алтын Орда дәуірінде (XIII-XV ғасырлар) Жоңғар қақпасынан бастап, Дунай өзеніне дейінгі аралықтағы ұлан-ғайыр өлені мекен еткен елдің бәрі де қыпышақ тілін білетін, түсінетін болған. Бұл кезде Еуропа елдерінен қыпышақ даласына келетін, Дешті қыпышақ арқылы жүріп Азия елдерінен өтетін саяхатшылар, елшілер, әскери адамдар, тағы басқалар қыпышақ тілін білуге мәжбүр болған.

Орыс елі көршілес отырған қыпышақтарды – половецтер, ал кейде печенгелер деп атаған. Ал, Батыс Еуропа жұртшылығы қыпышақтары – кумандар деп атап кеткен еді. Ол кезде Еуропа елдерінде латын тілі, ал ислам діні тараған Азия мемлекеттерінде парсы тілі ресми, әдеби тіл болған.

«Кодекс куманикус» - латын сөзі. Бұл сөздің мән-мағынасы – кумандардың кітабы, қыпышақ тілінің сөздігі яки қыпышақ тілі туралы жинақ. Бұл сөздік екі бөлімнен тұрады. Кітаптың бірінші бөлімінде – үш бағана етіп жазылған латынша – парсыша – куманша сөздік берілген. Сөздікті осылайша, үш бағаналы етіп жазылған латынша - парсыша – куманша сөздік берілген. Сөздікті осы қыпышақ даласында Батыс Еуропа елдерінен келгендер, яғни латын тілін білетіндер үшін де, Шығыс жақтан келген адамдар, яғни парсы тілінде сөйлейтіндер үшін де, пайдалануға қолайлы еді.

«Кодекс куманикустың» екінші бөлімін – сан қилы-әңгімелер, ертегілер жинағы деуге болады. Екінші бөлімнің мақсаты – кумандық арасында христиан дінін уағыздау болса керек. Мұнда христиан дінінің пайдасы жайындағы түрлі уағыз-өсиет сөздер, христостың өмірі хақында, Мария Ананың әулиелігі туралы, киелі опостолдар жөнінде діни хикая-аңыздар бар.

«Кодекс куманикустың» түпнұсқасы қолжазбасы қазір Италияның Венеция қаласындағы әулие Марк шіркеуінің кітапханасында сақтаулы тұр. Бұл шығарманың бірінші бөлімін, яғни латынша-парсыша, куманша сөздігін тұңғыш рет француз тіліне аударып, 1828 жылы Париж баспаларының бірінен жеке кітап шығарған Генрих Юлий Клапрот (1783-1835 ж.) болды. Атақты ориенталист Г.Кун 1880 жылы қолжазбаның екі бөлімін де толық латын тіліне тәржіма жасап, Будапешт қаласында бастырып шығарды. Бұл кітап 1884 жылы С.Петербургте неміс тілінде шықты. Оны неміс тіліне аударған В.Радлов еді. Дания ғалымы К.Гренбек қолжазбаның түпнұсқасын 1936 жылы жеке кітап етіп бастырып шығарды.

Бұл кітапты тұңғыш рет қазақ тілі тұрғысынан егжей-тегжейлі зерттеген ғалым Ә.Құрышжанов еді.

#### **Әдістемелік нұсқау:**

1. Рабғузи «Лұқман Хакім» әңгімелерінің толық мазмұнын білу.



### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі әдебиет қай ғасырды қамтиды?
2. Рабғузи шығармасы қалай аталады?
3. «Лұқман» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
4. Рабғузидің әңгімесінде не туралы айтылады?
5. Үшінші әңгімесі не жайлы?
6. Ежелгі дәуір әдебиеті терминінің мәні.
7. Ежелгі дәуір әдебиетінің даму кезеңдері.
8. Аталмыш пәннің тарихи маңызы.

### **Тақырып бойынша ұсынылатын рефераттар тақырыптары:**

1. Рабғузи қиссаларындағы адамгершілік идеясы.
2. Рабғузи қиссаларының қазақ ауыз әдебиетіндегі үлгілері.
3. «Рабғузи қиссаларының» зерттелуі. Аудармалары мен басылымдары.
- 4.«Кодекс Куманикус» - қыпшақ тілі туралы жинақ.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. «Рабғузи қиссаларының» зерттелуі. Аудармалары мен басылымдары.
2. «Рабғузи қиссаларының» тақырыптық мазмұны, идеясы.
3. «Рабғузи қиссаларына» енген «Нух алайки с-самал хикаялары», «Лұқпан хәкім» хикаялары және «Харут пен Марут» хикаясы.
4. «Кодекс Куманикустың» зерттелуі.
5. «Кодекс Куманикустың» тілі.
6. «Кодекс Куманикустың» идеялық мазмұны, композициялық құрылысы.

### **Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. Келімбетов Н.Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық.А.,1986 (114-133 б)
2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия./Құрастырған А.Қыраубаева/А.,1991. (77-85 б)
3. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғ.ғ. қазақ әдебиеті. Алматы,1989. (49-65 б)

4. Дала даналары. Алматы, 2001. (56-65 б.)
5. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар. Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы: 1992.
6. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. Құрастырған М. Мағауин. – Алматы: 1993.
7. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы: 1996.
8. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: 1997.
9. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: 1982.
10. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: 1993.
11. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
12. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы: 2001.
13. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы: 1967.

## **№ 6 тәжірибелік сабақ**

**Сабақтың тақырыбы. Хорезми. «Мұхаббат-наме».**

**Құтб. «Хұсрау-Шырын» дастаны**

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. «Мұхаббат-наме» дастаны Алтын Орда дәуірі әдебиетінің ең көрнекті үлгісі.
2. «Мұхаббат-наменің» қолжазба нұсқалары. Зерттелуі. Аудармалары мен басылымдары.
3. Дастанның құрылысы мен мазмұны.
4. Дастанның көріктеу құралдары, тілі.
5. «Хұсрау-Шырын» дастанының негізгі тақырыбы.
6. Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны - әзірбайжанның ұлы ақыны Низамидың аттас поэмасының еркін аудармасы.
7. Құтб аудармасының қаһармандары.
8. Дастанның копозициялық құрылысы мен идеялық мазмұны.

## **Тақырып бойынша мазмұны:**

### **Хорезми. «Махаббат-наме»**

«Махаббат-наме» дастаны (1353 ж) - Алтын Орда дәуірі әдебиетінің ең көрнекті үлгісі. «Махаббат-наменің» қолжазба нұсқалары. Көне ұйғыр жазуындағы және араб жазуындағы екі нұсқаның табылуы.

«Махаббат-наме» зерттеушісі, аударушы, бастырып шығарушы ғалымдар: Э.Н.Нәжіп, А.М.Щербак, С.Қасымов, В.В.Валиходжаев, Н.Маллаев, А.Қыраубаева туралы.

«Махаббат-наменің» Алтын Орда түлектерінің бәрінен бірдей түсінікті болған Шағатай тілінде жазылғаны, дастанда қыпшақ тілі элементтерінің басым екендігі.

### **Композициялық құрылысы. Махаббатты жырлау**

«Махаббат-наме» дастанының араб әрпімен жазылған нұсқасы 473 бәйіттен тұрады. Дастанда 11 наме (хат) бар. Жігіттің қызға жазған он бір хаты жырға негіз болған. Солардың ішінде төртінші, сегізінші және он бірінші хаттар парсы білінде жазылған.

Қалғандары Алтын Орда түріктерінің бәріне бірдей түсінікті шағатай тіліндегі жырлар. Дастандағы 317 бәйіт шағатай тілінде, 156 бәйіт парсы-тәжік тілінде жазылған. Әйтсе де «Махаббат-наменің» жаздым дейді. Автор сол кездегі әдеби дәстүрі сақтап, алдымен әлемді жаратқан тәңірге сыйынады, сосын пайғамбарларға мақтау сөз айтады. Содан кейін ғана дастанның жазылу себептеріне тоқталады.

### **Құтб. «Хұсрау-Шырын» дастаны.**

«Хұсрау-Шырын» дастанының қазақтың лиро-эпостық жырларымен сарындастығы, үнсіздігі, ал баяндау тәсілдері мен композициялық құрылысы жағынан ұқсас болып келетіндігі. Құтб ақынның бұл дастаны қазақ оқырманы арасында ерте кезден-ақ тараған жақсы мәлім. Азербайжан халқының кеменгер ақыны Низамидің «Хұсрау-Шырын» поэмасында Құтб ақын қыпшақ-оғыз тілінде 1341-1342 жылдары аударған болса керек. Бұл – Тыныбектің Алтын Орда тағына отырған кезі. Аудармашы дастанда Тыныбек пен Ханша Малика-Хатунға арнайды.

Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастанының жалпы көлемі – 120 парақ яғни, 240 бет. Дастан 4740 бәйәттен тұрады. (Низамиде 7000 бәйіт). Сонын 4685 бәйіті Құтб ақынның өзі жазған жыр жолдаы. Қалғандары шығарманы көшірушілер тарапынан қосылған өлеңдер болып келеді. Құтб дастаны 91 тараудан тұрады.

Бұл дастанның жалғыз дана көшірмесі біздің заманымызға дейінге сақталып жеткен. Қолжазба қазір Париждің ұлттық кітапханасында сақталып келеді. Соның көшірмесі негізінде әдеби және тілдік зерттеулер жүргізілді.

«Хұсрау-Шырын» дастанның алғаш зерттелулердің бірі поляк ғалымы А. Зайончковский болды. Бұл туындыны ол түркі тілінің қыпшақ диалектісінде жазылған аса құнды әдеби мұра деп бағаланады.

Көрнекті совет түркологы Ә.Н.Нәжіп парсы тіліндегі «Хұсрау уа Шырын» түпнұсқасы мен қыпышақ-оғыз тіліндегі «Хұсрау уа Шырын» нұсқасының өзек-арқауы бір екенін ерекше атап көрсетеді. Ғалым бұл дастанның Құтб жазған аударма нұсқасын жартылай төл туынды, дербес роман деп бағалайды.

«Хұсрау-Шырынның» көркемдік және тілдік ерекшеліктеріне кезінде А.Н.Самойлович, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев, Г.Ю.Алиев, т.б. ғылымдар назар аударған.

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. «Махаббатнама» дастаны қай қаланың мұражайында сақталған?
2. Ежелгі дәуір әдебиеті терминінің мәні.
3. Ежелгі дәуір әдебиетінің даму кезеңдері.
4. Аталмыш пәннің тарихи маңызы.

### **Тақырып бойынша ұсынылатын реферат тақырыптары:**

1. Төлтума әдебиет «Махаббат наме» дастаны.

### **Тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:**

1. Дастанның неше нұсқасы бар?
2. Дастанды тілдік тұрғыдан зерттеген кім?
3. Дастан кімнің тапсырмасы бойынша жазылған?
4. Дастанда қандай мәселе көтерілген?
5. Дастанның қандай көркемдік ерекшеліктері бар?

6. Дастанның негізгі идеялық түйіні қандай?
7. Құтб аудармасының ерекшелігі неде?
8. Шығармада Хұсрау бейнесі қалай сомдалған?
9. Шырын қандай бейне?
10. Дастандағы Фархад бейнесі қалай жасалған?

**Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. Келімбетов Н.Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық. – Алматы: 1986. (202-211 б)
2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия./Құрастырған А.Қыраубаева). – Алматы: 1991. (225-243 б)
3. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғ.ғ. қазақ әдебиеті. – Алматы,1989. (138-142 б)

**№7 тәжірибелік сабақ**

**Сабақтың тақырыбы. Сайф Сараи. «Гулистан бит-түркі» («Түркі тіліндегі Гүлстан»).**

**Дүрбек. «Жүсіп-Зылиха» дастаны**

**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Сайф Сараи – Алтын Орда әдебиетінің ХІҮ ғасырдағы аса көрнекті өкілі, лирик және эпик ақын, аудармашы.
2. «Гүлстан бит-түркі» - қыпышақ тілінде жазылған прозалық шығарма.
3. «Гүлстан бит-түркі» қолжазбасының табылуы, зерттелуі, жариялануы.
4. «Гүлстан бит-түркі» композициялық құрылысы.
5. Көркемдік ерекшеліктері, бейнелеу құралдары, тілі.
- 6.«Жүсіп-Зылиха» дастанының идеясы.
- 7.Дүрбек – «Жүсіп-Зылиха» сюжетінде тұңғыш рет түркі (шағатай) тілінде көркем туынды жазған ақын.
- 8.Дастанның зерттелуі.
- 9.«Жүсіп-Зылиханың» композициялық құрылымы, идеялық мазмұны.

## Тақырып бойынша мазмұны:

### Сайф Сараи

#### «Гүлстан бит-түрки» («Түркі тіліндегі Гүлстан»)

«Түркі тіліндегі Гүлстанның» парсы-тәжік әдебиетінің классигі әйгілі Сағди Ширазидің «Гүлстан» атты шығармасының еркін аудармасы екендігі.

«Түркі тіліндегі Гүлстанның» Сайф Сараидың төл туындысы саналатыны, назирагөйлік дәстүрдің әсерінен болғандығы, аркін аудару барысында бірқатар эпизоттардың түсіп қалғаны, оның есесіне қыпшақтар өміріне қатысты тың көріністердің, аудармашының өз жырларының қосылғандығы.

**«Гүлстан бит-түрки» қолжазбасының табылуы, зерттелуі.**

1915 жылы Анкарада шығатын журналдардың бірінде түркі тіліне аударылған Сағдидің «Гүлстан» дастаны Голландиядан табылғаны туралы шағын ғана хабар жарияланды. Бірақ оған ешкім назар аудармады. 1950 жылы профессор Феридун Нафиз Узлук Голландиясының Лейден университеті кітапханасы қорынан «Гүлстанның» фото көшірмесін алып, оған шағын ғана сөз жазды да, 1954 жылы Анкарада кітап етіп басып шығарды.

Алайда Қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырдың аса құнды әдеби ескерткіші – «Гүлстан бит-түрки» шығармасын егжей-тегжейлі зерттеген совет ғалымы Ә.Н.Нәжіп болды. Ғалым С.Сараи шығармасының қызықты жазылу тарихын, оның әдеби мәнін, тілін, сол дәуірдің әдеби және тілдік ерекшеліктерін кең көлемде зерттеп, «Гүлстан бит-түрки» қазіргі орыс графикасы бойынша транскрипция жасады, әрі орыс тіліне жолма-жол аударма жасап шықты. Сондай-ақ С.Сараи аудармасының өзіндік ерекшеліктерін, шығарма қыпшақ тілінде жазылғанын толық дәлелдеп берді. Бұл әдеби ескерткіш түркі тілдерінің ешеінде қазіргі қазақ тілінде өте-мөте жақын тұрғанын ашып көрсетті.

«Гүлстан бит-түрки» қазіргі өзбек тіліне аударылып, басылып шықты.

## **Композициялық құрылысы**

Сайф Сараи өзі ұстаз тұтқан Сағди ақынның «Гүлстанын» аудару барысында шығарманың композициялық құрылысын бұзбай, сол күйінде сақтап қалуға әрекет жасалған. Слндықтан парсы тіліндегі «Гүлстан» секілді қыпшақ тіліндегі С.Сараи аударған «Гүлстан бит-турк-те» сегіз тараудан тұрады. Олар:

Бірінші тарау – ел-билеушілер туралы.

Екінші тарау – халық бұқарасы жайында.

Үшінші тарау – қанағат-ынсаптың пайдасы жөнінде.

Төртінші тарау – тілге сақ болудың пайдасы туралы.

Бесінші тарау – жігіттік шақтың көріністері хақында.

Алтыншы тарау – кәріліктің адамды кәріп етіп қоятыны туралы.

Жетінші тарау – тәлім-тәрбиенің әсері жайында.

Сегізінші тарау - әңгімелесудегі әдептілік мәселесі туралы.

### **Дастанның идеялық – мазмұны.**

«Гүлстан бит-түрки» тұтас қысқа-қысқа хикаялар, аңыздар, ертегілер, өлеңдер, күлкілі әңгімелер, т.б. белгілі бір тақырыптық бойынша жүйеленіп берілген. Дегенмен шығарманың негізгі қаһармандары ретінде оқиға желісіне қоғамдық топтың барлық өкілдері дерлік қатысып отырады.

Сағди ғұмыр бойы ел аралап, жиһангез болған адам. Сондай саяхатта жүріп ақын қоғамдық өмірдің түрлі сатысында тұрған адамдарды көреді. Олар: саудагерлер, дәруіштер, ақындар, қолөнершілер, диқандар, малшылар, бектер, әкімдер, хандар, т.б. Ақын ел кезіп жүріп көрген-білген қызықты әңгімелерді, афоризмдерді аңыздарды, қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді жазып алып жүрген. Кейін соның бәрі «Гүлстан» кітабына арқау болған. Сайф Сараи шығармасы әлемдік әдебиеттің алтын қорынан орын алған көркем туынды.

### **Дүрбек. «Жүсіп-Зылиха» дастаны.**

Дүрбектің Жүсіп пен Зылиха туралы тартымды сюжеттерді бетке ұстай отырып, өзінің төл туындысын 1409 жылы жазған.

«Жүсіп-Зылиха» дастанының идеясы – ел билеушілер арасында тәж бен тақ, байлық пен мансап үшін болатын қанды соғыстардың адамдар арасындағы алаусыздық зардаптарын паш ету.

Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха» дастанының басты қаһармандары: Жүсіп, оның он бір бауыры, Зылиха, Жүсіптің әкесі Жақып, Мағриб елінің патшасы Таймус, Мысыр патшасы Райян, т.б.

### Әдістемелік нұсқау:

Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі әдебиеттің өкілі – Сайф Сарай.

Сайф Сарай – шамамен 1320 жылдары туып, 1396 жылы дүниеден өткен. Алтын Орда мемлекетінің орталығы болған Сарай қаласында туып-өскенімен, өмірінің соңын Мысырда өткізген.

Сайф Сарай – тәжік әдебиетінің ұлы ақыны Сағдидың «Гүлстан» атты шығармасын аударған. Сарай өзгеріс енгізе отырып, «Түрікше Гүлстан» деген атпен кітап етіп бастырады. Кітап 8 тарау, кіріспе, қорытындыдан тұрады. Алғашқы 7 тарауы бөлек-бөлек қысқа әңгімелер, 8 тарауы – нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер.

Тараулары: «Патшаның өмірі туралы», «Азға қанағат етудің артықшылығы», «Махаббат пен жастық», «Кәрілік пен әлсіздік», «Тәрбиенің ықпалы», «Қарым-қатынас ережелері», т.б.

Сайф Сарайдың өз ойынан жазған төл туындысы – «Суһаил мен Күлдірсін».

практикалық тапсырмалар:

<b>Шығармашылық жұмыс.</b>	
<b>Тапсырма:</b> «Түрікше Гүлстан» шығармасынан алынған үзінді әңгімелермен танысу.	
<b>Әңгімелер</b>	<b>Әңгіме мазмұны</b>
Бірінші әңгіме	Данышпан мен құл.
Екінші әңгіме	Сұлтанның үш ұлы. Ұзын бойлы ақымақтан аласа бойлы ақылды артық.



Үшінші әңгіме	Нау шаруаның тұз іздеуі. Судың да сұрауы бар.
Төртінші әңгіме	Уәзірдің ақымақ баласы. Темірді қанша ысқыласаң да алтын болмайды.
Бесінші әңгіме	Әке қабірін мақтан тұтқан бала. Тағасының күмісіне мақтанба, Атыңның жүрісіне мақтан.
Алтыншы әңгіме	Лұқманның әдепті әдепсізден үйренуі. Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала.
Жетінші әңгіме	Ғалымның билеуші ұлын тәрбиелеуі. Түбі тесік қазанға қанша күйсаң да толмайды. Ақылы жоқ адамға қанша айтсаң да қонбайды.
Сегізінші әңгіме	Дүние не үшін қажет? Ғұмыр дүние – мал жинау үшін емес; мал ғұмыр рақаты үшін керек ...

### **Практикалық тапсырмалар:**

Ой толғауға арналған сұрақ

Вен диаграммасы

Эссе

Инцерт

Слайд құрастыру

Ассоциация құрастыру

### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. Сайф Сараидың «Гүлстан бит-түрки» атты дастаны қай ғасыр әдебиетіне жатады?
2. Ежелгі дәуір әдебиеті терминінің мәні.
3. Ежелгі дәуір әдебиетінің даму кезеңдері.
4. Аталмыш пәннің тарихи маңызы.

### **Тақырып бойынша ұсынылатын реферат тақырыптары:**

1. Сайф Сараидың «Түркіше Гүлстан» ескерткішінің жанрлық сипаты.

2) Нәзіралық шығармалар.

**Тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:**

1. Дастанды толық зерттеген ғалым кім?
2. Дастан неше тараудан тұрады?
3. Шығармадағы негізгі көтерілетін мәселе қандай?
4. Дастанда тәлім-тәрбие, әдептілік туралы қандай ой айтылған?
5. Сарай «Гүлстан бит-түрки» дастанын кімнен аударған?
6. Дастанның негізгі идеясы қандай?
7. Дастан қай жылы жазылған?
8. Негізгі кейіпкерлері кімдер?
9. Жүсіп пен Зылиха тақырыбына қисса жазған қазақ ақыны кім?

**Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. Келімбетов Н.Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық.А.,1986 (219-226 б)
2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия./Құрастырған А.Қыраубаева/А.,1991. (265-279
3. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғ.ғ. қазақ әдебиеті.Алматы,1989. (49-65 б).

**№8 тәжірибелік сабақ**

**Сабақтың тақырыбы.** Алтын Орда дәуіріндегі тарихи шежірелер. Олардың әдебиет тарихындағы мәні.

**XIV-XV ғасырлардағы тарихи-әлеуметтік жағдай және әдебиет.**

**Мақсаты:** Қазақтың төл әдебиетінің қалыптасуы, даму жолын айқындап көрсету. Жыраулық поэзияның өзіндік ерекшеліктерін таныту; «жырау», «жыршы», «толғау», сөздері жайлы ғылыми тұрғыдан түсінікберу. Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы, оның өмірі мен толғаулары жайында жалпы түсінік қалыптастыру. Студенттерге тапсырмалар әр практикалық сабақтың тақырыптарындағы сұрақтар арқылы беріледі.

### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Әбілғазының «Түрік шежіресі».
2. Қадырғали Жалайыридың «Шежірелер жинағы».
3. Хайдар Дулатидың «Рашидтің тарихы» еңбегі.
4. Бабырдың «Бабырнамасы».

### **Тақырып бойынша мазмұны:**

#### **Әбілғазы. «Шежіре-и түрк» («Түркі шежіресі»)**

«Түркі шежіресі» - беретін келе қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың көне тарихы, тұрмыс-тіршілігі, түркі елін басқарған қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық қызметі туралы құнды деректері мол шежіре.

«Түркі шежіресінің» Шыңғысханнан бұрынғы және одан кейінгі дәуірлерде Дешті Қыпшақ, Орта Азия, Таяу Шығыс, елдерінде болған түрлі оқиғалар мен әр түрлі мемлекет қайраткерлері жүргізген саясаттың жылнамасы екендігі.

«Түркі шежіресінің» тоғыз бабадан (тараудан) тұратыны: Біріншісі – «Құдай тағаланының Адам ғалайссаламды» жаратқанының баяны, Екіншісі – «Монғол хан және оның Шыңғыс ханға дейінгі ұрпақтары жайында», Үшіншісі – «Шыңғыс ханның дүниеге келгенінің тарихы», Төртіншісі – «Үкідай қағанның және басқа да Шыңғыс хан нәсілінен патша болғандарының баянды», Бесіншісі – «Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай әулетінің Мауренахр мен Қашқарда болғанының баянды», Алтыншысы – «Шыңғыс ханның кіші ұлы Толы хан нәсілінен Иран жұртында патша болғандар тарихы», Жетіншісі – «Жошы хан әулетінен Дешті Қыпшақта патшалық қылғандардың тарихы», Сегізіншісі – «Жошы ханның бесінші ұлы Шибан ханның әулетінен Туранда, Қазақта, Қырымда және Мәуренахрда патшалық қылғандардың тарихы», Тоғызыншысы – «Жошы хан әулетінен Хорезмде патша болғандардың баянды».

«Түркі шежіресінің» алғаш табылуы (XVIII ғ), басқа тілдерге тәржіма жасалуы, түркология ғылымы тұрғысынан зерттелуі.

## **Қадырғали Жалайыри**

### **«Жами-ат тауарих» («Шежірелер жинағы»)**

«Шежірелер жинағында» (1602ж) ХІҮ-ХҮІ ғасырлардағы қазақ елінің ішкі және сыртқы жағдайы, басқа елдермен қарым-қатынаста, бір қатар қазақ хандарының генеологиясы, қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік оқиғалардың баяндалатыны.

«Шежірелер жинағы» Тарихты баяндайтын шығарма екені, соның өзінде ұйқасты-ырғақты ақ өлеңге, толғауларға ұқсайтыны, онда қазақтың шешендік сөздеріне тән эвфония (аллитерация мен ассонанс тәсілдері) мен параллелизмнің мол екені.

«Шежірелер жинағындағы» тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, т.б.

«Шежірелер жинағының» алғашқы басылымдарының зерттелуі (И.Березин, Ш.Уалиханов, Ә.Марғұлан, Қ.Жүнісбеков, Т.Р.Қордабаев, Р.Сыздықова, З.А.Хисамиева, т.б.).

## **Хайдар Дулати**

### **«Тарихи-и Рашиди» («Рашидтің тарихы»)**

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) - өз дәуірінің ғұлама-ғалымы, тарихшысы, сөз зергері, ақыны, қоғам қайраткері.

«Тарих-и Рашиди» шежіресінде негізінен ХІҮ-ХҮІ ғасырлар аралығында Монғолстан мен Қашқарияда болған тарихи оқиғалар баяндалатыны.

Шежіренің екі дәуірден тұратыны, біріншісінде Монғолстанда билік жүргізген хандар шежіресінің, ондағы халық тарихының баяндалатыны. Екінші дәптерде қазақ елінің өз көршілерімен қарым-қатынасының жан-жақты сөз болатыны.

«Тарих-и Рашидиде» ХҮ-ХҮІ ғасырларда Орта Азия, Шығыс Түркістан, Ауғаныстан және Үндістанда орын алған маңызды тарихи оқиғалардың көркем тілімен баяндалатыны.

«Тарих-и Рашидидің» зерттеушісі, аудармашылары.

## **Бабыр**

Захириддин Мухаммед Бабыр (1483-1530) – көрнекті мемлекет қайраткері, данқты қолбасшы, дарынды лирик ақын, белгілі жазушы, атақты тарихшы-ғалым.

«Бабыр-наме» - Бабырдың есімін аса дарынды көркем сөз зергері, тарихшы – ғалым, географ, этнограф ретінде әлемге мәжһүр еткен шығармасы.

Бірінші бөлімінде ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Орта Азиядағы халықтардың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық-әлеуметтік, саяси оқиғалар, осы өлкенің табиғаты сөз болады.

Екіншісінде қазіргі Ауғаныстан жерінде («Кабул уэлаяты») орын алған маңызды тарихи оқиғалар, Үшіншісінде Үнді елінің бай табиғаты, халқы, әдет-ғұрпы, салт-санасы, ғылымы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тарихы, ондағы саяси оқиғалар баяндалатыны.

«Бабыр-намені» зерттеу, өз елдеріне тәржіма жасау, бастырып шығару ісіне көп елдердің, ғалымдарының ат салысқаны: Үндістандық М.Н.Хайдар, С.А.Шарми, Р.Б.Трипатки, ауғаныстандық А.Х.Хабиби.

«Бабыр-намені» түрлі ғылым салалары бойынша зерттеушілер: тарихшылар В.В. Бартольд, А.Ю.Якубовский, С.А.Азинжанова, әдебиетшілер Е.Э.Бертельс, Х.С.Сүлейменов, И.В.Стеблева, лингвистер А.Н.Кононов, А.К.Боровков, Х.Назарова.

«Бабыр-наменің» идеялық мазмұны, тарихы, әдеби, мәні, тілі.

**Тапсырма:** Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің (ХІ-ХVІІІ ғ.ғ.) негізінен жыраулар поэзиясы екендігі. Жыраулар поэзиясының негізінен ауызша дәстурге құрылуы. Аты аңызға айналып кеткен жыраулар поэзиясының арғы өкілдері боп саналатын Кете жырау (Қашғари «Диуани луғат ат-түрік») Ахмет, Кетбұғы тайшы немесе Қотан жырау, Сыпыра жыраулар дәстүрі. Сыпыра – ноғайлы жырларының ортақ кейіпкері. Қазтуған, Асан Қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа, Үмбетей, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұқар, Көтеш, Шал поэзияларының негізгі сипатын айқындау.

Жырау мен жыршы ұғымдарының мағынасы. Толғау жанрының жырау поэзиясының негізгі жанры екендігі. Толғаудың жыр үлгісінде шығарылуы. Психологиялық және синтаксистік параллелизмдердің жиі қолданыс табуы. Дағдылы

айтқыштың аз болуы. Басқа рифмаға мән берілуі Аллитерация мен ассонанстың мол қолданылуы. Жырау поэзиясының екпіндік сипаты (Тоникалық). Екпінді ырғақтың басымдылығы. Бейсенбай Кенжебаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Мұхтар Мағауин пікірлері.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Қазақ хандықы құрылар қарсаңындағы тарихи-әлеуметтік жағдай. (Алтын Орда және Көк Орда мемлекеттері).
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи-әлеуметтік жағдай және әдебиет. Жалпы сипаттама.
3. Қазақ хандығының дербес әдебиетінің қалыптасуы.
4. Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы - XIV-XV ғасыр өкілі.
5. XV ғасырда тарихи-әлеуметтік, саяси ахуал.
6. Жыраулық поэзия, оның өзіндік ерекшеліктері;
7. Қазақ әдебиетіндегі толғау жанры, негізгі өкілдері жырау, жыршалар жайында түсінік, ақындардан айырмашылығы.
8. Импровизаторлық дәстүр.

**Әдістемелік нұсқау:** Сабакқа дайындалғанда «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті. Энциклопедия» оқулықтарын пайдаланыңыз. «Ақтабан шұбырынды» атауының мәнін ашыңыз. М. Мағауин мен Х. Сүйіншәлиевтің осы кезең әдебиеті тарихынан жазған еңбектерін салыстыра отырып конспект жазып, тұжырым жасаңыз. Тәуекел хан (1586-1598) тұсында Қазақ Ордасы мен Мәскеу патшалығы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың нығая түсуі. XVII ғасырдағы қазақ хандығы. Есім ханның бір орталыққа бағынатын мемлекет құру саясаты. Есім хан мен Қатаған ұлысы мен Ташкенттің ханы Тұрсын Мұхаммед Сұлтан арасындағы қайшылықтың себептері. Есімнің Тұрсын Мухаммед ханды жазалауы. «Есімханның ескі жолы» деп аталатын заңдар жүйесі. Салқам Жәңгір (Жаһангир) тұсындағы әскери реформа. Осы кездегі дүрбін ойрат шапқыншылығының үдеуі. Тәуекелхан тұсындағы (1680-1718) қазақ хандығының саясаты.

Қазақ елінің ішкі бірлігін нығайтуға бағытталған Тауке хан реформалары. Тәуке хан шығарған «Жеті жарғы заңы». Ел бірлігіне шақыратын Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің

қазақ тарихынан алатын орны, оның жыраулар поэзиясындағы көрінісі. Ойраттардың 1723-1725 және 1740-1742 жылдардағы қазақ даласына шабуыл жасады. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» зұлматы. Қазақ халқының ойраттарға қарсы азаттық күресі. Ойраттың Сибан Раптан (1697-1727ж.ж Цеван - Рантан) және Қалдан Церен (1727-1746ж.ж. Палдан Церен) секілді қонтайшыларына күйрете соққы берген қазақтың ержүрек батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай және тағы басқа батырлары мен үш жүздің басын қосып, сыртқы жауға бастаған ержүрек хан Абылай бейнелерінің жыраулар поэзиясында жырлануы.

#### **Өзін-өзі тексеру сұрақтары:**

1. Х.Дулати өмірі, қызмет және «Тарих-и Рашиди» шығармасының ерекшелігі.
2. М.Бабыр өмірі мен қызметі, «бабыр-наме» көркем туындысының ерекшелігі.
3. Қ.Жалаири өмірі, «Шежірелер жинағы» шығармасына шолу жасау.

#### **Тақырып бойынша ұсынылатын реферат тақырыптары:**

- 1.Бағзы заманның баяншысы – Бабыр.
- 2.Тарихтан сыр тартқан М.Х.Дулати.
- 3.Қ.Жалайыридың жазбаша жәдігері.

#### **Тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:**

- 1.Әбілғазы Бағадүрханның бізге жеткен шежірелері қандай?
- 2.Әбілғазының «Түрк шежіресі» қазақ халқының көне тарихынан, әдебиеті мен мәдениетінен алатын орны қандай?
- 3.Қ.Жалайыри еңбегі кімге арналып жазылған?
- 4.Мұхаммед Бабыр кім, қандай еңбегі бар?

#### **Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Келімбетов Н.Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық.А.,1986 (227-250 б)
2. Дала даналары. Алматы, 2001. (227-239, 248-263 б.)

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар. Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы, 1992

2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. Құрастырған М. Мағауин. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы, 1998.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы, 1997.
5. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы, 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы, 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы, 1967.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
11. Сүйіншәлиев Х. 15-18 ғасыр әдебиеті. – Алматы, 1994.
12. Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1991.
13. Сүйіншәлиев Х. Қазақ хандық дәуір әдебиетінің хрестоматиясы. – Алматы, 1995.
14. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы, 1968.
15. Қазақ әдебиетінің тарихы. Академиялық баспа V том. – Алматы, 1963.
16. Ысмайлов Е. Ақындар. – Алматы, 1956.

### **№9-шы тәжірибелік сабақ**

**Тақырыбы:** Жыраулық поэзияның тарихи тамырлары. Қазтуған Сүйінішұлы поэзиясы.

**Мақсаты:** Асан Қайғы жөнінде нақты тарихи мәліметтер, ол жайлы аңыз-әңгімелер, толғауларының тақырыптық-идеялары, көркемдік ерекшеліктері: Асан Қайғының қазақ әдебиетіндегі орнын анықтау.

Қазтуған Сүйінішұлының өмірі жайлы деректер, зерттелуі, оның жорықшы жырау болғандығын тарихи деректермен түсіндіру; толғаулардың тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасау.



## **Тапсырма:**

1. Асан Қайғының тарихи тұлға екендігі. Оның XIV ғасырдың соңғы ширегінде туып, XV ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға, мемлекет қайраткері екендігі. Белгілі орыс және қазақ ғалымдарының Асан Қайғының тарихи тұлға екендігі жайында айтқан пікірлері. Оның Алтын Орда ханы Ұлық Мұххамедтің (кейінен Қазақ ханы Ормамбет) қазақ ханы Жәнібектің ақылшы биі, уәзірі болғандығы. Халық арасындағы жыраудың зираты жөніндегі әңгімелер.

2. Жырау толғауларында кездесетін аллитерация, ассонанс, психологиялық егіздеу (параллелизм), басқа да тілдік айшық, көркемдік өрнектерді толғау мазмұнындағы идеялық-мазмұндық бүтіндікпен байланыста ала отырып қарастыру.

3. Асан Қайғы өмір сүрген кезең.

4. Өмірінен деректер.

5. Жырау толғауларының тақырыптық маңызы.

6. Толғауларындағы ерлік, елдік және ел қорғау мәселесі.

7. Толғауларындағы туған жер тақырыбы.

8. Жырау шығармаларының көркемдік ерекшелігі.

9. «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауын жаттап, оған әдеби-теориялық талдау жасау.

**Әдістемелік нұсқау:** Дәріс сабақтарындағы өткен материалдарды, сонымен қатар ұсынылған әдебиеттердегі қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи жағдай, жыраулар поэзиясының даму, қалыптасу жағдайына толық мағлұмат алуы керек. Соңғы кездегі жыраулар поэзиясына қатысты зерттеу еңбектерді қарау көзделеді. Мысалы: Әбішева Ш. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Оқу құралы. - Алматы: ТехноЭрудит, 2019. – 200 б.; Тоқсамбаева А. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2015. – 304 б.

«Таза мінсіз асыл тас» толғауы көп жылдардан бері Асан Қайғыға телініп келе жатқанмен, шын мәнінде, А. Байтұрсыновтың XIX ғасырдағы орыс аыны Ю.В. Жадовскаядан аударған шығармасы екенін түсіндіру.

## **Салыстару**

Ю.В.Жадовская	А.Байтұрсынов (аудармасы)
Лучший перл таится В глубине морской Зреет мысль святая В глубине души. Море взволновать Чтоб оно, в бореньи Выбросило перл.	Мінез таза меруерт Су түбінде жатады. Мінсіз таза асыл сөз, Ой түбінде жатады.
Надо сильно чувству, Душу потрясти, Чтоб она, в вострге Выразило мысль	Су бетінде жатқан зат, Жел толқытса шығады. Ой түбінде жатқан сөз Шер толқытса шығады.

XI ғасырдың өкілі Ж. Баласұнидің «Құтты білік» шығармасында да осы мен үндес пікірлер бар. Мысалы:

«211 Кісі көңілі түпсіз түбінде, анық, қойма сан.

Білім-інжу түбінде, анық, қойма сан.

Кісі інжуді шығармасы теңізден,

Тас не, інжу не, пайдасы не тегінде?

Қара жердің қатында алтын бас болар,

Егер шықса, бек басында тәж болар», - дейді белгілі ақын, ф.ғ.д., проф А. Егеубаев осы кітаптың алғы сөзінде.

### **Толғауларының тақырыптары:**

1. Замана, дәуір жайлы;
2. Ханға арнау (Жәнібек хан);
3. Философиялық.

### **Асан Қайғы**

*Ойыл деген ойыңды,*

*Отын тапсаң тойынды.*

*Ойыл көздің жасы еді,*

*Ойылда кеңес қалмадың,*

*Ойылдан елді көшірдің...*

Дыбыс үндестігі «О» дыбысты ерекше үндестік тауып, өлеңге өршіл рух беріп тұр. Дауысты дыбыстар толғаудың басында қатайланып, ерекше көтеріңкі үнмен жырланған, яғни ассонанс екені белгілі.

Жырау поэзиясында **эпитеттер** мол

*Елбең- елбең жүгірген,  
Еңбелек отқа семірген...  
Екі семіз қолға алып.  
Ерлер жортар күн көрген.*

Ер қанат – ат. Оның сынын суреттеп, сайгүліктің сапасын айқындап береді. Асан Қайғының толғауларында метафорлар көп қолданылған.

*Құладың құстың қоры еді,  
Аққу құс ару төре еді.  
Толғауда аққу-төре құс  
Құладың -құстың қоры дейді.*

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Аңызға айналып кеткен жыраулар тұлғасы жөніндегі ауызша жән жазбаша деректер.
2. Қотан жырау, Кетбұғы (Аталық жырау), Сыпыра жырау жөніндегі ел аңыздары және олар туралы жазбаша деректердегі мәліметтер.
3. Асан Қайғы өмірінен мәліметтер, зерттелуі.
4. Асан Қайғы туралы аңыз бен ақиқат, ол жайлы аңыздар.
5. Асан Қайғы жөніндегі тарихи мәліметтер.
6. Толғауларының тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктері.
7. «Бұл заманда не ғаріп?» толғауын жатқа айтып, оған әдеби-теориялық талдау жасау.

### **Зерттеуші ғалымдар пікірлері:**

1. Х. Сүйіншәлиев: «Қазтуған – Алтын Орда заманындағы ноғайлы-қазақ дәуір әдебиетінің көрнекті өкілі». XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1992.
2. М. Мағауин: «Қазтуғанның ақындық қуатын танытатын шығарма- оның туған жермен қоштасу жыры». Ғасырлар бедері. – Алматы, 1991.
3. С. Қирабаев: «Қазтуғанның ақындық қуатын танытатын бүгінгі ұрпаққа сақталып жеткен үш жыры: «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Бұдырайған екі шекелі», «Белгілі биік көк сеңгір» жырлары оның үлкен жырау болғанын дәлелдейді. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. – Алматы, 2000.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар. Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы, 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. Құрастырған М. Мағауин. – Алматы, 1993.
3. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы, 1998.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы, 1997.
5. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. Т.1. – Алматы, 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы, 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. ІІ том. – Алматы, 1967
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. ІІІ том. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
11. Сүйіншіәлиев Х. 15-18 ғасыр әдебиеті. – Алматы, 1994.
12. Мақыпов С. «Қазақ әдебиеті газеті» – Алматы, 1999. Қазан айындағы санынан «Асылтас кімнің шығармасы» деген мақаланы қараймыз.
13. Тілепов Ж. Елім деп еңіренген ерлер жыры. – Алматы, 1995.
14. Сүйіншіәлиев Х. Қазақ хандық дәуір әдебиетінің хрестоматиясы. – Алматы, 1995.
15. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы, 1968.
16. Қазақ әдебиетінің тарихы. Академиялық баспа Vтом. – Алматы, 1963.
17. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы, 1991.
18. Ысмайлов Е. Ақындар. – Алматы, 1956.
19. Қазыбайұлы С. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті (жыраулар поэзиясы). – Ақтөбе, 2004.
20. Мақыпұлы С. Қазақ әдебиеті // «Таза мінсіз асыл тасты енді шатастырмайық» 1998 ж. 31 шілде.
21. Мешітбаев Н. Қазақ әдебиеті. Өлеңін ұлы Ахаң аударған Жадовская кім еді? 2006.10.03.

22. Есенжанов Ү. Халық кеңесі. Асан Қайғы күмбезі. №75, 01.07.1995.

### №10-шы тәжірибелік сабақ

**Тақырыбы:** Доспамбет жырау (XVI ғасыр). Шалкиіз Тіленшіұлы мұрасы.

**Мақсаты:** XVI ғасырдағы әрі батыр, әрі жорық жырау екенін таныту. Жорық жырауына тән ерекшеліктерді аңғарту, өзіндік ерекшеліктерін көрсету.

Шалкиіз Тіленшіұлы толғауларының ерекшелігін аңғарту, эпикалық дәстүрді жасаған ақын екендігін байқату, жыраулар поэзиясындағы орнын ашып көрсету.

**Тапсырма:** Толғаулары:

1. Қоғалы көлдер, қом сулар
  2. Қалаға қабылан жаулар тигей ме.
  3. Азау, Азау дегенің.
  4. Айна бұлақ басы тең.
  5. Тоғай, тоғай, тоғай су.
  6. Айналайын, Ақ жайық.
  7. Озушылар, озмаңыз.
- Қоғалы көлдер, қом сулар 8  
-аллитерация, эпитет  
Қоныстар қонған өкінбес. 8  
Арыстандай екі бұтын алшайтып, 11  
-ассонанс, теңдеу  
Арғымақ мінген өкінбес. 8  
Кілең бұздай кілшейтін, -аллит, теңдеу. 7  
Көбелер киген көрінбес. 8  
Жұпарын қардай боратып, -теңдеу. 8  
арулар құшқан өкінбес. 7  
Құрама шапшаң көп қымыз, 8  
құйып ішкен өкінбес. 7  
Екі арыстан жау шапса, 8  
Оқ қылқандай шапшылса, 7  
Қан жусандай егілсе, 7

*Аққан судай төгілсе, 7*  
*Бетегейлі Сарыарқаның бойында 11*  
*Соғысып өлген өкінбес! 8*

Тақырыбы: ерлік, елдік мәселесі.

Идеясы: ерлікті дәріптеу.

Жанры: толғау (тирада түрінде).

7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Қайталаудың, эпифора түрі қолданылған (соңғы сөзі «өкінбес» қайталанған).

Ноғайлы Ордасының ең ұлы жырауларының бірі екендігі. Ата-тегі, өскен ортасы. (Алшын ішіндегі Құяс табынан шыққандығы. Ноғайлының ұлы биі Мұсаның жиені екендігі. Жастай жетім қалып, Мұсаның тәрбиесінде болуы. Саналы ғұмырының барлығын ақсүйек шонжар әулеттерінің ортасында, Ордада өткізгендігі.

Әкесі Тіленші – әскери шонжар ортадан шыққан батыр екендігі. Шалкиіздің Ноғайлы Ордасының әміршілері Темір би, Жүсіп, Мамайлардың ақылшысы, кеңесшісі болғаны).

Шалкиіздің өскен ортасы жайында М. Тынышбаев, Вельяминов, В.В. Зернов, М. Мағауин, В.Д. Смирнов пікірлері. Ноғай Ордасында Жүсіп пен Исмайылдың билікке таласу күресінде Жүсіптің жағында болуы. Жыраудың өз өмірінің соңғы кезеңін қазақ ханы Хакназардың жанында өткізгендігі. Қолда бар дерек көздеріне сүйене отырып Шалкиіздің шамамен 1465-1560 жылдардың арасында өмір сүргендігі.

**Әдістемелік нұсқау:** Доспамбет жыраудың XV ғ. соңы XVI ғ. алғашқы жартысында өмір сүрген жырау екендігі. Оның есімінің бүкіл Ноғайлы Ордасы мен Азаулыға мәлім мәшһүрлігі. Доспамбет жорықшы жырау, талай шайқастарда ерлік көрсеткен батыр, қолбасы. Ол Азаулы Ордасы (Кіші Ноғайлы) Қырым хандығы, Астрахань хандығы, Үлкен Ноғайлы Ордасы арасындағы (ағайынаралық) қиян-кескі ұрыста қаза табады. (1523) жырау ол кезде отызға да толмаған болатын. Бұл жайындағы Н.М. Карамзиннің дерегі. (Н.М. Карамзин. история Государства Российского, Т.VII, СПб., 1817, стр. 123; В.Д. Смирнов, Крымское ханство под верховенством Отаманской Порты до начала XVIII в., СПб., 1887, стр. 392).

Көркемдік өрнегі. (Аллитерация, ассонанс, метафора, теңеу).

### **Доспамбет:**

1. Ел
2. Шешен, сөз зергері
3. Ерлікті жырлаған
4. Үлкен ақыл иесі
5. Батырларды дәріптеген
6. Елінің патриоты
7. Ойшыл
8. Ержүрек
9. Ділмар
10. Жорықшы жырау
11. Қолбасы
12. Әскери шонжар

Сұрай арнау көп кездеседі.

*Айналайын Ақ жайық,  
Ат салмай өтер күн қайда?  
Еміне кірер күн қайда?*

Көгілдір жайықты ақ жайық деп суреттеп ақ, боз түсті қазақ киелі деп бағалаған.

Шалкиіз жыраудың революциядан бұрын ең көп баспа бетін көрген жырау екендігі. Орыс ғалымдары мен зерттеушілерінің Шалкиіз мұрасына ең жоғары баға бергендігі. Революцияға дейін жыраудың би Темірге айтқан жырлары орыс тілінде шыққан әр түрлі жинақта мен мерзімді баспасөз бетінде төрт рет жарық көруі. Ы. Алтынсарин, В. Радлов, М. Бекмухамедов, Ф. Мұштақ, М. Османов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Е. Ысмайлов, Ә. Марғұлан, Х. Сүйіншалиев, Ә. Дербісалин, М. Мағауин, Қ. Сыдықов еңбектерінің мәні.

### **Зерттеушілер пікірі:**

1. Қ. Өміралиев: «Доспамбетті қазақ, ноғай, қарақалпақ т.б.халықтардың ортақ еншілігі бар мұра ретінде қарау керек» (XV-XIX ғ. Қазақ поэзиясы, 1976.).
2. М. Мағауин: «Доспамбет жорықшы жырау. Бізге жеткен толғауларының рухын айтпағанның өзінде талай ұрыс-қағыстың

куәсі болғандығын көрсететін жолдары жеткілікті». («Ғасырлар бедері». – Алматы, 1991.).

3. С. Қорабаев: «Жыраулардың бүгінге жеткен мұрасы аз ғана-бар жоғы 160 жолдың көлемінде. Осы жыр үзінділерінің өзіне қарап оның шығармаларының тікелей жорық үстінде, ұрыс майданында туғанына көзіміз жетеді». (Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.3. – Алматы: Академиялық баспа, 2000.).

#### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Өмір жайлы мәлімет, зерттелуі.
2. Толғаулардың негізгі тақырыптары.
3. Жырау толғауларының көркемдігі.
4. Жырау толғауларының негізгі сарыны.
5. «Аймадетке оқ тиді» толғауын жатқа айту және оған әдеби-теориялық талдау жасау.
6. Өмірі, өскен ортасы, ол жайындағы зерттеулер.
7. Жырау мұраларының зерттелу, жиналу сипаты.
8. Толғаулары, «Битемірге айтқаны».
9. Алғаш эпикалық дәстүрді жасаушы.
10. Шығармаларының кеңес дәуіріне дейін баспадан жарық көруі.
11. «Битемірге айтқаны» толғауына әдеби-теориялық талдау.
12. Шығармаларының қазақ әдебиетіндегі орны.
13. Шалкиіз поэзиясының ерекшелігі.
14. Көркемдік сипаты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар/ Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы: 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. Құрастырған М. Мағауин. – Алматы: 1993.
3. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы, 1998.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: 1997.
5. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: 1993.



7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы: 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы: 1967.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. / ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
11. «Қазақ әдебиет» газеті. – Алматы: 1996. №12 сан.
12. Литература востока среднего века. Журнал. – Алматы: 1971.
13. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.
14. Сүйіншәлиев Х. 15-18 ғасыр әдебиеті. – Алматы: 1994.
15. Сүйіншәлиев Х. Қазақ хандық дәуір әдебиетінің хрестоматиясы. – Алматы: 1995.
16. Қазақ әдебиетінің тарихы. Академиялық баспа V том. – Алматы: 1963.
17. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: 1991.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

18. 1908 ж. Мақаш Бекмухамедов «Жақсы үгіт» Қазанда басылды.
19. Ғұмар Қарашев 1972 ж. Орынборда «Шайыр» жинағына толғауларын енгізді.
20. 1971 ж. «Алдаспан» жинақта жарияланды.
21. 1989 ж. «Бес ғасыр жырлайды».
22. 1978 ж. «Поэты Казахстана» Петербург.

#### **Толғаулары:**

1. *Алаштан байтақ озбаса*
2. *Жапырағы жасыл жаутерек.*
3. *Би темірге бірінші толғау*
4. *Жақсының жықсылығы сол болар...*
5. *Күпшек санды тіл жалмаған күреңді..*
6. *Жалп-жалп ұшқан жапалақ.*
7. *Би темірді хаж сапарынан тоқтауға айтқаны.*
8. *Қозғалы көлдер қом сулар.*
9. *Жел, жел есер, жел есер.*
10. *Жауынды күні көп жүре.*
11. *Арқаның құба жонында.*

12. *Көктеп мінген еріңнің...*
13. *Шағырмақ бұлт жай тастар...*
14. *Айырдан тауға жампоз бар...*
15. *Ағынды сулар, аймақ көл*
16. *Асқар, асқар, асқар тау...*
17. *Ор, ор қоян, ор қоян...*
18. *Орманбет би өлген күн...*
19. *Жайыңды білген қарындас..*
20. *Қатынасы биік көлдерден...*
21. *Ер Шобан.*

### **Толғауларының тақырыптары**

«Оның шығармаларының негізгі ерекшелігі-философиялық толғаныстардың молдығы. Соған орай Шәлгез философиялық бағыттағы әдебиеттің негізін салған жаңашыл ақын деп танылады. Жыраудың толғаулары дидактикалық үлгідегі ғибарат сөздер, адамгершілігі жоғары, әділетшіл ақыл иесінің даналық кеңесі болып табылады», дейді С.Қазыбайұлы өзінің «XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» еңбегінде.

Мысалы:

<p><b>Доспамбет</b>  Қоғалы көлдер, қом сулар,  Қоныстар қонған өкінбес  Арыстай екі бұтын  Алшайтып,  Арғымақ мінген  Өкінбес...  ....Ол қылқандай шаншылса,</p>	<p><b>Шәлгез</b>  Қоғалы көлдер, қом сулар,  Кімдерге қоныс  Болмаған,  Саздауға біткен қара  Ағаш,  Кімдерге сайғак,  Болмаған...  Күлелікте ойналық,</p>
<p>Қан жусандай егілсе,  Аққан судай төгілсе,  Бетегелі Сары арқаның  Бойында  Соғысып өлген  Өкінбес!  Тақырыбы: ерлік мәселесі 7-8, 11 буын аралас.</p>	<p>Киелік те ішелік,  Мынау жалған дүние  Кімдерден кейін  Қалмаған!!!  Тақырыбы: дүниенің өткінші екендігі сұрай арнау түрінде жазылған. 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған.</p>

Шалкиіз толғаулары баспаға кеңес дәуіріне дейін жарияланған.

Толғауларын тұңғыш Могомед Османов құрастырып, жариялаған (1840-1904 ж.)

1. «Аспанды бұлт құрайды», «Қарабас күспен шалдырып» екі көлемді толғауы басылып шығады. 1875 ж.
2. Ы. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына Орынбор, 1879 ж.» енгізді.
3. В.В. Радлов «Образцы жинағының 7 томы. 1896.
4. «Жақсы үгіт» (қазан, 1903 ж.)
5. «Ақын» (қазан, 1912 ж.)
6. «Шайыр» (Орынбор 1912 ж). – Шәңгерей Бөкеев.
7. «Көкселдір» (Орынбор 1912 ж). – Шәңгерей Бөкеев жарияланған.

Кеңес дәуірі тұсында кеңінен басылды.

1. Мағауин М. Құрастырған «Алдаспан». – Алматы: 1971.
2. М. Мағауин құрастырған «Поэты Казахстана, 1978 ж. Мәсеку»
3. «Бес ғасыр жырлайды» (1984-1989 ж. жинаққа енді).
4. XV-XIII ғғ. Қазақ ақын-жыраулары. – Алматы: 1982. Академиялық ғылыми басылым.
5. «Сөз қазынасы» 4 томдық жинақ. – Алматы: 1934.
6. 1960 ж. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулыққа енеді.
7. Х. Сүйіншәлиев 1967. «Қазақ әдебиетінің қалыптау кезеңі».

### **Шалкиіз толғауларында эпитеттер көп**

*Сен-алтынсың, мен-пұлмын,  
Сен-жібексің, мен-жүнмін,  
Сен-сұлтансың, мен-құлмын,  
Сен-сұңқарсың, мен-қумын.*

Алтын – пұл, жібек-жүн, сұлтан-құл, сұңқар-қу деген бір-біріне қарама қарсы айқындалулар шебер пайдаланылған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М. Мағауин Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. /ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар/ Үшінші кітап. Оқулық. А., 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. / Құрастырған М. Мағауин. А., 1993.
3. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ әдебиеті. Оқулық.

4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. А., 1997.
5. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. І том. А., 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. А., 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. / Генезис, Стилистика, Поэтика / А., 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. ІІ том. А., 1967.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. ІІІ том. /ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы/ Алматы: «Ғылым», 2000.
11. М. Мағауин Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. /ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар/ Үшінші кітап. Оқулық. А., 1992.
12. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. / Құрастырған М. Мағауин. /А., 1993.
13. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ әдебиеті. Оқулық.
14. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. А., 1997.
15. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982.
16. Бес ғасыр жырлайды. І том. А., 1993.
17. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. А., 1973.
18. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы, 2001.
19. Қазақ әдебиетінің тарихы. ІІ том. – Алматы, 1967.
20. Қазақ әдебиетінің тарихы. ІІІ том. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
21. «Қазақ әдебиет» газеті. – Алматы, 1996. №12 сан.
22. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1976.
23. Сүйіншіәлиев Х. «15-18 ғасыр әдебиеті». – Алматы, 1994.
24. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы, 1991.
25. Сүйіншіәлиев Х. Қазақ хандық дәуір әдебиетінің хрестоматиясы. – Алматы, 1995.
26. Ысмайлов Е. Ақындар. – Алматы, 1956.

## №11-ші тәжірибелік сабақ

**Тақырыбы:** XVII ғасыр әдебиеті. Жиёмбет жырау, Марғасқа жырау. XVIII ғасыр әдебиті. Бұқар Қалқаманұлы.

**Мақсаты:** XVII ғасырдағы жыраулар поэзиясына тән негізгі ерекшеліктерді аңғарту. Жорық жырауларына тән негізгі қасиеттретді ашу. Жиёмбеттің қазақ әдебиеі тарихындағы орнын белгілеу. Оны толғауларынан дәлелдеу. ХҮІІ ғасырда өмір сүрген Марғасқадан қалған жалғыз толғаудың мәнін ашу. Өзіндік пайымдаулар айтылып, қорытынды жасау.

XVIII ғасыр әдебитінің ерекшеліктерін таныту; XVIII ғасыр әдебиетінің ірі өкілдерінің шығармаларын тақырыптық-идеялық, көркемдігі жағынан талдай отырып, бүгінгі көзқараспен баға беру; ғылыми негізде, қорытынды жасап, тұжырым жасау; әрбір ақын-жыраудың өзіндік ерекшелегін, стилін таныта отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге дағдыландыру; ақын-жыраулар шығармаларының тарихи әдеби және тәрбиелік мәнін ұғындыру; көркем шығармалардан үзінділер жаттау арқылы мәтінге талдау жасауға үйрету және сөздік қорын байыту, тіл мәдениетін қалыптастыру.

**Тапсырма:** XVII ғасырдағы қазақ хандығындағы тарихи-әлеуметтік жағдай. Есім мен Жәңгір ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның бір орталыққа бағынатын мемлекет құру саясаты.

Есім хан мен Қатаған ұлысы мен Ташкенттің ханы Тұрсын Мұхамед Сұлтан арасындағы қайшылықтың себептері. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заңдар жүйесі. Сыртқы жау ойрат шапқыншыларына қарсы Есім мен Жәңгірдің қазақ жерін азат ету соғысы. Жәңгір ханның әскери істегі реформаларының мәні. Осы дәуірде өмір сүрген Жиёмбет пен Марғасқа жыраулардың толғауларында Есім хан заманының кемел оқиғаларының көрініс табуы.

Марғасқа жыраудың «Ей,Қатағанның хан Тұрсын» деп басталатын толғауындағы дәуір сипаты. «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» өлеңін жатқа айт.

XVIII ғасырда қазақ даласына ойрат басқыншыларының жойқын шабуыл жасауы. Қазақ халқының «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» трагедиясына ұшырауы (1723 ж). Қазақ хандығының іштей ыдырап, елдің ауыр дағдарысқа ұшырауы.

XVIII ғасыр әдебиетінің ең көрнекті тұлғасы – Бұқар жырау (1668-1781). Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, Бұқар арғын ішінде Төртуыл Қаржастан шыққан. Бұқардың ата-мекені – Баянауыл төңірегі. Әкесі Қалқаман батыр болған. Зерттеуші М. Мағауин Бұқар жырау Қалқаман ұлын 1668жылдар шамасында туып, бір ғасырдан астам жасап, 1781 жылдар шамасында өлген деп есептейді. Бұқар Абылай ханның ақылшысы, кеңесшісі, бітілкер биі болған. Тіпті Тәуке ханның тұсында-ақ ордадағы белді би, батагөй адамдардың бірі болғаны аңғарылады. Абылай ханның қазақ елін бір орталыққа бағынатын күшті мемлекет ету саясатын өзінің сөзімен, жырларымен қолдап, елді бірлікке шақырған көрнекті мемлекет қайраткері.

**Әдістемелік нұсқау:** Бортағашұлы Жиёмбет жыраудың Алшын руының көшкен әскери аристократиясынан шыққандығы.

Алшын руынан Самарқанд қаласының әкімі болған атақты Жалаңтөс баһадүрдің шығуы. (Ол Самарқанд шаһарындағы Регистанда орналасқан Жері – Дор медресесі мен Тіллә – қари мешіттерін салғызған).

Халық аңыздарының және шәкірттерінің айтуынша, Жиёмбеттің арғы атасы – Ноғайлыдан шыққан атақты Алау батыр; Алау – XVI ғасырдың алғашқы жартысында жасаған, тарихқа белгілі адам екендігі.

Марғасқа жыраудың Есім ханның белгілі батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы болғандығы. XVII ғасырдың айтулы тарихи тұлғаларының бірі екендігі. Мұраларының біздің заманымызға толық жетпеуі. Марғасқа жыраудың (XVII ғасыр) ерлікті, достықты, адалдықты жырлаушы, қазақ поэзиясындағы көне дәстүрді жалғастырушы екендігі.

Саяси бірліктің әлсіздігі. Ел бірлігіне шақыратын Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің қазақ тарихынан алатын орны, оның жыраулар поэзиясындағы көрінісі. Ойраттардың 1723-1725 және 1740-1742 жылдардағы қазақ даласына шабуыл жасауы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» апаты. Ойраттың Сыбан Раптан (1697-1727 ж.ж.) және Галдан Церен (1727-1746 ж.ж.) сияқты Қоңтайшыларына күйрете соққы берген қазақтың ер жүрек батырлары (Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Олжабай, Райымбек, Жанатай, Жәпек, Сары, Баян, Малайсары, Ер Жәнібек) мен үшт жүздің басын қосып, сыртқы жауға бастаған ержүрек хан Абылай бейнелерінің жыраулар поэзиясында асқақ жырлануы.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. ХҮІІ ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай және әдебиет.
2. Жиёмбет толғауларының мәні.
3. Өмірі, шығармаларының зерттелуі.
4. Жиёмбет-әрі батыр, әрі жырау.
5. Есім ханға айтқаны.
6. Ерлікті жырлаған жырау поэтикасы.
7. Есім ханға арналған өлеңдерін жатқа айт.
8. Марғасқа өмірі жайлы, ержүрек батыр.
9. Есім хан тұсындағы Қазақ хандығы. Ішкі және сыртқы саясат.
10. Марғасқа – ерлікті, адамдықты жырлаған қазақ поэзиясында көне жыраулар дәстүрін жалғастырушы.
11. Есім ханның жорықшы жырауы болған.
12. Бізге жеткен жалғыз толғауы – «Ей, Қатағанның хан Тұрсын».
13. ХVІІІ ғасыр. Тарихи-әлеуметтік жағдай.
14. ХVІІІ ғасыр. Әдебиетінің басты ерекшеліктерін анықтап, көрсету, таныту.
15. Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі, зерттеушілер пікірі.
16. Толғауларының тақырыптық идеялық ерекшелігі.
17. Жырау толғауларындағы ел бірлігі мәселесі.
18. Бұқар шығармаларындағы Қабанбай, Бөгенбай т.б. қазақ батырларының және Абылай хан бейнесі.
19. Жыраудың дидактикалық толғаулары, өсиет, нақыл сөздері.

20. Толғауларының көркемдігі.
21. «Ай, заман-ай, заман-ай» толғауын жатта; «Тілек» толғауына әдеби-теориялық талдау жасау.
22. Жырау мұраларының жиналып, зерттелуі.
23. Бұқар жырау шығармаларындағы тарихи шындық.
24. Бұқар жырларының көркемдік мәні.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М. Мағауин Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. /ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар/ Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы: 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. / Құрастырған М. Мағауин. – Алматы: 1993.
3. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ әдебиеті. Оқулық.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: 1997.
5. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. / Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы: 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы: 1967.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
11. Сүйіншәлиев Х. ХVІІ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: 1986.
12. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1986.
13. Қ. Жұмағалиев «Әдебиет теориясы». – Алматы: 1976.
14. «Қазақ әдебиетінің тарихы» III том. – Алматы: 2000.
15. «Алдаспан жинағы». – Алматы: 1971.
16. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: 1991.
17. Мағауин М. Қазақ хан дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: 1996.
18. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңі. – Алматы, 1996.
19. «Қазақ әдебиет» газеті. 1996ж. №12 сан.
20. Литература востока среднего века. Журнал, 1970.
21. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.



22. Сүйіншәлиев Х. XV-XVII ғасыр әдебиті. – Алматы: 1994.

### **Зерттеушілер пікірі:**

1. С. Сейфуллин: «Есім хан өмір сүрген кезде Жиёмбеттен басқа да көптеген батырлар болған. Жиёмбет Есім ханға қызмет істеген және жағаласып өткен жырау».
2. М. Мағауин: Жиёмбет – Есім ханның әскербасы батырларының бірі, әрі жорықшы жырау. (Ғасырлар бедері. А., 1991 ж.)
3. С. Дәуітов: «Жыраудың барлық саналы ғұмыры Еңсегей бойлы Ер Есім ханның қасында өтеді. Ол ханмен тең сөйлесіп, керек жерінде үзеңгі қағыстыруға дейін баратын сияқты». («Қазақ әдебиетінің тарихы» III том. 2000 ж.).
4. С. Дәуітов: «Есім ханның үлгісі істерін талай тарихшылар жазған да, айтқан да шығар, бірақ ерекше бағалы екені даусыз». (Қаз.әд.тар. 3 том. А., 2000 ж.)
5. М. Мағауин: «Марғасқаның Тұрсын ханға айтқан жыры оның от тілді, өжет, аса талантты жырау екендігін аңғартады». (Ғасырлар бедері. А., 1991 ж.)
6. Қ. Байболов: «Марғасқа ел аузында билікке Төле би жеткен, хандыққа Есім хан жеткен деп атаққа шыққан Еңсегей бойлы Ер Есімнің тұсында өмін сүріпті» (Төле би. А., 1991 ж.)

### **Зерттеушілер пікірі:**

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев: «Абылай ханның заманында Тортуыл, Қаржас, Алтынсары, Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған екен. Заманымыздағы сыншылар ол кісіні «көмекей әулие» дейді. Көмекей бүлкілдеп сөйлейді да отырады екен. Қара сөз жоқ, аузынан шыққан сөзінің бәрі жыраумен шығады екен» - дейді. «Мес» деп аталатын қолжазбаның I томында.

### **2. Үмбетей жырау:**

*«Туған жерің Жиделі-Байсын екен»,  
Елібай деп атаған Бұқар маңы,  
Атыңды Бұқар қойған сол себептен,  
Мәлім ғой ол қазақтың ескі заңы.  
Соғыста қалқам жеңіп, басып келген,  
Белгісіз келген ханның қанша саны.*

*Бастап келген Қалқаман- сенің әкең,  
Батырды қарсы алыпты Бұқар ханы.  
Екі жылда еліне қайтарыпты,  
Босатып, Ембі, Зайсан екі араны.  
Онда сенің бір жасар бала күнің,  
Қазақта Әз-Тәукенің хан заманы», - дейді.*

1. Сәкен Сейфуллин «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1913) атты кітабында: «Бұқар жырау Аблай ханның заманында ханның бірінші жыршысы, шешен, ақылшысы болған. Руы Арғын» (Арғынның сүйіндігі), моласы Баянауылда Далба тауының ішінде», - деген аз ғана мәлімет береді.
5. Қайым Мұхамеджанұлы: «Бұхар толғауларында адамның өмір жасына арнап өлең-жыр айту дәстүрі бар. Ондай жырлар адамның өмір тағдыры туралы терең тебіреніп, толғануынан туады». (Қазақ әдебиеті, 1993. Көкек №9).
6. М. Әуезов; «Анығынды өсиетшіл қария, толғау қамын жеу болғандықтан, артында қалдыпған сөздерінің барлығы әлеуметшілдік сарынмен айтылады ».

Шежіре

Қалқаман → Бұқар → 1. Ақдербес  
Ел қорғаған батыр 2. Жарылғап  
3. Жанта

Ұрпақтары бүгінде Қарағанды, Павлодар, Ақмола, Алматы облыстарында тұрады.

**Бұқардың өскен ортасы мен өмірбаянына байланысты пікірлер:**

Біріншісі көненің көзін көрген, хат танып, сөз ұққан карттар ұлы жырау Баянауылдағы Сұңқария деген жерде туғанын, балалық, жастық шағы Ходжент, Бұхара маңында, Түркістан маңында өткендігін айтты. Осы пікірді белгілі жазушы және жырауға жиен болып келетін Дихан Әбілевте құптайды.

Екіншісі, ұлы жыраудың Бұқар болғандықтан, Бұқарада туды деген жорамал бар. Негізінен жас күнінен Бұхара, Самарканд медресесінде оқып, осы өңірде өскендіктен, Бұқар аты тағылып, ел арасында осылай тарап кеткен.

Бұқар Шалкиіз үрдісін әрі қарай жалғастырушы жырау. Бұқар тіпті Шалкиіз жасаған көркем образдарды, кейде тіпті тұтас жолдарды пайдаланып отырды. Мысалы, Шалкиіз:

«Жауынды күні көп жүрме,  
Жар жағасы тайғақ-ты,  
Жаманға сырынды қосып сөз айтпа,  
Күндердің күні болғанда,  
Сол жаман басыңа айғақ-ты... » - десе,

Бұқар:

«Жар басына қонбаңыз,  
Дауыл соқса үй кетер,  
Жатқа тізгін бермеңіз,  
Жаламенен бас кетер.  
Жаманменен жолдас болсаңыз,  
Көрінгенге күлкі етер...».

Бұқар осы жолдарда айтылған ойларды сол күйінде алады, алайда кейбір сөздерін өзгертіп, өзінше талдайды. Сол сияқты Бұқардың «Айтар болсаң, алланы айт» деп басталатын өлеңіндегі негізгі Шалкиіздің «Ау, бөрілер, бөрілер» деп басталатын жолдарын қайталау болып есептеледі.

Бұқар тек қана Шалкиіз поэзиясынан ғана үйреніп қойған жоқ, қазақтың ескі халық поэзиясының тұнығынан да мейлінше сусындағандығы. Бұқардың жаңашылдығы. Қазақ өлеңін тақырыптық жағынан байытуы. Кейінгі уақытта, Абай заманында, аренаға шыққан аренаға шыққан жаңа кейіпті, жаңа сападағы поэзияға көшудің кейбір белгілерін бұқардан ұшыратамыз. Бұқардың «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» деп басталатын туындысы тамаша суреттерімен табиғат лирикасының өзіндік бір әсем үлгісіне жатуы.

«Бұл, үйрек, бұл үйрек,  
Бұрылып ұшар жаз күні,  
Боз мойынды сұр үйрек  
Көлге қонар жаз күні»

Бұл туындыны Абайдың атақты «Жаз» өлеңінің алғашқы бір нұсқаларының қатарына жатқызса да боларлық. «Бұқар өзінің кейбір жырларында ескі канондарды бұзады, өз жолын

салады. Көне жыраулық поэзия көбіне өз алдына дербес, жекелеген ойларға құрылған жолдардың жиынтығы болып келетін, қанша әдемі болғанмен құрау-құрау сияқты көрінетін : бұрынғы өткен жыраулар творчествосының әлсіз жақтары осыған байланыты. Бұқыр, негізінен байырғы дәстүрді қабалдайды. Алайда, заманының озықтығы, қазақ әдебиетінің ескімен салыстырғанда біршама өскендігі және өзінің зор таланты мен ақыындық интуициясының тереңдігі. Бұқардың жекелеген реттерде көне сүрлеуден шығарып жіберіп отырады. Бұқар санасыз түрде кейін Абай қазақтық еткен европалық поэзия үлгілеріне жақын барады» (М. Мағауин).

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. (XV-XVIII ғасырлар) Үшінші кітап. Оқулық. А., 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. (Құрастырған М. Мағауин) А., 1993.
3. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. А., 1997;
4. Сүйіншалиев Х. VIII-XVIII ғасырлар. Қазақ әдебиеті. Оқулық.
5. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. I том. А., 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. А., 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. (Генезис, Стилистика, Поэтика) А., 1967.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. (XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). Алматы, «Ғылым» 2000.

### **Толғауларының тақырыбы:**

1. Ел бірлігі, татулығы, ынтымағы мәселесі;
2. Халық батырларын дәріптеген;
3. Абылай хан бейнесінің сомдалуына арналған толғаулар;
4. Адам өмірінің кезеңдері;
5. Замана, дәуір жайлы толғаулары;
6. Адамгершілік тақырыбы, жеке адамдар басындағы кемшіліктерді сынау;
7. Дидактикалық толғаулар.  
Өлеңдері көркемдік сөзге толы. Қанатты сөзі көп. Әр сөзі шешендікке, билікке құрылады.

*Сен бұзау терісі-шөніксің,  
Мен өгіз терісі-талыспын.  
Ескі архаизмдер*

**Шөнік** – иленген бұзау терісінен жасалған ұсақ-түйек салатын ыдыс.

**Талыс** – етікшінің етік тігетін саймандарынан салатын тері ыдыс.

(Түсіндірмелі сөздік 326-бет,1 бағана,5-қатар 2том.)

*Төстен қашқан тұлкідей (теңеу)*

*Бұлаңдатқан жиырма бес*

*Тоқсан бес деген тор екен,*

*Қарғиын десең екі жағы ор екен.*

*Түсіп кетсең түбіне*

*Түбі жоқ терең көл екен.*

*Ел қонбайтын шөл екен.*

Метафораның ұлғайған түрін торға, орға, өлге, шөлге жарға бес нәрсеге балап тұр. Өлеңдері толғаулары дидактикалық сарында жазылған.Ой желісі үзілмейді, пікір тұтас, дауында, шешуін де өзі айтады. Үгіт-насихат басым, тәрбиелік мәні зор.

### **Бұқар жырау**

→ Белді де беделді би

→9 ханның уәзірі болған

→Ханның жаршысы

→Ақылша данагөй

→ Абылай ханның замандасы

→Қалқаман батырдың баласы

→Шешен,ділмар

→ Діни білім бар адам

→Көреген, сәуегей

→ Тәуке ханның «жарғысын» құруға қатысқан.

Сондай-ақ, жараудың Бежіннен қолжазбасы табылғанын «Ана тілі» (1990) газетінде белгілі жазушы Ақсеуіл Сейдімбеков хабарлайды. Ол Бежін қаласындағы Манжың патшалығының қоймасынан табылған. Аумалы 940 жолдық 36 толғау.

Нақыл сөздер

*Құм жиылып, тас болмас,*

*Құл жиылып, бос болмас,  
Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас,  
Дос болған мен, хош болмас,  
Екі жақсы дос болмас,  
Дос болса, түбі бос болмас*

*... Өлмегенде не өлмейді?  
Жақсының ата өлмейді,  
Әлемнің хаты өлмейді.*

*Ер жігіттің қадірін,  
ағайын білмес, жат білер,  
Жорық жолы болуын,  
Қария білмес сәт білер.*

## **№12-ші тәжірибелік сабақ**

**Тақырыбы:** Қожаберген жырау, Ақтамберді Сарыұлы, Тәтіқара ақын мұралары.

**Мақсаты:** Қожаберген жыраудың әдебиет тарихындағы орны. «Елім-ай» - ел тағдыры. Дастанның туу тарихы. Жорық жырауы Ақтамберді толғауларының мәнін жете ұғындыру; толғауларындағы жыраудың өмірге көзқарасын анықтап көрсету; толғауларының тақырыптық, көркемдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда талдап көрсету; жырау жайлы зерттеушілер пікірімен таныстыру.

Тәтіқараның XVIII ғасырдағы ақындық дәстүрді дамытушы екендігін аңғарту; ақын шығармаларын ғылыми жүйеде талдау, баға беру.

**Тапсырма:** Жырау шығармаларында өз өмірінің белестерінің көрініс табуы. Атадан жалғыздығы, ағайыннан көрген қорлық, азабы шығармаларында ішкі қайғы мұң болып қозғалуы. Осы тақырыптағы «Дұшпаннан көрген қорлығым», «Жағалбай деген ел болар», «Әңгіме жамау түскенін», «Атадан тудым жалқы боп», «Әкем көрген зорлықты», «Көк көгершін, көгершін» деп басталатын толғауларына тоқталу.

Тәтіқара ақын – қалмақтарға қарсы жорықтарды ұйымдастырушы, әрі жырау, әрі батыр, әрі жыршы, әрі ұраншы ақын, импривизатор; «Ер Тарғын», «Қобыланды» сияқты жырларды халыққа таратушылардың бірі. Бөгенбай, Олжабай, Жәнібек батырлармен бірге жауға аттанып, әскерінің көңіл күйін көтерген. Батырлардың ерлігін дәріптеген, тіпті керек жерінде ханның қателігін бетіне айта білген. Өмірінің соңғы жылдары хан сарайынан қудаланған. Ел қорғаған батырларды жырлаған «Қамыстың басы майда, түбі сайда», «Ассалаумағалейкүм, жайсандар мен қасқалар» т.б. толғаулардың авторы.

**Әдістемелік нұсқау:** Тәтіқара ақынның өлеңдерінде юморлық, сатиралық, қаһармандық, романтикалық образдарға тән нышандар байқалады.

*Жау жағадан алғанда,*

*Ит етектен алғанда.*

*Ер Абылай қорыққан жоқ,*

*Әншейін еңкейе беріп жылысты.*

Қалмақпен шайқас кезінде аблай әрекетін жеңіл әзіл сынап өтеді.

### **Зерттеушілер пікірі:**

М. Мағауин: «Жұртшылық санасындағы Тәтіқара- қазақ халқының тарихындағы қиын кезеңнің біріндегі сырт жауларға қарсы күрестің ұраншысы, өз отандастарын басқыншалармен қайтпай ұрысуға шақырушы жауынгер ақын, жортуыл кернейшісі», -дейді (М. Мағауин Қобыз сарыны. А., 1968 ж.)

Ш. Уәлиханов: «Тәтіқараның негізінде ірі ақын болғандығын айта келіп, оны Абылай қолының жыршысы», - дейді.

Ә. Марғұлан: Тәтіқараны ХҮІІІ ғасырда жасаған қазақтың ірі ақыны, жыршы импровизатор деп көрсеткен.

Е. Ысмаилов: «Тәтіқараны Абылайдың қалмаққа қарсы күресін шындық түрінде жырлаған ақын және өзі көрген жортуыл туралы жырлар шығарған эпик ақын» деп санайды.

С. Қазыбайұлы: «Тәтіқара Абылай хан ордасында әрі ұраншы ақын, әрі шашақты найза ұстаған жорықшы ерлер

санатында халқына еңбек етеді», деді (С. Қазыбайұлы. ХҮ-ХІХ ғ.ғ. қазақ әжебиеті. Ақтөбе, 2004.)

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. ХVІІІ ғасырдағы ақындық дәстүрді дамытушылардың бірі – Тәтіқара ақын, шығармаларының зерттелуі.
2. Шығармаларының тақырыптық, көркемдік ерекшелігі.
3. Тәтіқара толғауларындағы тарихи шындық және батырлар бейнесі.
4. ХVІІІ ғасыр әдебиетіндегі Тәтіқара ақынның алатын орны.
5. «Қамыстың басы майда, түбі сайда» шығармасын жаттау, әдеби-теориялық талдау жасау.

**Әдістемелік нұсқау:** Қожаберген жыраудың шығармашылық мұрасының зерттелу жайы. «Ата тек», «Жеті жарғы», «Бата тіл» дастандары. Елдің сыртқы саяси ахуалы, ішкі күйі, соғыс барысы қазақтың сол күндегі әйгілі билері мен хандары, батырлары, тарихи мекен, жер-су атаулары.

Ақтамберді жырау Қаратау өңірінде 1675 жылы дүниеге келген. Бұл туралы М. Мағауиннің «Алдаспан», «Қобыз сарыны» еңбектерінде нақты айтылуы. (Ақтамбердінің жетінші буындағы ұрпағы Сәрсенбек Нүрпейісов ақсақал (1883ж туған) менің бабам Шақантай ақ патша қазақтан солдат алатын жылы 106 жасында опат тапты дейді. Шақантай өзінің үлкен әкесі Арықты көріпті. Ол кісі Шақантайдың 7 жасында 92-ге келіп өлген екен. Арық – Ақтамбердінің кіші әйелі башқұрт қызы Күмістен (жыраудың бәйбішесінің аты Базар екен) әкесінің 50 жасында туған көрінеді. Сонда Ақтамберді 1675 жылы дүниеге келген болып шығады.).

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Қожаберген жыраудың өмірбаян деректері.
2. «Елім-ай» дастанының сақталуы, жариялануы.
3. Ақтамбердінің өмірі жайлы мәлімет.
4. Шығармаларының зерттелуі
5. Ақтамберді-ерлікті жырлаған жорықшы жырау.
6. Жырау тіліндегі шеберлік.

### **Ақтамберді Сарыұлы**

1. Тарихи тұлға Қазақстан тарихында батыр деп берген



2. Сырып –салма өнерінің жетік өкілі
3. Жорық жырау
4. Ержүрек батыр
5. Аты әйгілі ақын
6. Рудасы ақсақалдарының бірі
7. Жоңғарға қарсы күресті ұйымдастыр
8. Ділмар шешен
9. Ел қамын ойлаған азамат

### **Толғауларының тақырыбы:**

1. Ел бірлігі, татулық, ынтымақ тақырыбында;
2. Ерлік, елдік, отанды қорғау мәселесі
3. Бөгенбай бейнесін сомдаған шығармалары;
4. Адамгершілік, адам бойындағы жат мінезді мінеу әселесі;

### **Шығармалары:**

«Күлдір де күлдір кісінетіп», «Балпаң, балпаң кім баспас», «Арудан асқан жар бар ма?», «Жел, жел, есер», «Уа, Қарат Бөгенбай», «Жағалбай деген ел болар», «Еділ, Жайық екі өзен», «Балаларыма өсиет», «Мінезді болса алғаның» т.б.

### **Зерттеушілер пікірі**

Жарасбай Нұрқанның айтуынша, жыраудың есімі дұрыс аталуы куерек. Оның дәлелі, біріншіден, ел аузындағы жырда:

Шаруаның бір пірі-Жылқышы ата,  
Тілегенде, өзінің бер ақтан бата.

Екіншіден, М. Әуезовтің «Еңлік -Кебек» трагедиясында Абыздың Кебекке берген батасында мынадай сөздер бар: «Адалдан бер. ақтан бер!»...

Ер маңдайын баққа бер!

Ақтамбедің мазары қазір Семейдегі Абай ауданының шегіндегі Шет өзенінің шығысында Құндыз Қос өңіріндегі Жүрекжота деген төбенің басында.

2. Философиялық ғылымның докторы Өтеген Күмісбаев: «Жырау жырлары қарапайым қауымның ой-арманын, мінезін, өрісін айқындайды, халық өзінің айтпағын жыраудың тіліне салып жібергендей әсер етеді. Жырау импровизациясының күштілігі сондай, ол бір бастаса діттеген жеріне жеткенше

төгілге береді. Шынтуайтқа келгенде, Махамбеттің өршіл, өжет поэзиясының түп төркіні сонау Ақтамберді сынды жыраулардан басталады» (Халық кеңесі 20 ақпан 1992 ж.)

3. Х. Сүйіншәлиев: «Ақтамберді – тек жалаң ерлікті көксеп, бойындағы күшін қоярға жер таппай аласұрар ақылсыз, мақсатсыз жорытуылға құмар емес, ол шетіне қорған болып, халық қамы үшін қылыш сермейтін, мақсаты айқын батыр». (15-18 ғғ. Қазақ әдебиеті. А., 1986 ж.)

Ақтамберді туралы Ғалымжан Мұқатов деген азаматтың айтуынша найман руынан Қабанбай батыр мен Ақтамберді жырау жүз кісімен келіп, ердің құнын, жесірін даулайды. Сонда Ақтамберді:

*Уа, қарт Бөгенбай  
Құяр жауың аспаннан  
Қара бұлт торласа,  
Бәлкеш елде көбейер  
Жуылмай қастық қанымен  
Дарбозадай қолбасшы  
Жесірім қайта тіл өтпес  
Жендетті көрсет көзіме,  
Желіккен басты кім кеспес..*

Сонда Қанжығалы елінің жырауы Үмбетай тоқтау айтып, екі жақ бітіседі.

Ақтамберді батырлар мінер сәйгүлікті шебер суреттейді

*Қиғаш қамыс құлақты, (эпитет)  
Қидасын кәрі жілікті,  
Омырауы есіктей, (теңдеу)  
Ойынды еті бесіктей, (теңдеу)  
Табаны жалпақ тарланды,  
Таңбалап мінер ме екенбіз?!  
Өмір құбылыстарын суреттеуде бейнелі сөздері  
ретімен қолдана білген  
Торлаусыз өскен құланмен (метафора)  
Мезгілсіз жусап өремін,  
Алмастыру, құбылтып айту жырауға тән  
ерекшеліктердің бірі:*

*Жасымда көрген қорлығым,  
Сарысу болды жүрекке  
Дыбыс үндестігін-жырау мол қолданады.  
Күмбір-күмбір кісінетіп,  
Күреңді мінер ме екенбіз!  
Күдерден бай тағзып,  
Кірейке тон киер ме екенбіз!*

Дауыссыз, әсіресе қатаң дауыссыз дыбыстар үндесіп, күш-  
қуаты өте әсерлі болып тұр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар. Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы: 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. Құрастырған М. Мағауин. – Алматы: 1993.
3. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы: 1996.
4. Қожаберген жырау. Таңдамалы шығармалары. – Петропавл: облыстық баспахана, 2003. – 288 б.
4. Елім-ай: дастан. Құрас. Ә. Амангелді. – Алматы: Зерде, 2015. – 232 б.
5. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: 1997.
6. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: 1982.
7. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: 1993.
8. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы: 1967.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
11. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.
12. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы, 1991.
13. Тілепов Ы. Елім деп еңсіреген ерлер жыры. – Алматы: 1995.
14. Ысмаилов Е. Ақындар. – Алматы: 1956.
15. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: 1968.
16. Алдаспан жинақ. – Алматы: 1971.

17. Қазақ әдебиетінің тарихы. Академиялық баспа. 5 том. – Алматы: 1963.
18. Бес ғасыр жырлайды. Жинақ. II том. – Алматы: 1989.
19. Егемен Қазақстан. 1989. 22 қазан.
20. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.
21. Тілепов Ы. Елім деп еңсіреген ерлер жыры. – Алматы: 1995.
22. Сүйіншәлиев Х. Қазақ хандық дәуір әдебиетінің Хрестоматиясы. – Алматы: 1995.
23. «Халық кеңесі». – Алматы: 1992. №20, ақпан.
24. «Ақберген» жинақ. – Алматы: 1972.
25. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: 1961.
26. Қазақстан тарихы. – Алматы: 1993.
27. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: 1967.
28. 8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы: 2001.

### **№13-ші тәжірибелік сабақ**

**Тақырыбы: Үмбетей жырау Тілеуліұлы.**

**Шал ақын мұрасы (Тілеуке Құлекеұлы 1748-1819)**

**Мақсаты:** Үмбетей шығармаларының өзіндік ерекшелігін көрсету; оларды талдау арқылы жыраудың өз бейнесін таныту, ғылыми тұрғыдан жаңаша баға беру; қазақ әдебиетіндегі орнын анықтау. Көркем шығармадан үзінді жаттау арқылы мәтіндік қор жасау және сөздік қорын байыту, тіо мәдениетін қалыптастыру.

Шал ақынның шығармаларына жан-жақты талдау жасау барысында өзіндік ерекшеліктерін айқындау; тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасау, қазақ әдебиетіндегі орнын анықтау.

Шал ақын шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны. Дидактикалық сарында жазылған шығармалары. Ақын шығармаларының поэтикасы. «Он бесті жасым-ай» шығармасын жаттау, әдеби-теориялық талдау жасау.

**Әдістемелік нұсқау:** Шығармаларының тақырыптары:

1. Адам өмірінің кезеңдері (бозбалалық, жастық шақ, кәрілік).
2. Адамгершілік тақырыбы.
3. Жақсылық пен жамандық, адамның мінез құлқын суреттеу.

Алғашқы шығармасын 15 жасында шығарған:

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,  
Қойға пана болмайды тал дегенің.  
Жалаң аяқ, жалаң бас тоқты арқалап,  
Хан ата, қалай екен мал дегенің?

**Айтыстары:** «Шал мен Дегдар қыз», «Шал мен Күлімжан қыз», «Жігіт пен Шал» т.б.

**Арнаулары:** «Күлен шешенге», «Баспайға», «Күлетейге», т.б.

**Шығармалары:** «Пасыл да пасыл, пасылмын», «Саясы жоқ бәйтерек», «Қыздар туралы», «Тоқтының батасы», «Әкесі Күлеке өлгенде айтқаны», «Жарға біткен жаңғақты», «Әйел туралы», «Жігіт туралы», «Кедейлік урала», «Кәрілік туралы».

**Өсиет, ғибрат, нақыл сөздері.**

*Ата-ананың қадірін  
Балалы болғанда білерсің,  
Ағайынның қадірін Жалалы болғанда білерсің,  
Дәулетіңнің қадірін  
Мал кеткенде білерсің,  
Маңайдағы дұшпанды  
Түн жеткенде білерсің.  
Қона берсе жерің тозар,  
Шаба берсе елің озар,  
Жасай берсе ерің озар,  
Ерің азған кезінде елің азар.  
Келін жақсы болса-  
Үйіңе көп кісі келеді.  
Келін жаман болса-  
Келген кісі кеткісі келеді.  
Ас құй десең төккісі келеді,  
Төкпей құй десең сөккісі келеді.  
Он бестегі жасым-ай  
Жорға ойнаған лақтай, -теңеу*

*Жиырмадағы жасым-ай,  
Көлге біткен құрақтай,-теңеу  
Отыздағы жасым-ай,  
Таудан аққан бұлақтай,-теңеу  
Қырықтағы жасым-ай,  
Қырымдағы көз салған,  
Байлаулы тұрған аттай-эпитет теңеу  
Елудегі жасыңыз  
Қайта көшкен ел екен-метафора  
Алпыстағы жасмыңыз  
Қоңыр салқын күн екен-эпитетті метафора  
Жетпіс жасқа келгенде  
Қараңғы тұман түн екен-метафора  
Сексен жасқа келгенде  
Қазулы тұрған көр екен-метафора  
Тоқсан тұрған көр екен,  
Өлімнен басқа жоқ екен!*

Шал ақын шығармаларының зерттелуі және жариялануы.

1. Ғалым Молдыбаев – Шал ақын өмірі туралы дерек жинаушы. (қазақ әдебиеті. 1958 ж. №48 саны).
2. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1958 жыл 28 қарашадағы санында 18 шумақ 70 жолдық өлеңі басылды.
3. «Бес ғасыр жырлайды» А., 1986 ж. 35 өлеңнің - 441 жол. Жинақтың алғы сөзінде ы. Дүйсенбаев Шал өлеңдеріне баға береді.
4. 1967 ж. «Ертедегі әдебиет нұсқалары» кітабында Шалдың афористік сөздері беріледі.
5. 1973 ж. «Алдасапан» жинағы енеді.
6. «Ақиқат» журналы 1995 ж. №2 санында М. Әлімбаев «Татантты дегенше, тәлімгер де» атты мақаласы бар.
7. 1966 ж. «Жұлдыз» журналының №12 санында М. Мағауин «Шал ақын» мақала.
8. Х. Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиеті». А., 1991 ж.

#### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Ақын өскен орта. Өмірінен мәліметтер.
2. Шал айтыстары, қағысулары. (Шал мен Дегдар қыз айтысы)

3. Шал поэзиясының көркемдік сипаты.
4. Ақындық дәстүрді жазушы
5. Шығармаларының негізгі тақырыптары.
6. Айтыстары.

**Тапсырма:** Үмбетей Тілеуліұлы – XVIII ғасырда жоңғарларға қарсы күресті жырлаған жырау, батыр, шешен адам. Қазақ елін жаудан қорғаған батырларды құрметтеп, бейнесін жасаған. Әсіресе, Қанжығалы Бөгенбай батырды ерекше сыйлап, құрмет тұтқан. Оған арнап жазған үлкен екі туындысы бар.

1. «Бөгенбай өліміне», 2. «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту». Сондай-ақ, философиялық, дидактикалық толғаулары мен мадақ жырлары көп. Бұқар жыраумен жолдас болған, оған арнап «Бұқараға» деген шығармасын жазған.

**Әдістемелік нұсқау:** Толғауларының тақырыптары.

1. Ерлік, елдік, ел қорғау мәселесі;
2. Батырларды дәріптеу;
3. Бөгенбай бейнесін сомдауға арналған толғаулары;
1. Қ. Жұмағалиев бірнеше мақала жаған онда Бұхарадан кейінгі ірі жырау деп баға береді.
2. Ғалымжан Мұхатов Бәкеге деген толғауын жазып берді.
3. Н.С. Смирнова «XVIII ғасырдағы қазақ жыраулары» деген мақаласында пікір айтты.
4. Ә. Марғұлан өзінің зерттеулерінде Үмбетей толғауларына баға береді.
5. Ө. Күмісбаев «Үмбетей жырау деген мақаласында «Халық кеңесі» 1992 ж. 30 қазан»
6. М. Мағауин «Алдаспан жинағына толғауларын енгізген». (1973 ж.)
7. «Ай, заман-ай, заман-ай» жинақ. 1 том. – Алматы: 1986.

**Пысықтау сұрақтары:**

1. Үмбетей өмірінен деректер.
2. Шығармаларының зерттелуі.
3. Толғауларының негізгі тақырыптары.
4. Үмбетей толғауларындағы Абылай хан мен Бөгенбай батыр образдары.

5. Үмбетейдің Бөгенбай өліміне байланысты толғаулары, олардың мәні.

6. Арнау толғаулары

7. Өсиет, ғибрат, нақыл сөздері.

8. Үмбетейдің «Бөгембай өліміне» толғауын жаттау

9. Үмбетей поэзиясы.

### **Зертеушілер пікірі:**

1. Х. Сүйіншәлиев: «Үмбетей – XVIII ғ. жасаған, ерлікті жырлап, елтыныштығын көксеп өткен жалынды ақын», деді (XV-XVIII ғ. Қазақ әдеб. Х. Сүйіншәлиев 1991 ж.).

2. С. Қазыбайұлы: «Үмбетей әрі жырау, әрі ақылгөй, өз заманының арлы азамат, кеуделі шешен биі, жүйрік ақыны болған адам» - дейді (С. Қазыбайұлы. XV-XIX ғ. Қазақ әдебиеті. Ақтөбе, 2004 ж.).

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар. Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы, 1992.

2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. Құрастырған М. Мағауин. – Алматы, 1993.

3. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы, 1996.

4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы, 1997.

5. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.

6. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы, 1993.

7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973.

8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы, 2001.

9. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы, 1967.

10. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.

11. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1976.

12. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы, 1991.

13. Тілепов Ы. Елім деп еңсіреген ерлер жыры. – Алматы, 1995.

14. Ысмаилов Е. Ақындар. – Алматы, 1956.



15. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы, 1968.
16. Алдаспан жинақ. – Алматы, 1971.
17. Қазақ әдебиетінің тарихы. Академиялық баспа. 5 том. – Алматы, 1963.
18. Бес ғасыр жырлайды. Жинақ. II том. – Алматы, 1989.
19. Егемен Қазақстан. 1989. 22 қазан.
20. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1976.
21. Тілепов Ы. Елім деп еңсіреген ерлер жыры. – Алматы, 1995.
22. Сүйіншіәлиев Х. Қазақ хандық дәуір әдебиетінің Хрестоматиясы. – Алматы, 1995.

### **Зертеушілер пікірі:**

1. Ш. Уәлиханов: «Менің бабам Абылай ханның замандасы, арғын атығай ішінде Бейімбеттен Шал ақын қазақ халқын құраған рулар жайлы аңыздарды жинақтап, тамаша эпос жасады.»
2. М. Мағауин: «Шешесі-Үйсін Төле бидің қызы, ал әкесі Құлеке-сырт жауларға қарсы жорықтарда көзге түскен даңқты батырлардың бірі».
3. Х. Сүйіншіәлиев: «Шал Солтүстік Қазақстанда дүниеге келген.әкесі Құлеке, атасы Байжігіт-сол кездегі жорықтарға қатынасқан белгілі адамдар». Шын аты –Тілеуке.Өзінің жастай үлкендерше сөйлеп, төрде отырып төрелік айтқан мінезіне қарай жұрт оны Шал деп кеткен.Оның сүйегі Есіл бойындағы Қаратал деген жерде.
4. Ғ. Молдыбаевтың айтуынша, Шалдан→Мәлібай→(Сәкібай-Төлеген) деген бір ұл болған. ақынның ұрпақғы шөбереден кейін үзіледі.
5. С. Қазыбайұлы: «Шал арабша сауат ашып, біршама діни білім алған.

Өлеңдерін жазба түрде де шығарған... Шал – суырып-салма ақын. Ол кез келген тақырыпта табан астында өлең шығарып, ақиқат-шындық мәселелерін қозғай отырады».

## №14-ші тәжірибелік сабақ

**Тақырыбы: Көтеш Райымбекұлы мұрасы.**

**Жанақ Сағындықұлы мұрасы.**

**Мақсаты:** Көтеш шығармаларымен таныстыру арқылы өзіндік ерекшелігін айқындап көрсету; Көтеш шығармаларындағы ақындық дәстүр; өлеңдерінің тақырыптық-идеялық ерекшелігі, көркемдігі; студенттердің өзіндік көзқарасын, дүниетаным қалыптастыру.

Жанақ ақынның шығармашылығымен кеңірек таныстыру, талдау жасау; жанрлық, тақырыптық, көркемдік ерекшеліктерін айқындап көрсету.

**Тапсырма:** XVIII ғасырда ақындық дәстүрді жалғастырған сөз зергерінің бірі. Ол Баянауыл аймағында дүниеге келген. алғаш рет 7 жасында абылайға қарсы бас көтерген Мейрам руының намысын жыртқан өлеңі арқылы («Абылай, Ботақанды сен өлтірдің») аты шығады. Жарлы тектен шыққан және өмір бойы жоқшылық қасіретін көрген. Көтеш қартайған шағында ен далада кісі қолынан қаза табады. Оның «Арқа ойырлілік...», «Алдымнан алты пұшық анталады» т.б. шығармалары бар.

Шығармаларының негізгі тақырыптары:

1. Ру басы, хан-төрелерге арнап шығарған: «Кәрібай болысқа айтқаны»
2. Ру басы, хан-төрелерінің келеңсіз іс-әрекеттерін, паракорлығын сынайды.
3. елдің тұрмыс тіршілігі жайлы.
4. Дәуір, заман көрінісі.

**Әдістемелік нұсқау:** Шығармаларының тақырыбы:

1. Кедейлік, жоқшылық, туралы.
2. Адамдардың жаман мінезін сынау.
3. Қайырымсыз бай, қатыгез ағайындарды сықақ етіп жазған өлеңдері.
4. Кәрілік туралы.

Шығармалары – түгелдей экспромтпен айтылған өлеңдер. Кез келген нәрсені өлеңге айналдыратын жүйрік ақын болған.

Жанақ ақын 18 ғасырдың аяғы мен 19 ғасыр басында өмір сүрген, импровизатор ақын, орындаушы, жыршы, өлеңді қобызбен айтатын болған. елді көп аралаған, өнер шебеоі ретінде өз заманының атақты адамнына айналған. Жанақ-айтыскер ақын, ол 16 ақынмен айтысқан, оның ішінде тек Бала ақыннан ғана жеңілген. Ғашықтық және батырлар жырын сақтап, дамытқан эпик ақын. Жанақ 20 жасында Теміртау, ойыл, Сыр өңірін мекендеген шекті еліне келеді. Ол Сырым Датұлымен кездесіп, оның көтерілісіне қатысқан.Шекті Көтібар батыр, Исатай мен, Махамбетпен тілектес болып, үлкен жорықтарға қатысады.

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Өмірі, шығармаларының зерттелуі.
2. Шығармаларының негізгі тақырыптары.
3. «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің» толғауын жатқа айту, әдеби-теориялық талдау.

### **Зертеушілер пікірі:**

1. С. Қазыбайұлы: «Әдебиет зерттеушілер қазақ әдебиетінде ақындық көші Көтешпен басталады деп пайымдаймын. Себебі – ол жыраулардай емес, өмірлік, әлеуметтік түрлі тақырыпқа өлеңдеткен төкпе ақын. Қара өлең, қайым өлең айтып, айтысқа да түскен.Оны өлеңсіз сөйлемейді деген лақапта бар».

2. А.Е. Алектор «15-18 ғасырдағы жыраулар» мақаласында: «Қазақ ақындары кез келген тақырыпта табан астында өлең шығарып айта береді».

3. Исмаилов Е.: «Көтеш әртүрлі тақырыпта бөгелместен, қолма-қол өлең-жыр, айтудың жүйрік ақыны». («Ақындар» А., 1959 ж).

Адольф Янукевич: «Тілмаштар маған жол бойы Жанақ туралы әңгіме айтып келеді. Ол бұл өңірге аты жайылған жыршы-әнші екен, жуырда қайтыс болыпты.» («Күнделіктер мен хаттар» А. Янукевич).

Ш. Уәлиханов: «Шығармаларын қобызға қосып орындау сияқты Жанақтың дәстүрі бүгінде жойылып барады».

Ә. Марғұлан: «Жанақ XIX ғасырдың ортасына дейін жасаған ақын.Бұлай дейтініміз Шоқан Жанақты көрген және оның аузынан «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырын жазып алған».

Ы. Алтынсарин: өзінің 1879 жылғы «Қырғыз хрестоматиясына» Жанақ пен Бала айтысын енгізген.

С. Мұқанов: «Шортанбай, Жанақ, Мұрат, Марабай, Сүйінбай сияқты ақындардың айтыстан басқа өлеңдеріне қарағана әр ақын жалғыз айтыста ғана емес, өз заманының барлық күнделікті тұрмыс тақырыбы жөнінде сөйлеп, халықтың жақсылығын дәріптеуші, кемшілігін сынаушы, тарыққанда-ақылшысы, қуанғанда-сайраушысы болған».

М. Әуезов: «Жанақ найманның Түбек бастаған 16 ақынын жеңген, алдына жан салмаған ақпа шешен болған. ол тек Сабырдай деген бала ақыннан бөгелген».

### **Шығармаларының жариялануы.**

1. Х. Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезкңдері». – Алматы: 1967.
2. М. Мағауин «Қобыз сарыны». – Алматы: 1968.
3. «Ай, заман-ай» Жинақ. – Алматы: 1991.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар. Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы: 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. Құрастырған М. Мағауин. – Алматы: 1993.
3. Сүйіншәлиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы: 1996.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: 1997.
5. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. І том. – Алматы: 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы: 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. ІІ том. – Алматы: 1967.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. ІІІ том. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
11. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.
12. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: 1991.

13. Тілепов Ы. Елім деп еңсіреген ерлер жыры. – Алматы: 1995.
14. Ысмаилов Е. Ақындар. – Алматы: 1956.
15. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: 1968.
16. Алдаспан жинақ. – Алматы: 1971.
17. Қазақ әдебиетінің тарихы. Академиялық баспа. 5 том. – Алматы: 1963.
18. Бес ғасыр жырлайды. Жинақ. II том. – Алматы: 1989.
19. Егемен Қазақстан. 1989. 22 қазан.
20. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.
21. Тілепов Ы. Елім деп еңсіреген ерлер жыры. – Алматы: 1995.
22. Сүйіншәлиев Х. Қазақ хандық дәуір әдебиетінің Хрестоматиясы. – Алматы: 1995.
23. Алдаспан. Жинағы. – Алматы: 1971.

### **№15-ші тәжірибелік сабақ**

**Тақырыбы: Жанкісі би, Қобылан Бөрібайұлы мұралары. Жыраулық және ақындық дәстүр. Есет Қараұлы, Абыл ақын мұралары. Қорытынды.**

**Мақсаты:** заман шындығын танытқан ақындар шығармаларын жан-жақты талдау; өзіндік ерекшеліктерін көрсету.

Маңғыстау өңірінің ірі ақындарының шығармаларымен таныстыру, салыстыру арқылы өзіндік ерекшеліктерін таныту.

**Тапсырма: Жанкісі** – өз заманының ділмар билерінің бірі әрі төкпе ақын. Руы-найман. Мекен жайы алғаш кезде Балқаш, Алматы төңірегінде, кейін Сыр бойын мекендеген. Ақын халық мұрасын көп біліп, жырлап өткен. Жанкісінің «Қоқан ханына айтқаны» деген заман шындығын танытатын, әлеуметтік мәні бар өлеңі сақталған. Ел аузында оның қоқандықтар қолынан өлгені және өлім арты құн даулаған үлкен толқынысқа ұласқаны туралы дерек бар.

**Қобылан Бөрібайұлы** – ХҮІІІ ғасырдың аяқ кезі мен ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында Орталық Қазақстанда өмір сүрген. Оның әкесі – Бөрібай арғын руынан Сүйіндік, одан Ақбура атасынан шыққан өз заманының ақыны болған.

Ақындық өнерімен ерте танылған. Ол Бұқар жыраудың жолын берік ұстаған, өнердегі өнегесін жалғастырған, Шал ақынның сыншылдық дәстүрін қадір тұтқан. Ол әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші. Оның «Әудем жер жүр алмайтын аяғынан» әні мен «Кедейлік», «Заман ай», «Кәрілік..» т.б. өлеңдері бар. Өмірі жоқшылықпен өткен, таптық қайшылықтарды көрсете білген. Ақындық өнерді дамытушылардың бірі.

Есет Қараұлы – ХҮІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында Атырау өңірінде Қызылқоға деген жерде туып өскен.

Есет – Байұлы, Беріш руынан, Қар деген батырдың баласы. Ата мекені Тайсоғай, Сағыз, Жайық, өңірі. Есет сөзге шешен, би, ақын, жырау, топ бастаған батыр болған. Шығармалары Махамбет шығармаларымен үндес («Мен, мен едеі, мен едім»). Ол Мұрат Мөңкеұлының айтыстағы ұстазы болған. Бізге жеткен «Тауға біткен қайыңның», «қартайдым да, қор болдым» толғаулары бар.

Абыл ақын – Байұлы адай руынан суырып-салма ақын. Атамекені – Маңғыстау түбегі, Қарақалпақ, Түркімен елін аралаған танымал өнер тарланы. Ноғайлы жырларын, «Қырымның қырық батыры» жырын жеткізуші, яғни жыршы. Өз заманының шындығын батыл жырлаған. Оның «Сүйінқара батырға», «Құлбарақ батыр», «Естірті», «Қайыпалдыға айтқандары», «Баймағанбетке айтқаны», «Кәрілік» т.б. шығармалары бар. «Абыл мен Балдай қыз» айтысы сынды т.б. айтыстары бар. Абылдан бізге жеткен 350 жол терме-толғау, айтыстары. Абыл әрі күйші болған. Ол Махамбет, Шернияз, Есенбек, Нұрым ақындармен дос болған.

**Әдістемелік нұсқау:** Шығармаларын зерттеп, бастыру.

1. 1936-1951 жылдары Б. Жақыпбаев шығармаларын жинап, ҚР Ғылым академиясыны өткізген.
2. Омар Иманбаев 1962 жылы жинап береді.
3. 1967 ж. «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты кітапқа өлеңдері енгізіледі.
4. «Бес ғасыр жырлайды». А., 1986 ж.

5. Қазақ совет энциклопедиясының 6 томында өмірі шығармашылығы беріледі.

6. Х. Сүйіншәлиев «ХҮІІІ ғ. – ХІХ ғ. Қазақ әдебиеті». Алматы 1981 жылы оқу құралына енгізген.

Есет Қараұлы шығармаларының зерттелуі, басылуы.

1. Кеңес дәуіріне дейін «Жақсы үгіт», 1908ж. «Шайыр» 1910 жылы шыққан жинақтарға өлеңдерді, толғаулары енеді.

2. 1973 ж. «ертедегі әдебиет нұсқалары» хрестоматиясына өлеңдері кіреді.

3. 1973 ж. «Ақберген» жинағында жарияланады.

4. Есет батыр жөнінде Петербург, Мәскеу, Алматы, Орынбор мемлекеттік архивтерінде құжаттар сақталған.

5. «Колокол», «Современник», «Русский вестник» т.б. журналдарда қазан төңкерісіне дейін Есет батыр туралы мақалалар жарияланған.

6. Орыстың белгілі ғалымы Е.П. Ковалевский 1839 ж. Есет және Махамбет ақынмен жүздескен екен.

7. Х. Досмухамбетов «Аламан». А., 1924 ж.

Ол айтар сөзге келгенде өзіндік «мені» бар батыл ақын болған.

Шығармалары махамбет ақынмен әуендес, үндес

Самарқандай сапырып, (теңеу)

Жатқан шөптей жапырып (теңеу)

*Аспадым да, саспадым.*

Ақынға тән ақылгөйлік, нақыл-ақыл сөздер, шешендік оалымдар көп.

*Тауға біткен қайыңның  
Солқылдар басы жел өтсе,  
Тоғайға біткен жонышқа,  
Солғын тартар күн өтсе.  
Еңкейіңкі тартады,  
Ер қолынан мал кетсе.  
арбадан үркіп жаман ат,  
Ер салдырмас жал бітсе.*

### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Жанкісінің өмірі жайлы дерек, шығармаларының зерттелуі.
2. Жанкісі өз заманының ділмар биі және оның шығармаларындағы өмір шындығы.
3. Қобыланның өмірі, зерттеушілер.
4. Қобылан шығармаларындағы таптық қайшылықтар.
5. Ақын шығармаларындағы көркемдік.
6. Жыраулық поэзия ерекшелігі.
7. Ақындық поэзия ерекшелігі.
8. Жыраулық және ақындық поэзияның қазақ әдебиеті тарихындағы мән-маңызы.
8. Маңғыстау өңірі ақындары жайлы мәлімет, зерттелуі.
9. Көркем ерекшеліктері.
10. Қазақ әдебиеті тарихындағы орны, тәрбиелік мәні.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар. Үшінші кітап. Оқулық. – Алматы: 1992.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Төртінші кітап. Хрестоматия. Құрастырған М. Мағауин. – Алматы: 1993.
3. Сүйіншалиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы: 1996.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: 1997.
5. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: 1982.
6. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: 1993.
7. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
8. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, Стилистика, Поэтика. – Алматы: 2001.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы: 1967.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.
11. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1976.
12. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: 1991.



## БІЛМАЛУШЫНЫҢ ӨЗДІГІНЕН ОРЫНДАЙТЫН ЖҰМЫСТАРЫ (БӨЖ)

### СӨЖ №1

**Тақырып:** Ежелгі түркі әдебиет ескерткіштері.

**Мақсаты:** Ежелгі дәуірлер жайлы тарихи мәлімет. «Түркі» сөзінің мәні. Түркі қағанатының құрамына кірген, бертінде түркі халықтарына ұйтқы болған бағзы тайпалардың мекені, тіршілігі, кәсібі, сәулет өнері. Оларға ортақ түркі жазуының қалыптаса басталуы.

**Әдістемелік нұсқау:** «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкөк» жырларында жиі қолданылатын теңеу, метафора, аллегория, гипербола, эпитет, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер туралы.

Тасқа жазылған дастандардың композициялық құрылысы. Автор ойының циклдық жүйе арқылы берілуі. Ежелгі түрік поэзиясының өзіндік әдеби дәстүрі.

«Күлтегін» жыры мен қазақ эпосы. Күлтегіннің он алты жастан бастап, қырық жеті жасқа дейін, яғни өлгенге дейінгі ерлік істерінің эпостық сарынмен баяндалуы.

Руна жазуындағы дастандардың идеялық мазмұны. Түрік елін ішкі бірлік-ынтымаққа, сыртқы жауға күреске шақыруы. Күлтегін – тарихи тұлға, жеңілуді білмейтін батыр. Тайпа – ұлыстық дәуірде өмірге келген «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Шора батыр» сияқты қазақ эпостары мен «Күлтегін» жыры арасындағы үндестік.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі жазулар сырының ашылу барысы және көктүрік қағанаты жөнінде тарихи деректер. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің ХУІІІ-ХІХ ғасырларда алғаш кездестіргендер және ол жөніндегі алғашқы ойлар.

«Қорқыт ата кітабы» мен қазақ эпосының арасындағы сюжеттік желілер байланысы.

## **СӨЖ №2**

**Тақырып:** «Оғыз-наме» дастаны.

Әл-Фараби жасаған дәуір.

**Мақсаты:** «Оғыз-қаған» эпосына негіз болған аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер. Оғыз қаған және оғыз тайпаулысы туралы мәліметтер. Оғыз қаған – жазба шежіре мен аңыз шежіресінің тарихи кейіпкері.

Әл-Фараби – әдебиет теориясын зерттеуші: «Өлең ырғағы туралы» «Ырғақ өнерінің қағидалары туралы трактат» т.б.

Әл-Фараби туралы орта ғасыр ғалымдарының (Әбу Әли Ибн-Сина, Әл Байхаки, Әл-Кифтий, т.б.) ой пікірлері.

Әл-Фараби мұрасын зерттеуші: қазақ ғалымдарының (А. Машанов, А. Қасымжанов, А. Көбесов т.б.) еңбектері.

**Әдістемелік нұсқау:** Оғыз-қыпшақ дәуірінің көркем туындысы екені. Оның жер жүзі мәдениеті тарихынан, түркі тілді елдер әдебиеті тарихынан алатын орны.

Жырдың шығу тегі жайындағы пікірлер, олардың тарихқа, шындыққа қатысы,

Әл-Фарабидің қоғам тану ғылымы, философия, медицина, музыка, әдебиет, т.б. өнер тарихынан орын алуы. Фарабидің негізгі еңбектерін талдау. Әдеби трактаты және оның үлгілері. Фараби танудың қазіргі жағдайы. Әл-Фарабидің (1150 жыл) мерейтойы қарсаңында Қазақстанда шыққан еңбектер, басқа да зерттеулер.

ҮІІІ-ІХ ғасырлар әдебиетіне қорытынды. Осы дәуірлерде жыраулық, ақындық дәстүрлердің белгілене бастауы.

## **СӨЖ №3**

**Тақырып:** Жүсіп Баласағұни (1018-1069).

Махмут Қашқари. «Диуани лұғат-ат-түрік» түркі тілдерінің жинағы.

**Мақсаты:** Жүсіп Баласағұни дастанының көне түркі тайпаларының саяси-әлеуметтік, моральдық, этикалық жағын: әдет-ғұрпын, армандарын, қазіргі түркі тектес халықтар тілінің, әдебиеттің қалыптасуын тиянақтауда, тексеруде тиісті жәрдем ететін бағалы мұра екендігі.

М. Қашқари «Сөздігіндегі» адамдардың қадым замандардағы тұрмыс-тіршілігін, Көк Тәңірісі мен Күнге табыну дәуірін бейнелейтін көркемсөз үлгілері.

**Әдістемелік нұсқау:** «Құтты білік» – дидактикалық дастан. Оның төрт кейіпкерлері арасындағы әділет, бақыт туралы толғау – диалогқа құрылғандығы. Шығарманың тарихи деректілігі, халықтық ой-талғамдардың, арман-тілектердің, адамгершіл ақыл-нақылдардың молдығы.

«Құтты білік» дастанында ел басқаратын әкімдерге қойылатын талаптар: әділдік, ақыл-парасат, өнер білімге жетік болу, ниеті түзу, сөзі шырын, пиілі кең, кек сақтамайтын болуы.

«Құтты білік» дастанының тәрбиелік мәні. Шығарманың зерттелуі, қазақ тіліне аударылуы. Поэманың көркемдік ерекшелігі. Оның қазақ поэзиясына туыстығы.

М. Қашқари «Диуани лұғат ат-түрктегі» табиғат туралы өлең-жырлар. Жылдың төрт мезгілі – көктем, жаз, күз және қыс – көріністеріне арналған өлеңдер.

XI ғасырда Диуанның зерттелуі және оның авторы Махмут Қашқаридің түркі халықтар филологиясын негіздеуде қосқан үлесі.

Дастандағы ақыл-парасат, өнер-білім, әдептілік, тәлім-тәрбие, мінез-құлық, кішіпейілділік, жомарттық, мейірімділік, тіл мәдениеті, әке-шешені құрметтеу, т.б. мәселелер.

Дастанның көркемдік ерекшеліктері, түркі тілінде аруздың ықшамдалған «мутакариб» деп аталатын өлшем түрімен жазылғандығы.

#### **СӨЖ №4**

**Тақырып:** Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани – хикмет» («Даналық жайындағы Парасатты кітап») өлеңдер жинағы. Ахмет Иүгнаки «Хибат Ул – Хақайық» атты белгілі дидактикалық өлеңдер жинағы. Сүлеймен Бақырғани еңбектерінің Иасауиге үндестігі.

**Мақсаты:** Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани – хикмет» («Даналық жайындағы Парасатты кітап») өлеңдер жинағындағы

басты идея дәруіштік аскетизмді және тағдырға көнуді уағыздау екендігі.

«Ақиқат сыйы» - қоғамдағы моральдық ұғымдар мен мінез-құлық нормаларын жыр еткен жинақ. «Ақиқат сыйы» оқу-білім, мінез-құлық, әдептілік, тілді тыйып ұстау, жомарттық, мейірімділік, ізгі қасиеттер туралы.

«Бақырғани кітабының» негізгі идеясы сопылық дәстүрді мадақтау, адамгершілікке, адалдыққа, бауырмалдыққа үндеу. Гуманистік ой-пікірді ислам діні қағидалары тұрғысынан баяндау.

**Әдістемелік нұсқау:** Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани – хикмет» жинағындағы мәдени-тарихи, әлеуметтік-тұрмыс жайлы ойлар. Кітаптың сол кездегі тайпалар тілі мен этнографиясын танытатындығы. Жазушының көркем ой түйіндеу, суреттеу тәсілдері, жалпы адамгершіл – мораль уағыздары, сындары. «Хикметтің» зерттелуі, танылуы.

«Диуани хикмат» – түркі халықтарының XII ғасырдан сақталған әдеби ескерткіші. «Даналық кітабын» зерттеуші М.Ф. Кепрюлю-заде, А.К. Боровков, А.Н. Самойлович, Е.Э. Бертельс, Э.Р. Рустамов, Н.М. Маллаев, Г.Ф. Благова, т.б.

«Диуани хикматтың» қазақ тіліне тәржімалануы: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи, Б. Сағындықов, т.б.

«Диуани хикмат» – исламның дін-шариғат жолдарын дидактикалық мазмұнда поэзия тілімен бейнелеген жыр жинағы. «Даналық кітабы» адамзатты туыстыққа, бауырмалдыққа, ізгілікке, имандылыққа шақырып, мұсылман дінінің қағида, шарттарын, Алланы танудың жолдарын баяндайды.

Ахмет Иүгнаки «Хибат Ул – Хақайық» атты белгілі дидактикалық өлеңдер жинағының өзбек, қазақ тілдерінде басылып шыққан нұсқаларымен таныстыру.

Сүлеймен немесе Хакім ата – дана баба атануы. Оның себебі, көркем туындыларының мәні. «Бақырғани», «Хакім ата», «Жұбан ана», «Әулие Мария» сияқты жинақтары. Бұл шығармалардағы діни-мистік сарындар төркіні. Мінсіз образ – әулие бейнесін жасау әрекеттері. Ақынның суреткерлігі.

Адамгершілік ойлары, діни мораль, дәруіштік уағыздары, өткір сындары.

### **СӨЖ №5**

**Тақырып:** XIII-XIV ғасырлардағы әдебиет. Насыредин Рабуғазидің еңбектері.

**Мақсаты:** Алтын Орда мемлекетіне қарсы халықтың басым көпшілігі түркі текті ру-тайпалар, әсіресе қыпшақтар, оғыздар болғандығы.

Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет түркі тайпалары мен халықтарының бәрін бірдей түсінікті әдеби тіл – шағатай тілінде жасалғандығы.

**Әдістемелік нұсқау:** Дәуірдің тарихы, әлеуметтік жайы: мәдениеті, әдебиеті. Монғол шапқыншылығы. Әдебиет орталығының Алтын Орда да, уақытша қыпшақтар билеп тұрған Мсырда да, Египетте де дамуы. XIV ғасырдан бастап сол кездегі әдебиет тарихында жаңа кезең – бір жағынан Алтын Орда, Хорезм дәуірінің тууы.

Бұл дәуірдегі әдебиеттің аралас тілде, негізінен қыпшақ диалектикасы негізінде жасалғандығы. Жалпы түркі әдеби тілінің (шағатай) пайда болуы, қалыптасуы.

Аталған дәуірдегі басты туындылар: «Кодекс куманикус» (XIII ғ.) – құман (қыпшақ) сөзінің тізімі. Кодекстің зерттелуі. Қазақ әдебиетшілері мен лингвистерінің мақала еңбектері. Қазақша жиілік сөздігінің шығуы. Бұл «Сөздіктің» тілі көне қыпшақ тіліне жататындығы. Ол қазіргі қазақ тіліне өте туыстас дейтін академик В. Радловтың белгілі пікірі және оны қуаттаған басқа да ғалымдардың зерттеулері.

Кодекстегі шешндік, өсиет сөздер, жұмбақтар. Олардың әдеби мәні.

Насыредин Рабуғазидің «Қиссасул әмбияә немесе «Қиссауи Рабуғазидің» атты жинағы. Діни түсініктер рухында жазылған бұл кітаптағы ескі халықтық ұғымдар. Табиғат, әлем туралы түсініктер.

## **СӨЖ №6**

**Тақырып:** Хорезми «Мұхаббат-нама».

Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны.

**Мақсаты:** «Мұхаббат-нама» дастанының жасалған жері, қыпшақ тілінде жазылғандығы, қазақ әдебиетіне қатысы.

«Хұсрау-Шырын» дастанының негізгі тақырыбы. Дастанның қаһармандары: Шырын патша, Құсрау патша, құрылысшы Фархад, Құсраудың досы Шапур, Мариям, Шеруя, т.б.

**Әдістемелік нұсқау:** Дастанның негізінен жігіттің қызға жазған он бір хатынан (наме) тұратыны, қыздың жігітке жауап хаты берілмейтіні, жігіттің хаты арқылы-ақ қыздың махаббаты айқын бейнеленгені.

«Махаббат-наме» - адам бойындағы ең ірі қасиеттер болып саналатын, махаббатты, ізгілікті, бауырмалдықты, жомарттылықты, кішіпейілділікті, т.б. ту етіп көтерген дастан.

Дастанның көріктеу құралдары, өлең құрылысы, тілі. Поэмадағы образдар. Тілі, көркемдік ерекшеліктері, өлең құрылысы. Қазақшаға аударылуы, зерттелуі.

Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны – әзербайжанның ұлы ақыны Низамидің асы аттас поэмасының еркін аудармасы. Құтбтың Низами поэмасын парсы тілінен қыпшақ-оғыз тіліне еркін аударғандары.

Құтб аудармасының көркемдік ерекшеліктері. Низами поэмасында қала өмірінің, патша сарайындағы, сән-салтанаттың, ал Құтбтың дастанында мал бағумен тіршілік еткен көк майсалы дала көріністері бейнеленетіні.

## **СӨЖ №7**

**Тақырып:** XIII-XV ғасырлар тәржіма, назира шығармалар.

**Мақсаты:** Сайф Сараи – Алтын Орда әдебиетінің XIV ғасырдағы аса көрнекті өкілі. С.Сараи – лирик және эпик ақын, аудармашы. «Гүлстан бит-түркидің» (1391ж) – прозамен жазылған қыпшақ тіліндегі көркем шығарма екендігі.

Дүрбек – ХІҮ ғасырдың соңы мен ХҮ ғасырдың басында өмір сүрген ақын.

Жүсіп пен Зылиха арасындағы махаббат сезімін арқау еткен қисса-хикаяттардың кезінде Шығыс әдебиетінде кең тарағаны.

**Әдістемелік нұсқау:** «Түркі тіліндегі Гүлстан» қолжазбасының табылуы, зерттелуі, жариялануы.

Э.Н. Нәжіп - «Гүлстан бит-түрки» қолжазбасын зерттеуші, аудармашы, кітап етіп шығарушы түрколог-ғалым.

«Түркі тіліндегі Гүлстанның» композициялық құрылысы. Қисса-хикаят түрінде баяндалатын сегіз тараудан тұратыны, біріншісі-ел билеуші әкімдер туралы, екіншісі-халық бұқарасы байында, үшіншісі-қанағат жөнінде, төртіншісі-кәрілік туралы, жетіншісі – тәлім-тәрбие жайында, сегізіншісі-әңгімелесудегі әдептілік туралы. Көркемдік ерекшеліктері, бейнелеу құралдары, тілі.

«Жүсіп-Зылиха» дастанының зерттелуі /Е.Э.Бертельс, С.Хайдаров, В.В.Валихожаев, т.б.

Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха» дастаны негізінде назиракөлек дәстүр бойынша қазақтың бірқатар «кітаби ақындарының» қисса-хикаяттар жазғаны.

## **СӨЖ №8**

**Тақырып:** Жырау мен жыршы ұғымдарының мағынасы. Асан Қайғы туралы аңыз бен ақиқат.

**Мақсаты:** Толғау жанрының жырау поэзиясының негізгі жанры екендігі. Толғаудың жыр үлгісінде шығарылуы. Психологиялық және синтаксистік параллелизмдердің жиі қолданыс табуы. Дағдылы айтқыштың аз болуы. Басқа рифмаға мән берілуі Аллитерация мен ассонанстың мол қолданылуы. Жырау поэзиясының екпіндік сипаты (Тоникалық). Екпінді ырғақтың басымдылығы. Бейсенбай Кенжебаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Мұхтар Мағауин пікірлері.

Қазақ арасындағы Асан Қайғы туралы аңыздардың сипаты. (Асанның Қайғы аталуы, жас кезінен тапқыр дана

аталуы. «Асан мен Етек хан аңызы») Асанның жер-суға байланысты сындары.

**Әдістемелік нұсқау:** XIII ғасыр Шынғысхан әскерінің қазақ даласын баса отырып, батысқа жасаған жорығы. Шынғысхан иелігінің құрылу жайы. Ұлыстық құрылым. Жошы ұлысының негіздегі Алтын Орда мемлекетінің құрылуы. (Дешті Қыпшақ Ордасы) Алтын Орда және Көк Орда. Көк Орданың (Орыс хан) қазақ хандығының құрылуына негіз болғаны. Қазақ хандарының шежірелік тегі. (Генеологиясы).

Алтын орда мемлекетінің ыдырап, бірнеше хандыққа бөлінуі. Ұлық орда (Ұлы орда) Үлкен Ноғайлы Ордасы (Еділ мен Жайық бойында) Кіші Ноғайлы ордасы (Азау бойында, Азау – Керман, Азов теңізі) Қазан хандығы, Қырым хандығы, Астрахан (Хаджы-Тархан) хандығы, Сібір хандығы, Көшпелі Өзбек ұлысы (кейіннен Өзбек хандығы), Қазақ хандығы құрылуы. Олардың арасындағы саяси-әлеуметтік қатынас. Көшпелі Өзбек, Өзбек-ноғай, ноғай-қазақ, өзбек-қазақ құрылымдарын түсіну.

Қазақ хандығының құрылуы. Қазақтың алғашқы хандары – Керей, Әз-Жәнібек. XVI ғасырдағы Қазақ хандығы. Қасымхан тұсындағы қазақ хандығының нығаюы. «Қасым ханның қасқа жолының» жасалуы. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сана негізінде жасалуы.

«Асан Қайғы – көшпелілердің ұлы философы» (Шоқан). Жырау толғауларының жалпы сипаты. Ел қамын ойлаған Асанның Әз-Жәнібек ханға қарата айтқан толғауының әлеуметтік мәні, тарихи сипаты. Асан Қайғы толғауларындағы заман көрінісі, туған жер бейнесі, өсиет-ғибрат сөздерінің мәні. Жыраудың «Қырында киік жайлаған», «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің», «Бұл заманда не ғаріп», «Еділ болда, Жайық бол», «Көлде жүрген қоныр қаз» деп басталатын толғауларын талдау.

## **СӨЖ №9**

**Тақырып:** Қазтуған жырау шығармаларының тақырыптық ерекшелігі. Доспамбет – жорық жырауы. Шалкиіз шығармаларының тақырыптық өрісі.



**Мақсаты:** Жырау толғауларының тақырыптық сипатын нақтылау. Жырау толғауларының негізгі тақырыптық сипаты туған елге, жерге деген зор ықылас, сүйіспеншілік, құрмет, махаббат, өмір туралы даналық байламдар, жауапкерлік рух, өршіл, болмыс, өзінің тектілік болмысын паш ету болып келетіндігі.

Доспамбет жырау толғауларындағы дәуір көрінісінің шебер берілуі. Доспамбет жыраудың «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Арғымаққа оқ тиді», «Айналайын Ақ Жайық» «Тоғай, тоғай, тоғай су» толғауларының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшеліктерін талдау.

**Әдістемелік нұсқау:** Қазтуған жырлары әуенді, дыбысты, аруақты күшті поэзия екендігі. Бірыңғай ассонанс пен аллитерацияның молдығы. («Арғымақтың баласы», «Жабағылы жас тайлақ») Қазтуғанның өлең құрылымына мән берген шебер жырау екендігі. Образды, ұтымды тенеулердің молдығы. («Еділмен қоштасу жыры»). Батыр образының, портретінің шебер сомдалуы. («Мадақ жыры») Қазтуған жыраудың жыраулық поэзиядағы аса мәнді орны, өнерпаздық болмысы. «Мадақ» жырындағы батыр болмысы. Жырау поэзиясының тақырыптық сипаты жөніндегі М. Мағауин пікірі.

Доспамбеттің қазасы жайындағы ел арасындағы әңгімені орыс ғалымы В.Радловтың Қырым ноғайларынан жазып алуы.

Доспамбет өз толғауларында батырлықты, жауынгерлікті, ерлік рухты жырлады. Оның идеалы қан майданда қаза болу. («Айнала бұлақ басы тең», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Бетегелі Сарыарқаның бойында соғысып өлген өкінбес» деген жырау арманының мәні. Бұлардан басқа Еділдің бойын ен жайлап, бейбіт тұрмыс кешкен заманды өз толғауларына өзек етуі. («Айналайын Ақ Жайық»).

Шалкиіз жыраудың арнау, толғаулары. Шалкиіз жырлаған белгілі тақырыптардың қатарында, оның би Темірге арналған толғаулары жататындығы. Шалкиіздің қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салушы екендігі. («Асқар, асқар, асқар тау», «Елден шыққан сызашық», «Қоғалы көлдер, қом сулар» т.б.).

## **СӨЖ №10**

**Тақырып:** Жиёмбет мұраларының сипаты. Марғасқа жырау және оның дәуірі. Бұқар жырау толғауларындағы Абылай хан бейнесі.

**Мақсаты:** Жиёмбет – Есім ханның әскербасы батырларының бірі, әрі жорықшы жырау екендігі. Сонымен бірге Жиёмбет – ел аузынан алынған тарихи әңгімелерге және өз шығармаларындағы кейбір сөздерге қарағанда, өз заманының мемлекет істерінде үлкен рөл атқарған қабырғалы биі екендігіне тоқталу. Жиёмбет тек жырау ғана емес, елдің батыр басшысы болған. Халық оны әділ би, шешен жырау, айлалы батыр деп дәріптеген.

Қазақ елін жоңғар басқыншылығынан сақтап қалған ержүрек батырлар туралы жырлар туғызды. (Осы тақырыптағы жырларына тоқталу).

Бұқар жырау толғауларының басты қаһарманы Абылай хан және оның жорықтас батырлары, мәслихаттас билері, ең басты қаһарманы – қазақ халқының өзі.

**Әдістемелік нұсқау:** Жиёмбет толғауларынан байқалатыны оның мемлекет ішіндегі, халық алдындағы беделі жоғары болғандығы. Жиёмбеттен қалған ең елеулі мұра – оның Есім ханға арналған толғауы екендігі. Толғаудың туу себебі жайында ел арасында сақталған әңгімеге тоқталу. (Жиёмбеттің батыр інісі Жолымбет батырдың хан олжасы қалмақтың сұлу қызын барар жеріне жеткізбей жолдан тартып әкетуі жайында) өміріннің соңында Жиёмбеттің осы оқиғаның әсерінен ханмен араздасуы. өз елі Алшын ішіне кетіп, хан ордасынан сырт, шет жүруі. Осы оқиғалардың «Әмірің қатты Есім хан», «Қол-аяғым бұғауда» толғауларында көрініс табуы. Жыраудың «Әмірің қатты Есім хан», «Қол-аяғым бұғауда» «Еңсегей бойлы ер Есім» тағы басқа толғауларының мәні. «Еңсегей бойлы ер Есім» жырының әу баста ұзақ тарихи жыр-толғау болғандығы.

Марғасқа жыраудың Есімге қарсы бағынбау саясатын ұстанған Ташкент ханы Тұрсын-мұхамед Сұлтанның бүлігін басуға қатысуы. (1627 жыл) Осы оқиғаға байланысты ел

арасында сақталған әңгіме мен нақты тарихи деректерді салыстыра тоқталу.

### **Толғауларының басылуы:**

1. «Жақсы үгіт» (қазан 1908 ж.) «Алдасапан». – Алматы: 1971.
2. «Бес ғасыр жырлайды». – Алматы: 1986, 1989.
3. «Аблай хан». – Алматы: 1993.

Есім ханмен арадағы келіспеушілікті

*Ертеңгі күн болғанда  
Елің кеңес құрғанда,  
Айналып ауыл табарға,  
Сонда ханым , не дейсің?-*

деп ханға айыр салмақ сала отырып сөйлейді.

Жырау суреттеуінде тілдің көркемдегіш құралдары мол. Қайталаудың сатылап, санамалап суреттеу арқылы қолданған түрлері де бар.

*Менің ерлігімді сұрасаң,  
Жолбарыс пенен аюдай,  
Жылқыдағы асау тайындай  
Зорлығымды сұрасаң,  
Бекіре мен жайыңдай.  
Қарағай мен қайыңдай.*

Мұнда өз басындағы өрлік, ерлік, зорлық, беріктік сипаттарын санамалап «сұрасаң» сөзімен қайталап қолданған.

*Тал шыбыққа мал сақтап,  
Тапс қалаға сан сақтап,  
Тасқан екен мына хан.*

Дауыссыз, қатаң дауыссыздар үндесі арқылы ашулы күшпен әсерлене түскендей.

Бұқар жырау – өз дәуірінің данышпан ойшылы. (Философиялық тақырып тағы жырларына тоқталу). Абылай ханның ақылгөй кеңесшісі, белгілі қоғам қайраткері ретінде ол қазақ елінің ішкі ынтымағы мен ырысын, бірлік- тұтастығын, қазақ мемлекетінің дербес өмір сүру қажеттігін ту етіп көтерген ірі тұлға, кемеңгер жырау ретінде терең ойлы, елді бірлікке шақырған толғаулар тудырды. (Осы тақырыптағы жырларына тоқталу).

## **СӨЖ №11**

**Тақырып:** Ақтамберді жырау толғауларындағы басты сарын. Тәтіқара және оның заманы.

**Мақсаты:** Ақтамберді жырау толғауларындағы басты сарын – ерлікке, батырлыққа, дұшпаннан кек алуға, елді сыртқы жаудан қорғауға шақыру. («Балпаң-балпаң басарсың», «Жауға шаптым ту байлап», «Күмбір-күмбір кісінетіп», «Көк көгершін, көгершін», «Салпаң да салпаң жортармын» т.б.).

Тәтіқара мұраларының өзіндік ерекшеліктерін байқату, шығармаларының тәрбиелік мәнін анықтау, айқындау.

**Әдістемелік нұсқау:** Ақтамбердінің – әкесі Сары, шешесі Сыр бике. Найманның Сыбан атасынан шыққан Сарының ағайыннан жалғыз екендігі. Ақтамберді өмір бойы ат үстінен түспей, бел шешпей, елін қалмақ басқыншыларынан қорғаған батыр, жауынгер, жорық жыршысы, жырау. Кейін бейбіт тұста еліне егін ектірген, елінің қамын ойлаған ақылман, данагөй қария, ел ағасы. Ұзақ жасап, 93 жасында 1768 жылы қайтыс болған. Зираты Шыңғыстау маңында, Абай ауданының шетіндегі Шеп өзенінің шығысында, Құндызды Қос өңіріндегі Жүрек Жота деген төбенің басында тұр.

Жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Уа, қарт Бөгенбай», «Еділ, Жайық екі өзен», «Балпаң-балпаң кім баспас» т.б. толғауларына тоқталып талдау.

Жырау толғауларының әлеуметтік мәніне үңіле отырып, ондағы ерлікке, батырлыққа үндеген, елдің бірлігіне, адамгершілікке шақырған сөздерінің әсерлі көркем тұрғыда берілуі. Осы мақсатта сөз қайталау, дыбыс қайталау (аллитерация, ассонанс) теңеу, метафоарлардың ұтымды пайдаланылуы. Жырау толғауларының көркемдік қуатын айқындау.

Қазақ тарихында өзінің жырларымен ғана емес, қолына найза алып, жонғарларға қарсы азаттық майданында қол бастап, майданға кіріп, атойлап шапқан 18 ғасырдағы арқалы да әйгілі жырауларымыздың бірі – Ақтамберді жырау. Ақтамберді жырау 1675 жылы Қаратау өңірінде дүниеге келіп, Шыңғыстау өңірінде

қайтыс болған. Ендігі бір деректерде Аякөз өңірінде туып өскен [1, 25-25].

Ақтамберді Сарыұлының туған, қайтыс болған жылдары туралы басқа да деректер кездеседі. Мысалға әдебиеттанушы-ғалым, профессор Х. Сүйіншәлиевтің дерегі бойынша ол 1662 жыл мен 1752 жылдар аралығында өмір сүрген [1, 25 б.].

Тәтіқара шығармаларында психологиялық параллелизм шебер қолданады. Мысалы:

*Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт, Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт, Найзасының ұшына жау мінгізген, Еменәлі Керейде ер Жабайды айт.*

(«Қамыстың басы майда, түбі сайда»)

Шығармаларының жариялануы:

1. «Қамыстың басы майда, түбі сайда» 1946 ж. әдебиет және өнер журналының №7-8 санында жарияланды.
2. Ш. Уәлиханов Тәтіқара шығармаларын жинақтаған.
3. Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті 15-18 ғ.ғ. – Алматы, 1983.
4. Алдаспан жинақ. – Алматы, 1971.

## **СӨЖ №12**

**Тақырып:** Үмбетей жырау толғауларының тарихи мәні. Шал өлеңдерінің тақырыптық сипатының ерекшелігі.

**Мақсаты:** Үмбетей шығармаларының зерттелуі және жариялануы. Үмбетей шығармаларының шығармаларының көркемдігі.

Шал өлеңдеріндегі адамдардың жұмыс тіршілігі, өмірдің мәні. Өзі жайлы. Замана, дәуір жайлы. Достық пен қастық туралы.

**Әдістемелік нұсқау:** Үмбетей толғауларында «Тең» сөзінің көмегімен жасалған метафоралар бар.

*Үйіңдегі ұлың жаман болса,*

*Есіктегі құлмен тең,*

*Қойныңдағы қатаның жаман болса,*

*Қаңтардағы мұзбен тең.*

Алмастыру, метономия, яғни сөзді құбылтып қолдану жиі кездеседі.

*Қарап жатқан жыланның,  
Құрығын неге басасың*

Сөз соңында бір сөзді қайталап, өлеңге рең береді, ойды жинақтап көрсетеді.

*Кетеген болса түйең жау,  
Тебеген болса биең жау,  
Ұрысқақ болса ұлың жау,  
Керіскек болса келінің жау.  
Бай болмаған бай болса,  
Жайламаған сай қоймас,  
Би болмаған би болса,  
Айтылмаған сөз қоймас,  
Хан болмаған хан болса,  
Қанаған мен ел болмас.*

(«Бекболат биге» толғауынан).

Арнау толғаулары («Бәкеге», «Жауқашарға», «Бекболат биге» т.б.).

Философиялық-дидактикалық толғаулары.

### **Өсиет, ғибрат, нақыл сөздері.**

*Үй сыртында арқа тау,  
Панасы оның жоқ болса,  
Бұл шіркіннің несі тау.  
Кетеген болса түйең жау,  
Тебеген болса биең жау,  
Ұрысқақ болса ұлың жау,  
Керіскек болса келінің жау.  
Үйіңдегі ұлың жаман болса,  
Есіктегі құлмен тең,  
Қойныңдағы қатаның жаман болса,  
Қаңтардағы мұзбен тең.  
Кей сорлының қатыны  
Күдіз ауру, түнде сау,-  
Арқаңа артқан мұзбен тең.*

(«Бұқараға толғауынан»).

«Шал – айтыс ақыны» тұжырымын дәлелдеңіз. Шал өлеңдерінің көркемдік кестесі.

Өзіндік тың сөздерді көп қолданады.

Мысалы, тобылғыдан қатты жоқ, ырғайдан соң, немесе биік тау, айдын көл, асқар төбе сияқты сөздерді өзгеше қолданады.

Сана көз боп жүреді жарлы кісі

Шығады айқай салсам ащы терім «сана көз» өте шебер қолданылған, ал «Ащы тер» қазақ поэзиясындағы саны тіркес, сырлы эпитет болғандықтан, әсерлі.

Сөзді ажарлап, құбылтып айтуда да Шал ақынның өзіндік ерекшелігі байқалады.

Иман-қой, ақыл-қойшы, нәпсі-бәрі

Бөріге қой алдырмас ердің ері.

Ол алмастырудың жаңа түрлерін де тиімді қолданады. Кәрі құс не болады уа, дариға Қасымнан асырайтын жаны кетсе.

Жырауларда сирек қолданылатын кейіптеу тәсіл де қолданылған.

Жетпіс кейде төтелеп,

Кәрілікте жетелеп.

Сексен келді бүйірден Қандырып кетіп үйірден.

### **СӨЖ №13**

**Тақырып:** Көтеш өлеңдерінің тақырыбы. Қазақ әдебиетіндегі орны. Жанақ – жыршы.

**Мақсаты:** Көтештің қазақ әдебиетіндегі орны; жаңаша көзқараспен баға беру.

Жанақ ақынның мұраларына ғылыми жүйеде қорытынды жасап, өзіндік ой айтуға баулу; тіл мәдениетін қалыптастыру.

**Әдістемелік нұсқау:** Айтыстары. Бізге жеткен айтыстарының ішінде ең көлемдісі – Арсыз қызбен айтысы.

Қыпшақта ақындығымен ғана емес, өлеңде тұрпайы сөйлеумен де «даңқы» шығып, арсыз атанған қыз болған екен. Содан соң Көтешпен айтысып, жеңеді.

**Көтеш ақынның көркемдік әлемі**

Сөзді ауыстырып қолданады (метономия)

Малдыбайдан алғаным маңқа жирен.

Суреттейтін құбылыстарына ерекше рең беріп жырлайды (мегзеулер).

Сен бермесең етіңнен менде бермен,  
Зор болсаң, тартып жерсің мысық мұрттана,  
Ақын кейде ойды тұспалмен түсіндіреді.  
Олардың екі ақиығы араз болса,  
Жапалақ жем қылмай ма сақтай жүрген?

көтештің Олжабай атынан шығарған «Жасыбай өлім» - атта 35 жолдан тұратын жоқтау өлеңі бар.

Жанақ – айтыскер ақын. Ол айтыс жанрын өркендетуге үлес қосқан. Жанақ Түбек, Сабырбай, Балта, Дәумен, Сақау, Бұхай, Күнікей т.б. ақындармен айтысып, өнер көрсеткен.

### **Көркемдік ерекшеліктері:**

Теңеу:

*Кедейлік қыршаңқы аттай топтан қуып,  
Үйірге қосыла алмай жүрдім саяқ.  
Лашындай шарықтаған көкте шүгін,  
Көк торғындай құлпырып Ләйлім сұлу,  
Сымға тартқан күмістей шыққан үйден.*

Метафора:

*Хан – қақпа , халық- қазына, батыр-қорған,  
Молда – сүлік әуелден елді сорған.  
Шешен- шеңбер болғанда, елді сорған  
Ән-сәнің, күйіңкөркің, ақын- жорғаң.  
Қайғы – теңіз, көз жасы- сел болған кез.  
Сөз байлаусыз, оғы да жез болған кез.  
Халық- дария, хан- балық емес пе еді,  
Судан шықса жан кетер халықтан да.  
Өсиет, нақыл сөздер.  
Ат биеден туады, алып анадан,  
Ел-агадан озады, тон жағадан...  
...Хан оңбас қарашасын қарақтаған...  
Нар үріксе жүгі ауыр қарқарадан.  
Тұлпар ақау болады аяғынан,  
Ақсаса оңалмас ол баяғыдан.  
Бұзылар жебір болса би парадан...*



### Пысықтау сұрақтары:

1. Өмір жайлы деректер, зерттеушілер пікірі.
2. Жанақ шығармаларының тақырыптары.
3. Жанақ – айтыскер ақын.
4. Жанақ – сурып-салма ақын.
5. Шығармаларының көркемдігі.
6. Жанақ пен Түбек айтысын конспектілеу, Жанақтың Бала ақынмен айтысынан үзінді жаттау.

### СӨЖ №14

**Тақырып:** Жанкісі би, Қобылан Бөрібайұлы шығармаларының тақырыптық, көркемдік ерекшеліктері.

**Мақсаты:** Жанкісі би, Қобылан Бөрібайұлы мұраларына жаңаша көз қараспен баға беру; ғылыми жүйеде қорытынды, тұжырым жасау; қазақ әдебиетіндегі орны, маңызын айқындау.

**Әдістемелік нұсқау:** Өлең өрнектері:

*Ақын шығармаларында теңеу көп кездеседі*

*Естігенің қорлық сөз, қолда жұмыс*

*Жұмыртқадай шағылды күнде миым.*

*Айқай кәрілік неңді алдым ?*

*Алпауыттай күші алдың*

*Айқай кәрілік неңді алдым ?*

*Соғым арық, етіміз қара кесе*

*Етханам жаратпайды бара берсек (эпитет)*

немесе: *Аузым – бұлбұл, аяғым-дүлдүл еді;*

*кәрәләк жетіп қалдың қай жағымнан (метафора)*

Ақын өлеңдерінде антонимдік, синонимдік параллелизмдер көп

*Жақсылық табылмайды алдын таптай,*

*Жамандық табылады сатып алмай*

(антонимдік)

*Кедейлік мұнша неге болдың қиын,*

*Ойын-той, сауық-сайран, қайда сыйсың?*

(синонимдік)

### **Қобылан сазгер де болған**

Оның бірнеше әндерін халық орындап, жеткізген. Ән жинақтарында жарияланып кеоген «Әудем жер» туындысы басқа сазгерлерге телініп жүр.

### **Нақыл сөздері де бар.**

*Мысалы: Қадір, құрмет- тоқтықта,  
Ашу, араз- жоқтықта  
Сергелдеңге түссе мал жаман,  
Ығыр болса ел жаман,  
үлгісіз пішсе тон жаман,  
төресі теріс би жаман.*

### **СӨЖ №15**

**Тақырып:** Есет Қараұлы, Абыл ақын шығармаларының өзекті мәселелері.

**Мақсаты:** Есет Қараұлы, Абыл ақын мұраларына жаңаша тұрғыдан баға беру; қазақ әдебиетінің тарихындағы орнын анықтау, маңызын, мәнін көрсету.

**Әдістемелік нұсқау:** Шығармаларының жиналып, зерттелуі. 1942 ж. Мұрын жырау Абыл жөнінде деректер айтқан. 1924 ж. Ташкентте шығармалары «Сана» журналында басылды. 1967 ж., 1972 ж. Атырауда «Коммунистік жол» газетінде толғаулары жарық көреді. 1967ж. «Ертедегі әдебиет нұсқалары». – Алматы: 1976. шығармалары енгізіледі. 1972 ж. «Ақберген» жинағы енеді. 1982 ж. «Өсиет-нама» жинағы енеді. 1984 ж. «Бес ғасыр жырлайды» жинаққа кіреді. 1985 ж. «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» жинағында жарияланды.

### **Абыл туралы көркем туындылар жазылған.**

1. А. Жұбанов «Ғасырлар пернесі» зерттеу еңбек.
2. Ә. Тәжібаев «Абыл» поэмасы.
3. Ә. Кекілдібаев «Күй» повесі.

### **Зерттеушілер пікірі:**

1. М. Әуезов: «Қазақ халқының жан дүниесінің тазалығын, қайғы көріп, қаралы болғаны қабырғасы қайысып, ауыртпалықты бірге көтерісетнің, оның адамның күйініш-

сүйінештерін терең сезінген сыпайыгершілігін, көркендігін танытады». (Уақыт және әдебиет. А., 1962 ж.)

2. Қ. Сыдықов: «Абыл-көне жыраулар дәстүріндегі сөз шебері». (ақын, жыраулар. А., 1974 ж.).

3. М. Әуезов: «Абыл халық арманын өз шығармаларында бейнелеп білген үздік ақын», - деді (әр жылдар ойла., 1959 ж.).

4. Қ. Жұмалиев: «абыл батыс аймақтағы әдеби ортаның ірі өкілі». (Қаз. әд. тарихы. А., 1966).

Абылдың «Естірту» өлеңі –мұң –шер өлеңі. Өлең тек қайғы-шерге құрылған емес, өн бойында ойлы мысалдарға толы, ақыл, нақыл, насихат күйінде келеді де соңынан бірнеше жол қаза хабарын ашық айтады.

Мысалы;

*Ай тұтылады ұлысынан,  
Күн тұтылады шығысынан  
Емен сапты болат найза,  
Сынады дейді ұңғысынан, дей келе  
Тау құлады шынарынан,  
Айырылып шықты көзің шырағыңнан.  
Жүрегіңнің он дидары,  
Көзіңнің ол жанары,  
Айырылдың Тілеумағамбет перзентінен.*

#### **Абылдың айтыстары.**

1. Абыл Балдай қыз. Қыз бен жігіт айтысына жатады. сөзі көркем, мағынасы ұғынықты, таза ақындық серпінге құрылған сушы қызбен сөз жарастыруы.
2. Шерниязға айтқаны. Импровизацияға құрылған. Шешен, өткір ұтымды жауабымен танылады. Қысқа жауапқа құрылған түре айтыс.
3. Абыл мен Орақтың қызбен сөз қағыстыруы. Сөзді қыз бастайды. Оған Орақ жауап береді, содан абыл сөзге кіріседі. Қайымдасу ретіндегі бұл айтыста төреші өздері болады.
4. Нұрымды сынауы, сөз жарыстыру. Әзіл-оспақ, сын түрінде келеді.

Абыл шығармаларының ерекшелігі сонда шешендік толғау, терме, мақал, ақыл-нақылға құрылады:

*Жалғыздық жаман,*

*Жарытып ісі өнбейді  
Жарылық құрсын,  
Әйтседе кісі өлмейді.  
Кәрілік бәрінен де жаман еккен,  
Адамды ұрмай , соқпай кісендейді.*

- A) Шұбыртпалы
- B) Қара өлең
- C) Аралас
- D) Ерікті
- E) Кезектес.

## **БІЛМАЛУШЫНЫҢ ОҚЫТУШЫ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗДІК ЖҰМЫСЫ (БООЖ)**

### **БООЖ №1**

**Тақырып:** Тарихи шындық пен көркем шындықтың арақатынасы.

**Мақсаты:** Батыс түрік қағандығынан кейін өмірге келген мемлекеттік дәрежедегі бірлестіктер.

Ежелгі түркі қағанатының Батыс және Шығыс қағанаты болып екіге бөлінуі. Олардың мекендері. Тілдік туыстықтары.

**Әдістемелік нұсқау:** Түркі ұлыстарының сол дәуірдегі бастарынан кешкен оқиғалары, тұрмысы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, нанымы. Олардың жартылай отырықшы, жартылай көшпелі бола жүріп жасаған мәдениеттерінің қалдықтары. Жер өңдеу, суландыру жүйелері – құбырлар мен арықтар, қотан-көбік су жинау орындарын жасаулары.

### **БООЖ №2**

**Тақырып:** VIII-IX ғасырлардағы мәдениет, өнер белгілері, жазу үлгілері.

**Мақсаты:** Көне түркі халықтары мәдениетінің туа бастаған оғыз-қыпшақ одақ қатынастар негізінде дамығандығы.

**Әдістемелік нұсқау:** Қазақстан жерін мекендеген ру-тайпалардың Индия, Қытай, Персия, Араб, Византия сияқты іргелі елдермен сауда қатынасын жасауы, кейінірек Киев

Русімен арадағы байланыс. Олардың Қазақстан тайпалары мен Орта Азия халықтары үшін перспективалы маңызының болғаны. Аталған дәуірдегі материалдық мәдениеттің, тоқыма өнер кәсібінің, қала құрылысының өрістеуі. Отырар, Тараз, Сығанақ, Иасы (Түркістан), Сауран тәрізді шаһарлардың ірі ғылым, мәдениет орталықтарына айналуы. Бұл шаһарларда оқу, өнер орындары, кітапхана, шеберханалардың болуы. Өрнек, оюлы құрылыс жасау, сәулет өнерінің өріс алуы. Сауда, керуен сарайлары, кітапхана, мешіт, медресе, мекен-жайлар, қорғандар, ірі қамалдар мен құрылыстардың жасалуы.

### **БООЖ №3**

**Тақырып:** VIII-IX ғасырларда түркі тектес тайпаларға ортақ оғыз-қыпшақ әдеби дәстүрлердің қалыптасқаны.

**Мақсаты:** Тым ерте кездерде шыққан таңбалар, жазу-сызулар, олардың бергіндегі мәдениетке тигізген әсері.

Халық ауыз әдебиетінің дамуы. Ерте дәуірдің тұрмысынан туған өлеңдер, ертегілер, тарихи аңыздар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер.

**Әдістемелік нұсқау:** VIII ғасырдан сақталып бізге жеткен құлпы тас беттерінде ілкі бейнелі сөз белгілерінің көріне бастауы (Орхон, Талас ескерткіштері) және сол кездегі өлең үлгілері. Ондағы аңыз, ертегі, жоқтау, мақтау сияқты ауыз әдебиетінің ескі үлгілерінің көріністері.

VIII-IX ғасырлардағы әдебиеттің ұлыстық, тайпалық дәуірлер одағы қалыптастырған түркі елдеріне ортақ әдебиеті екендігі. Оның сипаты.

Ф. Энгельстің: «Неғұрлым тарих түбіне тереңдеген сайын, солғұрлым тектес халықтардың арасындағы айырмашылық жойыла береді», дейтін дана қағидасы.

Түркі халықтарының тектестігі және аталған дәуірлердегі әдеби туындыларының ұйғыр, өзбек, татар, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, қазақ, әзербайжан, түрікмен, хакас, тува, алтай халықтарына ортақ екендігі. Бұл жайында көрнекті совет тюркологтарының пікір тұжырымдары, еңбектері.

Түркі тілді халықтар әдебиетіне ортақ көне ескерткіштер, әдебиеттік мәні бар шығармалар. Оның жазбалары – шрифтасы, оқылуы.

#### **БООЖ №4**

**Тақырып:** Орхон ескерткіштері (ҮІІ-ҮІІІ).

**Мақсаты:** Орхон ескерткіштерінің табылуы, ашылуы және зерттелуі. Орхон ескерткіштерінің оқылуы және оларды аударудың принциптері. Түркі тілі ескерткіші екендігін дәлелдеген ғалымдардың еңбектері.

**Әдістемелік нұсқау:** Орхон ескерткіштерінің әдеби сипаты. Тарихи ерлік жырға жататындығы және ескерткіштің жанры жайындағы қарама-қарсы пікірлердің болғандығы.

Орхон ескерткіштерінде ке йде мақтау, ке йде жоқтау ыңғайында келетін шешендік сөз үлгілерінің, өлеңдік ұйқастардың, мақалды тіркестердің, поэтик тілдердің мол ұшырасатындығы.

Бұл шығармаларда ҮІІІ ғасырдың ірі мемлекеттерінің бірі Түрік қағанатының құрамында толып жатқан ұлыстардың есепсіз жауласуының, өз жерін шетел басқыншыларынан қорғау күресінің суреттелуі. Ондағы суреттелген оқиғалардың тарихи шындыққа қатысы. Аталған шығармалардағы әлеуметтік мәселелер көрінісі.

Орхон ескерткіштерінің авторлары туралы.

Орхон ескерткіштері және қазақ эпосы. Оларға ортақ ұқсастық, бірліктер.

Орхон жырларының көркемдік ерекшеліктері. Образдар, поэтик тіл.

Орхон ескерткіштерінің түркі халықтары әдебиетінің түп-төркінін танытатын әлемге әйгілі көрнекті көне мұралар екендігі.

#### **БООЖ №5**

**Тақырып:** Қорқыт ата (ҮІІІ ғ.)

**Мақсаты:** Оғыз-қыпшақтар және бұл одақтың ескі мекендері. Орта Азия мен Қазақстан тарихының

байланыстылығы. Қорқыт хикаясының алғаш ҮІІІ ғасырда Сыр бойындағы оғыз-қыпшақтар арасында туып, соңынан басқа жаққа тарағандығы. Қорқыт туралы аңыздардың кейін жинақталып жырға айналуы. ХІ-ХІІ ғасырлардан жеткен қолжазба нұсқасы.

**Әдістемелік нұсқау:** Қорқыттың қазақпен көршілес тектес халықтар арасында әралуан әңгімелетіндігі. Қазақ арасындағы Қорқыттың әнші, күйші болып келетіндігі. Қорқыт мазары. Сыр бойындағы оған орнатқан ескерткіш.

Қорқыт ата жайындағы қазақ арасына тараған аңыздар және олардың түркі халықтарының орта ғасырлық жазба мұрасы «Китаби дедем Қорқыт» атты эпостық жырмен сабақтастығы.

Қорқыттың қазақ арасындағы нұсқаларының басқа халықтар жасаған ежелгі эпостармен ұқсастығы (атақты Прометей, осетиндердің Әміран жайындағы аңыздарындағы құдаймен алысу тақырыбының Қорқытта да кездесетіні).

Қорқыттың тарихи болмысы. Қорқыт бейнесі – игілік атаулы мен өшпес өмірдің куәсі. Қорқыт – тарихи бейне, даңқты жырау, өнерпаз, ұстаз. Қорқыт жайындағы зерттеулерге шолу.

«Китаби дедем Қорқыт» және қазақ эпосы. «Қорқыт ата кітабының» мазмұны. Жырдың салалары: 1. Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр. 2. Бамсы Бейрек туралы жыр. 3. Урузбек туралы жыр. 4. Домбоул туралы жыр. 5. Қаңлы Қожаұлы Қан-Төрәлі жайындағы жыр. 6. Икенке туралы жыр. 7. Бисат туралы жыр. 8. Әмрен туралы жыр. 9. Секрек туралы жыр. 10. Салор Қазанның қолға түсуі және оның ұлы Ураздың босатуы жайындағы жыр. 12. Бейректің өлімі туралы жыр. Бұл жырлардың жер жүзілік мәдени маңызы. Қорқыт жырларындағы көркемдік белгілер, олардың құрылысы, тілі. Қазақтың қазіргі тіліне аударылуы.

## **БООЖ №6**

**Тақырып:** «Оғыз-наме» дастаны.

**Мақсаты:** Жырдың қолжазба нұсқалары туралы мәлімет. «Оғыз-наме» туралы зерттеулер.

**Әдістемелік нұсқау:** Дастанның Анкарада (1972) толық жариялануы. Оның қазақ тіліне тым жақын екені. Дастанның

көне әдебиетіміз тарихынан алатын орны. Оғыз-уыз қаған және оның ұрпақтары туралы жырдағы деректі көріністер. Дастан оқиғасының Қорқыт ата кітабымен үндестігі. Екеуінің де оғыз ұрпағының ерлік дәстүріндегі эпос екені. Қазақ тіліне аударылуы.

«Оғыз-наме» жырының мазмұны. Образдар жүйесі, көркемдеу, суреттеу әдістері. Ертегілік-мифтік сипаттары. Шығарманың құрылысы, тілі. Әдеби маңызы.

### **БООЖ №7**

**Тақырып:** X-XII ғасырлардағы әдебиет нұсқалары.

**Мақсаты:** Бұл дәуірдегі тарихи әлеуметтік жағдай. Үйсін, оғыз, қыпшақ одақтарының Қарахандық (Қараханидтер) бірлестігіне енуі. Қазақ еліне ісләм дінінің тарала бастауы, оның моральдық, этикалық тәлімдері және жалпы білім, мәдениет, әдебиетке тигізген ізгі әсері.

**Әдістемелік нұсқау:** Аталған дәуірде мәдениеттің, ғылымның өсуі, қоғамдық ойдың дамуы, Мухаммед Хорезми, Убунасыр әл-Фараби, Әбурайхан әл-Бируни, Әбуәлі бин-Синаларға жалғасып жатқан Махмут Қашғари, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгнаки, Сүлеймен Бақырғани, Жүсіп Баласағұни сияқты түркі халықтарынан шыққан ғалым-ойшылдар, әдебиетшілер. Олардың түркі халықтары ғылымын, мәдениеті мен әдебиетін, араб ғылымын, мәдениетін дамытудағы еңбектері.

### **БООЖ №8**

**Тақырып:** Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет.

Асан қайғы – аңыздық тұлға.

**Мақсаты:** Қазақ халқының ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы әдеби-рухани әлемі кемелденіп, кең өріс алуы. Бұл кезеңдер аралығындағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі оқиға, өзгерістердің (жоңғар шапқыншылығы, ақтабан-шұбырынды, хан үкіметі төңірегіндегі толқулар т.т.) ақын-жыраулар шығармашылығынан көрініс табуы.



Асан қайғы және Қазақ Ордасы. Жәнібек хан мен Асан арасындағы қарым-қатынас, ханға арналған толғаулардағы елдік, мемлекеттік мәселелер, хан мен халық арасындағы байланыс т.т. «Көшпенділер философының» (Ш. Уәлиханов) тәуелсіздік талаптары ретінде феодалдық қоғамдағы руларды біріктіріп, елдің қорғаныс қабілетін күшейтіп, адамдар санасын жетілдіру негізінде ұлттық дәстүрлерді, имандылық мәселелерді алдыңғы кезекке қоюы.

**Әдістемелік нұсқау:** ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетіндегі негізгі тұлғалар (Асан қайғы Сәбитұлы, Қазтуған Сүйінішұлы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Қожаберген, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар, Шал т.б.), олардың шығармашылықтарындағы басты тақырыптар – мәселелер (қазақ елінің тәуелсіздігі, қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістер, болашаққа деген патриоттық сезім-сарындар, адам мен оның іс-әрекеттері, мінез қырлары, моралдық-этикалық қағидалары сынды ерекшеліктер), поэзиямыздағы суреткерлік, шеберлік сырлары.

Асан қайғы – тарихшылар, әдебиетшілер еңбектерінде. Дербес те қуатты мемлекет негізі – хандық үкіметті біріктіру, адамдардың татулығы т.т. мәселелерге зор маңыз беріп, оны өлең-толғаулары арқылы кең көлемде сөз етуі. Қилы кезең көріністерін, ел-жер қадірін, адамдық-имандық мәселелерді, жақсы-жаман сипатын, ашу-дұшпан мәнін т.т. уақыт шындығына сай суреттеуі.

Асан қайғы сөздерінің тағылымы.

### **БООЖ №9**

**Тақырып:** Қазтуған жырау поэзиясындағы туған жер тақырыбы. Доспамбет – халық жыршысы.

**Мақсаты:** Жырау шығармашылығындағы ұлттық бояу бедерлері, көркемдік өрнектер, суреттеу тәсілдері.

Доспамбет жыраудың еркіндік жолындағы жорықтары. Қоршаған ортаны, туған табиғатты аялау мұраты.

**Әдістемелік нұсқау:** Қазтуған Сүйінішұлы – Ноғайлы дәуірінің перзенті. Түркі тайпаларының әскербасы – батыры.

Жорық жыршысы Қазтуғанның өлең-толғауларында – атамекен, ел мен жер, әскери тақырыптардың кең көлемде көрініс беруі. «Мадақ» жыры арқылы Еділ жұртының бағыт-бағдарын айқындауы, ұлттық-рухани мәселелерді қозғауы, ел-жер қадірін, адамның құнды қасиеттерін ардақтауы. Атамекенін асқақтата жырлап, отбасын, туған-туысты құрметтеуі.

Доспамбет жырау толғауларындағы дос пен дұшпан арақатынасын ашу сипаттары. «Дүниенің басы сайран, түбі ойран» екендігін баяндайтын өлең-жырларындағы адам орны мен ел-жер қадірі, елдік пен ерлік сипаттары. Доспамбет поэзиясының өрнектері, шеберлік сабақтары. Доспамбет шығармаларының өзіндік ерекшеліктерін анықтаңыз.

### **БООЖ №10**

**Тақырып:** Шалкиіз поэзиясының зерттелу ерекшелігі.

Жиембет жырларының тарихи оқиғамен байланысы.

**Мақсаты:** Шалкиіз мұрасының зерттелінуі, өзінен кейінгі ой мен сөз шеберлеріне әсері. Жырау есіміне байланысты ақиқат пен аңыз.

Жырау шығармаларындағы ел мен жер қадірі, тәуелсіздік жолындағы ерлік, күрес үлгілері. Есім хан тұсындағы тарихи оқиғалардың шындық сипаттары.

**Әдістемелік нұсқау:** Шалкиіздің Ноғайлы әміршісі – Би Темірдің төңірегінде болуы. Ноғайлы әміршісіне арнаған толғауларында («Би Темірге бірінші арнау», «Би Темірді Хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны»), сондай-ақ ел-жерге, жақсы-жаманға, қоғалы көл, қом суларға, асқар тауға, арғымақ атқа, қыран құсқа т.т. тақырыптардағы қысқа көлемді, отты да шымыр өлең жолдарынан күрделі кезең кестелері, ұлттық-дүниетанымдық белгілер мен адамдық-имандық мәселелердің суреттелуі. «Ер Шобан» жырындағы елдік, ерлік мәселелері.

Жыраудың Еңсегей бойлы Ер Есімнің әскербасыларының бірі болуы. Жиембеттің Есімді ақ киізге салып хан көтерушілердің бірі болуы. Оның артық-кем тұстарын мінеуі. Қазақ-Ойрат соғысы мен Ташкент ханы – Тұрсынның көтерілісін басуға ерлік ісімен, отты да жалынды сөздерімен

үлес қосуы. Тәуекел ханға қатысты көзқарастары, ол жайындағы дерек, толғаулар. «Жақсы жігіт» жинағы жөнінде. Жыраудың ақындық өнері, тіл шеберлігі туралы.

### **БООЖ №11**

**Тақырып:** Марғасқа – дәуір жыршысы.

Қожаберген жырау – ақын, күйші, сазгер.

**Мақсаты:** Жыраудың елдік пен ерлікті жырлаудағы тақырып алуандылығы, шеберлік иірімдері.

Қожаберген жырау жырау мұрасындағы «Ақтабан-шұбырынды» кезеңінің суреттері. Елдің сыртқы саяси ахуалы, ішкі-жай күйі, батыр-билері, хандары, жер-су атаулары.

**Әдістемелік нұсқау:** Есім ханның – жорық жырауы әрі оның ерлік істерін, сарбаздарын бейнелеудегі ақын шығармашылығының маңызы. Тұрсын сынды сатқынның жазықсыз халыққа тұтқиылдан жасаған шабуылының жеңіліске ұшырау себептері. Марғасқаның Тұрсын ханның артық-кем тұстарын бүкпесіз айтып, желік-бүлігін басуы. Мұның жырау шығармашылығынан көрінуі. Марғасқаның Есім ханның өмірі мен ерлік істерін баяндайтын «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты тарихи жырды жеткізушілердің бірі болуы.

Ақын шығармашылығының маңызы, көркемдік нәрі, зерттелу мәселелері туралы. Тәуке ханның тұсында Жоңғарларға қарсы күресі. Ордабасы атануының себебі мен сыры. Бірнеше тілді меңгеріп, елшілік міндет атқаруы. Өз-Тәукенің бас ақыны әрі мемлекет қайраткері ретінде «Жеті жарғы» атты қазақтың әдеттік-қылмыстық құқығын жазғандардың бірі болуы.

Қожабергеннің ақындық, күйшілік, сазгерлік өнері туралы. «Елім-ай» – ел ұраны, тарихы, тағдыры. «Баба тіл» – ана тілінің айнасы, тіл мұратының биік тұғыры. Жыраудың бірлік пен батырлықты дәріптеуі, дастандарынан («Ер Көкше», «Ер Қосай», «Ер Сырым», «Ер Жәнібек», «Ер Едіге», «Қорқыт баба» т.т.), күйлерінен («Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай», «Шұбырынды», «Сұлама» т.т.) көрініс беруі.

## **БООЖ №12**

**Тақырып:** Ақтамберді – қазақтың белгілі жорықшы жырауы. Үмбетей шығармаларының көркемдік сипаты.

**Мақсаты:** Ақтамберді поэзиясының көркемдік қуат-күші. Жырау шығармашылығындағы өнегелі өмір өрнектері, ақындық өнердегі орны. Жырау мұрасының жариялануы, зерттелінуі, көзқарастар.

Жырау толғауларындағы ел тарихын, жер тарихын аша түсер деректер. Үмбетейдің әдеби мұрасына қатысты зерттеу, пайымдаулар. Жырау поэзиясының көркемдік әлемі.

**Әдістемелік нұсқау:** Жырау мұрасындағы патриоттық тақырып («Күмбір-күмбір кісінетіп», «Жақыннан көрдім талқы көп») пен ақыл-нақыл туралы («Балаларыма өсиет», «Ел аман болсын, ләйім»), сондай-ақ, адам мен оның іс-әрекеттері, жақсы-жаман орны, ағайынның ара қатынасы, қыз-жігіт сипаты, арғымақ аттың сыны мен бабы т.т. жырау шығармашылығындағы кезең, уақыт шындықтарымен табиғи үндесіп, биік те ізгі мақсаттарға негізделуі. Ақтамберді мұрасындағы елдік рух пен ерлік дәстүрлер өнегесі. Ағайынның, әке мен баланың ара қатынасын, бақыт, жақсылық жайлы, жарлылық, жалғыздық, жетімдік жөнінде, дос-дұшпан сырларын суреттейтін «Жағалбай деген ел болар», «Жел, жел есер, жел есер», «Жағама қолдың тигені», «Арудан асқан жар бар ма», «Түйе мойнын тұз кесер», «Жауға шаптым ту байлап» т.т. маңызы, мұраты.

Ақын шығармашылығындағы Бөгенбай бейнесі, оның ерлік істерін ардақтап, өліміне өкініш білдіруі. Ел тыныштығын ойлап, ерлікті жырлаған ақынның қазақ батырлары мен билерін (Жәнібек, Қазыбек, Қабанбай) сынап, өзіндік қасиеттерін құрмет тұтуы.

Үмбетей сөздерінің («Үйінде ұлың жаман болса, есіктегі құлмен тең», «Кей сорлының қатыны – күндіз ауру, түнде сау» т.т.), арнау өлеңдерінің («Бәкеге», «Бұқарға», «Бекболат биге», «Жауқашарға» т.б.) мәні, тақырыптық-көркемдік нәрі. Поэтикалық әсерлілігі. Жырау толғауларындағы ел мен жер тарихына қатысты деректер. Үмбетей шығармашылығына тән

белгі, ерекшеліктер. Оның жыраулар поэзиясындағы алар орны, зерттелу аясы.

### **БООЖ №13**

**Тақырып:** Тәтіқара жырау жырларындағы тарихи шындық суреттері.

Бұхар жырау толғауларындағы заман шындығы.

**Мақсаты:** «Жортуыл жыршысы, жорық кернейшісі» атанған Тітіқараның әдеби мұрасы. Тәтіқара өлеңдеріндегі Абылай хан.

Бұхар өз заманының аса ірі саяси қайраткері. Бұхар поэзиясы – ғасырлар туғызған даналық тұтас сыйған ұлы поэзия. Өзгеше көркемдік әлем. Шеберлік шыңы.

**Әдістемелік нұсқау:** Өмірі мен ақындық өнері. Абылай ханмен тұстас болуы, әрі қалмаққа қарсы күресі. Цин басқыншыларына қарсы күреске бағыттап, сол арқылы елдік пен ерлікті дәріптеп, ездік пен табансыздықты мінеуі. Ақын туралы Шоқан Уәлиханов еңбектерінде кездесетін деректер. «Қамыстың басы майда, түбі сайда», «Кебеже қарын, кең құрсақ», «Кеше, тоқыраулы судың бойында», «Ассалаумағалейкум, жақсылар мен жайсандар» өлеңдері. Ақынның көлемі шағын, көркемдік-бейнелілік сипаты жоғары, буыны мен шумағы ширақ өлең жолдарынан «Артық туған – Абылай», «Найзасының ұшына жау мінгізген» - Ер Жабай, жігіттік пен ерлік үлгісі – Бөгембай т.б. елдік дәстүр-өнегеге сай сипаттарын сенімді суреттеуі.

Ақын мұрасының сөз өнеріміздегі орны, зерттелінуі.

Бұхар тек ХҮІІІ ғасыр өлеңін емес, жалпы қазақ поэзиясының түр, мән, мазмұн, көркемдік сапа жағынан тереңдетіп, биіктетті. Қазақ жыраулар поэзиясының аса ірі тұлғасы Бұхар жырау мұрасын сақтаушылар, зерттеушілер. Жырау толғауларының басылым, жариялану, жайы. Текстологиялық мәселесі. Ш.Уәлиханов еңбектеріндегі, «Тауарих Хамсадағы», С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, Қ.Мұхаметқанов зерттеулеріндегі Бұхардың әдеби мұрасына

барлау, өмірбаяндық деректер. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Бұхартанудағы өлшеусіз үлес, еңбегі.

Бұхар және Абылай. Аласапыран уақыттың астарына бойлаған әлеуметтік, азаматтық үні басым жыр-толғауларды туғызушы жыраудың түйіндеуіндегі тіршілік үйлесімі, Бұхардың дүниетаным аясы. Жаратылыс құбылыстарын, сезім сәттерін өлеңге көшірудегі күдірет-күпиясы.

#### **БООЖ №14**

**Тақырып:** Көтеш жырларындағы тұрмыстық мәселе.

Шал өлеңдерінің тақырыптық сипаты.

**Мақсаты:** Ақынның өзі, ортасы туралы өлеңдер, оның маңызы. Ақын мұрасының зерттелінуі, әдеби-рухани мәні.

Шал ақын өз шығармаларында ел өмірін, халық тұрмысын, хан мен би бейнесін т.т. негізгі өзек етуі. Ақын мұрасының зерттелінуі.

**Әдістемелік нұсқау:** Өлеңдерінің жиналу, зерттелу жайы. «Күркелінің бауыры күнде дауыл», «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің», «Кәрілік, жылы жұмсақ ас жарай ма», «Алдымнан алты пұшық анталады», «Арқа ойынды құба жон түсер қаңтар», өлеңдері. Ақын өлеңдеріндегі тіршілік тынысы. От басы, туыс жандардың ара қатынасы.

Ақындар поэзиясын қара өлең, қайым өлең, жанр түрлерімен байытуы. Шығармашылығында әлеуметтік, қоғамдық, тұрмыстық мәселелерді көтеріп, көптеген лирикалық өлеңдер шығаруы. Оның «Жасыбайдың өлімі», «Жұбату» өлеңдері, жоктау, халықтың көңіл айту стиліндегі шығармашылығы туралы.

Ақын шығармашылығындағы шеберлік, көркемдік үлгілер. Оның өзі өмір сүрген дәуірінің бар бояуы түскен от басы, ағайын арасы, адамның жалған дүниеден іздегені мен тапқаны, тіршілікте тірек етер мұраттары түскен жыр мұрасы. Шал ақын жайлы әдебиет тарихына мәлім бұрынғы-соңды деректер. Шығармаларының жиналу, зерттелу жайы. Оның поэзиясындағы ежелгі мақамдар, жаңа сарын. Қазақ поэзиясын, қазақ өлеңін байытуы, дамытуы.

Шалдың адам ғұмыры, кедейлік-байлық, бақ пен зор, адамгершілік мұраттар, шешендік өнер, сөз өнері жайлы толғаулары. «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің», «Күлен шешен», «Түседі өлең десе қайғы-шерім», «Сөйлеп қал, сөйле тілім, арыс келді», «Кедейлік ер жігітке намыс емес», «Кедейлік туралы», «Бұрынғы бар кісілер болды жарлы», «Бақ-дәулет жеті мұқият болса жолдас», «Он бестегі жасым-ай», «Елу – ердің жасы емес» т.б. Ақынның сұрақ-жауап, айтыс түрінде келген өлеңдері.

### **БООЖ №15**

**Тақырып:** Жыраулық поэзия мен ақындық поэзияның арасындағы дәстүр сабақтастығы.

**Мақсаты:** Жырау өнернамасының өзіндік ерекшелік, басты сипаттары. Жыраулық жыр үлгісі. Ақындар поэзиясының жаңа арнаға бұрылып, бейбіт тірліктің жай-күйіне ойыса бастауы.

**Әдістемелік нұсқау:** Ақын және жырау ұғымдары төңірегінде бұрынғы-соңды айтылатын айғақ тұжырымдар. Жырау поэзиясына өлең теориясы тұрғысынан сипаттама. Жанрлық, буын, екпін, ұйқас, дыбыс ерекшеліктері. Жырау поэзиясының батырлар жырымен халық эпосымен байланысы. Жыраулар поэзиясындағы дәстүрлі қолданыстар. Көркемдік әдістер.

Жыраудың қоғамдық қызметі, әлеуметтік орны. ХҮІІІ ғасыр жырауларының қазақ тарихындағы орны. Қазақ хандығы ыдырай бастаған тұстағы поэзия. Оның түр, мән, мазмұн ерекшеліктері.

## ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ХАНДЫҚ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНЕН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. YI-IX ғасырлардағы түркі әдебиет ескерткіштері
2. Тарихи жағдай. Түрік қағанаты.
3. Орхон ескерткіштерінің әдеби сипаты
4. Орхон жазба ескерткіштері және Түрік қағанатындағы тарихи шындық
5. Көне жазба ескерткіштерінің зерттелуі
6. Тасқа жазылған дастандар (Руна жазуындағы жәдігерліктер)
7. Көне түркі әдеби ескерткіштерінің тілі
8. Орхон жазбалары және тарихи шындық
9. Күлтегін және Тоныкөк жырларының көркемдік ерекшеліктері. Композициялық құрылысы, идеялық мазмұны.
10. Қорқыт туралы ақиқат пен аңыз
11. Қолжазба нұсқалары, зерттелуі, аудармалары
12. Қорқыт атаның өсиеттері, ғибрат сөздері, мақал-мәтелдері
13. «Оғыз-наме» эпосы және қазақ әдебиеті
14. «Оғыз-наме» эпосының жанры, композициясы
15. «Оғыз-наме» эпосының қаһармандары
16. «Оғыз-наме» эпосының нұсқалары
17. Әбу-Насыр әл-Фараби (870-950) мұрасы
18. әл-Фарабидің қоғамдық, әлеуметтік және этикалық мәселелер жөніндегі зерттеулері
19. әл-Фарабидің әдебиеттану, тіл білімі, логика, философия, т.б. салалар бойынша жазған зерттеулері
20. әл-Фараби - әдебиет теориясын зерттеуші
21. X-XII ғасырлардағы әдебиет
22. Қарахан әулеті билік жүргізгентұстағы (X-XII ғасырлар) қоғамдық әлеуметтік жағдай
23. Қазіргі Қазақстан жерінде XI ғасырда Қыпшақ мемлекеттік бірлестігінің өмірге келуі
24. Ғылым саласындағы жетістіктер
25. Махмұд Қашқари (XI ғасыр) – ұлы филолог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым, саяхатшы
26. «Түркі сөздерінің жинағының» зерттелуі



27. «Диуани лұғат ат-түрік» дастанының әдеби мәні
28. Жүсіп Баласағұн – XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, данышпан-ойшылы, ғалымы, белгілі қоғам қайраткері.
29. «Құтты білік» дастанын зерттеуші ғалымдар, аудармашылар
30. «Құтты білік» - дидактикалық дастан
31. «Құтты білік» дастанындағы ел басқарған әкімдер бейнесі
32. Ахмед Иүгінеки (XII ғасыр) мұрасы
33. «Ақиқат сыйы» - дидактикалық сарында жазылған шығарма
34. Дастанның композициялық құрылысы. Идеялық мазмұны
35. «Ақиқат сыйы» дастанының көркемдік ерекшеліктері
36. Қожа Ахмет Иассауи мұрасы
37. Қожа Ахмет Иассауи – сопылық әдебиеттің ірі өкілі, әйгілі ақын
38. «Даналық кітабы» - түркі халықтарының XII ғасырдан сақталған әдеби ескерткіші
39. «Диуани хикматтағы» сопылық ағымның философиялық ой-пікірлері
40. Сүлеймен Бақырғани мұрасы
41. «Бақырғани кітабының» негізгі идеясы
42. «Бақырғани кітабының» қазақша аударылуы
43. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (XII-XV ғасырлар)
44. Алтын Орда дәуірі. Тарихи-әлеуметтік жағдай
45. Алтын Орда мемлекетінің құрылуы
46. Алтын Орда дәуірі әдебиетінің бізге жеткен үлгілері
47. Насреддин Рабғузи «Рабғузи қиссалары»
48. Насреддин Рабғузи – Алтын Орда дәуірі әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі
49. «Рабғузи қиссаларындағы» қоғамдық өмір
50. «Кодекс – куманикус» сөздігінің тарихи маңызы
51. «Кодекс – куманикус» – қыпшақ тілінің сөздігі, қыпшақ тілі туралы жинақ
52. «Кодекс-куманикустегі» жұмбақтар, уағыз-өсиет сөздер
53. Алғашқы қауымдық құрылыс дәуіріндегі қазіргі Қазақстан мен Орта Азияны, Алтай өңірін мекен еткен ру-тайпалар, ұлыстар туралы тарихи деректер

54. Сақтардың тайпалық бірлестіктері, салт-дәстүрі, наным-сенімі, әдет-ғұрпы, діні
55. Қыпшақ қоғамының ертедегі феодалдық мемлекет бірлестігі ретінде өмірге келгендігі
56. Түрік мұсылмандарының алғашқы феодалдық мемлекеті – Қарахан мемлекеті (940-1212) жылдар.
  1. Ұлттық сөз өнеріндегі жыраулар поэзиясы.
  2. Асан қайғы толғауларының тағылымына баға беріңіз.
  3. Жыраулық өнердің түрі мен тегі, дәстүрлі арналарын, даму өзгешеліктерін сипаттаңыз.
  4. Қазтуғанның өлең-толғауларындағы атамекен тақырыбын талдаңыз.
  5. Ақын-жыраулар мұрасының қазақ әдебиетіндегі орнына баға беріңіз.
  6. Ақын, жырау, жыршы ұғымдарының мәні, ерекшеліктері. Ол туралы ой-пікір, көзқарастарты талдаңыз.
  7. Асан қайғы толғауларының тағылымын талдаңыз.
  8. Үмбетейдің арнау өлеңдерінің мәні, тақырыптық-көркемдік нәрін талдаңыз.
  9. Шалкиіз жыраудың өмірінен мәлімет беріңіз.
  10. Тәтіқара ақынның шығармашылық жолына сипаттама беріңіз.
  11. Ақтамберді Сарыұлының өмірі мен шығармашылығын сипаттаңыз.
  12. Шал ақын мұрасының зерттелуіне баға беріңіз.
  13. Бұхардың адамның жас ерекшелігіне байланысты өлеңдеріне сипаттама беріңіз.
  14. Тәтіқара ақынның шығармашылық жолын сипаттаңыз.
  15. Бұхар жырау мұрасындағы афоризмдерді талдаңыз.
  16. Доспамбет шығармаларының өзіндік ерекшеліктерін анықтаңыз.
  17. Үмбетей Тілеуұлы өмірінің кезең кестелеріне шолу жасаңыз.
  18. Марғасқа жыраудың өмірі мен ақындығына шолу жасаңыз.
  20. Қазтуғанның «Мадақ жыры». Әдеби мәнін талдаңыз.
  21. Үмбетей мұрасына тән ерекшеліктерді анықтаңыз.

22. Қазтуғанның өлең-толғауларындағы атамекен тақырыбын сипаттаңыз.
23. ХҮ ғасырдағы тарихи әлеуметтік жағдай және әдебиет.
24. Асан қайғы толғауындағы заман көрінісі, туған жер бейнесі.
25. Доспамбет толғауларының тақырыбы.
26. Қазтуған жырау поэзиясының тақырыбы.
27. Жыраулар поэзиясының тарихи тамырлары.
28. Марғасқа жырау мұрасы және оның дәуірі.
29. Тәтіқара мұраларына қатысты Ш. Уәлихановтың ой-пікірі.
30. Бұқар жырау өмірі, шығармашылығы.
31. ХVІІІ ғасырдағы тарихи әлеуметтік жағдай және әдебиет.
32. Жыраулар поэзиясындағы Абылай хан бейнесі.
33. Үмбетей жырау поэзиясының көркемдік қуаты, маңызы.
34. Жыраулық поэзияның көркемдік жүйесі.
35. Шалкиіз жыраудың бір толғауын жатқа айтыңыз.
36. Толғау жанрының ерекшелігі.
37. Аңыздық тұлғаға айналған жыраулар.
38. Үмбетей жырау толғауларындағы Бөгенбай батыр бейнесі.
39. Шалкиіз поэзиясының зерттелу өрісі.
40. Бұқар жырау поэзиясының көркемдік сипаты.
41. Көтеш ақын өмірі, шығармашылығы.
42. Асан қайғы толғауларындағы философиялық ой-толғамдар.
43. Шалкиіз поэзиясының философиялық өрісі.
44. Үмбетей шығармаларының көркемдік сипатын талдаңыз.
45. Доспамбеттің бір толғауын жатқа айтыңыз.
46. Жиёмбет – Есім хан дәуірінің жыршысы.
47. Шалкиіздің бір толғауын жатқа айтыңыз.
48. М. Мағауинның «Қобыз сарыны» монографиясының ғылыми маңызы.
49. Шал Құлекеұлы – ақындық поэзияның көшбасшысы.
50. Марғасқа жыраудан жатқа толғау оқыңыз.
51. Марғасқа жырау мұрасы және оның дәуірі.
52. Тәтіқара мұраларына қатысты Ш. Уәлихановтың ой-пікірі.
53. Шал поэзиясының көркемдік жүйесі.
54. Жиёмбет жырларының тарихи оқиғамен байланысы.

# СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ НӘТИЖЕСІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

## АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

### 1 – аралық бақылау

1. Қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы қоғамдық, әлеуметтік, саяси жағдай.
2. Асан Қайғының аңыздық сипаты.
3. Асан Қайғы өмір сүрген тарихи кезең.
4. Асан Қайғының толғауларындағы заман көрінісі, туған жер бейнесі.
5. Қазтуған жырау – қазақ әдебиеті төлбасыларының бірі.
6. Доспамбеттің «Тоғай, тоғай, тоғай су» толғауын жатқа айтыңыз.
7. Доспамбет поэзиясының өзіндік ерекшелігі.
8. Жиёмбет өмірі, шығармашылығы.
9. Жыраулар поэзиясындағы Абылай хан бейнесі.
10. Жыраулық поэзиясының көркемдік жүйесі.
11. Марғасқаның «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» толғауын жатқа айтыңыз.
12. Асан Қайғы толғауларындағы сыншыл сарын.
13. Доспамбеттің «Тоғай, тоғай, тоғай су» толғауын жатқа айтыңыз.
14. Асан Қайғы - «Көшпенділер философы», халық тілегінің жоқтаушысы.
15. Тәтіқара шығармаларындағы тарихи шындық суреттері.
16. Қазтуғанның өлең-толғауларындағы атамекен тақырыбы.
17. Марғасқа – дәуір жыршысы.
18. Шалкиіздің «Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауын жатқа айтыңыз.
19. Шалкиіз толғауларындағы философиялық ой-толғамдар.
20. Жырау және жыршы.
21. Марғасқа жырау кезеңіндегі тарихи шындық.
22. Бұқар жырау толғауларындағы заман шындығы.

23. Ақтамбердінің «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауын жатқа айтыңыз.
24. Бұқар жырау поэзиясының көркемдік ерекшеліктері.
25. Шал Құлекеұлы – ақындық поэзияның ілкі өкілі.
26. Асан Қайғының толғауларындағы заман көрінісі, туған жер бейнесі.
27. Көтеш ақын өмірі, шығармашылығы.
28. Бұқардың «Бірінші тілек тілеңіз» толғауын жатқа айтыңыз.
29. Толғау жанры.
30. Шалкиіздің «Би Темірге» толғауындағы дәуір шындығы.
31. Үмбетейдің «Бөгембай өліміне», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» деп аталатын толғауларындағы Бөгенбай образы.
32. Тәтіқараның «Қамыстың басы майда, түбі сайда» толғауын жатқа айтыңыз.
33. Ақтамберді жырау Сарыұлы – қазақтың белгілі жорықшы жырауы.
34. Шал өлеңдерінің тақырыптық сипаты.
35. Қазтуғанның «Мадақ» жырындағы батырдың портреттік сипаты.
36. Шалкиіз жырларындағы жауынгерлік рух.
37. Үмбетейдің «Бөгенбай өліміне» толғауын жатқа айтыңыз.
38. Шал Құлекеұлының өмірі, шығармашылығы.
39. Бұқар жырау толғауларындағы қазақ батырларының бейнесі.
40. Қазтуған поэзиясындағы туған жер тақырыбы.
41. Көтеш шығармаларының тақырыптық сипаты.
42. Жиёмбет өмірі, шығармашылығы.
43. Жиёмбет жырларының тарихи оқиғалармен байланысы.
44. Үмбетейдің «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» деп аталатын толғауындағы Абылай хан және қазақ батырларының бейнесі.
45. Шалкиіз поэзиясындағы этикалық, моральдық нормалар.
46. Бұқар жырау толғауларындағы қазақ батырларының бейнесі.
47. Шалкиіз поэзиясының көркемдік сипаты.
48. Жыраулар поэзиясындағы Абылай хан бейнесі.
49. Бұқар жырау поэзиясындағы ел бірлігі идеясының көрінуі.
50. Шал поэзиясының көркемдік тұғыры.

51. Марғасқа – дәуір жыршысы.
52. Қазтуған – жыраулар поэзиясының атасы.
53. Шал поэзиясындағы кедейлік тақырыбы.
54. Доспамбет поэзиясының тақырыптық ерекшелігі.
55. Үмбетейдің жоқтау толғауларының мәні.
56. Қазтуғанның «Еділмен қоштасу» толғауын жатқа айтыңыз.
57. Шал поэзиясындағы әйелдер тақырыбы.
58. Шалдың «Бұл дүниенің мысалы» өлеңін жатқа айтыңыз.
59. Доспамбет пен Ақтамберді поэзияларының үндестігі.
60. Асан Қайғы мен Шалкиіз поэзияларындағы философиялық өре.
61. Жиёмбет пен Марғасқа жырау толғауларындағы тарихи шындық сипаттары.
62. «Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауын жатқа айтыңыз.
63. Бұқардың мемлекет, қоғам қайраткері қызметіндегі поэзиясының алатын орыны.
64. Шал поэзиясындағы моральдық, этикалық поэзиялар.
65. Үмбетей – дәуір суретшісі.
66. Шал мен Көтеш шығармашылығында көрініс берген айтыс жанры.
67. Жиёмбеттің «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауын жатқа айтыңыз.
68. Қазтуған жырау поэзиясының көркемдік ерекшеліктері.
69. Қ. Халитұлының «Тауарих Хамса» еңбегінің тарихи мән-маңызы.
70. Үмбетей толғауларының тақырыбы.
71. Шалкиіздің «Би Темірге» деген толғауындағы дәуір шындығы.
72. Бұқар жырау толғауындағы Абылай хан бейнесі.
73. Шалкиіз жырларындағы жауынгерлік рух.
74. Шал өлеңдерінің тақырыптық сипаты.
75. Көтеш шығармаларының тақырыбы.
76. Ақтамберді – қазақтың белгілі жорықшы жырауы.
77. Шал поэзиясының көркемдік жүйесі.
78. Қазтуған жырау поэзиясындағы туған жер тақырыбы.
79. Тәтіқара жырау жырларындағы тарихи шындық суреттері.

## 2 – аралық бақылау

1. Үмбетейдің арнау өлеңдерінің мәні, тақырыптық-көркемдік нәрін талдаңыз.
1. Шалкиіз жыраудың өмірінен мәлімет беріңіз.
2. «Бұхар Қалқаманұлы – қоғам қайраткері» тұжырымын дәлелдеңіз.
3. Асан қайғы толғауларының тағылымына шолу жасаңыз.
4. Шал Құлекеұлының өмірі мен шығармашылығына сипаттама беріңіз.
5. Шортанбай Қанайұлы айтыс ақыны екенін мысалмен дәлелдеңіз.
6. «Жиәмбет жырау – Еңсегей бойлы ер Есімнің әскербасыларының бірі» ойына баға беріңіз
7. Ақтамберді өлеңдеріндегі арғымақ аттың сынына сипаттама беріңіз.
8. Қазтуғанның өлең-толғауларындағы атамекен тақырыбын талдаңыз.
9. Тәтіқара ақынның шығармашылық жолына сипаттама беріңіз.
10. Ақтамберді Сарыұлының өмірі мен шығармашылығын сипаттаңыз.
11. Асан қайғы толғауларының тағылымын талдаңыз.
12. Шал ақын мұрасының зерттелуіне баға беріңіз.
13. Ақын-жыраулар мұрасының қазақ әдебиетіндегі орнына баға беріңіз.
14. Бұхардың адамның жас ерекшелігіне байланысты өлеңдеріне сипаттама беріңіз.
15. Марғасқа жыраудың өмірі мен ақындығын зерттеңіз.
16. Тәтіқара ақынның шығармашылық жолын сипаттаңыз.
17. Асан қайғы толғауларының тағылымына баға беріңіз.
18. Бұхар жырау мұрасындағы афоризмдерді талдаңыз.
19. Үмбетей Тілеуұлы өмірінің кезең кестелеріне шолу жасаңыз.
20. Қазтуғанның «Мадақ жыры». Әдеби мәнін талдаңыз.
21. Үмбетей мұрасына тән ерекшеліктерді анықтаңыз.

22. Ақтамберді Сарыұлының өмірі мен шығармашылығына шолу жасаңыз.
23. Асан қайғы толғауларының тағылымына баға беріңіз.
24. Толғау жанры. Ол туралы пікірлерді талдаңыз.
25. Үмбетей шығармаларының көркемдік сипатына баға беріңіз.
26. Ақын, жырау, жыршы ұғымдарының мәні, ерекшеліктері. Ол туралы ой-пікір, көзқарастарды талдаңыз.
27. «Бұхар Қалқаманұлы – қоғам қайраткері» тұжырымын дәлелдеңіз.
28. «Қожаберген жырау – ақын, күйші, сазгер» тұжырымын дәлелдеңіз.
29. Тәтіқара ақынның «Қамыстың басы майда, түбі сайда» өлеңінің мәнін талдаңыз.
30. Марғасқа жыраудың өмірі мен ақындығы шолу жасаңыз.
31. Үмбетей жыраудың «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» толғауының сюжеті мен композициясын талдаңыз.
32. Марғасқаның елдік пен ерлікті жырлаудағы ерекшелігі.
33. Шал Құлекеұлының өмірі мен шығармашылығы.
34. Қазтуғанның өлең-толғауларындағы атамекен тақырыбын сипаттаңыз.
35. Марғасқаның елдік пен ерлікті жырлаудағы ерекшелігін сипаттаңыз.
36. Бұхар шығармаларының зерттелінуі, әдебиеттегі орнына баға беріңіз.
37. Үмбетей Тілеуұлы өмірінің кезең кестелеріне шолу жасаңыз.
38. Бұхар жырау мұрасындағы афоризмдерді сипаттаңыз.
39. Асан қайғы толғауларының тағылымына баға беріңіз.
40. «Шал – айтыс ақыны» тұжырымын дәлелдеңіз.
41. Үмбетей шығармаларының көркемдік сипатын талдаңыз.
42. Қазтуғанның өлең-толғауларындағы атамекен тақырыбын сипаттаңыз.
43. Құрбанғали Халитұлы «Тауарих Хамса» еңбегінің тарихи мән-маңызы.
44. Жыраулар поэзиясының тарихи тек – тамыры.
45. Бұқар жырау өмірінің зерттелуі.
46. Қазтуған жырау поэзиясының көркемдік ерекшелігі.



47. Шалкиіз жыларындағы тарихи шындық көріністері.
48. Ақтамберді толғауларындағы ерлік сарын.
49. Қазтуғанның «Еділмен қоштасу» жырын жатқа айтыңыз.
50. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңі (конспект).
51. Батырлар жыры «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Көкше» жырларынан Сыпыра жырауға қатысты жерді тауып жаз.
52. Шалкиіз Тіленшіұлын кеңес дәуіріне дейінгі зерттеуші ғалымдардың пікірін жазып, баспада жарияланған шығармаларына талдау.
53. Доспамбет жыраудың «Аймадетке оқ тиді» деп басталатын толғауын тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшелігіне қарай талдау жасау.
54. Жиёмбет шығармаларындағы Есім ханға арналған толғаулар, олардың мәнін ашып, конспектілеңіз.
55. Марғасқа жырау сүрген кезең, қазақтың тарихи-әлеуметтік жағдайын «Қазақстан тарихы» кітабынан нақты деректермен жазу.
56. Бұқар жырау шығармаларындағы Аблай хан бейнесі. Оған қазіргі қазақ әдебиетін зерттеушілердің пікірін «Қазақ әдебиеті» газетінен теріп жазыңыз.
57. Ақтамберді жырау жөнінде жазылған көркем шығармаларды оқу.
58. «Тауарихи-хамса» кітабында Ақтамберді бейнесі.
59. Үмбетей жыраудың «Абылай ханды жоқтауы» толғауына талдау жасау.
60. Көтеш жырау жөніндегі зерттеулер, ғылыми ой-тұжырымдарды жаз.
61. ХҮІІІ ғасырдағы ақындық дәстүрді ұстанған Тәтіқара мен Шал ақындар жайында Ш. Уәлихановтың пікірі.
62. Жанак жырлаған ауыз әдебиетінің түрлерін жаз.
63. Жанкісі мен Қобылан жөнінде зерттеушілердің пікірі.
64. Маңғыстау өңірінің ақындары Абыл мен Есет шығармаларының зерттелуі.
65. Жыраулық поэзия мен ақындық поэзияның арасындағы дәстүр сабақтастығы.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

### НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық. А., 1986.
2. Ежелгі дүние әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия. (Құрастырған А.Қыраубаева). – Алматы: 1991.
3. Типтік оқу бағдарламасы. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2006. – 22-35 бб.
4. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 352 б.
5. Келімбетов Н. Қанафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: 1996.
6. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: 2000.
7. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана: 2000.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Том 3. Алтын Орда дәуірі мен Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2008. – 536 б.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Том 2. Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 526 б.
10. Тілепов Ж. ХІҮ-ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы, 2015.
11. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. (ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар). Үшінші кітап. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б.
12. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы. Бес томдық. Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. Т.1. – Алматы, 2019. – 632 б.
13. Умарова Г.С., Шарабасов С.Ғ. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 244 б.
14. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы, 1997.
15. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеті ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. – Алматы: Мектеп, 1981.
16. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1960.
17. Нарымбетов Ә. Қазақ совет поэмасы. – Алматы: Ғылым, 1979.
18. Нұрғалиев Р. Арқау. 1-2 том. А.: Жазушы, 1991.

19. Негимов С. Шығармалары. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2015. Т.1. Зерттеулер. – 424 б.
20. Негимов С. Шығармалары. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2015. Т.2. Зерттеулер, эсселер және ой-толғаныстар. – 536 б.
21. Сәтбаева Ш. Казахская литература и Восток. – Алматы: 1982.
22. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970.
23. Қирабаев С. Революция және әдебиет. 1-2 том. – Алматы: Жазушы, 1977.
24. Негимов С. Шығармалары. 5 томдық. I том. Шешендік өнер. – Астана: Фолиант, 2018. – 343 б.
25. Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алматы: Наука, 1964.
26. Тұрысбек Р.С. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (Оқу бағдарламасы). – Алматы, 2000.

### ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы, 1968.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы, 1967.
3. Әбішева Ш. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Оқу құралы. - Алматы: ТехноЭрудит, 2019. – 200 б.
4. Тоқсамбаева А. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2015. – 304 б.
5. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 220 б.
6. Жәмбек С.Н., Тлеубердина Г.Т. Әдебиет теориясы. Оқу құралы. – Алматы: ТехноЭрудит, 2019. – 208 б.
7. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: 1991.
8. Айдаров Ғ. Көне түрік жазба ерекшеліктерінің тілі. – А., 1986.
9. Акишев К.А. и др. Древний Отрар. – А., 1972.
10. Әбілғазы. Түрік шежіресі/аударған Б.Әбілқасымов/. – А., 1992.
11. Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии //Соч.Т.У.-М., 1968.

12. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана //Соч.т.2. – М., 1963.
13. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древней времена. – М-Л., 1950.
14. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Зерттеу. – А., 1989.
15. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов //Соч.т.IV. – А., 1985.
16. Геродот. История в девяти книгах. – Л.,1972.
17. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993.
18. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. – М., 1989.
19. Гафуров Б.Г. и др. Аль-Фараби в истории культуры. – М.,1975.
20. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
21. Диваев Ә. Тарту. Зерттеу. – А., 1992.
23. Древности Казахстана. Сборник. – А., 1975.
24. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – А., 1983.
25. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – А., 1986.
26. Иоллығ Тегін. Күлтегін. /аударған М.Жолдасбеков/ - А., 1986.
27. Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. – Алматы: 1972.
28. Короғлы Х.Г. Огузский героический эпос. – М., 1976.
29. Көбесов А. Әл-Фараби. Зерттеу. – Алматы: 1971.
30. Қорқыт ата кітабы/ауд. Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев/. – Алматы: 1986.
31. Кляшторный С.Г. Сұлтанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетний. – Алматы: 1972.
32. Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: 1991.
33. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: 1987.
34. Қазақтың көне тарихы. Зерттеу. – Алматы: 1993.
35. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы: 2001.
36. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: 1985
37. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л., 1979.
38. Оғыз-наме. Мағаббат-наме. – Алматы: 1986.
39. Өмірәлиев Х. «Оғыз-қаған» эпосының тілі. – Алматы: 1988.

40. Сүйіншәлиев Х. ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті.
41. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. – Алматы: 1991.
42. Ежелгі дәуір әдебиеті. Екінші кітап. Хрестоматия. – Алматы: 1991.
43. Келімбетов Н., Канафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті. Оқулық-хрестоматия. – Алматы: 1996.
44. Ахмет Иүгінеки. Ақиқат сыйы /ауд. Ә.Құрышжанов/. – Алматы: 1985.
45. Бовков А.К. Лексика среднеазиатского тefсира XII-XIII в., - 1963.
46. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш //Шығармалары. – Алматы: 1989.
47. Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии //Соч.Т.Ү. – М., 1968.
48. Бертельс Е.Ә. История персидско-таджикской литературы//Соч.Т.І. – М., 1960.
49. Валитова А.А. Юсуф Баласагунский и его «Кутадгу билиг». – М., 1951.
50. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. – М., 1989.
51. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /ауд.А.Егеубаев/. – Алматы: 1989.
52. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
53. Келімбетов Н. Шығыстың классикалық поэзиясы және қазақ әдебиеті. – А., 1962.
54. Кляшторный С. Сұлтанов Т. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: 1992.
55. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдени жазбалары. – А., 1991.
56. Қажа Ахмет Яссауи. Диуани хикмат /ауд. Х.Иманжанов/. – Түркістан, 1991.
57. Қазақтың көне тарихы. Зерттеу. – Алматы: 1993.
58. Малов Н.М. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л., 1951.

59. Махмұд Қашқари. Түбі бір түркі тілі / «Диуани лұғат ат-түрк»/. – А., 1993
60. Махмұд Қашқари. Жаз бен қыс айтысы /ауд.Ф.Оңғарсынова/. – А., 1985.
61. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Т.І.-М.-А., 1985.
62. Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока. – М., 1970.
63. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: 1967.
64. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Оқулық. – Алматы: 1986.
65. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Оқулық. – Алматы: 1991.
66. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия (Құрастырған А.Қыраубаева). – Алматы: 1991.
67. Келімбетов Н., Канафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті. – Алматы: 1996.
68. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: 1967.
69. Сағындықұлы Б. «һабат-ул хақайик» XII ғасыр ескерткіші. – Алматы: 2002.
70. Ақынжанов М. Қазақтың тегі туралы. Зерттеу. – Алматы: 1962.
71. Албани Б.Қ. Тарихи таным. – Алматы: 1994.
72. Әбілғазы. Түрік шежіресі /ауд.Б.Әбілқасымов/. – Алматы: 1992.
73. Бабырнама /қазақ тіліне аударған Б.Қожабекұлы/. – Алматы: 1993.
74. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Зерттеу. – Алматы: 1989.
75. Бартольд В.В. Шайбаниды //Сочинения. Т.2. – Алматы: 1964.
76. Валиханов Ч.Ч. Из «Тарих-и Рашиди» // Сочинения. Т.ШҮ. – Алматы: 1985.
77. Гумилев Л.Н. Древняя русь и Великая степь. – М., 1989.
78. Ибатов А. Құтбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. – А., 1974.

79. Ертедегі мәдениет куәлері. Жинақ. – А., 1966.
80. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. Жинақ. – Алматы: 1983.
81. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
82. Қазақстан в XV-XVIII веках. – Алматы: 1969.
83. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
84. Кляшторный С. Султанов Т. Қазақстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: 1992.
85. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Зерттеу. – Алматы: 1988.
86. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. – Алматы: 1969.
87. Наджип Э.Н. Мухаббат-наме Хорезми. – М., 1965.
88. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV в. «Гулистан» С.Сараи. – Алматы: 1975.
89. Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. – Алматы: 1986.
90. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: 1987.
91. Утемиш-Хаджи. Чингиз-наме. – Алматы: 1992.
92. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.І. – М.-Л., 1952.
93. Сағди. Жәннат/ауд. М.Әлімбетов/. – Алматы: 1981.
94. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: 1991.
95. Ай, заман-ай, заман-ай. – Алматы: 1991.
96. Айтыс. – Алматы: 1965.
97. Алдаспан. – Алматы: 1971.
98. Ақберен. – Алматы: 1972.
99. Алқаласа әлеумет. – Алматы: 1991.
100. Ақынжанов М. Қазақтың тегі туралы. – Алматы: 1957.
101. Аристотель. Поэтика. – Алматы: 1959.
102. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: 1959.
103. Абылқасымов Б. Жанр толғау в казахской устной поэзии. – Алматы: 1984.
102. Әбілқасымов Б. XVII-XVIII ғғ. қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. – Алматы: 1988.

103. Абусейтова М. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алматы: 1985.
104. Ғабдулин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974.
105. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: 1973.
106. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: 1959.
107. Абылайхан. – Алматы: Жазушы, 1993.
108. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: 1961.
109. Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. – Алматы: 1993.
110. Басин В.Я. Русско-казахские отношения в XVI-XVIII веках. – Алматы: 1974.
111. Бурабаев М.С. Общественная мысль в Казахстане в 1917-1940 гг. – Алматы: 1991.
112. Бектуров Ж. Художественно-композиционные особенности поэзии жырау и акынов. (Автореферат дисс.) – Алматы: 1990.
113. Бес ғасыр жырлайды. (Екі томдық). – Алматы: 1989.
114. Бушмин А.С. Методологические вопросы литературоведческих исследований. – Л.: 1969.
115. Билер сөзі. – Алматы: 1991.
116. Бичурин Н.Я. Собрание сведений Азии от древнейших времен. – М.-Л., 1940-59.
117. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: 1958.
118. Горький А.М. О литературе. – М.: 1958.
119. Дәдебаев Ж. Бөлтірік шешен. – Алматы: 1997.
120. Дүйсенбаев Ы.Т. Эпос және акындар мұрасы. – Алматы: 1987.
121. Досмұхаметұлы Х. Аламан. – Алматы: 1991.
122. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: 1995.
123. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы:; XVIII-XIX ғғ қазақ әдебиеті. (Оқулық). – Алматы: 1967.
124. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: 1990.
125. Жолдасбайұлы С. Жетісу тарихы. – Алматы: 1996.
126. Жиреншин А. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы: 1971.



127. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: 1973.
128. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы: 1986.
129. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: 1970.
130. Қазақ тарихынан (жинақ ). – Алматы: 1997.
131. Қасымжанов А. Ұлы даланың зиялылары. – Алматы: 1996.
132. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы (құрастырған Қ.Жарықбаев, С.Қалиев). – Алматы: 1987.
133. Қалиев С. XV-XVIII ғғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. – Алматы: 1987.
134. Қоңыратбаев Қ. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: 1987.
135. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғғ.әдебиет тарихынан очерктер. – Алматы: 1942.
136. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: 1985.
137. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: 1968; Ғасырлар бедері. – Алматы: 1991.
138. Мәдібай Қ. Хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: 1996.
139. Мыңжанұлы Н. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: 1993.
140. Негимов С. Өлең ирімі. – Алматы: 1980.
141. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғғ.қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: 1976.
142. Радлов В. Алтын сандық. – Алматы: 1993.
144. Сәтбаева Ш. Казахская литература и Восток. – Алматы: 1982.
145. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. – Алматы: 1931; Қазақ тарихынан қысқаша мағлұмат. – Алматы: 1964.
146. Сағынбекұлы Р. Көркемдік таным. – Алматы: 1995; Сөз сарасы. – Алматы: 1996
147. Бердібаев Р. Жыршылық дәстүр. – Алматы: 1980.
60. Сыздықова Р. XVIII-XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: 1989.
148. Сыдықов Қ. Көркемдік өрнектер. – Алматы: 1992.

62. XVIII-XIX ғғ. қазақ әдебиеті (әдістемелік нұсқау). – Алматы: 1998.
149. XV-XVIII ғғ. қазақ поэзиясы (кұрастырған Б. Ақмұқанова, Ә. Дербісәлин т.б.). – Алматы: 1982.
150. Тынышбаев М. Великие бедствия (Ақтабан шұбырынды). – Алматы: 1992
151. Түріктер (жинақ). – Алматы: 1999.
152. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: 1959.
153. Хасенов Қ. Қазақ тарихының 5000 жылдық баяны. – Алматы: 1996.
154. Үш пайғамбар (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би). – Алматы: 1992.
155. Абылай - алып тұлға (ред.мақала). - «Ақиқат»,1991. №11.
156. Ақатай С. Қазақ Ордасы: шығуы мен тегі.- «Заман Қазақстан», 1996. 27 желтоқсан.
157. Әбілдаев Б. Аңырақай шайқасы.— «Қазақ батырлары». – Алматы: 1991. №10.
158. Байбатша Қ. т. б. Қозыбасы – қазақ хандығының туы тігілген жер. «Егемен Қазақстан», 1997, 18 маусым.
159. Бүркітбаев Ә. Сакнаме. «Егемен Қазақстан». – Алматы: 1998, 1, 24 қаңтар; 13 ақпан.
160. Дәуіт С. Қазақтың Қарасай батыры. «Егемен Қазақстан»,1998
161. Ибраһим Ш. Абылай туралы ақиқат. «Алматы ақшамы», 1998, 7 тамыз.
162. Дүйсенбай Е. Бұқар жырау мұрасын байыптасақ... – «Ана тілі», тауық жылы, 29 шілде.
163. Есламғалиев М. Әбілхайыр. «Қазақ әдебиеті», 1992, 14 тамыз.
164. Жұмаділов Қ. Қаракерей Қабанбай (тарихи роман). «Жұлдыз», 1992,8; 1993,5.
165. Жүнісов С. Абылай хан (кино-хикаят). «Егемен Қазақстан»,1998, 8 сәуір.
166. Исабай Қ. Әбілқайыр хан қазақ тізгінін кімге ұстатқан. «Заман Қазақстан»,1998, 6 ақпан.

167. Елеуұлы М. Шу өңірі: аңыз бен тарих. ҚазМУ хабаршысы (тарих сериясы). А., 1996,3, 6-12 бет.
168. Нұрпейісов Т. Үш ғасырлық отарлау. «Ана тілі», 1996. 7 қараша.
169. Нұржекеұлы Б. Қазыбек бек және қазақ тарихы.Кітапта: «Қазақ тарихынан». А., 1997, 427- 455 беттер.
170. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылуы. «Қазақ тарихы», 1995.б.; Керей хан. «Егемен Қазақстан»,1997, 22 наурыз; Жәнібек хан.- «Егемен Қазақстан», 1997, 14 маусым.
171. Кекілбаев Ә. Елдік пен ерлік киесі.- «Егемен Қазақстан»,1997, 14 наурыз.
172. Мағауин М. Асан қайғы. – «Білім және еңбек», 1966, 2; Қазтуған жырау. - «Лениншіл жас», 1965, 15 тамыз; Әдебиетіміздің тарихы арыда жатыр.- «Жұлдыз», 1966,
173. Қапалбекұлы Н. Қарасай (драма). - «Егемен Қазақстан», 1998, 19 тамыз.
174. Қаратаев Т. Әбілхайыртанудың кейбір «Ақтандақ» беттері.- «Қазақ әдебиеті»,1998, 11 желтоқсан.
175. Қыраубайқызы А. Алтын Орда әдебиеті. - «Егемен Қазақстан», 1998, 19 желтоқсан.
176. Көпейұлы М.Ж. Абылай хан.- «Егеменді Қазақстан», 1992,11 қаңтар; Қазақ билері. - «Жұлдыз», 1992, 8.
177. Қодар Ә. Ақ сауыт киген ақындар. - «Қазақ әдебиеті», 1998, 16 желтоқсан.
178. Мәшімбаев С. Абылайхан дипломатиясы. «Алматы ақшамы», 1997, 7 қаңтар.
179. Мұхаметханұлы Қ. Бұхар жырау. - «Қазақ әдебиеті», 1993, 9 көкек.
180. Салғараұлы Қ. Ақ орда ма, көк орда ма. - «Ана тілі», мешін жылы, 2 сәуір.
181. Сарай Ә. «Қазақ» атауының ізімен. - Кітапта: «Қазақ тарихынан». – Алматы: 1997. – 353- 398 беттер.
182. Сейдімбек А. Елі үшін туған ер. - «Жас алаш», 1998, 8 қыркүйек.
183. Сағынбекұлы Р. Рухани нәр. - «Алматы ақшамы», 1996, 7-9 қазан.

184. Тұрсынов Е. Сал-серілер дәстүрінің төркіні. - «Заман Қазақстан», 1996, 8 қараша.
185. Тоғысбайұлы Б. Қазақ қайдан шыққан. - «Егемен Қазақстан», 1998, 1,7,8,10 қаңтар.
186. Толысбайұлы К. Асан қайғы – ел бірлігінің жыршысы. - «Алматы ақшамы», 1988, 22 маусым.
187. Тынышбаев М. Қазақтар және азаттық қозғалысы. - «Жұлдыз», 1992, 8.
188. Потанин Г. Қазақ хандығының соңғы мұрагері.- Ақиқат, 1991, 11.
189. Тұрысбек Р. Ақын арманы-азаттық.- «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1996, 5-6, 75- 80 беттер.
190. Тұрысбек Р. Тағылымды танымымен мәнді. - «Қазақ әдебиеті», 1997, 1 қазан.
191. Хасенов А. Қазақ хандығы қай жылы құрылды. - «Қазақ тарихы», 1993.
192. Халитұлы Қ. Абылай хан. - «Қазақ әдебиеті», 1992, 10 сәуір.
193. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: 1991.
194. Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832.
195. Оразбаева А. Қазаққа тән құқық мәдениетінің қайнары. - «Егемен Қазақстан», 1998, 9 қазан.
196. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: 1989.
197. Шал ақын.- «Жұлдыз», 1966, 12; Ұлт ұраншысы. - «Қазақ әдебиеті»,1993. 20 тамыз.
198. Кляшторный С.Г. Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: 1992.
199. Казахстан в XV-XVIII веках. Вопросы социально-политической истории. – Алматы: 1969.
200. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы: 1967.
201. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. – Алматы: 1968.
202. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000.